

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК
ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ХАБАРШЫ
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

ФИЛОЛОГИЯ СЕРИЯСЫ

АЛМАТЫ

2006 жылдан бастап шығады
Шығару жиілігі – жылына 6 рет

Қазақстан Республикасының
мәдениет, ақпарат және спорт
министрлігі
Ақпарат және мұрағат
комитетінде
08.08. 2005 жылы тіркелген
№6204-Ж

Бас редактор
профессор Ш.К. Беркімбаева

Бас редактордың орынбасары
ф.ғ.д., проф. Пірәлиева Г.Ж.

Редакциялық алқа
Тастемірова Л.Ө. - ф.ғ.к., доцент
Қожахметова К.Ж.- п.ғ.д., проф.
Таубаева Ш.Т. - п.ғ.д., профессор
Ыбырайым Б.-ф.ғ.д., профессор;
Ержанова С.-ф.ғ.д., проф. м.а.
Ермекова Т.Н. - ф.ғ.д., доцент;
Сәтбекова А.А. - п.ғ.к., доцент;
Сүлейменова Ж.Н.- п.ғ.д., доцент.
Сейдахметова Р.Г. - ф.ғ.к., доц.;
Рысбаева Г.Қ.- ф.ғ.к., доцент.

Жауапты редактор
педагогика ғылымдарының
кандидаты, доцент

Б.Д.Жұмақаева

Редактор

Аға оқытушы Нагиева А.
© Қазақ мемлекеттік қыздар
педагогикалық университеті

050000, Алматы қаласы,
Әйтеке би көшесі, 99.
Тел. 233-18-32, 233-18-55 (120)
Факс 233-18-35.

КАЗАХСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
ЖЕНСКИЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ
УНИВЕРСИТЕТ

ВЕСТНИК
НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

СЕРИЯ ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ

№5 (5)

2010

МАЗМУНЫ

О ҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

<i>Балабекова Қ.</i> ЖАЙ СӨЙЛЕМНІҢ ТҮРЛЕРІН ІРЛЕНДІРІП ОҚЫТУ.....	5
<i>Даниярова Г.Д.</i> ШЕТЕЛ ТІЛІНЕ ОҚЫТУДА МОНОЛОГТЫҚ СӨЙЛЕУ ІСКЕРЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ.....	10
<i>Есімболова М.К.</i> ҚАЗАҚ ТІЛІН БАСҚА ПӘНДЕРМЕН (ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ) БАЙЛАНЫСТЫРА ОҚЫТУ.....	13
<i>Жұмақаева Б.Д.</i> МЕКТЕПТЕ ПОЭЗИЯЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ОҚЫТУ ЖОЛДАРЫ.....	16
<i>Искакова А.Г.</i> АСПЕКТНОСТЬ И КОМПЛЕКСНОСТЬ КАК КОНЦЕПТУАЛЬНАЯ СИСТЕМА ОБУЧЕНИЯ РУССКОМУ ЯЗЫКУ	21
<i>Кадирова Б. Ә.</i> ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮРДІСІНДЕ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЕНДІРУДІҢ ТИІМДІЛІГІ.....	25
<i>Тажимаева Ш.А.</i> ЭФФЕКТИВНОСТЬ КОНТРОЛЯ ЗНАНИЙ, УМЕНИЙ И НАВЫКОВ ПРИ КРЕДИТНОЙ СИСТЕМЕ ОБУЧЕНИЯ.....	28
<i>Туебекова З. Д.</i> РАЗВИТИЕ УСТНОЙ РЕЧИ.....	31

ӘДЕБИЕТТАНУ

<i>Әбдіқалық К.С.</i> Қ. АМАНЖОЛОВ ШЫҒАРМА- СЫНДАҒЫ МӘТІНДІК АЙЫРЫМДАР.....	35
<i>Балтабаева Г.С.</i> ҚАЗІРІ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫН- ДАҒЫ ДІН ТАҚЫРЫБЫ.....	40
<i>Бегманова Б.С.</i> ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК ІЗДЕНИСТЕР.....	42
<i>Бейсембаева Г.</i> БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ: ТАРИХИ ТҰЛҒА ЖӘНЕ КӨРКЕМ ОБРАЗ.....	46
<i>Дәуітұлы Т.</i> ЖАҢЫЛТПАШТЫҢ БАСҚА ЖАНРЛАРМЕН БАЙЛАНЫСЫ.....	51
<i>Жанұзақова Қ.Т.</i> 1970-80 жж. ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ НЕОРОМАНТИКАЛЫҚ ТЕНДЕНЦИЯ.....	56
<i>Жүнісова И.Ж.</i> «ШАХНАМА»ЭПОСЫНДАҒЫ КЕЙІПКЕРЛЕР ДҮНИЕСІ	60
<i>Кажигалиева Г.А.</i> ОБ ЭМОТИВНОСТИ ПОЭЗИИ Н.РУБЦОВА.....	63
<i>Қуаналы Н.</i> САЛЫСТЫРМАЛЫ ӘДЕБИЕТТАНУ ПӘНІ МЕН ОНЫ ЗЕРТТЕУШІ ҒАЛЫМДАРДЫҢ ОЙ-ТҰЖЫРЫМДАРЫ.....	69

<i>Панзабек Б.Т.</i> М. ҚАБАНБАЙ ПРОЗАСЫНДАҒЫ КЕНТАВР ОБРАЗЫ ХАҚЫНДА	72
<i>Пірәлиева Г.Ж.</i> АКАДЕМИК С.ҚАСҚАБАСОВТЫҢ ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГТИК МЕКТЕБІ.....	77
<i>Нұрақыш Н.</i> ҚАЗАҚ ЭПОСЫНДАҒЫ БАТЫРДЫҢ ТҮС КӨРУ АРҚЫЛЫ ЖАР ІЗДЕУ МОТИВІ.....	81
<i>Сарбасов Б.С.</i> «ОҒЫЗ-НАМЕ» КІТАБИ ЭПОСЫНДАҒЫ КОСМОГОНИЯЛЫҚ МИФТЕР.....	84
<i>Сейсенбиева Э.С.</i> Ғ. МҮСІРЕПОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ПОЭТИКАСЫ.....	89
<i>Таңжарықова А.В.</i> ТӨЛЕН ӘБДІКОВТИҢ «ӘКЕ» ПОВЕСІНДЕГІ АЗАЛАУ ДӘСТҮРІНІҢ КӨРКЕМ ШЫҒАРМА ӨЗЕГІНДЕГІ ОРНЫ.....	93
<i>Ыбырайым Б.</i> КӨРКЕМДІК ТӘЖІРИБЕ ЖӘНЕ АҚЫНДЫҚ ШЕБЕРЛІК.....	99

ТІЛ БІЛІМІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

<i>Ақайұлы Ы.</i> ТЕРМИННІҢ БАСТЫ БЕЛГІЛЕРІ.....	105
<i>Ақайұлы Ы.</i> ОРЫС ТІЛІ БЫҚПАЛЫМЕН БҰРМАЛАНҒАН ЖЕР-СУ АТТАРЫ.....	109
<i>Базылова Б.К., Ханкишиева Э.М.</i> ЛИНГВИСТИЧЕСКИЙ ТЕРМИН КАК ЯЗЫКОВОЙ ФЕНОМЕН.....	112
<i>Джамбулова М.А.</i> РУССКИЕ ЗАЙМСТВОВАНИЯ В АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКЕ (RUSSIAN BORROWINGS IN ENGLISH LANGUAGE).....	120
<i>Ильясова Н.А.</i> ҚИЫСА, МАТАСА БАЙЛАНЫСҚАН СӨЗ ТІРКЕСТЕРІНІҢ СӨЙЛЕУ АКТІСІНДЕ ҚОЛДАНЫЛУ АЯСЫ.....	126
<i>Молдасанов Е.М.</i> ТІЛ ҮЙРЕНУДЕГІ ҚАҒИДАЛАР.....	129
<i>Румянцева Е.В.</i> ОСНОВНЫЕ АСПЕКТЫ ИССЛЕДОВАНИЯ МЕТАЯЗЫКОВОЙ СУЩНОСТИ ПОНЯТИЯ «АФОРИЗМ».....	132
<i>Отарбекова Ж.К.</i> ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІ СӨЗЖАСАМЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	136
<i>Тажимуратова А.Е., Нагиева А.Т.</i> ФУНКЦИИ УРБАНОНИМОВ В ЛИНГВОПРАКСЕОЛОГИИ	139
<i>Тажимуратова А.Е., Нагиева А.Т.</i> РАЗГОВОРНАЯ РЕЧЬ ГОРОДА.....	143
<i>Ханкишиева Э.М.</i> ОНОМАСИОЛОГИЧЕСКИЙ ПОДХОД К ИССЛЕДОВАНИЮ ТЕРМИНОЛОГИЧЕСКИХ ЕДИНИЦ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА.....	148
<i>Хожамбердиев О.К.</i> САХНА ТІЛІНДЕГІ СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІ.....	152

МАГИСТРАТУРА

<i>Ашимбаева Р.</i> «ӘДІЛ-МАРИЯ» РОМАНЫНДАҒЫ МОНОЛОГТЫҢ ТҮРЛЕРІ.....	155
<i>Бөлекбаева Л.Ә.</i> СҰХБАТТЫҚ ТІЛДЕСІМДІ ЗЕРТТЕУДІҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКСТРАЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	158
<i>Бөлекбаева Л. Ә.</i> ДИАЛОГ ӘРЕКЕТІНІҢ БІЛІКТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ.....	163
<i>Нурәлиева А.Е.</i> ШЕТЕЛ ТІЛІ МҰҒАЛІМІНІҢ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ МҮМКІНШІЛІГІ.....	167

**ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**КАЗАХСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
ЖЕНСКИЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ
УНИВЕРСИТЕТ**

**ХАБАРШЫ
ВЕСТНИК**

ФИЛОЛОГИЯ СЕРИЯСЫ

СЕРИЯ ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ

**ХАБАРШЫ / ВЕСТНИК
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ**

ҒАЛЫМ ХАТШЫ


О Қ Ы Т У Ә Д І С Т Е М Е С І

ЖАЙ СӨЙЛЕМНІҢ ТҮРЛЕРІН ІРІЛЕНДІРІП ОҚЫТУ

Балабекова Қ. – оқытушы (Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Дидактикалық бірліктерді ірілендіруге байланысты ғылыми еңбектерді талдай, саралай келе, біз П. Эрдниевтің теориясының үлгісіне сүйене отырып, лингвистика саласында мамандыққа бағыттап оқытуда: *«Өзара бір-бірімен байланысты, ұқсас лексика-грамматикалық единицаларды бір мезгілде оқытып үйретуді - дидактикалық бірліктерді ірілендіру деп атаймыз.*

Жай сөйлемді ірілендіріп оқыту барысында мына жоба – конструкцияны пайдалануға болады.



Адам сөйлегенде, біреумен сөйлескенде тыңдаушыға белгілі ойды білдіру үшін, я одан бір нәрсе туралы білу үшін сөйлеседі. Сондықтан сөйлеу айналадағы заттар, құбылыстар, адам өміріндегі әрекет, тіршілік, өндіріс туралы болады. Мысалы: *Бұйрат. Адыр. Қайсыбірінің басында ала тұлымшақтай болып, өскен шоқ – шоқ ағаш. Осы бұйрат, адырлардың арасы – қолдан ойып алғандай кең алқап. Алқапты қақ жарып өзен ағады.*



Мұнда жазушы өзі көріп тұрған бұйрат, адыр, адырлардың арасындағы алқап, ондағы өзен туралы оқырманға білдіргісі келген. Заттарды, жаратылыстағы, қоғам өміріндегі құбылыстарды, оқиғаларды, адам өміріндегі әрекет, тіршілікті білу, білдіру туралы айтылған сөйлемдер тобы сөйлеу болады. Сөйлеу бірнеше сөйлемдерден құралады: *Әрі-беріден соң жел бәсеңдеп, жаңбыр шелектеп құя бастады. Тақтай суланып қалатын болды-ау, қап! Япырмай, бір сәтте-ақ қақ қылып кетті-ау жер бетін! Көресің бе, Бұршақбай? Па, шіркін, неткен күш! Шіркін жазғы жаңбыр соңынан бұлттан шыққан күн қандай!*

Бұл сөйлеуде бірнеше сөйлем бар. Олардың әрқайсысы айрықша интонациямен айтылып, жеке-жеке ойды тиянақтап білдіріп тұр. Жазушының әуелі хабарламасы, сосын өкініші, танданысы, сұрағы, соңында ризашылығы жеке-жеке сөйлемдер арқылы берілген. Айтылу түрлеріне қарай, яғни айтылу мақсаты мен сазына қарай сөйлемдер төрт түрлі болады: хабарлы, сұраулы, лепті, бұйрықты.

Айтылу мақсатына қарай	Мысалдар
Хабарлы	<i>Биыл көктем ерте шықты.</i>
Сұраулы	<i>Ертең бірінші сабаққа барасың ба?</i>
Лепті	<i>Бүгін ауа-райы қандай керемет!</i>
Бұйрықты	<i>Ертең кітапханадан аталған оқулықты алып</i>

Хабарлау, баяндау, суреттеу мәнінде айтылған сөйлемді *хабарлы сөйлем* дейміз. Хабарлы сөйлем іс-әрекеттің болғандығын, белгілі бір шақта (өткен шақ, осы шақ, келер шақ) жүзеге асқандығын білдіреді. Мысалы: *Ойпаттар дегдін, кебе бастады.* Хабарлы сөйлем бір нәрсе жайында хабарлап қана қоймайды, айтушының іс-әрекетке деген көзқарасын да, ой-пікірлерін де білдіреді. *Ақ сүтін беріп, аялаған анаңды қадірлеу – қасиетті парызың.*

Хабарлы сөйлемнің интонациялық ерекшеліктерін З. Базарбаева былай көрсетеді.



Демалыс күні еді

Күн жаңа ғана шыға бастады

Хабарлы сөйлемнің интонациялық әуені басында аздап көтеріліп, негізгі тон жиілігі сөйлемнің мағыналық өзегінде молайып барып, содан кейін жайбарақат төмен түсіп тынады. Ой екпіні түскен сөз басқа сөздермен салыстырғанда молырақ, ұзақтықпен айтылады.

Бір нәрсе жайында сұрап білу мақсатында айтылған сөйлемді *сұраулы сөйлем* дейміз. Сұраулы сөйлемдер негізгі сұрақты, жетек сұрақты, анықтауыш сұрақты болып бөлінеді. Бір нәрсе туралы мәлімет алу мақсатында айтылған сұраулы сөйлем негізгі сұрақты сұраулы сөйлем деп аталады. Мысалы: *Сен тамақ іштің бе?*

Негізгі сұраққа жауап алу мақсатында қосымша туған сұрақты жетек сұрақ дейміз.


Мысалы:

- *Кеше кімдер өлең айтты?*
- *Ұлдар өлең айтты.*
- *Қыздар ше?*

Екінші жақтың сөзін анықтап алу мақсатында қойылатын сұрақты анықтауыш сұрақ дейміз.

- *Бұл кісілер қай жақтікі?*
- *Жетісудікі*
- *Жетісудікі*
- *Иә, Жетісудікі.*

Сұраулы сөйлемдерден кейін сұрақ белгісі қойылады. Сұраулы сөйлемдердің өзіне тән интонациясы болады, бас жағы көтеріңкі айтылып, соңғы жағы онша бәсеңдемей, көтеріңкі қалыппен тынады. Оны сызба арқылы былай көрсетуге болады:




Жақсы хабар бар ма?



Қашан келетін еді?

Қарсы сұрақ сызбасы




Бармағанда қайтем?

Айтушының түрлі көңіл күйін білдіретін сөйлемді лепті сөйлем дейміз. Лепті сөйлемдер былай жасалады:

1. Сөйлемнің етістік формалары арқылы. *Ол жетіп келмесі бар ма!*
2. Сөйлемде ақ, ай, ғой шылауларының қатысуы арқылы жасалады. *Аты ат-ақ екен! Үйіңе бара ғой!*
3. Одағай сөздердің қатысуы арқылы. *Па, шіркіннің сөзі!*
4. Көтеріңкі дауыс ырғағы арқылы. *Жау жойылды!*

Лепті сөйлемнің интонациялық ерекшеліктері жасалу тәсіліне қарай ажыратылады.

А) Ешбір грамматикалық тәсілсіз, интонация арқылы жасалған лепті сөйлем.



Ғажап құбылыс екен!

Ә) Грамматикалық тәсілдер арқылы жасалған лепті сөйлемнің сызығы



Неткен айтқыш тіл!

Лепті сөйлемдерден кейін леп белгісі қойылады. Кейбір сөйлемдер әрі лепті, әрі сұраулы мәнде болады. Мұндай сөйлемнің соңына сұрау белгісі мен леп белгісі қатар қойылады. *Жанып тұрған от! Жібермесем сағы сынады-ау! Тәуекел, жіберсем бе екен?!*


Бұйрықты сөйлем біреуге бұйыру, не бірдеңені талап ету мақсатында айтылатын сөйлемнің түрі. Бұйрықты сөйлемдер төмендегідей жолдармен жасалады.

1. Етістіктің бұйрық райының II жақ жекеше, көпше түрі мен III жақ түрі. Мысалы дұшпанға тастай қатты бол, досыңа балдай тәтті бол.

2. Бұйрық не шартты райға **-шы, -ші** жұрнақтарының жалғануы арқылы. – *Түндікті жауып қойшы!*

Бұйрықты сөйлемнің интонациялық ерекшеліктеріне тоқталсақ, сызбасы төмендегідей:

А) катал бұйрықты сөйлемнің сызбасы:



Құлат мынау үйлерді!

Ә) Сыпайы бұйрықты сөйлемнің сызбасы



Сен бері қарашы!

Жай сөйлемдер бастауыштың қатысына қарай жақты, белгісіз жақты, жақсыз болып бөлінеді. Бастауышы бар сөйлемдер *жақты сөйлемдер* деп аталады. *Аға сұлтан Шыңғыс төре Құсмұрындағы қыстауына жеткенше асықты... Көп кешікпей әйелі босанды. Зейнептің бұл тұла бойы тұңғышы еді. Жас нәрестені әжесі Айғаным бауырына салды.*

Бастауышы жасырын тұратын сөйлемдер *белгісіз жақты* деп аталады. *Кейде қолыма домбыра алып, ән саламын. Қайтқанда арбаға отырды. Бірінші сөйлемде мен сөзі, екінші сөйлемде ол сөзі жасырын тұр. Мүлдем бастауышы жоқ сөйлем жақсыз деп аталады. Уақыт қадіріне жетпегендерді көргенде жылағым келеді. Жастығыңды, мәлдір шағыңды босқа өткізгенің жарамайды.*

Тұрлаусыз мүшелердің қатысына қарай *жай сөйлемдер жалаң, жайылма* болып бөлінеді. Тек бастауыш пен баяндауыштан тұратын жай сөйлем *жалаң* деп аталады. *Беті дуылдап кетті. Ол шошып оянды. Қар кетіпті.* Бұл сөйлемдер тек бастауыш пен баяндауыштан тұратындықтан, жалаң деп аталады.

Тұрлауыз мүше қатысқан сөйлем *жайылма* деп аталады.

*Шоқан әңгімесін қайта жалғастырды. Тау-тасқа, өзен-суға ат қоюда қазақ ежелден шебер елдің бірі. Ахметтің әкесі қарапайым шаруа адамы. Ал бұл сөйлемдердің құрамында тұрлаусыз мүшелер бар болғандықтан жайылма деп аталады. Ойға қатысты сөйлем мүшелерінің барлығы қатысқан сөйлемді *толымды сөйлем* дейміз. *Шашубай мерген еді.* Толымсыз сөйлем деп ойға қатысты сөйлем мүшелерінің бірі түсіп қалған сөйлемді айтамыз.*

– *Сенің атың кім?*

– *Болат.*

Кейбір жай сөйлемдер іс-оқиғаны баяндамайды, тек заттың, құбылыстың, мезгілдің мекеннің атауын ғана білдіреді. Мысалы *Дала. Егін даласы.* Мұндай сөйлемдер *атаулы сөйлемдер* деп аталады.

Сөйлемнің айтылу мақсатына қарай түрлеріне байланысты мынадай жаттығу жұмыстарын жүргіземіз:

Төменде берілген сөйлемдерді айтылу мақсатына қарай талдаңдар. Сұраулы өйлемдерді лепті, хабарлы, бұйрықты сөйлемдерге немесе керісінше бірімен бірін алмастырып, айтыңдар. Айту барысында интонация өзгерісін көңіл бөліңдер.

– *Қайран, Базекем! – Асыл ажекем!*

– *Ардақты арысым! – Қош келіңіз еліңе!*

– *Келіңіз құтты болсын! – деседі.*

– *Сөзге сеніп, осы қадамды жасауға тура келді. Әйтпесе патша әйел Балу жайлы біліп қояды.*

– *Мейлі, мен-ақ құрбаның болайын!*

– *Оның әскері көп пе?*

– *Тамаша! Құдай берді, сарбаздарым!*

Тұрлаулы мүшелерге байланысты мынадай жаттығу жұмыстарын жүргізуге болады:

Көп нүктенің орнына ойдан баяндауыштар құрап, сөйлемдерді аяқтандар.

Қазақ халқында есімі елеусіз қалған азаматтар ... Соның бірі – ... Ол өлең – жыр ... Сонымен қатар ауыз әдебиетінің үлгілерін жинады. Қаламгер заңсыз ... Оның мұрағатта көптеген еңбектері ... Ол әжесінің қамқорлығында ... Тоғыз жасында оқуды, жазуды ... Домбыра мен сырнайға қослып ән ... Ол өнерлі қауымның ортасында
Жалаң сөйлемді жайылма сөйлемдерге айналдыр.

Олар дос еді. Жұптары жазылмайтын. Орман іші тыныш еді. Сендер орындайсыңдар.

Жай сөйлемнің түрлерін өтпей тұрып, мұғалім алдымен жай сөйлем дегеннің не екені жайында, оның өзіндік қандай белгілері бар екендігін түсіндіру үшін тақтаға құрамындағы сөз саны әртүрлі мынандай үш сөйлемді жазып қоюы керек:

Білдім. Бір ғана баяндауыш сөйлем бола алады. Тұрлаулы мүшелер және анықтауыш, толықтауыш пен пысықтауыш қатысқан сөйлемді жайылма сөйлем дейміз. Сонан кейін осыларды сөйлем деп тануға болатын-болмайтыны, сөйлемдердің құрамына қарай қандай сөйлем екені, әр сөйлемнің неше сөзден жасалғаны, ол сөздердің сөйлемнің қандай мүшесінің қызметін атқарып тұрғаны оқушылардан сұрастырылады. Жоғарыда келтірілген мысалдардың жай сөйлем болып тұрғандығына көз жеткізу үшін мұғалім мынандай түсінік береді. Үш сөйлемде бір нәрсе жайында тиянақты ой айтылған.

Жай ғана ойды білдіретіндіктен, олар жай сөйлем деп аталады. Бірінші сөйлем – *Білдім.* Ол бір ғана баяндауыштан (білдім) жасалып тұр. Екінші сөйлем – *Бір ғана баяндауыш сөйлем бола алады,* бұл сөйлем бастауыштан (баяндауыш), баяндауыштан (*сөйлем бола алады*) және анықтауыштан (*бір ғана*) құрылған. Үшінші сөйлем – *Тұрлаулы мүшелер және анықтауыш, толықтауыш пен пысықтауыш қатысқан сөйлемді жайылма сөйлем дейміз.* Бұл сөйлем баяндауыштан (*сөйлем дейміз*), анықтауыштан (*жайылма*), толықтауыштан (*сөйлемді*), үйірлі анықтауыштан (*тұрлаулы мүшелер және анықтауыш, толықтауыш пен пысықтауыш*) жасалып тұр. Қатысқан сөздер саны көп болғанмен, бұл – жай сөйлем, себебі бірыңғай заттардың бір ғана әрекетін (сөйлем құрау) білдіріп тұр.

Осы түсініктен оқушылар жай сөйлемнің мынандай белгілері жайында қорытынды шығаруы керек:

Жай сөйлемнің бір я бірнеше сөйлем мүшелерінен жасалуы – екінші белгісі.

Жай сөйлемде *дара, күрделі мүше* де және *үйірлі мүше* де кездеседі. Бұны оның үшінші өзіндік белгісі деп тануға болады.

Осындай ой қорытындысынан кейін барып, жай сөйлем тұрлаулы мүшелердің қатысына қарай толымды, толымсыз, жақты, жақсыз, атаулы сөйлем болып беске, тұрлаусыз мүшелердің қатысына қарай жалаң, жайылма болып екіге бөлінеді деп, жай сөйлемнің түрлерін оқытуды бастау керек. Жай сөйлемді меңгерту үшін төмендегідей жаттығу жұмыстарын орындауға болады:

а) Сөйлемдерді көшіріңдер. Жай сөйлемдерді тауып, құрылысына қарай ажыратыңдар:

Бесінші сыныптың оқушысы Ермектің әке-шешесі құс фермасының құс өсірушісі еді. Фермада әзірге бір-ақ үйлі жан істейтін. Толып жатқан тауық. Түйетауық және үйрек, қаздарға жем-су беру, олардың астын тазалау, жұмыртқаларын жинап, орталыққа апарып өткізу, тағы сондай-ақ толып жатқан шаруалардан олар үйлеріне түн ішінде ғана қалжырап оралатын. Содан соң асығыс тамақтарын ішеді де, қылжиып ұйықтауға жатады. Таң қараңғысында қайта тұрады.

Жай сөйлемге байланысты мәтінмен талдау жұмыстары жүргізіледі: *Оны көптен бері көргім келіп жүр* (Хабарлы, жайылма, жақсыз, толымсыз).

Сонымен қатар қазір кеңінен қолданылып жүрген Н. Оразақынованың «Сатылай кешенді талдауын» пайдалануға болады. Жай сөйлемге байланысты мәтінмен талдау жұмыстары жүргізіледі: *Оны көптен бері көргім келіп жүр.* (Хабарлы, жайылма, жақсыз, толымсыз). Оны көптен бері көргім келіп жүр.

- Құрылысына қарай: жай сөйлем.
- Айтылу мақсатына қарай: хабарлы.
- Тұрлаусыз мүшелердің қатысына қарай: жайылма.
- Бастауыштың қатысына қарай: жақсыз.
- Ойға қатысты мүшелердің толық қатсуына қарай:

→ толымсыз.
 → Сөйлем мүшелері: баяндауыш (*көргім келіп жүр*),
 толықтауыш (*оны*), пысықтауыш (*көптен бері*),
 → Екінші тіркес: 1. *Оны көргім келіп жүр* – меңгеру,
 толықтауыштық қатынас, жалғау арқылы байланысқан.

2. *Көптен бері көргім келіп жүр* – жанасу, толықтауыштық қатынас.

Мұндай талдау жұмыстары оқушылардың жай сөйлемдер түрлерін қаншалықты білетінін көрсетеді, әрі ойын жүйелеп, білгенін түрлендіріп, ауызша да, жазбаша да жеткізе білуге дағдыландырады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 П.М. Эрдниев. Укрупнение дидактических единиц в обучении математике.– М.,1986.
- 2 Микерова Г.Ж. Лингводидактические основы обучения русскому языку по технологии укрупненных дидактических единиц в начальных классах.– Краснодар, 2008.
- 3 Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: «Мектеп», 1978.
- 4 Махмұдов М.И. Мектепте проблемалық оқытуды ұйымдастыру. – Алматы.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада өзара бір-бірімен байланысты, ұқсас лексика-грамматикалық бірліктерді ірілендіре оқыту технологиясы қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается характер технологии обучения взаимосвязанных лексико-грамматических дидактических единиц.

ШЕТЕЛ ТІЛІНЕ ОҚЫТУДА МОНОЛОГТЫҚ СӨЙЛЕУ ІСКЕРЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Даниярова Г.Д. – оқытушы (Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Ауызша сөйлеудің екінші түрі – монолог. Монологты бір адам ғана сөйлейді, ол бір немесе бірнеше тыңдарманға айтылады. Ол: мұғалімнің әңгімесі, студенттің толық жауабы, баяндама т.с. Құрылым жағынан монолог өте күрделі және грамматикалық ережелерді қатаң сақтауды, ой ұшқырлығын, логикалық тұрғысынан жақсы құрылған және жүйелі әңгімені талап етеді.

Монолог диалог сөзге қарағанда кешірек дамиды, сондықтан алғашқы сатыда студенттерге монологтық сөзге үйретуде педагогтар көп жылдар бойы осы проблеманы шешуге ұмтылуда.

Ауызша сөйлеуде монологты оқытудың әдістемесін көптеген ғалымдар зерттеген. Солардың ішінде атап өтетініміз: тілдік жоғарғы оқу орнындағы төменгі курс студенттерінің ауызша сөйлеуді оқытудың негізін салушылар: Н.И.Гез, А.А.Миролюбов, П.Б.Гурвич болған. Сонымен қатар В.В.Виноградов монолог-суреттеу, монолог-сендіру, монолог-әңгімелеу, монолог-пікір сияқты монологтың түрлі модельдерін топтастырды /3/.

Қазіргі кезде шетел тілін оқыту әдістемесінің жаңашыл жұмыстарында «үлгі» терминімен жиі кездесеміз. Бұл терминге қазіргі ғылым саласында нақты берілген анықтама жоқ, әр ғалым түрлі мағынада қолданады. Жоғарғы оқу орнының алғашқы сатысынан бастап, шетел тілін монологты сөйлеуге оқытудың әдістемелік үлгісін құрастыруда ғылыми-зерттеу жұмысының құралы ретінде жалпы ғылыми түсініктердің талаптарындағы үлгіге сай сипаттаймыз.

«Үлгі» жалпы мағынасында арнайы зерттеумен құрылған объектінің сапалылығын, тұрақтылығын көрсететін қосалқы бөлшектері болып табылады.

«Үлгі» – зерттеудің құрал-жабдықтары тәрізді деп те сипаттайды С.И.Архангельский /2/. Бұл нақты сараптама мен тұжырым, қорытынды жасауға қолайлы. Байланыстырушы белгіленген бөліктің қарапайым немесе көркем түрінде берілген фактілер, белгілер, яғни кез-келген үлгіде құрылған құрылымның шектелген көрінісі, сол объектінің атқаратын қызметін бейнелейді. Үлгі құру талабының тағы бір маңызды мәселесі, оның бір жақты болуы. Объектіні елестеткенде оның белгілі қасиеттеріне көңіл аудару қажет.

Монологты оқыту үлгісімен біз студенттердің танымдық, шығармашылық әрекетінің қалыптастыру жолын түсінеміз.

Үлгілендіру негізгі назарға алынып отырған зерттеу объектісінің үлгісін құруда іске асу жолының ерекшелігін бейнелейді. Және құрылған объектінің үлгіленуінің қызметін суреттеуде, түсінуде зерттеу нәтижесінде нағыз объектіге немесе үрдіске айналады. Осылайша үлгілендіру объект пен үрдісті түсінудегі тәсіл болып табылады. Зерттеу бөлігін суреттейтін, оның заңдылықтары мен принциптері, дәлелдер, тәжірибелер үлгілендіру кезінде ғылыми теориясын береді.

Ғылыми әдіс сияқты үлгілендіру бақылаудың өткізілуін қарастырады. Өте жақсы құрылған үлгінің өзі зерттеудің толық мәні мен маңызын, сипатын ашпайды. Үлгілендіру тек объектінің шектеулі жақтары мен ғана байланыстырады. Ол үлгілендіріп, зерттеудің белгіленген талаптары заңдылықтарына сүйенеді. Оларға: үлгінің көрнектілігі, айқындылығы, бейнелілігі және дәл бөлшектенген зерттеуші объектінің анықтылығы, объектілігі зерттеу жұмысын жүргізудегі тәуелсіздігі жатады.

Кез-елген пәнді оқытудың жеке процесін жаңадан қарастыру үшін, бүгінгі құрылған негізіне сүйенбестен жаңа байланыс құру мүмкін емес. Ағылшын тілін оқыту процесінің үлгіленуі үнемі алдын ала шешілген мәселелер мен міндеттер арқылы құрылады. Ізденушінің алдын-ала қойылған міндеттерді түсінуге, нақты жағдайдағы жаңа тәсілдер анықталады. Ағылшын тілін оқытуда жинақталған тәжірибелердің жиынтығы, нақты мәліметтері, оның сараптамалары, тек ғылыми тұжырымдалған түсініктердің дәлелі ғана емес, шетел тілін оқыту процесінің стратегиясын дұрыс дамытуды құрудың көзі болып табылады. Және бұл шетел тілінде сөйлеуге үйрету әдістемесінің негізгі бір бағыттарының сараптамасы ретінде қарастырылып, қарапайым логикалық байланысып, бейнеленеді.

Теориялық тұжырымдарды ескере отырып, методологиялық жағдайда жаңа білім берудің талаптарына сай ағылшын тілі сабағында интерактивті тәсілді қолдана отырып, монологты сөз іскерлігін қалыптастыру өңделеді. Жеке тұлғаны дамыта оқытудың теориялары мен заңдылықтарына сәйкес ұйымдастырылуы, үлгіленуі студенттің жеке танымдық белсенділігі шығармашылық кезеңінде қалыптасады. Танымдық қабілеттері дамиды, студенттер мәселені бақылау, сараптау барысында нысананы белгілейді. Мәселені шешуде ұсынылған шешімін таңдайды. Оның шешілу жолдары алынған ақпаратқа сын көзбен қарау, өз пікірін сараптап құрай алу, ақпаратты өңдеу алғашқы кезеңінде жүзеге асырылады. Жеке тұлға алдында монологтық сөзді дайындауда білім, өздік шығармашылық мақсаттарды дамыту қойылады.

Ю.Н. Колюткин психологиялық жұмыстарды қорытындылай келе, сөйлеу мәдениетіне байланысты мынадай талаптарға сүйенеді:

1) студент ойды еркін ойлауға, өз шешімін, нысананы ұсынуға, қатесін түзетуге, әріптесінің пікірін тыңдап, сыйлауға, басқаның ойын тыңдауға, оны түсінугі құқылы;

2) Сынға шыдамдылық, тек өзінің айтқанын дұрыс деп түсіну, басқаның айтқан сынын еркін де дұрыс қабылдау, сапалы шешім қабылдауға көмектеседі /1/.

Бұл психологтың айтқан талаптарын ескере отырып, жоғарғы оқу орнының алғашқы сатысындағы студенттерді шетел тілінде монологты сөз түріне сөйлеуге үйретуде жоғарғы оқу орнының студенттерінің өздік қабілеттері мен іскерліктерін дамыту үшін кітаппен жұмыс жасаудың үлгісімен таныстырамыз.

Студенттерді сөйлеуге үйрету нәтижесі қатысымдық қабілеттің жалпы, арнайы, жеке іскерліктерін дамыту бағытында құрылады. Ал, монолог бір адамға бағытталғандықтан, студенттің жеке іскерлігін дамыту мақсат етеміз.

Жалпы қабілеттерге: студенттің жалпы оқытуда кілт сөздермен, түрлі ақпарат құрылымдарымен жұмыс істей алуы, әңгіме құруда себеп- слдарын құрастыра білуі, ойлаған ойын қысқаша жаазба сөздермен түсіндіруі, сараптай және қорытындылай бөлуә жатады.

Арнайы қабілеттерге: студенттің түрлі анықтама сөздікпен жұмыс жасауы, әртүрлі сөз әрекеттерін құрастыруда жаза алуы, оқи алуы, айта алуы, сөйлеу лексикасын, өз әңгімесін құруға қолдана алуы жатады.

Жеке қабілеттерге: студенттің өз қызығушылығын арттыруы, өз мақсаты мен міндетін белгілей алуы, болжап, жоспарлай алуы және өзін-өзі болжап түзетуі, оны іс жүзінде көрсете алуы, түсінігін көрініспен елестетуі, ойын қабылдап қорытуы, түйінін дәлелдеуі кіреді.

Студенттің сөйлеу іскерлігі мен қабілеті негізінен жалпы, жеке және арнайы әрекеттерін қалыптастыруға бағытталады. Бұл қабілеттердің ішінде біз студенттің қабілеті мен іскерлігін дамытуда ауызша коммуникативті жаттығу түрі монолог болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Колюткин Ю.Н. «Психологические особенности». – М., 1989.
- 2 Архангельский С.И. «Развитие устной речи». – М., 1999.
- 3 Виноградов В.В. «Психология». – М., 2001.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада монологті сөйлеу тілінің ерекшеліктері айқындалып, оны оқыту жолдары қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В этой статье рассматриваются особенности монологической речи при обучении иностранному языку.

ҚАЗАҚ ТІЛІН БАСҚА ПӘНДЕРМЕН (ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ) БАЙЛАНЫСТЫРА ОҚЫТУ

Есімболова М.К. – ф.ғ.к., доцент (Алматы қ-сы, Азаматтық авиация академиясы)

Қазақ тілін оқыту әдістемесі педагогика, психология, әдістемеге, логикаға байланысты. Әдістеменің негізгі тірегі – қазақ тілінің фактілері. Онсыз әдістеменің түрлі мәселелерін бөліп қарауға болмайды. Сондықтан, әдістеме қазақ тілі фактілерімен тығыз байланысып жатады. Әдістеме қазақ тілінен берілетін мәліметтерді орыс студенттердің ойына лайықтап оқыту қағидаларын қарастырады. Бұл білім беру заңдылықтары лексиканың, фонетиканың, грамматиканың, орфография мен пунктуацияның заңдылықтарымен үндеседі. Негізгі тілдік фактілер бойынша білім берудің теориясы мен практикасы қарастырылады. Орыс тілді студенттерге қазақ тілінен берілетін мәліметтер көлемі жағынан ықшамдалады. Яғни, тілдік фактілердің қорытылып, шешілген мәселелері орыс тілді студенттерге жеткізіледі.

Орыс тілді студенттерге қазақ тілінен берілетін тілдік фактілердің өзіндік белгілері (жасалу жолдары) лексикалық, грамматикалық, фонетикалық, белгілері, анықтамалары студенттердің ерекшелігіне, олардың ой-өрісі білім дәрежесіне лайықталады. Қазақ тілін оқыту әдістемесі педагогикаға тікелей байланысты. Педагогиканың дидактикалық саласы жалпы дидактикалық принциптерін қарастырады. Ал әдістеме әрбір жеке пәнді оқытудың теориясы мен практикасын қарастырады. Сондықтан, әдістеме жалпы педагогикалық қағидаларға негізделі отырып, қазақ тілі фактілерінен білім алудың заңдылықтары мен әдістерін тікелей қарастырып, педагогикалық дидактикалық принциптерді қазақ тілінен білім беруде қалай іске асыру жолдарын ойластырады.

Педагогика – негізінен тәлім-тәрбие берудің заңдарын, оларды іске асырудың жұмыс жүйесін белгілейді. Тәлім – студенттерге берілетін теориялық білім мен дағды. Ал тәрбие – қазақ тілінен білім беруде мәтіндер, сөйлемдер, мысалдар арқылы және түрлі жаттығулар бойынша жүргізілетін жұмыс. Қазақ тілінен білім беруде тәрбие жұмысын қоса жүргізген дұрыс. Тәрбиелік мәні күшті сөйлемдер мен мәтіндерді ұсынамыз. Қазақ тілін оқыту әдістемесі психология ғылымына да тікелей байланысты. Тілдік материалдың толық қалыптасуында түсінік, ой-түйсік, сезім және сигнал жүйелері үлкен рол атқарады. Бұл психологиялық категориялар мен функциялар білім мен дағдыны меңгертуде айрықша қызмет атқарады. Студенттерге тілдік материалдарды толық игертуде сабақ процестерінің мәні зор.

1. Жаңа материалды таныту процесі. Мұнда жаңа материал студенттерге хабарланады. Мұның өзіндік белгілері айтылады. Оны студенттер естиді. Материалды толық игертудің негізгі кепілі дағдылар арқылы іске асырылады.

2. Материалды қайталау процесі. Қазақ тіліне, өтілген барлық материалдар еске түсіріліп пысықталады. Студенттер қазақ тілінен алған теориялық білімі мен практикалық дағдысы пысықталып, нығыздала түседі. Жұмыстардың барлығы психикалық ұғымдарымен байланысып келеді. Қазақ тілінен берілетін білімді оқушылардың ойында қалыптастыруда киноэстетикалық түйсік маңызды рол атқарады. Бұл түйсік көру мен жазуға тікелей байланысты.

3. Материалды дағдыландыру процесі. Онда тақырыптың өзіндік ерекшеліктеріне қарай түрлі психикалық жұмыстар ескеріледі. Бұл жұмыс әр тақырыптың психикасы болып табылады.

Қазақ тілін оқыту әдістемесі логикаға да тікелей байланысты. Логика ғылыми дәл ойлау, дұрыс пікірлесу заңдылықтарын үйретеді. Сөйлемнің дұрыс құрылуын ойластырады. Түрлі тілдік фактілердің дәл болуын қарастырады, студент пен оқытушының сөзінің анық болуын қамтамасыз етеді. Оқу бағдарламасы бойынша

құрастырылған оқулықтағы әр тақырыптың өзіндік белгілерінің және анықтама, ережелерінің дәл болуын ойластырады. Сондықтан, қазақ тілін оқыту төмендегі міндеттерді, тілдік фактілерді түсіндіру мен жеткізуде логика ғылымындағы жаңалықтарға сүйенеді.

Қазақ тілін оқыту төмендегі міндеттерді қамтиды:

1. Жоғарғы оқу орнында оқытылатын қазақ тілінің мазмұнын анықтайды.
2. Студенттерге берілетін білімнің көлемін анықтайды.
3. Жоғарғы оқу орнында оқытылатын қазақ тілі оқыту жүйесін анықтайды.
4. Білім беру әдістерін топтастырып, құрылымдық ерекшеліктерін белгілейді.

5. Сабақты топтастыра отырып, олардың түрлерін құрылымдық ерекшеліктерін анықтайды. Зерттеу әдістері теориялық әдістемені жасауда жиі қолданылады. Зерттеу әдісі мен білім беру әдісінің объектілері әр түрлі. Білім беру әдістері жоғарғы оқу орнында қазақ тілінен теориялық білім мен практикалық дағдыны қалыптастыруда іске асырылады. Ал, зерттеу әдістері қазақ тілін оқыту туралы ғылыми әдістемелік еңбектер және практикалық әдістемені жасау үшін қолданылады.

Зерттеу әдістері қазақ тілін оқыту әдістемесін теориялық жағынан байытуда пайдаланылады. Бұл ретте мынандай тәсілдер жүзеге асырылады:

1. Бақылау әдісі. Бұл әдіс қазақ тілінен білім беру және оны практикалық дағдылар арқылы іске асыруда қолданылады. Қазақ тілінен теориялық білімді студенттерге меңгертуде түрліше психикалық дағды жұмыстары жүргізіледі. Олардың негізгі түрлері сабақтан тыс жүргізілетін жұмыстар болып табылады. Олар мыналар: тапсырманың мақсаты, шартты түрде үйге тапсырылатын жұмыстың көлемі, оларды орындаудың әдістемелік жүйесі. Мұны тәжірибе жасаушы, оқытушы сабақта және сабақтан тыс уақытта бақылау жасайды.

2. Эксперимент әдісі. Бұл әдіс те ғылыми-әдістемелік еңбек жасау үшін жүргізіледі. Эксперимент – ғылыми тәжірибе деген сөз. Бұл барлық ғылым саласында, ал қазақ тілін оқыту әдістемесінде жиі қолданылады. Теориялық және практикалық еңбектер сол арқылы жазылады. Эксперимент әдісі қазақ тілін оқыту әдістемесінде, негізінен 1960 жылдан кейін қолданылды. Бұл әдіс бойынша қазақ тілі фонетикасын, синтаксисін, орфографиясын, пунктуациясын оқыту әдістемелері жазылды. Эксперимент өзінің іске асырылу мақсатына қарай төмендегі түрлерге бөлінеді.

а) бақылау эксперименті – кейін жүргізілетін әдістемелік эксперименттер материалын іске асыру үшін жүргізіледі. Алдымен экспериментке қойылатын объектінің жағдайын, мақсатын, мазмұнын, түрлерін анықтайды;

ә) дәрісханалық эксперимент – институттың бірнеше дәрісханаларында іске асады. Экспериментке қойылатын жұмыстың барысы мен негізгі нәтижелерін анықтайды;

б) кең таратылған эксперимент. Мұнда дәрісханалық эксперименттің нәтижелері бірнеше топтың сынынан өткізіледі. Дәрісханада эксперимент материалдары іске асырылады.

Негізгі мақсаты: біріншіден, экспериментке қойылатын жұмыстың негізгі мазмұнын; екіншіден, студенттерге берілетін білім мен дағдының көлемін; үшіншіден, эксперимент объектісіндегі білім беру әдістерінің түрлері мен құрылымдық элементтерін; төртіншіден экспериментке қойылатын материалдардың сабақ түрлері мен элементтерінде жүзеге асатындығын анықтайды, әдістемелік эксперимент жұмысы төмендегіше өткізіледі:

1) экспериментке қойылатын материалдардың болжалы жасалынады;

2) бұдан кейін үш-төрт топтың дәрісханасы таңдалады;

3) осы таңдалған дәрісханада тәжірибе жасаушы оқытушы сабақ өткізеді. Әдістемелік материалдық нұсқау болжамына сабақтың күрделі жоспары жазылады, онда экспериментке қойылатын объектінің мақсаты және оның мазмұны, оны іске асырудың әдістері, жұмысты жүргізудің жүйесі айтылады;

в) әдістемелік жұмыстың негізгі қорытындылары бірнеше топтарға салынып көріледі;

г) экспериментке қойылатын материалды сынап көру үшін алдымен топтар таңдалады. Жұмыстың барлық түрі эксперимент дәрісханаларда жүргізіледі. Эксперимент дәрісханаларда әдістемелік нұсқау-болжам бойынша оқытылады, оған лайықты материалдың көлемі мен жүйесі таңдалады. Эксперименттің нәтижелері бақылау жұмыстары бойынша өлшенеді. Ол процентпен немесе цифрмен көрсетіледі.

3. *Әдістемелік мұраларды үйрену әдісі.* Қазақ тілін оқыту әдістемесінің тарихында Сейіл Жиенбаев, Шамғали Сарыбаев, Қ. Жұбанов, Д. Әлімжановтар елеулі орын алады. Бұлардың әдістемелік көзқарастары, ұсыныстары сабақ беруде үнемі қолданылады. Сондай-ақ осы күнгі әдіскерлеріміз Қ. Жолымбетов, Х. Арғынов т.б. пікірлері, әдістемелік еңбектері зерттеу жұмыстарын жүргізу процесінде ескеріледі. Сондай-ақ әдістеме теориясына арналған қазақ тілі синтаксисі мен қазақ тілі дыбыс жүйесі әдістемесінің негіздері ғылыми-зерттеу жұмыстарына негіз болады.

4. *Әдістемелік тәжірибелерді талдау әдісі.* Қазақ тілін оқыту әдістемесінен зерттеу жұмысын жүргізуде оқытушылардың тәжірибесі зор рөл атқарады, сондықтан оқытушылар тәжірибесін жинақтау, олардың практикалық тәжірибелерін теорияға айналдыру. Зерттеу жұмысының басты бағыты болуға тиіс. Оқытушылар мен әдіскерлердің тәжірибелері екі жақты жарияланып отырады. Біріншісі, газет пен әдістемелік журналдарда басылады. Зерттеу жұмысын жүргізуде осыларды ескеруге тура келеді.

Өнердің қай түрі болмасын өмір танытады. Осы тұрғыдан қазақ тілі пәнін басқа пәндермен байланыстыра оқытудың жас ұрпақты тәрбиелеуде маңызы ерекше. Қазақ тілі пәнінің әдебиет, музыкамен байланысы өте күшті. Өйткені әдебиет адам тану ғылымы болса, музыка сол адамның жан азығы. Студенттерге қазақ тілі сабақтарында әдістемелік түрлі мақсаттарда көрнекілік үшін, эмоциялық әсерді күшейту үшін түрлі бейнелеу өнерін (сурет, портрет, иллюстрация, мүсін т.б.) музыкалық шығармалар пайдаланылады.

Қазақ тілі сабағында арнайы шығарылған оқу фильмдерін көрсетіп, кейбір фрагменттерін пайдалануға болады. Мұның өзі пәнаралық байланысы (интеграция) жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бірінші кезекте студенттерді қызықтыру үшін ең бастысы – қазақ тілінің кабинетін жасау. Онда қазақ тілінің оқулығы, дидактикалық материалдар, суретті карточкалар, экранды құралдар, компьютер, теледидар т.б. болуы қажет. Ал негізгі жұмыс материалдары – әртүрлі анықтағыштар, сөздіктер (орфографиялық, фразеологиялық, этимологиялық, аударма).

Сабақта әртүрлі әдіс-тәсілдер мен жаттығулар қолдану, сөздерді синонимдерімен ауыстыру, ойды әртүрлі тәсілмен білдіру, еркін тақырыпқа әңгіме құрау, көрген фильмдері не оқыған кітаптарына талдау жасау сияқты түрлі жаттығу жұмыстарын үйретудің маңызы зор. Әсерлі сабақ – белсенді сабақ. Сабақта ойын элементтерінің болуы тиімді. Мысалы:

«Терминдер табайық» ойыны. Ойынға студенттерді мөлшерлеп қатыстырған жөн. Әр бала «грамматикалық», «математикалық», «физикалық», «географиялық, ауыл шаруашылық» деген сөздер жазылған бірнеше карточкалар дайындайды. Бастаушы ірі етіп жазылған терминдер мәтінін тақтаға іліп қояды да ойын тәртібін түсіндіреді. Студенттер іштерінен мәтінмен танысады. Бастаушы мәтіндегі сөздерді атағанда, студенттер қолдарындағы карточкаларының бірін көтеріп әлгі сөздің қай термин екенін білдіреді. Жаңылысқан студенттердің аттары аталып, тақтаға жазылады. Кейін қорытындысы шығарылады.

Терминдер мәтіні.

Агроном, экватор, звено, эквивалент, демеулік, механизация, тепе-теңдік, ойпат, қысым, ауыспалы егіс, витамин, тотық, түбір, абитуриент, қалдық, материк, комбайн,

үстеу, қой фермасы, плюс, компас, валенттілік, есімше, автономия, молекула, метталлоид, диффузия, анықтауыш, атом, төбе, жұрнақ т.б.

Тапсырма-сұраулар.

1. Қазақ тіліндегі қосымшалар термин сөздердің бәріне де үндестік заңы бойынша жалғана ма?

2. Қай термин сөздерге қосымша тек қатаң дыбыстан басталып жалғанады?

3. Қос дауыссызға аяқталатын 3-4 термин сөз тауып жазыңдар.

4. Әдеби тақырыпқа 10-15 термин тауып жаз.

Бұл ойынды лексикалық тақырыптарда өткенде қолдануға болады. Қазақ тілін әсіресе тарих пәнімен ұштастыра оқыту, халқының өткен тарихынан, салт-дәстүрінен, әдет-ғұрпынан, мәдениеті мен басқа да ұлттар мен қарым-қатынасынан афоризмдер, мақал-мәтелдер, фразеологизмдер беру арқылы ақыл-ойын дамытып, тапсырмаларды іздену арқылы өздігінен орындай білуге үйрету қажет.

Студенттер өздігінен жұмыс істеу арқылы басқа пәндермен де байланысын дамытып, білімдерін тереңдетіп, қазақ тілін үйренуге деген ынталары арта түседі деп ойлаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Рахметова С. Қазақ тілін оқыту методикасы. – Алматы, 1991. – 12-18; 98-102 б.

2 Қасымбеков Ә. Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуды жетілдірудің кейбір жолдары. – Алматы, 1989. – 31-40 б.

3 Исабаев Ә. Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері. – Алматы, 1993. – 5-10 б.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада қазақ тілін басқа пәндермен байланыстыра оқытудың әдіс-тәсілдері қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена методике интегрированного обучения казахского языка.

МЕКТЕПТЕ ПОЭЗИЯЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ОҚЫТУ ЖОЛДАРЫ

Жұмақаева Б.Д. – п.ғ.к., доцент (Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Мектеп практикасында әдеби мәтіндердің ішінде лирикалық шығармаларды талдау мен тану күрделі. Жалпы білім беретін мектептерде әдеби білім мазмұнының төрттен бірін лирикалық шығармалар құрайды. V-IX сыныптарда жүз қырықтан аса лирикалық шығарма оқытылады. Олай болса, мектепте қалыптастырылатын әдеби білім мазмұны лирикалық шығармаларға да тиесілі. Мектепте оқытылатын лирикалық шығармалар жанры мен тақырыптары жағынан алуан түрлі. Әйтсе де лирикалық шығармаларды талдап танудың, оқытудың жалпыға ортақ заңдылықтары мен белгілі бір әдістемелік жүйесі болуы тиіс.

Лирикалық шығарма табиғаты эпикалық, драмалық шығармалардан өзгеше. Лирикалық шығармалардың жанрлық ерекшелігін сипаттайтын еңбектер көп (М. Бахтин, Л. Тимофеев, Д.С. Лихачев, Г. Пospelов, Н.А. Гуляев, З. Қабдолов, З. Ахметов т.б.). Лирикалық шығарма көлемі жағынан шағын болып келеді де эмоцияға, сезім күйге құрылады. Лирикалық шығармада ақынның дүниетанымы, сыртқы ортаны, өмір

құбылыстарын елестетуі мен сезінуі, өзіндік ой жүйесі образды сөздің қуатымен өрнектеледі.

Лирикалық шығармаға поэтикалық тіл қызмет етеді. Поэтикалық тіл ақынның жан тебіренісін, биік сезімін жарыққа шығарады. Образды ой мен поэтикалық тілдің тереңіне үніліп, лирикалық қаһарман арқылы жарыққа шығатын авторлық толғанысты, дүниетанымды, ақындық мақсат, мүддені, сезім-күйді тану, оқушыларға ғана емес, ересектер үшін де бір шама күрделі. Авторды жете түсіну үшін дүниетанымдық, тілдік әлеуеттің де жоғары болуы қажет. Ал оқушыларда бұл әлі қалыптасу үстіндегі үдеріс.

Көркем шығарманың тууы мен оқырманын санасына сәулеленуінде үштік одақтың бірлігі болуы керектігі кейінгі зерттеулерде жиі айтылып жүр. Сонда таным, дискурс автор → көркем шығарма → оқушы арасында қалыптасады. Автор өмір сүрген уақыт, орта, кезең, таным-түсінік, құндылықтың көркем шығармадағы бейнесін оқушының қабылдауы, түсінуі, зерделеуі, бағалауы көптеген факторларға қатысты. Мәселен, жыраулық поэзияның дүниеге келген тұсы мен бүгінгі уақытты немесе ХҮІІІ – ХІХ ғасыр туындыларын, тіпті кешегі кеңес кезеңіндегі шығармалардағы уақыт, кезең, құндылық бүгінгі ұрпақ санасында қалай жаңғырығады? Белгілі бір дәрежеде түсіну болғанымен, түйсіну қаншалықты жүзеге асады? Бүгінгі уақыт пен құндылық қандай, оның арақатысы қаншалықты деген мәселелер туындайды.

Көркем шығарманы талдаудағы басты ұстаным мазмұн мен пішінді (форманы) бірлікте қарастыру екендігі белгілі. Көркем мәтінмен алғашқы ұшырасуда көзге көрінетіні оның формасы. В.Г. Белинскийдің айтқанындай «Сөз – ойдың көрінісі», яғни ойдың киімі – сөз. Автор толғанысы мен ой түйінін қандай сөзге орады, қандай сөзді таңдап, талғап алды? Ойды қалай өреді? Бұл өлеңнің алғашқы қалпында көзге ұшырасады. *Өлеңнің графикалық формасы* көркем шығарманың бейтарап қалпы сияқтанғанымен, мәтінді визуалды қабылдауда, белгілі бір дәрежеде, алғашқы әсерді қалыптастырады. Сондықтан көркем шығарманы талдаудағы көрнекі құралдың бірі көркем мәтіннің өзі болуы заңды.


Өлеңнің дискурстық формасы оқушының көркем шығарманы көркем қабылдауын ұйымдастыру міндетіне қызмет етеді. Көркем қабылдауды ұйымдастырудың көптеген амал-тәсілдері бар. Соның бастысы – өлеңді мәнерлеп оқу. Мәнерлеп оқу көркем мәтінді аудиалды қабылдаудың тетігі. Автордың ой-пайымымен көркем шығарманы сөйлету күрделі әрекеттің бірі. Көркем мәтіннің болмысына терең бойлап, жете меңгермейінше оны сөйлету қиын. Өлеңдегі әр сөз, бунақ белгілі ой ағымын ұсынады. Оны дәл сол мәнінде тиісті ырғағымен оқу үлкен шеберлікті талап етеді. Әдебиетті оқыту әдістемесі ғылымында классикалық әдістердің бірі саналатын шығармашылық оқыту әдісінің бір тәсілі – көркем мәтінді мәнерлеп оқу болып есептеледі. Әдіскер-ғалым З.Я. Рез шығармашылық әдістің бірнеше тәсілдерін ұсынады. Көркем мәтінді мәнерлеп оқу, сахна шеберлерінің оқуы т.б. Көркем мәтінді мәнерлеп оқуда дауыс ырғағы, әуезі, қарқыны, екпіні – барлығы да өлеңді қабылдауда жағымды жағдай туғызушы компоненттер болып есептеледі. Өлеңдегі ой кідірістері, психологиялық кідірістердің де өзіндік ықпалы болады.

Мәтіннің мағыналық фонының құрылымы – көркем мәтіннің пішінінен мазмұнына қадам жасауды нұсқайтын нысан. Егер әр сөзді таңба деп қарастыратын болсақ, әр таңба бір ойдың бейнесі. Поэтикалық өлең мәтіні тарихи-мәдени, рухани болмыстың, автордың шығармашылық әлемінің құрылымы мен жүйесін танытатын көптеген таңбалардың құрылымы болып есептеледі. 5-сыныпта оқылатын М. Мақатаевтың «Мен таулықпын» өлеңінде тау заттық ұғымнан символдық белгіге айналған. Тау – өрліктің, биіктіктің, тазалықтың, даралықтың белгісі. Өлеңдегі мағыналық фонды құрайтын заттық ұғымдарда «тау», «бұлт», «қыран», «жай оғы», «асқар шың» – таудың символдық бейнесін айқындайтын бірліктер. «Тау – дәу бесік» – қолданысы ұлттық болмысқа қатысты концепт. Ал, «Асқар шыңдар желпиді бесігімді,

Бір орамын ағытып сәлдесінің» – деген тармақтардан таудың көркем бейнесінің ақын қиялымен астасып, көркем образды қолданыс тапқанын көреміз. Бұл қолданыста «тау» – «асқар шын» – «бұлт» образдары айқындалады. Сонда ақын қиялында «тау – бесігін» асқар шыңдар ағытқан «бұлт – сәлдесімен» желпиді. Өлеңде мекеншақты танытатын «Күн алғашқы сәулесін маған шашып, Маған келіп түнейді қара тұман» – сияқты тармақтар бар. Екі тармақта антитезалық қолданыстар арқылы күн мен түн, ақ пен қара, жарық сәуле мен қараңғы түнек ұғымдарын туындата отырып, уақытты да, кеңістікті де қамтыған.

Өлеңде тау сияқты басқа да табиғат перзенттері: «киік» пен «қыран» таңбаланады. «Киіктің сүтін еміп ер жетуі» ақынның табиғаттың киелі кәусарынан сусындап, арман-қиялының асқақтығына «қыранның қанатынан қуат алуы» жеткізгені өрнектеледі. Мұнда да жер мен көк мекеншақ ұғымын тудырады. Табиғат – биологиялық, рухани қуат көзі ретінде таңбаланады.

Ақын да тау кейіптес, тау мінездес, «бұлт бүркенеді», «жай отын ала туады». Ақынның «мені» мәтінде тау ұғымымен қабаттасады («Күн алғашқы саулесін маған шашып, Маған келіп түнейді қара тұман»). Өлеңде ақынның эмоциялық күйін танытатын пофосты сөз қолданыстары – «таудан мен жаратылғам», «Тауға барып, Көкке ұшып кетсем бе екен, Ұстап алып қыранның қанатынан...» ұшырасады. Биіктен биікке өрлеу, қиялдың қанат қағып, өрге самғауы осы шумақтарда еркін танылады. Өлеңнің ассоциативті-мағыналық фоны «Тау деген Ана туған, дара тұлғам» тармағында бейнеленген. Ана → Тау → дара → тұлға немесе



Сонымен қатар табиғат-Ана ↔ тау-перзент ұғымдары өріледі. Автордың ассоциативті-психологиялық күйі өлең мәтінде еркін танылады. Мәселен, ақын таулық, тау мен ол бір-бірінің иелігінде. Ақын мен тау егіз ұғым ретінде ұсыналады.

Тау ↔ мекен,
↔ жаратылыс негізі.
Ой қайталана отырып өрбиді.

Өлеңнің тілдік формасын (поэтикалық мәтіндегі тіл бірліктері өрнегінің жиынтық жоспарын) зерделеу жекелеген тіл бірліктерінің жүйесін, өлеңнің композициялық құрылымын тануға жол ашады.

Өлеңдегі тіл бірліктерінің семантикалық мәнін айқындағаннан кейін олардың өлеңдегі құрылымы мен жүйесін аңғаруға болады. Өлеңнің композициялық құрылымы қайталаулар арқылы шеңбер түзеді. Курсивпен берілген сөздер әр шумақтағы мағыналық фонды, экспресивті-эмоциялық күйді танытады.

Әрине, 5-сыныптың оқушысына өлең мәтінін дәл осы теориялық ұғымдар арқылы түсіндіру немесе сипаттату орынсыз. Тиімді әдіс-тәсілдерді, бағыттаушы сұрақ-

тапсырмаларды пайдалана отырып сөздің мәнін ашу, кей сөздердің *символдық* белгі екендігін таныту қажет. Өлең мағынасының таянышы болып тұрған сөздерді белгілеу, олардың мәнін әркімнің өз ұғым-түсінігі бойынша пайымдату, өлеңдегі ерекше мәнді танытатын сөздерді саралау, жүйелеу, кластер түздіру, өлең құрылымын таныту оқушылардың ой белсенділігін арттыратын тапсырмалар болып есептеледі. Бұндай тапсырмалар оқушылардың танымдық белсенділігімен қатар, шығармашылық мүмкіндігін дамыта түседі. Сонда ғана оқушы білімді түсіну арқылы талдау, қорыту, өз білімін бағалау кезеңдеріне өте алады. Өлең мәтініндегі ойды айқындау, жинақтау, жүйелеу, қорыту үшін төмендегідей тапсырмалар ұсынуға болады:

1. Өлеңдегі тауды сипаттайтын сөздерді белгіле, сол сөздерді теріп жазып жүйеле.

2. «Асқар шыңдар желпиді бесігімді,

Бір орамын ағытып сәлдесінің» деген тармақтарды қайталап оқы, көз алдарыңа қандай бейне елестейді? «Сәлде» сөзі қай заттық ұғымның орнына жұмсалып тұр? Асқар шыңның түсі қандай? Сөз образын, көріністі, бейнені сипаттап айтып көр.

1. «Күн алғашқы *сәулесін* маған шашып,

Маған келіп түнейді *қара тұман*» – деу арқылы ақын нені меңзейді? Осы тармақтарда уақытқа қатысты сөз қолданыстары бар ма? Тауып белгіле, өз түсінігіңді айт.

1. Мәтіндегі Ана сөзінің қолданысына назар аудар. Өлеңде ақын Ана сөзін қандай ұғымда қолданған деп ойлайсыңдар?

2. Өлеңде табиғаттың тағы қандай перзенттері аталады.

3. Өлеңді тұтас қайталап оқи отырып, тауға деген ақынның қарым-қатынасы мен сезімін түсінуге күш сал.

4. Таудың қай қасиетін ақын ерекше қастарлейді?

5. «Тау ұлы» тақырыбына ой толғау жаз.


Оқулықта өлең мәтініне қатысты мынадай тапсырма берілген: «Өлеңді мәнерлеп оқы, жаттап ал», «Ақынның ой-арманын әсірелеп, ақын қиялын қалықтататын бейнелі сөздерді дәптерлеріңе жазып алып, есіңе сақтауға тырыс», «Өлеңнен тау ұлында болуға тиіс қандай қасиеттерді аңғаруға болады» деген тапсырмалар дәстүрлі талдауларда мақсат етіліп жүрген мәтіннің тақырыбы мен өзекті ойын танытуға да жетімсіздік етеді. Оның үстіне ақын тау ұлының қасиеттерін сипаттауда басты мақсат етпейді. Тау ұлыны қатысты сындық ұғымдағы сөздер, эпитеттер мәтінде жоқтың қасы. Бұндай дидактикалық жағынан кемшіл сұрақ-тапсырмалар оқушыны мейлінше тығырыққа тіреп, ой-қиялын шектейді.

Әр шығарма өзіндік даралығымен ерекшеленеді. Аталмыш сыныптың өзінде оқытылатын өлең мәтіні бір-біріне ұқсамайды. Жанры, тақырыбы жағынан ұқсас шығарманың өзі айтпақ ойы, құрылымы, тілдік ерекшеліктері жағынан алуан түрлі болып келеді. Мәселен, 5-сыныпта М. Жұмабаевтың бірнеше өлеңі берілген. Әр өлең өзіндік даралығымен ерекшеленеді. Ақынның «Қысқы жолда» атты өлеңі сыртқы формасына қарағанда табиғат лирикасына жататын сияқтанғанымен, ішкі мазмұны мен құрылымы бір шама күрделі. Авторлық ұстаным айқын емес.

Өлеңнің композициялық құрылымына талдау жасай отырып, тақырыбы мен идеясын айқындауға болады. Өлеңнің алдыңғы фонына *мекеншақ* ұғымы шығады:

«Қараңғы түн», → «сары дала», → «Жолды басқан құр соран».

Келесі кезекте *желдің образы* іс-әрекет түрінде айқындалады.



Келесі кезекте *жолаушының жай күйі* сипатталады:

Астымдағы жануар
 Құлағын қайшыландырып,
 Зорға борт-борт желеді...
 Боранын тәңір ашпады,
 Жол білінбей бастады,
 Көрінген бір жарық жоқ,
 Босаңсыды Қаракөк...
 Сар далада адасып,
 Суық кебін жамылып.
 Қаларын кім біледі?..

Өлеңде қаһарлы қыстың сипатын ашатын «боран», «ызғарлы жел», «Суық кебін» сияқты тіл бірліктері кездеседі. Өлеңде авторлық ұстанымды меңзейтін «сары дала» тіркесі кездеседі. Қыс суретіне сәйкеспейтін «сары дала» ұғымын оқушының өз түсініктеріне салып көру автордың ойын түсінуге жетелейді. М.Жұмабаевтың «Сағындым» өлеңіндегі оймен сабақтастыру тиімді болмақ.

Қорытыта келгенде, лирикалық шығармаларды оқытудың негізгі ұстанымдары мен бағыттарын айқындай отырып, әр мәтінді талдаудың өзіндік жүйесін жасау қажеттігі туындайды. Ең бастысы – мұғалімнің автордың айтпақ ой мен сезімін түсініп түйсінуі. Мұғалім мәтінді талдап тану арқылы автор ойына, болмысына жақындайды. Сол арқылы оқушыларды да дұрыс арнаға бағыттай алады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Взаимосвязь восприятия и анализа художественных произведений в процессе изучения литературы в школе // Под ред. О.Ю. Богдановой. – М., 1984.
- 2 Мадер Р.Д. Анализ поэтического текста на уроках литературы. – М., 1979.
- 3 Поэтика художественного текста на уроках литературы // Отв. ред. Богданова О.Ю. – М., 1997.
- 4 Проблемы преподавания литературы в средней школе // Под ред. Т.Ф.Курдюмовой. – М., 1985.
- 5 Рез З.Я. Изучение лирики в школе. IV-VII классы. – Л., 1968.
- 6 Казарин Ю.В. Филологический анализ поэтического текста. – Москва: Академ. проект, 2004.
- 7 Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: Рауан, 1997.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада лирикалық шығармалардың өзіндік ерекшеліктері сараланып, оны талдап танудың жолдары қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается специфика и анализ лирических произведений.

АСПЕКТНОСТЬ И КОМПЛЕКСНОСТЬ КАК КОНЦЕПТУАЛЬНАЯ СИСТЕМА ОБУЧЕНИЯ РУССКОМУ ЯЗЫКУ

Искакова А.Г. – ст. преподаватель (г. Алматы, КазгосженПУ)

Система основных методических понятий связана с идеей комплексного или аспектного подходов к процессу обучения русскому языку. Необходимость в специальном рассмотрении данной системы возникает из того, что ни понятие «аспект», как подход к обучению, ни понятие «комплексного обучения» не являются общеметодическими понятиями, свойственными любой национальной педагогической традиции, – такими, как «мотивация», «интерференция», «модель» или «метод». Эти понятия возникли в рамках методики обучения различным языкам в двадцатом веке, эти же идеи можно найти у таких крупных методистов, как У.М. Риверс или С.Савиньон (США). Под аспектным преподаванием обычно понимается такое, где отдельно отрабатываются языковые явления разных системных уровней (фонетика, грамматика, лексика, стилистика), причем, с непременным выходом в речевую практику. Такое преподавание, при котором обучение по отдельным уровням системы языка выделяется в особые организационные формы, обычно – в особые дисциплины, занимающие специфическое место как в учебном плане, так и в расписании.

деп берілген. 2003 жылғы жинақта осы шумақтың алдыңғы екі жолы кездеспейді, ал төртінші жолы «*Ұшқандай ед құс боп көкке*» (203-бет) деп алғашқы түпнұсқа қалпында

берілген. Дұрысы да осы алғашқы нұсқа. Өйткені, басқа нұсқаларда өлең жолының соңына көп нүкте қойылып, ой аяқсыз қалдырылған. Яғни, «Сол аймақтың әрбір тасы жау камалын күйретердей» дегенде, әрі қарай «не істеді?» деген сауал көлденендейді. Ал алғашқы нұсқадағы «*Шаитан сүйреп махаббатты*», «*Жиіркеніп жиырылды жер*», «*Сауын алып қашты өзеңдер*» деген өлең жолдарына ілесе суреттелген бұл шумақтағы картина өте жанды да түсінікті. Жалпы, өлеңді өңдеуде текстологиялық принцип бойынша терушіден кеткен қателерді, яғни, емле қателері, байқаусызда қалдырылып кеткен сөздер мен сөз тіркестерін, қосымшаларды түзетуге болады, ал тұтастай өлең жолдарын өзгерту автор еркіне қол сұғу екені белгілі.

Үшінші бөліктегі өлеңнің «*Тың тыңдаған адамға ұсап*», «*Ақырын ғана тартып сырнай*» /1944/ деген жолдарындағы «*ұсап*» сөзі «*ұсап* /1956/, «*ұқсап*» /2003, 2006/ деп, «*ақырын*» сөзі кейінгі нұсқаларда «*жайлап*» деп түзетілген. Алдыңғы сөз терушіден кеткен қате болса, соңғысының екеуі де бір мағыналас сөздер, қайсысын қолданса да өлеңнің идеясына нұқсан келмейді.

Төртінші бөлікке келсек, ескерте кететін бір жайт, он алты өлең жолынан тұратын бұл бөлік 1944 жылғы нұсқада басқа жерінде, яғни, бесінші бөліктегі он екі өлең жолынан кейін берілген. 1944 жылғы нұсқадағы «*Сатыр-сұтыр, сайтан оты*» деген өлең жолы кейінгі нұсқаларда «*Жаланған от сатыр-сұтыр*» деп, «*Қанды жалын қара түнде*» /1944/ деген өлең жолындағы «*жалын*» сөзі кейінгі нұсқаларда «*ізін*» деп берілген. Дұрысы – алғашқы нұсқа. Өйткені осы өлең жолдарынан кейін берілген «Сол бір оттан ыршып бір шок» деген өлең жолына «*жалын*» сөзі ұғынықты болмақ. «*Ұрлық отын жағып отыр*» (1944) деген өлең жолындағы «*ұрлық*» сөзі кейінгі нұсқаларда «*зұлымдық*» деп, 2003 жылғы нұсқада «*ұрлық*» деп алғашқы нұсқа қалпында берілген, «*Түскен ұры терезеңнен*» /1944/ деген өлең жолындағы «*ұры*» сөзі кейінгі нұсқаларда «*дұшпан*» деп берілген. Өзгертілген сөз түсініктірек. Бірақ «ұрлық отын жағып отырған» әрі есіктен емес, терезеден түсіп тұрған жауды «*ұрыға*» балауы да қисынсыз емес. Оның үстіне шығарманың өн бойында «*дұшпан*» әсіресе «*жау*» сөзі өте көп қолданылған.

Бесінші бөліктегі «*Құдірет күші жер жаһанның*» /1944/ деген өлең жолы 1956 жылғы жинақта «*Қасиет күші Ұлы Отанның*» деп өзгертілген. Басқа нұсқаларда алғашқы нұсқадағыдай берілген. «*Еңкейе түс өз жалауым*» /1944/ деген өлең жолы кейінгі жинақтарда «*Бар арманым, асқар тауым*» деп берілген. «*Еңкейе түс*» деген сөзден сақтанып, әдейі түзеткені байқалып тұр. Алайда соғыс уақытында өзгертілмей берілген бұл сөздерді қолдануға неге бас тартамыз? Ақын идеясын түсіну үшін осы шумақтың мәтінін толық келтірсек, 1944 жылғы нұсқада былай беріледі:

Еңкейе түс өз жалауым,
Көтеріл ел намыс туы!
Деп, жас ұлан бақты жауын,
Жарқ-жұрқ етіп жан ашуы.

«*Жас*» сөзі кейінгі жинақтарда «*ер*» деп, «*жарқ-жұрқ етіп*» деген сөз тіркесі 1956 жылғы жинақта «*болып серік*» деп берілген. Сонымен, алғашқы нұсқа соғыс картинасын жасаудағы ақынның өз ерекшелігін танытып тұрғандай. Яғни, жау бағытын бақылап тұрған жас ұланға «әзірге соғысты тоқтата тұрайық, бірақ жігеріміз мұқалмасын» дегенді айтқызығанға ұқсайды.

«*Ел күрсініп алды демін*» /1944/ деген өлең жолы 2006 жылғы нұсқада түсіп қалған. «*Қызғыш болып қызғанышы*» /1944/ деген өлең жолындағы «*қызғыш болып*» деген сөз тіркесі 1956 жылғы нұсқада «*қинады жан*» /1985 жылғы нұсқада: «*қайнады жан*»/ деп берілген.

Алтыншы бөліктегі «*Зілзәлә боп жер мен аспан*» /1944/ деген өлең жолындағы «*зілзәлә боп*» сөз тіркесі 1956 жылғы жинақта «*тұтасқандай*» деп өзгертілген. «*Қан, күл, боран, қара тастар*» /1944/ деген өлең жолы кейінгі жинақтарда. «*Қан кілкіте*

қара тастан» деп, «*Мәңгі жарын, көл жағасын*» /1944/ деген өлең жолындағы «*жарын*» сөзі кейінгі жинақтарда «*мекен*» деп берілген. Ал 2003 жылғы жинақтағы:

Түсіргендей көктің миын
Зірілдеді зеңбіректер.
Естігендей дозақ күйін
Көрден ытқып шықты өліктер (203-бет), –

деген өлең шумағы алғашқы /1944/ нұсқа мен кейінгі жинақтардың ешқайсысында кездеспейді. Сонда бұл өлең жолдары мәтінге қосылған қоспалар болды.

Жетінші бөліктегі «*Жеті қабат жер өзегін*» /1944/ деген өлең жолындағы «*жеті қабат*» сөз тіркесі 1956 жылғы жинақта «*сілкіндіре*» деп берілген. 1944 жылғы нұсқадағы:

Анасындай алып төсін,
Қорғады жер батыр ұлын, –
деген өлең жолдары кейінгі жинақтарда:
Қорғады жер батыр ұлын,
Жаралы ана жиып есін, –

деп беріледі.

Сегізінші бөліктегі өлеңнің алдыңғы сегіз жолы 1956 жылғы жинақта кездеспейді. Демек, өлең бұл жинақта қысқартылған. 1944 жылғы нұсқадағы өлеңнің «*О, қор болған қайран өнер!*» деген сегізінші жолы 2003 жылғы жинақта «*Қайран өнер, қайран ақыл!*» деп, 2006 жылғы жинақта «*Қайран өмір, қайран ақыл!*» деп берілген. Өлеңнің «*Деді де ол жалын шарпып*» /1944/ деген тоғызыншы жолы 2006 жылғы жинақта «*Лақтырылған бір шумақ от*» деп /1956 жылғы жинақта да осылай/ берілсе, 2003 жылғы жинақта алғашқы нұсқа қалпында берілген. Дұрысы да осы түпнұсқа. Өйткені осы өлең жолдарын толықтыра түсетін 1944 жылғы нұсқадағы:

Қара темір қайта балқып,
Болды талқан қалды үйіліп.
Адам ғой ол туысы артық
Ажалды да соқты үйіріп, –

деген өлең шумағы кейінгі жинақтардың ешқайсысында кездеспейді.

Тоғызыншы бөліктегі өлеңнің алдыңғы төрт жолы ғана газеттік нұсқада бар. Ықшамдалған бұл нұсқада шығарманың оныншы, он бірінші, он екінші бөліктері кездеспейді. «*Ызалы жау жіберді өрт*» /1944/ деген өлең жолындағы «*ызалы*» сөзі кейінгі нұсқаларда «*ыза боп*» деп берілген. 2006 жылғы жинақтағы:

Айтып жұмбақ өлеңдерін,
Аңыз болып бір сұлу жар,
Желпіп жалын желектерін,
Келе жатты От сұлулар! –

деген өлең шумағы 1956 жылғы мен 2003 жылғы нұсқаларда берілмеген. Бұл шумақ 2006 жылғы жинақтың он екінші бөлігінде тағы да қайталанатын. 2003 жылғы нұсқада бұл шумақ тек он екінші бөлігінде беріледі, ал 1956 жылғы нұсқаның екі бөлігінде де кездеспейді.

Оныншы бөліктегі өлеңнің «*Жалын тілі тұрды сүйіп*» /1956, 2006/ деген өлең жолындағы «*тілі*» сөзі 2003 жылғы нұсқада «*тілін*» деп қате берілген. «*Өрт топанын кешіп таптай*» /1956/ деген өлең жолындағы «*таптай*» сөзі кейінгі нұсқаларда /2003, 2006/ «*Нұхтай*» деп берілген.

Он бірінші бөліктегі өлеңнің «*Қара түнгі қанатындай*» /1956, 2003/ деген бірінші жолы 2006 жылғы жинақта екінші өлең жолымен ауыстырылып берілген. «*Жел, туған жерге алып жет!*» /1956/ деген өлең жолындағы «*жерге*» сөзі 2006 жылғы нұсқада «*елге*» деп берілсе, 2003 жылғы нұсқада «*Жау алмасын, сен алышы өрт*» деп беріліп, өлең жолы түгелдей өзгеріске ұшырыған. «*Бұл емес ед арман, арман!*» (1956, 2006)

деген өлең жолындағы «арман» сөзі 2003 жылғы нұсқада бір-ақ рет беріліп, бір сөзі түсіп қалған. «Осы-ақ болды, келген қолдан» /1956/ деген өлең жолындағы «келген» сөзі 2003, 2006 нұсқаларда «әттең» деп өзгертілген. «Ту сыртынан сығып жанын» /1956, 2006/ деген өлең жолындағы «сығып» сөзі 2003 жылғы нұсқада «шығып» деп берілген. Бұл сөздің терушіден кеткен қате екені белгілі.

Он екінші бөліктегі «Жанарымен шырқ үйіріп» (1944, 1956, 2006) деген өлең жолындағы «жанарымен» сөзі 2003 жылғы нұсқада «жанарынан» деп қате берілген.

Он үшінші бөліктегі «Кейде сағым, кейде жалын» /1944, 1956, 2003/ деген өлең жолындағы «жалын» сөзі 2006 жылғы нұсқада «жауын» деп берілген. «Аялдамай жалт берді өмір» /1956/ деген өлең жолындағы «аялдамай» сөзі 2003 жылғы нұсқада «Жалт етті ту» деп, 2006 жылғы нұсқада «Жалт етті ту» деп беріліп, әр түрлі өзгеріске ұшыраған.

Сонымен, 1956, 1960, 1985 жылғы жинақтардағы нұсқалар он төртінші бөліктің «Осынау күйді шертті дауыл» деген соңғы өлең жолымен аяқталса, 2003, 2006 жылғы жинақтарда шығарманың жиырма алты жолдан тұратын эпилогы берілген. 2003 жылғы жинақтағы:

Жина-жырла, жина-жырла

Мына ұлы бата оқырға... –

деген өлең жолдары 2006 жылғы жинақта «Жина-жырла бата оқырға...» деп бір өлең жолымен қысқартылып берілген. Шығарманың ең соңғы екі жолы 1944 жылғы газеттік нұсқада:

Көрдiң бе әне сонау шыңнан,

Қарап, күлiп Абдолла тұр! –

деп берiлсе, 2003, 2006 жылғы жинақтарда:

Көрдiң бе, әне, сонау құздан,

Күле қарап Абдолла тұр! –

деп берiлiп, алғашқы нұсқаға өзгерiс енгiзiлген.

Жалпы, бұл өлеңнің мәтіндік айырымдарына зер салғанда, ақынның сөз қолданысына көп жағдайда орынсыз қол сұғылғанын аңғара отырып, бастапқы сөз нәрін жоғалтпау үшін де келешекте шығатын жинақтарда Қ. Аманжолов мұраларының тұрақты мәтіні қалыптастырылса екен деп ойлаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Аманжолов Қ. Шығармаларының толық жинағы. – Алматы: ҚазМем Көркем әдебиет, 1956.

2 Социалистік Қазақстан. – 1994, 23 май. – №102.

3 Аманжолов Қ. Дариға, сол қыз. – Алматы: Атамұра, 2003.

4 Аманжолов Қ. Дариға, сол қыз. – Алматы: Раритет, 2006.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада Қ. Аманжолов шығармасындағы мәтіндік айырымдар сөз етіледі.

РЕЗЮМЕ

В статье речь идет о текстологических различиях в произведении К. Аманжолова.

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ДІН ТАҚЫРЫБЫ

Балтабаева Г.С. – ф.ғ.к., доцент м.а. (Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Қазіргі қазақ прозасындағы көңіл аударар келісті мәселенің бірі тұмшаланып келген дін тақырыптарының көрініс табуы. Мәселен, Алла тағалаға бас ию мен Мұхамед пайғамбардың (с.а.с), сахабалардың өмірі мен ізгілікті істерін арқау еткен көркем шығармалар бір шоғыр. Ұзақ жылдар үстемдік еткен кеңестік жүйенің тұсында мұсылмашылдықты дәріптеу, пайғамбарлар өмірінен мөлтек сыр шерту екінші қолынан келе бермейтін дүние еді. Бұған, біріншіден социалистік қоғамда үстемдік құрған атеистік тәрбиенің ықпалы болса, екіншіден қалам тартып жазғысы келгенімен мұсылмандық сауаты, мағлұматы аз болғандықтан, ал үшіншіден бұл тақырыпқа бел шешіп кірісу үшін исламдық діні берік, мұсылмандық махаббатқа толы үлкен жүрек иесі болуы шарт еді. Бұл өзі көзге көрінбейтін, жүрекпен ғана сезілетін жайт. Сондықтан да поэзиямен салыстырғанда прозада бұл тақырыпқа қалам сермеу анағұрлым күрделі болатын. «Алланың өзі де рас, сөзі де рас!» деп ұлы Абай жырлап кеткендей мұсылмандық сауаты, даярлығы бар болғанымен Аллаға, Мұхамед пайғамбарымыздың атын дәріптеп, құрметтеп жазған шығармалар санаулы-ақ. Сонау алаш боздақтарының әдебиетінен М. Жұмабаевтың «Пайғамбар» өлеңін алсақ, оның өзі аударма түрінде көз қылып жазылған өлең. Ал, бертінге қарай ойыссақ, алдымен кеңестік жүйе кезінде астармен жазылған Ғ. Мүсіреповтің «Ана жыры» мен Ғ.Мүсіреповтің «Әзіреілмен сұхбат» әңгімелеріне соқпай өту мүмкін емес.

Тәуелсіздік кезіндегі қазақ прозасындағы А. Кемелбаеваның «Ғибадат» /1, 104/ әңгімесі де Исламдық тақырыпқа өзіндік тұрғыдан келуімен ерекшеленеді. «Асыл пана Алланың нығметтері есепсіз болатын» – бұл әңгіменің лейтмотиві осы: Аллаға мадақ пен Жаратушы Иеге деген шексіз махаббат. «Ғибадат» – адам баласының құдайды қалай іздеп тапқаны туралы әңгіме, шынайы құлшылық, сүйіспеншілік. Мұнда ислам дінінің негізгі қағидалары сақталады. Адамзаттың жаратылысы туралы ойлар қасиетті Құранда бар шындыққа қиғаш келмейді. Мұсылман дінінде Алла тағаланың 99 көркем есімі бар. Автор Алланы «Асылпана» деп атаса, Құрандағы сүрелердің басталуында бар сөз: аса мейірімді, рақымды Алла. Аллашылдық идеясы қалай ашылады? Қазақтың өз аңыздарынан алынған идеяны автор шебер пайдаланады. Ол исі мұсылманға ортақ тажал туралы ой. Ақырзаман болғанда жер бетіне тажал шығып, тіршілік атаулыны жалмап қояды. Ақырзаман азан даусы естілмегенде болады. Әңгімедегі жасөспірім қыз баланың ауылда намаз оқитын кемпір-шал азайған сайын шошынатыны туралы ой бұл гуманизм мұраттарын биік қоятын үлкен әдебиеттің өз еншісі. Егер осы бір көркем ойдың түбін қазса, мәңгүрттікке қарама-қарсы ұлы идеяның тап өзі болып шығар еді. Бұл кейінгі көркем прозада сирек кездесетін құбылыс. Әдебиеттанушылар мен философтардың терең зерттеуін қажет ететін таңғажайып бір мезет осы. Әңгіме мәтіні тіпті діни трактатқа ұқсап тұратын тұстары мол. Автор ислам дінін шала білетіндерден емес. Себебі діннің ғылыми негізі көркем прозада сақталады, долбар мен жаңсақтық жоқ. Адам санасы мен психологиясы туралы терең иірімдер бар. Ал әңгіменің Құран сүрелерінің аяттарымен аяқталуы дүниежүзілік әдебиетке тән тәсіл. Атап айтқанда Лев Толстойдың «Воскресенье» атты романында (1889-1899 ж., өмірінің соңғы кезеңінде жазылған ірі шығармаларының бірі) Евангелие – Інжілмен аяқталу бар.

«Айгүлдің прозасын оқығанда, оны әдебиетші адамның жазғаны бірден білініп отырады. Айгүл Кемелбаева қазақша жазса да, қазақ топырағының исін шығарып тұрып жазса да, шетелдік прозаны керемет меңгергендігі байқалады. Джойс, Кафка, Прусты былай қоғанда, қазіргі модернистік, постмодернистік ортада жүрген жазушылармен таныс екендігі білінеді. Неліктен? Жаңағы Тұрсынжан сияқты Айгүл де әдеби тәсілдерді жетік меңгере отырып, бәрібір, жазушы ретінде жазады. Айгүл өз

туындыларына саналы түрде еуропалық мифтік есімдерді де кіргізіп, отырады. Оны әңгімесінің атына қояды, не әңгіменің ішінде жүреді. Бұл эксперимент болғанымен, өте сәтті пайдаланылған амал. Өйткені, дүниежүзілік әдебиетті біле отырып, сол деңгейде ойлана отырып, қазақша стильдік тәсілдерді дүниеге әкелуде» /2, 361/.

Исламдық сарын аталмыш автордың «Тобылғы сай» атты әңгімесіне де етене тән. Ұлы дене бәрін аңдауы құдайшылдық идеясы. Бұл әңгімедегі «әңгіме ішіндегі әңгіме» тәсілімен берілетін төрт әңгіменің түпкі ой, сарыны да осы құдайдың құдіретін ұлықтау болып табылады. Алмұрт ағашы өмір ағашы туралы аңыздың желісіне сәйкес. Бұл фәниде киелі заттар болатын себебі, оны Алла жаратқаннан деп түйіндейді автор. Ал «Мұнара» атты романның тұтас сюжетін Аллаға деген сенімі мен көмкерген.

А.Кемелбаеваның «Тобылғысай» /1, 87/ әңгімесіндегі исламдық сарын мүлде бөлек. Бұл әңгіменің сипаттары: «Нәресте жер жүзін анасындай аймалап, жарылқап тастайды» – күнге теңестірілген. Әңгіме кейіпкері Бижан – ауыл жігіті. Ол терең сайлардан шөп шабады. Адам мен табиғат үндестігі тұнып тұр. Әңгіме идеясы туған жердің қасиет-киесі адамды жамандықтан қорғап қалуы, ұлы жатарушының пенде атаулының ғана емес, тіршілік атаулының қорғаны екендігін еске салуы. Ол қазақ халқының өзіне тән өмір философиясымен астасып жатыр.

«Беймәлім ұлы дене адам ұланын күтіп жатқандай, көзінің астымен әр қимылын бағып, бұға қалғанға ұқсайды. Көзге мұқтаж емес, бірақ көреді, одан таса жер жоқ.

Ауасы балдай даланың шегірткесі шырылдауық, құсы сайрауық болған соң, ұлы дене һәм сергек, қауіпшіл, һәм кінәмшіл қарауыл екенін ұғыну қиын емес. Табиғатты меңіреу деп қабылдау адасқанды жарға жығады» – бұл Құран сүрелеріндегі аяттардан алшақ кетпейді. Исламда Алланың өзіне тән көру, есту қабілеттері бар, ол көрнеуді де, көмескіні де көреді делінген. «Сондайда көкек шақырады сайдан. ... уызы кеппеген мынау момақан тыныштықтың астарында асқан мейірім құпия сырдай, тұңғыық судай тұнып тұрғаны» – аят басы «Аса мейірімді, рақымды Аллатағаланың атымен бастаймын» – деп басталады. Бижан шөп шапқан кез құдайдың мейірін жан-тәнімен сезінген кез. «Адам ұлы игілігін еңбектен табады сонда». «Айнала сүттей ұйып, арайлы дүние жарқырап жатады», «»Үлкен әтеш ұшып жеткенде әлдебір ұлы сағынышқа елтіп, дарқан даланың қасиетті түгіне аунайды» – ұлы сағынышты жан-жануар тек Жаратушы Аллатағаласына сезінері сөзсіз.

Әңгіме ішіндегі әңгіме «Тобылғысайдың» жанрлық ерекшелігі. «Рассказ в рассказе» немесе «Обрамляющий рассказ» деп аталған классикалық әдебиетте, Рабле, Диккенс, Гоголь, Пушкин сынды алыптар сүйіп қолданған тәсілді автор таңдап алған. Бұл әңгімені 4 шағын әңгіме көмкерген, олар бір-бірін идеялық жағынан толықтырады. «Жезтырнақ» – қазақтың өз мифологиясынан алынған. Идеясы: құдайдан таса жер жоқ бұл жалғанда. «Қақпаншы» – бұл да қазақтың ауыз әдебиеті. Идеясы: құдайсыз қурай да сынбайды. «Кірпі» – қазақтың ұлттық мінезі. Бижан кірпіні асықша иіріп, ордан тысқа лақтырып, құтқарып жібереді. Қазақ баласының дүниетанымы «Алмұртта» бар: Бижан Алмұртты тауып алғанына сүйінші сұрайды. Аллаға сыйыну, өмірсүйгіштік бұл әңгіменің күллі негізі, тіні, рухы. Аллаға құлшылық пен Алланы сүю негізгі пафосы. «Алмұрт» - расында астарлы түрде айтқанда «Древо жизни». Мифтік ағаш. Өмір мұраты қандай қиыншылықта болса да оның жемістерін теріп адал еңбекпен теріп жеу. Бижан образы сол асыл мұратты ұлықтайды.

Қаламгердің «Қияда» әңгімесінің кейіпкері қиялдан тумағанын, өмірде болған адам екенін анық көрсетеді. Деректі дүниені көркем прозаға айналдыру автордың басты міндеті болғанға ұқсайды. Әңгімедегі шежіре деректер де бұл ойды растайды. Қазақтың этногенездік болмысы бұл прозада айқын. Ұлттық дүниетаным Сарыарқаның қырларында жөнкілген қалың жылқыдай жосылады. Бұл әңгіме несімен құнды? Мұнда нағыз қазақтың образы бар. Түсіпхан өлгенде ауылы 40 күн жоқтау айтуы салт-дәстүрді мықты сақтайтын елдің анық дерегі. Әңгімеде ажал тақырыбы құдайшылдық сеніммен

берілген. Сырғауыл тиелген арбаның астында бір түн басылып жатқан жас жігіт Алласын қарғамайды, себебі жақсылық тек Алладан, жамандық адамның өзінен деп дүние таниды. Ажал тақырыбы мұнда ерекше бір мистикалық қуатпен берілгені сонша, кезінде символизм рухымен Мағжан жырлаған «Мені де өлім, әлдиле» – идеясы 2005 жылдан бастап қазақ әдебиетінде кенет тың күшпен көбейіп кеткені нақ осы әңгіменің әсерінен десек болар. Әсіресе, жас жазушылардың әңгімелерінде өлім тақырыбын құштарлана жазу белең алды. Асылында өлім әдебиеттің о бастан ең негізгі тақырыбы.

«Қияда» – бұл әңгіменің жанрлық басты ерекшелігі жоқтаумен аяқталуында. Проза поэзиямен көмкеріледі. Үлкен әдебиетте мұндай көркемдік ерекшелік айрықша бағалы. Абай қазақтың ұлттық қасиетін айтқанда ең әуелі осы өлең, жырға тым бейімдігін айтады: «Өлеңменен жер қойнына кірер денең». Түсіпхан бейнесі ұмытылмастай сомдалған, себебі ол шындықтан шыққан бейне. Жоқтау жырлары әңгімеде ұлттың өзінің импровизациялық қасиетін мол ашады. Ахмет Байтұрсынов бастырған қазақтың 33 (33 шамасы) жоқтау жырларындағы үлгіден бөлек. Суырып салып, қайғы қысқан ет жақын туыстардың құсалы жүрегінен, бауырды зарлап жоқтаған жылау арқылы төгіледі. Бұл әңгіменің эмоциональды табиғатын күшейтіп жібереді. Бұл әңгімені басқа прозаға ұқсатпай, оқшаулап тұрған да осы бір жоқтау жырлары, автор көне мәдениеттен бар тылсым жанрды жаңғырта білген. Әңгімеде романтикалық прозаға тән тенеулер айшықты.

Ал исламдық мотивтерден құрылған туындылар басынан бастап интермәтінді болып келеді, алайда, бұл жерде исламдық мәтінге сюжеттік мотивтермен леймотивтерді қалыптастыратын әдеби реминисценциялар, аллюзиялар қабаттастырылатыны мәлім болып отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Кемелбаева А. Тобылғысай. – Астана. Елорда, 2001. – 120 б.
- 2 Ісімақова А. Асыл сөздің теориясы. – Алматы. Таңбалы. – 374 б.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада қазіргі қазақ прозасында кездесетін ислам мотивтері қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

В статье автор рассматривает тему ислама в современной казахской прозе.

ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК ІЗДЕНІСТЕР

Бегманова Б.С. – ф.ғ.к., доцент м.а. (Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Поэзия әлемінде қалам тербеген әр ақынға өзінің жүріп өткен өмір жолы, «тар жол, тайғақ кешуі», мұңы, сыры, туған топырағы әсер етеді. Ақынға туған жердің табиғаты, орман су, тоғайлары, үп еткен самалы, жусанды белі, ерке желі, бораны мен құйыны, бәрі-бәрі ақынның көкірек көзінен қағыс қалмайды. Шашасына шаң жұқпаған шынайы талант иелері сөзбен жеткізе алмайтын осындай асыл қасиеттер анасының құрсағынан бойларына дарып туады. Сонау балғын кездегі жіңішке ғана соқпақ бара-бара болашақтағы бірнеше мың ғасырларға ұласатын дара жолға айналады. Жайшылықта көзге көрінбейтін әлдебір құбылысты ақын тылсым бір құпия күдіреттің күшімен алыста отырып-ақ сезінеді. Ол халқы қуанса қуанады, қайғырса қайғырады.

Қазақ халқының бойындағы ұлттық сипат, ұлттық нақыш, ұлттық бояуды 60-70 жылдарғы поэзиядан да кездестіруге болады. Поэзияда әр ақын халықтық сипатты өзіндік стиль ерекшелігімен, ырғақ, ұйқас өрімімен, өзіндік соны соқпағымен жырлады. 60-70 жылдар поэзиясы жайлы белгілі зерттеуші ғалым С.Қирабаев: «Бұл дәуірді лирикалық поэзияның жаңару, сілкіну кезеңі десе де болғандай. Жаңа адам бойындағы тың сапаларды аша отырып, лирика да рухани өсті, пафосын жетілдірді, өлең мәдениетін көтерді» деп баға береді. 60-70 жылдары поэзияда халықтық сипат, ұлттық нақыш, ұлттық қасиетті өзіндік ерекшелігімен жырлай білген ақындардың бірі – Ж. Нәжімеденов. Ақын талантының тереңдігімен қазақ халқының біртуар ұл-қыздары – Құрманғазының, Дәулеткерейдің, Тәттімбеттің, Динаның көңіл толқытар, жаныңды әсем сазға бөлейтін күйлері жыр жолдарында суретті сөзге айналды. Өуезді үнді сөз өнеріне айналдыруы Ж. Нәжімеденовтің ақындық шеберлігі. Халық арасына кеңінен танымал күйшілердің жан тебірентер күйін ақын талдап, таразылап барып, өлең жолдарына айналдырды. Құрманғазының «Қайран шешем» күйіндегі сезім айна-қатесіз күйшінің көңіліндегі ойындай сөз маржанымен суреттеледі. Ж.Нәжімеденов күйшінің көңіліндегі құпия қалтарысын дәл басып, сезім пернесін жыр жолына айналдыруда шеберлік танытады. Ана үшін бала әр уақытта перзент. Құрманғазы күйші де анасының аналық мейіріміне жауап ретінде «Қайран шешем» күйін толғауы да сондықтан. Ал, ақын Жұмекен Нәжімеденов сол күйді өлең жолдарында:

Не көрсеттім мен саған?

Азапты ойдан өзге не?

Көріп едің, анажан,

Мен секілді «кезбеден»

Әр күн сайын басыңа бір уайым тосылды,

Әр түн сайын шашыңа бір уыс ақ қосылды

деп сөз өрнегімен төгеді.

Ақын, анасының баласы үшін әр күн сайын тартатын азабын кейіпкер тілімен «қайран шешем, аяулы анам» деп тебіренген бейнелейді. Жыр жолдарына айналған күйдің, мазмұны қайғы-мұңға толы болғанымен, ақын кейіпкер тілімен анасына дем бере, «Қайғырма, ана, серттемін – бал берсе де айныман» деп жігер бере сөйлетеді. Бұл тек күйші қайғысы ғана емес, сол замандағы барша халықтың мұны, барша ананың зары. Ақын сол мұң-зарды өлең жолдарына айналдыра жырлауда шеберлік танытады.

Ал «Адай» күйін бейнелеген ақын жырынан қазақтың ұлттық қасиетін тануға болады.

Екі ішек: бірі бостау, қатты бірі,

Бес саусақ беретіндей ат дүбірін.

Күйшінің қатты ішекте қайраты өсіп,

Екінші бостау ішекте ақты мұңы.

Күйші домбыра үнімен көп жылқы дүрмегінің көсіле шапқан шабысын бейнелесе, енді бірде көңіл-күйі босап, мұңға батқан халықтың бейнесін көрсетеді. Бір сәт халықтың қайраты мен мұңы арпалысып жатқандай. Өлең бойынан жігерлі әрекет арпалыс, тартыс-күресті танысыз. Күйші халық мұңын, халық қайратын айтады. Көк ала дүрмек болып аққан ағысты, шаңқылдап ұшқан шағала – құстың үнін, «ең соңғы жармасқаның жұлынғандай» арпалыс – өмірді ақын:

Әйтеуір ала-тарғыл бұл көріністі

Ұқпайсың не шаттанып, не мұңайып

деп бейнелейді.

Бірде шаттықтан, бірде мұңнан тұратын бұл өмірді ақын ала тарғыл деп өте әдемі теңеумен сипаттайды.

Ақын Ж. Нәжімеденов күйшінің басқа да күйлерінен қазақтың кең пейілді дархандығын, ұлттық қадір-қасиетін, ұлттық сипатын танып, оны өлең жолдарында

шеберлікпен суреттей білген. Ақынның бұл қасиетін зерттеуші ғалым Қ. Юсупов: «Жүмекен – күйші-ақын. Ол өзінің бұл ерекшелігін шығармашылығында ұтымды пайдаланған. Оның күйшілігі қазақ әдебиетінің бағы болды десек, артық айтқандық болмас. Әдебиетте күй сазының мазмұнын беруге талпынушылық көптен бар, бірақ дәл Жүмекендей әр саздың тамырын сезе жазу сирек кездесетін құбылыс» деп бағалайды. Ж. Нәжімеденовтің күйді өлең сөзімен көңіл-күйін дәл басып айта білуі ерекше қасиет.

Халқымыздың атадан балаға мирас болып келе жатқан ұлттық аспаптарымыздың бірі – домбыра.

Ақын М. Мақатаев:

Домбырам, жүрегіммен үндес едің,
Сенімен сырласымдай тілдесемін.
Бабамнан қалған мұрам сен болмасаң,
Өнердің не екенін де білмес едім

деп жырлайды.

Домбыра – қазақтың киелі затының бірі. Домбыра көмейінен төгілген күй адам жанының нәзік қылдарын шертіп, жан-дүниесін қозғайды. Ақынның «мазасыз жүрегімнің өзімісің» деп жырлауы сондықтан. Домбыраның үні ақын жүрегімен үндес болуы да қазақы дара мінезге тән қасиет.

Домбыраның көмейінен төгілген күйді ақын Қ. Мырзалиев былай суреттейді:

О, күдірет, о, ғажап!
Отырмын мен қасында:
Бүкіл өнер бармақтың ілулі тұр басында!

Күйшінің өнер тамған саусағы мен көңіл шуағы бірігіп, одан көңіл толқытар күй төгілуде. Осы қасиетті дәл таныған ақын «О, күдірет, о, ғажап» сөздерімен өлеңнің өн бойын аша түскен. Өлең жолдарына гипербола тәсілін қолдана отырып оның әсерін арттыра түседі. «Үннен шілтер тоқыған» саусақтың күдіреттілігі сол домбыраның шанағынан әуен емес, тыңдаушысына сұлу да, сырбаз аққу ұшқандай әсер береді. Көңілінің кірі ашылып, жан-дүниені жасарып, басқаша бір сезімде боласың. Күмбірлеген күймен бірге көкірегіне әсем бір нұр құйылғандай.

Мүмкін емес тыңдауың елжіремей, балқымай,
Сөзбен жазбай тарихын,
күймен жазған халқым-ай!

Халқының тарихын күйден таныған ақынның өлең өрнегімен өрілген жырлары да күймен бірдей әсер берері анық.

60-70 жылдардағы халықтық сипаттың бір түрін ақын Қ. Мырзалиев поэзиясынан да кездестіруге болады. Қ. Мырзалиевтің ақындық ерекшелігінің бірі – аз сөзбен көп мағына бере алатындығында. Өлең жолдарында кездесетін орынды теңеулері, бейнелеуі, кейіптеуі ақын ойының ұшқырлығын, өзіндік өрнегі мен тапқырлығын танытады.

Атадан балаға жалғасып келе жатқан шопандық кәсіп те ақындар жырында өте шебер суреттеледі. Мінсе көлігі, кесе киімі болған малды «қазақтың малы – ырысы, малы – бағы» деп өскен халық атадан қалған ала таяғын қасиет тұтып, ата-баба жолымен кәсібін жалғастырған. Малдың жағдайымен қыс қыстауға, жаз жайлауға көшу бұрынғыдан жалғасып келе жатқан салт. Қ. Мырзалиев осы салт-дәстүрдің жақсы мен жаман қасиеттерін зерделей келіп:

Бір жаманы – тынымсыз көше берген,
Бір жақсысы – қимаған даланы кең

деп жырлайды.

Сахарадай кең пейілді халықтың кең даланы қимауы да жарасымды. Табиғаттағы бар әсемдік, сұлулық қазақтың бойынан табылғандай. Ақынның «көшіп-қонуды құмнан алған секілді» деп жырлауы сондықтан.

Сонымен қатар, ақын қазақ халқының өр мінезділігін де жыр жолдарында әдемі суреттейді. Қонысына жау шапса да, көрші қонған жақын ағайынмен сөзге келіп қалса да, қуаңшылық болса да халқымыз қанына сіңген әдетпен қоныс ауыстырып отырғаны тарихымыздан белгілі. Ақын қазақ халқының бойындағы осы қасиетті мінезінің тектілігіне балап:

Біздей халық жоқ жолды мол таптаған,
Сонда да бабам тура жол таппаған!

Ақын халықтың басынан қиыншылықты көп өткізсе де бақытқа барар жол таппағанына налиды, бар қиыншылықтарды жан-жүрегімен сезініп, ақынның нәзік жаны да туған халқымен бірге қиналады.

«Малда – бақыт, малда – құт» дейтін шопанның малдың барлық қасиетін жете меңгергендігін ақын Қ. Мырзалиев «Шопан» атты өлеңінде:

Елең етіп,
Адасқан қозыларды
Енесіндей таниды дауысынан
деп жырласа, М. Мақатаев:
Түк көрмеген түлейдей... малды ұра ма?!
Жоғал былай, торсықтай салбырама!
Серке емес, сен өзің де сескенесің,
Сен қылмаған ерлікті мал қыла ма?!

деп қазақ халқының малды кие тұтатын қасиетін ашып көрсетеді. Арқалы ақын көпті көрген көне көз қарт бейнесі арқылы тәрбиелік мәні зор ой тастайды.

Ақын М. Мақатаевтың бір ерекшелігі қазақы малшылық кәсіпкершілікті жыл мезгілдерімен байланыстыра жырлауында. «Жаз болса, жорға мініп жайтақтаған» малшының мінезін жаздың жайлылығымен байланыстыра жырласа, «Күз болса, қойшы жаны жай таппайды» екен. Көктемде барлық жер-дүние жаңарып, тіршілік атаулының бәріне жан бітетін кез. Малшы қауымына бұл мезгіл де өзіндік қасиетімен ерекше.

Сабылып келді міне, сәуір айы,
Сәуір айы – қазақтың тәуір айы.

Табиғаттың тылсым күші мен шаруа тіршілігін тікелей байланыстыра жырлап тың ойларымен поэзияға өзіндік өрнегін салады.

Қазақ халқының ерекше қасиеті – жорамалдық мінезін ақын Мұқағали Мақатаев:

Сәуір айы-малшыға сары уайым,
Малмен бірге бағады ауа райын

деп өзіндік өрнегімен түйіндесе, ақын Қ. Мырзалиев қарт шопанның тәжірибелігін:

Ауа-райын оқиды ол келер күннің
Шыбын-шіркей, шымалдың қылығынан

деп басқаша қырынан танытады. Қарт шопанның «малмен бірге бағатын ауа-райының» мінезін әр ақын өзіндік қолтаңбасымен, өлеңдегі өзіндік сара жолымен, теңеу, кейіптеу тәсілдерінің өзгешілігімен көрсетеді.

Қазақтың ұлттық қасиетін, халықтық сипатын, ұлттық мінезін танытатын өлеңдер Қ. Мырзалиев жырларында көптеп кездеседі. Өр өлең жолдары белгілі бір ырғаққа құрылып, сөз мағыналылығымен ерекшеленіп, ата-баба тарихын, қазақы мінезділікті танытады.

Қазаққа дала керек, ғарыш керек,
Керемет кеңдік керек, алыс керек.

Шайқасса – қоян емес, – барыс керек,
Жүйрігін сынау үшін – жарыс керек.

Білегін білеу үшін – сайыс керек,
Ән салса – аспан толар дауыс керек!

Жүйрік ат, құмай-тазы, қыран құс, қазақ осы үшеуін де қастерлеген халық. Жүйрік аттың жүйріктігін сынау үшін жарыс керек екен, керемет кеңдік керек екен. Ақын «керемет» сөзі арқылы өлең жолын әсірелеп, жай ғана кеңдіктен ажырата бейнелеп отыр. Күштілігін сынауда қоян мен барысты теңеуі де ақын тапқырлығын танытады. Қоян халқымызға қорқақтығымен танылған аң. Ақын өлең жолына қоянды әдейі қосқан. Яғни, халықтың күшін қорқақпен емес, жүректі жолбарыспен шайқасқанда сынағанды қалайды. Осы жолдар арқылы халқымыздың ұлттық мінезінің осал еместігін де танытады.

Қорыта айтқанда, 60-70 жылдар поэзиясында қалам тербеген ақын жырларында салт-дәстүрді, қазақы тұрмыс-тіршілікті суреттейтін, сол ұлттық бейнені сомдау арқылы халықтық сипатты танытатын көріністер поэзияда айқын бейнеленген.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Жүнісбекова К.Ә. Абайділданов поэзиясындағы көркемдік ізденістер: Филол. ғыл. канд. дис. – Алматы, 2004. – 140 б.
- 2 Мақатаев М. Аққудың қанатына жазылған жыр. – Алматы: Шартарап, 2001. – 352 б.
- 3 Негимов С. Өлең өрімі. – Алматы: Ғылым, 1980. – 136 б.
- 4 Нәжімеденов Ж. Мезгіл әуендері. – Алматы: Жазушы, 1968. – 112 б.
- 5 Мырзалиев Қ. Көкейкесті. – Алматы: Атамұра, 2003. – 280 б.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада қазақ поэзиясы ақындарының көркемдік ізденістері қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются художественные поиски поэтов казахской поэзии.

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ: ТАРИХИ ТҮЛҒА ЖӘНЕ КӨРКЕМ ОБРАЗ

Бейсембаева Г. – оқытушы (Алматы қ-сы, Құрлық әскерлерінің Әскери институты)

«Айығар соғыс өрті, жылдар өтер, Ер халық ер ұланын жырлап өтер», – деп ақындарымыз айтқандай адамзат тарихында, халық жадында мәңгі өшпес із қалдырған Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қазақ ұл-қыздарының көзсіз ерліктері мен қаһармандық істері ұрпақтан-ұрпаққа ұдайы жырлана берері сөзсіз.

Қазақ тарихында елін, жерін қорғаған талай қаһарман тұлғалар, яғни батырлар дүниеден өтті. Олардың есімі еш уақытта халық санасынан өшкен емес. Халық өз батырларын мадақтай білді. Олар жайында көптеген аңыз-әңгімелер, жырлар жазылды. Ғасырдан-ғасырға, ауыздан-ауызға жырланып жеткен жыр, әңгімелерде сол кезеңнің тарихы, батырлардың ерліктері сөз болды. Абылай, Бөгенбай, Қабанбай, Қасым, Кенесары, Наурызбай, Ағыбай Сырым, Исатай сынды батырлар туған топырақта Бауыржан Момышұлы дүниеге келді. Осындай қасиетті топырақтан шыққан, ата-баба дәстүрін ұстанған Бауыржан да қаһармандығымен көптің ортасынан жеке даралана білді.

Бауыржан Момышұлын тарихи тұлға дейміз. Өйткені ол кісінің есімі Ұлы Отан соғысы кезінде көрсеткен ерлігімен бүкіл Кеңес Одағына танылды.

Бауыржан кім? Ол – даңқты, қаһарман. Сұрапыл Ұлы Отан соғысы басталысымен 316-атқыштар (кейіннен 8-гвардия) дивизиясының жасақталуына белсене атсалысып,

сол дивизия құрамында майданға аттанды. Москва түбіндегі немістермен болған ұрыстарға қатысты. Панфилов атындағы 8-гвардия дивизиясының батальон, полк командирі болды, соғыстың соңғы жылдарында (1944-45) осы дивизияны басқарды. Ұлы Отан соғысы кезінде ұрыс жүргізудегі әскери шеберлігімен, тапқырлығымен және жеке басының ерен ерлігімен көзге түсіп, атақ-даңқы аңызға айналды.

Бауыржан Момышұлы Бас штабтың академиясын бітірген бірінші қазақ. Соғыс өнерінің тактикасы мен стратегиясын жетік меңгерген қорғаныс теоретигі, елі үшін жанын аямай күрескен патриот, жақсылыққа жаны құмар азамат.

Ол «Еңбек қызыл Ту», «Халықтар достығы», «Құрмет Белгісі» ордендерімен, медальдармен марапатталған. Ал, Кеңес Одағының Батыры атағы өмірден өткеннен кейін берілді. Әрине өкінішті, Москва үшін бір қадам артқа шегінбей, өмірі қыл үстінде тұрса да аянбады. Оның бұл ерлігі мақтауға да, мақтануға да тұрарлық.

Б. Момышұлы атақты да, мадақты да мансап тұтқан адам емес, ол елі, жері үшін күресті, қаһарман ерлік көрсетті. Оның бұл ерлігі халықтың санасынан өшпестей орын алды. Халықтың ойында, көңілінде өшпестей шырақ болып жану, Кеңес Одағының Батыры деген аттан да биік әрі мәртебелі еді.

Табиғат берген, ата-ананың қанымен келген Бауыржан болмысы тек адалдықты, шыншылдықты, өжеттілікті қажет етті. Қабағы қатулы, өңі сұсты, өткір көзді, кең жауырынды, зор үнді, қалың мұртты болып келген сыртқы пішіні қатқыл, суық көрінгенмен жүрегі нәзік, ниеті таза, адал, кең адам. Бұл – өмірдегі Бауыржан Момышұлының нақты келбеті.

Бауыржан – жазушы. 1956 жылы әскери борышын өтеп, құрметті демалысқа шыққаннан кейін, қаһарман батыр қолына басқа қару алды. Ол өмір шындығын, өзінің көргенін, келер ұрпаққа өсиет айтар даналық сөздерін мирас ету үшін қаруды қаламға алмастырды. Әрине бұл оңай бола қойған жоқ. Дегенмен де, алдына мақсат қоя білетін адам диттегеніне жетері сөзсіз. Осы тұрғыда Б.Момышұлы қазақ әдебиетіне жаңа жанр, яғни соғыс әдебиеті деген жанрды енгізді. Оның қаламынан бірнеше еңбектер жарық көрді. Мәселен «Офицердің күнделігі», «Бір түннің тарихы», «Біздің семья», «Москва үшін шайқас», «Жауынгердің тұлғасы», «Майдандағы кездесулер», «Генерал Панфилов», «Төлеген Тоқтаров», «Ел басына күн туса», «Ұшқан ұя» деген дүниелері әскери, өмірбаяндық жайттарды арқау етіп, патриоттық рухты, адалдықты, ерлікті ту еткен шығармалар.

Генерал Петр Вершигоров оның жазғандарын бағалай келіп, былай деген еді: «Бауыржанның соғыстағы ерлігі бізге мәлім. Ал жазушы болып ол екінші рет ерлік жасады. Бұл екі ерлігі менің ойымша теңдесі жоқ ерлік». Рас, оның артында қалған баға жетпес мұрасы бүкіл бір ұрпақтың елін, жерін қадірлеуге, бағалауға, тәрбиелеуге жетерлік десек артық емес. Оның кітаптарының бірінші бетін ашқанда, тұнып тұрған ізгілік, адамгершілік құндылықтардың сипатын көргенде оны жазған автор туралы ой ойламау мүмкін емес. Жүсіп Баласағұн «Халықты қаламмен басқар» дегендей халыққа құнарлы сөз, әділ, өміршең дүниелер қажет. Бұл рухани байлықты шынайы жазушылар ғана бере алады. Бауыржан жазған туындылар осындай құндылықтарымен ерекшеленеді. Бұл мақсатта Б.Момышұлы өзіне тиесілі елі мен келешек ұрпақ алдындағы міндетін адал өтей алды деуге болады.

Б. Момышұлы еңбектерін орыс, қазақ тілінде бірдей жазды және де бұл туындылары көптеген тілдерге аударылды. Бауыржан шығармаларында жасандылық, қоспа, болжам жоқ, сұрапыл соғыс шындығы ақ қағазға алқынған тынысымен, ақиқат шындығымен шынайы түскен. Көркем сөз уақытқа, өсіп келе жатқан жеткіншектерге ескерткіш. Соның ішінде Ұлы Отан соғысына арналған әдебиеттен қан майданды кешкен қаһарман тұлғалардың бейнесін, ерлігін, өмір шындығын көреміз. Сондықтан Б. Момышұлының әр сөзбен салған ою өрнегі ескерткіш болып қалмақ.

Жазушы Шерхан Мұртаза айтқандай: «Біз Бауыржанды тек батыр деп танымыз, ал ол тұнып тұрған ақыл». Әрине, Б.Момышұлы халық ауыз әдебиетінен нәр алды, орыс, әлем әдебиетінен сусынданды, өмірдің ащысы мен тұщысын қатар татты. Өмір мектебі оны кемеңгерлікке жетеледі. Бауыржан өмірі тамсануға емес, тануға зәру. Оның өмірлік тәжірибесі, шығармашылық мұрасы рухани байлық. Бауыржан елін шын сүйген азамат. Сондықтан да халықтың оған деген ықыласы шексіз. Оның еңбектері патриоттық рухта тәрбиелейтін туындылар.

Бауыржан – көркем бейне. Момышұлының қаһармандық ерлігі туралы белгілі орыс жазушысы А. Бек «Волоколамское шоссе» повесін жазды. ӘНұршайықов «Ақиқат пен аңыз» роман-диологиясын жариялады. «Қазақфильм» киностудиясы «Ел басына күн туса» көркемфильмін түсірді. Москва академиялық драма театры Момышұлы туралы «Волоколамск тас жолы» спектаклін қойды. Осы аталмыш туынды авторлары өмір шындығы мен көркем шындықты бір-бірімен жымдастырып, жігін білдірмей үйлестіре білген. Ондағы образдар мен суреттелген оқиғалар, мінездер мен қимыл-әрекеттер расында да өмірде дәл солай болғандығына шүбәсіз сендіреді.

Белгілі жазушы, соғыс ардагері Ә. Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» романын жазуда, оның басты кейіпкері қаһарман Бауыржанның бейнесін суреттеу үшін көп ізденді. Ол жайында жазушы көп айтты да, жазды да. Сондағы жазушының мына бір сөзі көңіл аударарлық: «Мен саған материалмын, оны қалай, қайтып жазамын десең де еркін. Аты жөнімді де өзгертуіңе болады. Бірақ Ұлы Отан соғысының шындығы сол қалпында қалсын деген» /1, 184-186/. Көркем дүние болғандықтан оған жазушының алып қосары да көп болмақ. Ә.Нұршайықовтың өзі қан майданды басынан кешірді. Сондықтан оның шындықтан алшақ кетпесіне Б.Момышұлы сенгендіктен орынды талап қоя білді. Оның өзінің өмірлік ұстанымы шындық еді. «Аңыз бен ақиқат» романында Бауыржанның нағыз реалистік бейнесі жасалды. Бұл шығарма өзінің көркемдігімен де тарихилығымен де оқырманды өзіне баурап алған туынды.

Сонымен қатар Бауыржан Момышұлының ерлігі жайында қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезов «Намыс гвардиясы» деген пьеса жазды.

Ұлы Отан соғысы басталысымен-ақ М. Әуезовтің тыл мен майдан тақырыбына арналған мақала, очерктері баспасөз бетінде жиі көріне бастады. Келе-келе Ұлы Отан соғысы туралы көлемді шығарма жазу мақсатын алдына қойды. Алдына орасан зор мақсат қойған жазушыны қызықтырған тақырып 1941 жылы Москва түбіндегі үлкен шайқаста қазақстандық 8-гвардия дивизиясының бүкіл әлемді дүр сілкіндірген ерлігі болатын. Майдан хабарын жіті қадағалап, қажетті деректер көзін жинастыруға кіріседі. Осы тұста жазушының Бауыржан Момышұлы, Мәлік Ғабдуллинмен хат жазысуы да жиілейді. Бауыржанның «Отан соғысын тақырып етіп еңбек етемін. Ол еңбекті атүсті емес, әбден терең мағына-мәнісіне түсініп, біліп алып бастаймын деген ниетіңіз, талабыңыз мені өте қуантады» /2, 326/ – деген хатынан жазушы ниетін қостаған пікірін көруге болады.

«Намыс гвардиясы» М. Әуезов пен Ә. Әбішевтің бірігіп жазғандары, ол сол кездегі «Социалистік Қазақстан» газетінде жарияланып, сахнада қойылды. Соғыс тақырыбын жазу үшін, көрерменге әсерлі болу үшін майдан көрінісін шынайы бейнелеу де Ә. Әбішев Б. Момышұлымен майдан шебінде жолығып, ой бөліскен. Оны Б. Момышұлының мына хатынан көруге болады: «Әрине «Намыс гвардиясының» жазылып шыққаны өте қуанышты, бірақ менің қауімім Әлжаппар осыдан жинап алған материалдарға толық түсініп, оларды Сізге айтып бере алды ма екен? Пьесаның фундаменти құмнан болып жүрмесе еді деген қорқыныш қой» /3, 328/.

«Намыс гвардиясының» бір үзіндісімен танысып шыққан Баукең тағы бір хатында: «Құрманбек жаңа ғана келіп, қолына «СҚ» газетінің 230 номерін оқып беріп отыр, басын, аяғын әлі көргеніміз жоқ. Сондықтан пьесаға толық талқыланған пікірімізді айта алмаймыз. Сөйтсе де ортасын көріп отырып, мынаны айту қажет:

– Тырысып-ақ, шын ықылас қойып жазған екенсіз, немістерді Сіздің... шебер көркемдігіңіздей емес, майдан жағдайын азырақ білгендіктен, көрмегендіктен майдалы-ірі болуы мүмкін. Амандық болса оларды да оқып шыққан соң толық жаза жатармыз» /4, 329/ – деп өзінің алғашқы әсерінен алған пікірін бддіреді.

Мұхтар Әуезов өз шығармасының бас кейіпкері ретінде суреттелген Бауыржан Момышұлымен 1943 жылы желтоқсан айында танысқан. Пьесада М. Әуезов бас кейіпкерін Намысұлы Бақытжан деп атаған. Жазушы қан майдандағы соғыс көрінісіне көркемдік бояу бергенмен Момышұлының мінез-құлқын дәл жеткізгендей. Оны пьесаның мына бір жерінен көруге болады:

«Намысұлы: Ендеше мен Отанымның жауына қарсы осы майданға не алып келдім, немен келдім? Партияның таза тәрбиесін алып келдім, жауға деген жиреніш, Отанды сүйген жүректі ғана әкелдім. Әскери білім, ысылған тәжірибе әкелгенім жоқ қой.

Панфилов: Оны кім түгендеп әкепті? Бәріміз де осы соғыстың әр сағатынан, әр қыспағынан оқып-тоқып келе жатқан жоқпыз ба?

Намысұлы: Бәсе, ендігі ойым: әкелмегенім есеп емес. Өлсем де соны табуым керек, жетуім шарт. Менің сыным сол болу керек деймін» /5, 38/.

Бұл жерде бас кейіпкердің ұрыс алаңына келгенде тәжірибе жинап келген әскери адам емес, жүректі адам екендігін көреміз. Отанын жаудан қорғауда үлкен азаматтық танытқандығын байқауға болады. Пьесада Панфилов Бақытжанды қайта батальон командирі етіп тағайындап, оған берілген тапсырма жауды Москваға өткізбеу еді. Сондағы екеуінің арасындағы диалог мынадай болып келеді:

«Панфилов: Біз сырласып болдық. Енді бұйрықты тыңда. Мезгіл ауыр, хал қатер. Қазіргі осы жүріп жатқан соғыстан бастап бізге үлкен соққы түйілді. Бүгінгі, ертеңгі күндер жаудың бізді басып-жаншып Москваға өтеміз деген күні, сенің полкың, соның ішінде сенің батальоның зор қатердің алдында тұр. Мың жүректің бір жерден соғатын кезі жеткені осы. Не дейсің осыған?

Намысұлы: Осы айтқаныңызға бар қайратым құрбан.

Панфилов: Ендеше, батальон рубежін не болса да, ертең кешке дейін үстіңнен жау өткізбей ұстап тұрамысың?

Намысұлы: Сізше маған келетін жаудың күші неше есе артық болуы мүмкін?

Панфилов: Сенің батальоныңа жаудың бір танковый полкы шабуыл жасауы мүмкін.

Намысұлы (ұзақ пауза). Онда өткізбеймін деп айта алмаймын. Бірақ бір адым шегінбеске ант етемін?» /6, 45/.

Бұндай антты тек қана өзіне-өзі сенімді, Отан үшін от кешуге дайын әр тұлғалы батыр ғана айта алады. Бұл жерде жазушы Б. Момышұлының нақты бейнесін бере алған. Өйткені Б.Момышұлы сөздің емес, істің адамы екенін осы М.Әуезов суреттеп отырған Москва үшін шайқаста дәлелдеді. Қазақ ел басына күн туғанда жалғыз жанын ку шүберекке түйген жауынгер халық болған. Ұлан байтақ даласының бір тұтам жері үшін қорқу деген сезімді жүрегінен жұлып алып тастаған. Бұны Бауыржанның жасаған ерліктерінен көруге болады.

М. Әуезовтің бұл пьесасы жазылғаннан кейін театр сахнасынан түскен жоқ деуге болады. Оған сол кезеңдегі газет беттерінде жарық көрген мақалалар айғақ. Мәселен «Социалистік Қазақстан» газетінде бұл пьеса жайында біраз пікірлер айтылды. Газеттің 1942 жылы 29 қарашада жарық көрген санында А. Лекеровтің «Жеңіске шақырады» деген мақаласы жарық көрді. Сонда «Пьесада жауынгерлерге үлгі боларлықтай күшті образдар, келелі оқиғалар бар. Бүгінгі таңдағы моторлы соғыстың айла тәсілдерін меңгерген Панфилов сияқты даңқты генералдың кесек тұлғасын жазушылар шебер бере білген. Сол сияқты командирлік қабілеті зор Намысұлының образы да күшті шыққан» деген.

Театр сахнасынан түспеген бұл спектакльге: «Ұлы Отан соғысы кезіндегі ең таңдаулы спектакль ретінде қазақ театрының тарихына кірді. Алты жыл бойына ол спектакль сахнадан түспеді. Жеңіс күнінде, жеңімпаздар Қазақстанға оралған күні де спектакльді көрермендер тағы да өзгеше ыстық ықыласпен қабылдады» /7, 34/ – деген лайықты бағасы берілді.

Пьесада Бауыржан Момышұлы мен қатар біраз белгілі адамдардың да прототиптерін көруге болады. Ол пьесада суреттелетін Айбаров Қайсар – Кеңес Одағының батыры, автоматчик Төлеген Тоқтаров. Ғалиев Мейрам деп сомдалған кейіпкер соғыстан кейінгі белгілі ғалым, жазушы болған Мәлік Ғабдуллин.

Әрине бұл пьесадағы оқиға шындыққа қаншалық жақын екендігін кезінде Бауыржан Момышұлы өзі тиесілі бағасын берген болар, ал көркемдік тұрғысынан келгенде өте ұтымды шыққан пьеса.

Жалпы Б. Момышұлының бейнесі көркем шығармаға сұранып тұрған образ. Кезінде ол жайында көптеген өлеңдер, поэмалар, очерк, мақала, пьеса, романдар жазылды. Әлі де жазыла бермек.

Сонымен қатар тағы айта кететін нәрсе өзінің қайталанбас жауынгерлік ерліктерімен, жазушылық шеберлігімен көрінген батыр Бауыржанның ел аузында сақталып қалған қанатты сөздері бар. Бұл сөздердің беретін мағынасы өте терең және тәрбиелі. Бұл сөздерді ішінара бірнеше тақырыптарға бөліп қарастыруға болады:

Ерлік-батырлық тақырыбына қатысты айтылған сөздер: Батыр батыр емес, батырларды бастаған батыр. Ежелден ер тілегі ел тілегі. Адал ұл ер боп туса ел тірегі. Сын ерді шыңдайды, қорқақты қинайды. Көзсіздік батырлық емес, есерсоқтық.

Адамның мінез құлқына байланысты айтқандары: Ақкөңіл деген нәрсенің екі түрі бар: аңғал ақкөңіл, ақылды ақкөңіл. Жалтақтардың көбі ақымақ, әкімқұмар келеді. Қостай берушілік әлсіздік. Адал болмай азаматпын демегін. Сабырлық алдында дұшпан сасады, сабырсыздан береке қашады.

Отан тақырыбына қатысты: Өз елін, ұлтын сыйламау, онымен мақтанбау ол сатқындық.. Отанға ана ретінде қара, халық үшін еңбек ет. Отан үшін отқа түс – күймейсің! Сатқынның отаны жоқ. Батыр отансыз, халықсыз болмайды.

Даңқты батырымыздың бұл сөздері әр қайсымыздың жадымызда сақталып, келер ұрпақтың санасына сіңетін асыл қазыналы сөздер.

«Ұрыста өмір ешкімге сыйға берілмейді, жеңіп алынады» деп Б. Момышұлы өзі айтқандай, оның халқының сүйіспеншілігіне бөленген абыройы, ерлігі, даңқы, атағы оңай келген сый емес, бұның барлығы жеңіспен келген құрмет.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ерлік шежіресі жалғаса бермек // Жұлдыз, №5. – 1985.
- 2 М.Әуезов. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 21 том. – А., 2005.
- 3 Сонда.
- 4 Сонда.
- 5 Сонда.
- 6 Сонда.
- 7 Қазақ театрының тарихы. – А., 1978. – 2 том.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются личные качества и особенности Б. Момышұлы, его художественный образ в военной прозе.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Б. Момышұлының тұлғалық қасиеті мен ерекшеліктері және Б.Момышұлы көркем образ ретінде қарастырылады.

ЖАҢЫЛТПАШТЫҢ БАСҚА ЖАНРЛАРМЕН БАЙЛАНЫСЫ

Дәуітұлы Т. – аға оқытушы (Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Жаңылтпаштың басқа жанрлармен байланысын зерттеу, оның қалыптасуы, даму жолдары, көркемдік ерекшеліктері жайлы ғылыми еңбектер жазу әдебиеттану ғылымына қосылған нәтижелі іс деп білеміз. Жаңылтпаштар фольклордың басқа жанрларымен де тығыз байланысты. Халықтық шығармаларды басқа жанрларымен салыстырудың өзгешеліктерін айқындауға мүмкіндік береді. Басқа жанрлармен байланысты зерттеу арқылы жаңылтпаштардың тарихи шығу жолын, даму және өзгеру жолдарын байқаймыз.

Кейбір шешендік сөздер мен қанатты сөздердің және ертегілер мен мақал-мәтелдердің төркіні осы жаңылтпаштармен де ұштасып, жалғасып жататынын көруге болады.

Жаңылтпаштардың басым көпшілігі халық өлеңдерімен байланысты айтылады. Тіпті аллегориялық сипатта айтылатын халық өлеңдері көбіне жаңылтпаштарға жақын болады. Әсіресе, қазақ халқының айтыс өлеңдерінде жаңылтпашпен айтылатындары өте көп. Мұнда ақындық өнермен қатар, өмірді көп біліп, көп көрген айтысушы адамның парасаттылығы мен білімділігін қажет етеді.

Қай халықтың болса да ауыз әдебиетінде мақал-мәтелдер тілі көркем жанрға жатады. Мақал-мәтелдер ауыз әдебиетінің ең көне түрі, ол ғасырлар бойы сақтап келген халықтың еңбек тәжірибесінің жиынтығы, түйіндеп айтқан ой-пікірінің түйіні, өмір, тіршілігінің айнасы, өмірлік өшпес мұрасы. Мақал-мәтелдердің жаңылтпаштардан айырмашылығы өміршеңдігі – тілінің көркемдігі мен мазмұнының тереңдігінде, аз сөз бен көп мағына беретіндігінде, еске сақтауға оңай болатындығында. Сондықтан да халық “Сөздің көркі – мақал”, «Мақал – сөздің мәйегі» деп бағалаған. Мақал-мәтелде көбінесе ортақ ой, анықталған қағидалар айтылады, формасы жағынан тілге жеңіл, ырғақ, ұйқасқа құрылады.

Ал жұмбақ – халық шығармаларының ішіндегі ең көнесі және барлық елдің фольклорында кездеседі. Жалпы жұмбақты – сөз образының кілті ретінде тануға болады. Жұмбақ негізінен балаларға арналған жанр болып табылады.

Жаңылтпаш – астарлы сөз, әсем жыр. Жаңылтпашта қарапайым халықтық тіл өрнектеледі. Олай болатын себебі – белгілі бір құбылыс, зат жаңылтпашталғанда, оның сипатын, кескін-кейпін, мейлінше түсінікті тілмен беру көзделеді. Жаңылтпаш – бала тілін дамыту құралы. Жаңылтпаш ықшамдылық талабына мейлінше бұлтартпастай жауап береді.

Мінсіз жаңылтпаш – мінсіз суреткерлік жемісі әрі оның дарындылық белгісі. Бұдан шығатын қорытынды, жаңылтпаш қай жанрға болса да ортақ, ағайындас есепті, солардың бәрімен де қатар дамып, халық ойының данышпандық асыл қазыналарын өз бойына жинаған мұра.

Міне, осындай қазақ фольклорының күллі мәселелеріне арналған еңбектерде де әр қырынан қарастырылса да, әлі күнге дейін біртұтас құрылымы сараланған жоқ. Сондықтан қазақ халқының бай фольклорлық мұрасын зерттеу фольклортану ғылымындағы кезек күттірмес мәселенің бірі болып табылмақ.

Қазақ фольклорының жекелеген жанрлары бойынша көптеген ғалымдарымыз ғылыми зерттеу еңбектер жазды. Жаңылтпаштардың балалар фольклорынан алатын орны айрықша. Бала тәрбиелеуде бұл жанрдың ерекше маңыздылығына халық ертеден үлкен мән берген. Қазақ халқы балалар тәрбиесіне, ұрпағының саналы болып өсуіне жіті көңіл бөлген. Бұл ұғымды саналы ұғынған қазақ халқы ұрпақ тәрбиесін бала дүниеге келген күннен бастаған. Мұндай тәлім-тәрбие жүргізу ерте кезден қазірге дейін

жалғасып келе жатқан құнды дәстүріміздің бірі. Мұны, әрине, қазақтың қазыналы ауыз әдебиеті үлгілерінен көре аламыз.

Ұлтымызда балаларға арналған әдебиет пен өнер түрлері аса мол. Олар сан жағынан ғана емес, сапа жағынан да бағалы жауһарлар санатына жатады. Ауыз әдебиетінің жанрлары көп жағдайда өзара бірігіп, бір-бірімен араласып, бірін-бірі толықтырып, балалар үшін ұтымды қызмет атқарып тұрады. Балалар ауыз әдебиетін жинаушы әрі зерттеуші С. Сейфуллин өзінің «Жұмбақ айтысу», «Жаңылтпаш», «Балалар ойыны», «Жастық ойын, күлкі өлең тақпақтары» деген еңбектерінде бастан-аяқ балалар ауыз әдебиетіне тән мұраларға ғылыми талдаулар жасаған.

«Жастардың, бала-шағаның жиналып ойын-күлкі «дүкенін» құрған орында айтылатын айтыстың бірі – жаңылтпаш. Бұл да – ертек, өлең, жұмбақ айтысу тәрізді жастардың, балалардың тіл ұстартуына, ойнақы, қырлы сөздерді қақпақылша атқылап, билеп еркін сөйлеуге төселулеріне өз әлінше әдемі сабақ, тәжірибе болатын ойын. Ойнақы, қырлы, қиын дыбысты сөздерді билеп еркін сөйлеуге төселу ретінде балаларға, жастарға жас басынан сабақ-ойын болатын нәрсе әсіресе осы – жаңылтпаш» – дейді С. Сейфуллин.

Жаңылтпаш - қазақтың ұлттық құндылығына да, ауыз әдебиетінің құндылығына да тән мұра. Жаңылтпаштар балалардың тілін дамыту және оларды жан-жақты тәрбиелеу қажетінен туып, бала тәрбиесі үшін қызмет еткен. Жаңылтпаштардың ықпалы, тәрбиелік күші жағынан жасөспірімдерді тәрбиелеудің ең маңызды белесіне айналды.

Жаңылтпашты зерттеуші ғалымдардың ой-пікірлеріне, ғылыми тұжырымдарына қарағанда жаңылтпаш та жұмбақ, мақал-мәтел сияқты фольклордың шағын жанрына жатады. Жаңылтпаш сөздер мен дыбыстарды қиындата қайталау, айтқанда тілді мүдіртіп тұтықтандыратын сөйлемді немесе сөйлемнің бөлігін шапшаң, жиі қайталау арқылы тіл ширатуға, тіл ұстартуға лайықталады. Жаңылтпаш дүниежүзі халықтарының бәрінде бар. Бірақ жаңылтпаштың қай тілдегі атауына зер салсаңыз да, оның ауыз әдебиеті үлгісінің ортақ табиғатынан өрістеп жатқанын байқау қиын емес.

Жаңылтпаш тіл дамыту мен ширатудың, әсіресе бала тілін ұстартудың тиімді құралы, дәстүрлі жолы десек, ондағы мағынасыз сөздер мен дыбыстардың ермек үшін айтылатын ретсіз жиынтығы емес. Жаңылтпаштар белгілі бір желіге құрылады да жүйелі өзіндік оқиға нышанын сөз етеді. Жаңылтпаш жанрының дәстүрлі тәлімдік-тәрбиелік мектебіне айналу мәнісі, әрине, оның танымдық қуаты мен тәрбиелік маңызынан, көркем бояулы эстетикалық күшінен, ойлы-сезімді тереңдігімен айқындалады деп түсінеміз. Сонымен қатар, дүние сырларын танытып, білім берерлік, білік-дағды қалыптастырарлық ерекшелігі де бар. Жаңылтпаш ана тілінің бай қорын, мол мұрасын бала жастан игеруге, жатық сөйлеп, тіл саздылығын тануға көмектеседі, көркем сөзді қастерлеуге тәрбиелейді.

Бала танымын кеңейтумен қатар, тілін ұстартып дұрыс сөйлеуге үйретуде жаңылтпаштың орны ерекше. «Жаңылтпаш – ауыз әдебиетінің балалардың тілін жаттықтыру мақсатындағы жанры. Бала тілінің жетігіп-жетілуіне, оралымды, анық сөйлеуіне, ана тілінің үн сұлулығын мінсіз меңгеруіне, шебер сөз саптауына баулиды», – деген анықтама берілген.

Жаңылтпаш ерте заманда пайда болған жанр. Жаңылтпаштардың алғаш хатқа түскен үлгілерін Ә. Диваев, М.Ф. Гаврилов қолжазбаларынан кездестіреміз.

А. Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде жаңылтпашқа мынадай түсініктеме береді: «Жаңылтпаш деген аты жаңылтудан шыққан. Қатарынан қайта-қайта шапшаң айтқанда, иә тіл келмейтін, иә тіл басқа сөз қылып бұзып кететін сөздердің басын құрап, келістірген шығарма – жаңылтпаш деп аталады».

Ал, Н. Төрекұлов дидактикалық шағын жанрларға мақал-мәтел, жұмбақ пен жаңылтпашты жатқызады. «Жаңылтпаш халықтық поэтикалық шығармалардағы

фольклордың шағын жанрына жататын, дыбыс үйлесімділігіне негізделген, тез және айқын айтылуы қиын сөздер тізбегі» – деген анықтама береді.

Қазақ балалар әдебиетін зерттеуші Ш. Ахметов: «Бұл жанр тек қана балалар әдебиетіне арналған, көбіне мектеп жасына дейінгі балалар мен бастауыш мектеп оқушыларына лайықты. Олай дейтініміз жеке дыбыстар мен айтылуы қиын кейбір сөздерді дұрыс сөйлеуге үйрету – көбіне балаға ғана тән нәрсе. Мұнда міндетті түрде оқыту арқылы ғана емес, баланы талғамы күшті қызық та көркем сөздерге әуестендіру, соған еліктіру арқылы жаттығу жүргізу үшін қолданылған шеберлік бар», – дейді.

Жоғарыдағы айтылған ой-пікірлерге қарағанда жаңылтпаштардың негізінен балаларға ғана тән мұра екендігін дәлелдейді.

«Балалар ойынының қызықты да пайдалы түрлерінің бірі – жаңылтпаш. Жаңылтпаш балаларға жастайынан ана тілінің бай қорын игеруге, таза, майда, анық әуенді, көркем сөйлеуге көмектеседі, сөзді қастерлеуге тәрбиелейді», – деп тұжырымдайды ғалым С. Ұзақбаева.

Балаларға арналған шығармалардың тілі, ең алдымен, өзінің ана тілін жетік білуге, сөздік қорын байытуға, жүйелі түрде қисынды сөйлеуге баулитын құрал болуға тиісті. Балаларға арналған өлеңдер ойнақы, тілі қызықты да қарапайым болуы шарт.

Жұмбақ – бейнелігімен, қысқалығымен, ойнақылығымен ерекшеленетін белгілі бір поэтикалық пішінге негізделген асыл мұра. «Жұмбақ өзге фольклорға қарағанда бітімі бөлек, ерекше затты деректі сөз. Сол деректілікті сүйетіндіктен жұмбақ әр заттың жағдай, бөлім-бөлшектеріне көбірек көз салады. Сонда және халық өзіне керекті жақындығы бар заттарды көбірек жұмбақ етеді», – дейді М.Әуезов. Жұмбақ әдемі ұйқасы, құрылысы жағынан аз сөзбен көп нәрсені қамтитындығы жөнінен балаға көп эстетикалық әсер береді.

Жұмбақ – көркем поэтикалық туынды болғандықтан, ол баланың ой-өрісі мен арман-қиялын шыңдаумен қатар, оған эстетикалық тәрбие беріп, көркем сөз табиғатына үйретеді. Бұл орайда жұмбақтың ерекшелігіне байланысты айтқан ғалым Ш. Керімнің ғылыми тұжырымына сүйенеміз: «Жұмбақ көне дәуірлерде дүниеге келген. Ғалымдар оның тегін тыйым сөздер – табумен байланыстыра қарайды. Ол адамды табиғат құбылыстарын түсініп болмаған, айналасындағы қас күштердің қастандығынан қауіптеніп, оларды алдау керек, сондықтан астарлап сөйлеу керек деп иланған уақытта шыққан. Қазақ жұмбағының алғашқы пайда болғаннан бүгінге дейін басып өткен эволюциялық даму жолын қалпына келтіру үшін этнографиялық мағлұматтарға, басқа жұрттардың мәліметтеріне арқа сүйеу абзал. Жұмбақ қоғамда бірнеше қызмет атқарған, заман ағымына сәйкес қоғамдық қызметіне өзгерістер еніп отырған. Ескі кезеңдерде магиялық қызметі басым болса, қазақтың көшпелі қоғамында эстетикалық-сауықтық жүкті арқалаған. Қазіргі уақытта жасөспірімдердің сүйспеншілігіне бөленіп, тәлімгерлік міндетті көтеруде». Сөйтіп, ұлттық дәстүрлі бояулардан ажырамаған байырғы жанрлық жүйелер үлгілерін жоғалтпаған фольклордың өміршең болмысы бүгінгі және болашақтағы ұрпақтарды өзіне табындыра береді. Осылайша қазақ ауыз әдебиетінің үлгілерінің барысында баланың ой-санасы да, интеллектісі де, дүниетанымы да, логикасы да ұштала, жетіле түседі. Жұмбақ пен жаңылтпаштың астарында жатқан ойды аңғарып, ой қорытындысын жасау алғашқы кезде балаларға қиынырақ болуы мүмкін. Бірақ үлкендердің көмегімен бала тұспалды мағынаны тануға бірте-бірте үйрене бастайды. Соның нәтижесінде кейін бала әрбір жұмбақ пен жаңылтпаштың, немесе өзге де жанрлардың байыбына барып, мазмұнына терең үңіліп, қорытынды байлам жасауға төселе бастайды. Бұл бір жағынан баланың ақыл-ойын, санасын, логикасын дамытып, екінші жағынан оған рухани, эстетикалық тәрбие береді.

Ауыз әдебиеті жанрлары сияқты мақал-мәтелде халық даналық ойларын балаларға арнады. Мысалы, «Бала – бауыр еті, көздің нұры» деп босқа айтпаған. Халықтың бұл тәріздес мақалдары жас ұрпаққа арналған үгіт, ақыл-өсиет болып отырады.

«Адам болар баланың кісіменен ісі бар, адам болмас баланың кісіменен несі бар» деп баланы дұрыс бағытқа жөн сілтеп, тәрбиелі болуға үгіттеп отырған.

Баланы тәрбиелеудегі негізгі мақсат оны алдымен білімге, өнерге баулу, еңбек үдерісімен таныстырып, еңбек етуге үйретуді көздейді. «Жан қиналмай жұмыс бітпес, талап қылмай мұратқа жетпес» деп қай нәрсенің де еңбексіз қолға түспейтінін балаға ой салып, өмір танытады.

Мақал-мәтелдер поэтикалық құрылымы жағынан жұмбақтарға ұқсас. Әсіресе қазақтың мақалдары мен мәтелдерінің көбі өлең сөзден құралған десек, артық айтқандық емес. Жалпы мақал-мәтелдер дүниетану жолында баланы ойға, қиялға шомдыратын, іске, әрекетке баулитын жанр.

Егер қазақ балалар фольклорының бай мазмұнды, поэтикалық өрнегі тұрғысынан қарасақ, мақал-мәтелдердің ішкі құрылымы, өзіндік ерекшеліктері сан-салалы, біз оның балалар әдебиетіндегі бір қырына ғана тоқталдық.

Бала тәрбиесіндегі санамақтар да үлкен орын алады. Санамақтар туралы Ә.Табылдыев былай дейді: «Санамақтарды халық, негізінен, жас балаға сан үйрету мақсатымен шығарған. Санамақтар әрі сан үйретеді, әрі дүние танытады, әрі баланың қисынды ойлауы мен математикалық ойлау қабілетін дамытады. Санамақтардың түрлері көп, оның үстіне жаңадан қосыла береді».

Санамақтар баланы әдемі сөйлеуге дағдыландырса, жаттау қабілеттерін, танымдық ой-өрісін дамытады. Санамақ тәртібін бұзбай айту балаларды аңғарымпаздық қасиетке баулиды. Санамақ балалардан белсенділік пен алғырлықты талап ететін жанр.

Сен кір, сен шық, – дегенде бала санамақты тыңдап қана қоймай, оны қайталайды, сол арқылы сандарды таниды, жаңа бір ұғымдармен танысып, дүниетанымын кеңейтеді, есте сақтау қабілеті мен тілін жаттықтырады. Өйткені санамақ қарапайым сандар мен сөздердің жиынтығы ғана емес, ол – көркем сөзбен кестеленген тәрбиелік, тағылымдық мәні бар шағын поэтикалық шығарма. Санамақтар көп ретте реттік сандармен басталады.

Бір дегенім – бесік,
Екі дегенім – есік,
Үш дегенім – үміт,
Төрт дегенім – мүлік,
Бес дегенім – батыр,
Алты дегенім – ақыл,
Жеті дегенім – жалау,
Сегіз дегенім – сұрау,
Тоғыз дегенім – толғам,
Он дегенім – орман...
Он жасында талайлар,
Елге қорған болған! – дегенде

атау ұйқастырып санау арқылы бала әрі сан үйренеді, оның үстіне санға аты ұйқасқан заттарды танып біледі. Екіншіден, саусақ ойыны баланы сан үйренуге ынтықтырады.

Бір дегенің – білеу,
Екі дегенің – егеу,
Үш дегенің – үскі,
Төрт дегенің – төсек,
Бес дегенің – бесік,
Алты дегенің – асық,
Жеті дегенің – желке,
Сегіз дегенің – серке,
Тоғыз дегенің – торқа,

Он дегенің – оймақ,
Он бір қара жұмбақ.

Санамақтардың түпкі негізі осылай халықтық педагогикамен байланысып жатады. Санамақтардың да өзіндік туу заңдылықтары бар. Олар бала өмірінің қажетін өтеу үшін туады да, баланың әр кездегі жас мөлшеріне, психологиясына лайықталып айтылады. Жоғарыда алынған үзінділердегі санамақ бала санасына сіңіп, оның ұғымын, түсінігін де кеңейтеді.

Санамақ жыры балаға сан үйретуден басталады. Мұнда сандар жеке айтылмай, кейде атауы ұқсас екінші бір затпен қосақталып, («Бір дегенім – білеу, Екі дегенім - егеу» деген сияқы), кейде сан тәуелдік және атау түрінде өзара тіркесіп «Бірім-білім, екім-екі, үшім-үш» түрінде қайталанды.

Мұның бәрі жас баланың санды тез жаттап алуына қолайлы болуын көздейді. Бала ұғымын, түсінігін кеңейтуде, оның тілін, ойын дамытуда, оларды үлгілі істерге тәрбиелеуде санамақтар да маңызды рөл атқарады. Санамақтар құпиясы баланы әрқашан қызықтырып, ілгері жетелейді. Сол негізде санауға үйретеді. Мұндай санамақтар бала ойын ұштайды.

Ақын Әбдіраштың Жарасқаны санамақтарында балалардың іс-әрекетінен туатын оқиғаға құрап отырып, бала ұғымын өсіру мен тілін дамытуды тереңдете түседі.

Қиын пәннен сұралып,
Қалады Қанат «бір» алып,
Сөйлеймін деп бет алды,
Самат одан «екі» алды.
Мен де сөзден тұсалдым,
Өліп-талып «үш» алдым.
Тастамайтын бар пәнді –
Таңат болса «төрт» алды.
«Озатымыз» қашанғы –
Орақ болса «бес» алды.

Жауап таппай қиналып,
Жасыма сен осалдық.
Барлығымыз жиналып, –
Айтып берші, неше алдық?

Автор бала психологиясын жақсы біледі. Санамақтарында ақын оның бала тәрбиесіне қажетті сәттерін тап басып, тапқырлықпен суреттейді.

Балаларға арналған мұндай санамақтарды тек ауыз әдебиетінен ғана емес, жазба әдебиетінен көптеп кездестіреміз.

Сондықтан балаларға лайықталған ауыз әдебиетінің түрлері олардың ой-өрісінің кеңеюіне, бірте-бірте заттар мен құбылыстарды тануына, тіл ұстартуына өлшеусіз әсер етеді.

Жаңылтпаштар кейде басқа жанрлармен бірге келетіндігі бар (мысалы, ертегі эпикалық шығармалардың ішінде) бұл тұрғыдан алғанда поэтикалық образды түзуде негізгі бейне қатары, көркем бояу беріп тұратын рөлді атқарады.

Жаңылтпаштарды халықтық шығармалардың басқа жанрларымен салыстыру оның өзгешеліктерін айқындауға мүмкіндік береді. Басқа жанрлармен байланысты зерттеу арқылы жаңылтпаштардың тарихи шығу жолын, өсуін және өзгеріс жолдарын байқаймыз.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада жаңылтпаш жанры мақал-мәтелдер, жұмбақ, санамақ сияқты басқа жанрлармен салыстырыла келе, өзіндік белгілері, айырмашылықтары мен ұқсастықтарын қарастырады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются своеобразие, различие и схожесть скороговорок в сравнительном анализе с пословицами-поговорками, загадками, считалками и с другими жанрами.

1970-80 жж. ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ НЕОРОМАНТИКАЛЫҚ ТЕНДЕНЦИЯ

Жанұзақова Қ.Т. – ф.ғ.к., доцент (Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

XX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиеті романтизмнің дамуындағы жаңа сапалық дәуір, жаңа белес болды. Бұл кезеңдегі проза көркемдік ізденістердің күрделі де белсенді процесімен, тенденциялардың молдығымен ерекшеленеді. Осы тұстағы романтизмді XIX ғасырдағы дәстүрлі төңкерісшіл романтизмнен өзгешелеу – шартты түрде философиялық сипаты басым жаңа романтизм, яғни *неоромантизм* деп атауға болады. Ол әсіресе 1970 жылдары жаңа өріс алды. Оны модернистік ағымның ішкі бір тенденциясы ретінде көрінді деуге болатын сияқты.

1970 жылдары қазақ прозасы идеологияның «тар шеңберінен» бұзуға талпынды. Қоғамда орын алған күнделікті жалаң ұраншылдық пен халықтың сергек санасының арасындағы қайшылық, идеал мен нақтылықтың өзара сәйкес келмеуі неоромантизмді тудырды. Жазушылар саясат нұсқаған азаматтық, әлеуметтік тақырыптардың қалыбынан шығып, өткен дәуірлердің мәдени мұрасына жаңа мазмұн берді, философиялық ізденістер мен әлеуметтік-адамгершілік тақырып ауқымын кеңейтуге тырысты.

Романтикалық бейнелеу тәсілінің жаңа сапаға ие бола дамуы романтизмнің мүмкіндіктерін игеру жолындағы алуан түрлі көркемдік ізденістердің нәтижесі еді. Қазақ прозасында бірқатар жазушылардың, атап айтсақ, О.Бөкеев, Т.Әбдіков, Д.Исабеков, Р. Тоқтаров, Д. Досжанов, т.б. шығармаларында неоромантизмнің белгілері көрінді. Неоромантизм романтизммен тақырыбы мен сарыны жағынан да, жалпы принциптері мен поэтикасы жағынан да тығыз байланысты. Олар: пендешілік пен күйкі тірлікке, тоғышарлыққа қарсы шығу, болмысқа қанағаттанбау, өз ортасына қарсы шыққан романтикалық кейіпкер, иррационалды дүниеге назар аудару, гротеск пен фантастикаға, мифологияға деген ықылас, жаңа көркемдік тәсілдерге бейімділік, т.б.

XX ғасыр әдебиетіндегі неоромантизмді тудырған әлеуметтік толғақ – тоқырау кезеңі, қысылшаң қоғамдағы тәртіп, жеке адамды тәңір тұту, табыну дәуірі. XX ғасырдағы қазақ әдебиетінде неоромантикалық бейнелеу тәсілдерінің, принциптерінің көрініс беруі қоғамда болып жатқан құбылыстарға қанағат етпеуден, кеңестік тоталитарлық жүйеге көңілі толмай, іштей қарсылық білдірудің нәтижесінде болған еді. 1960-70 жылдардан бастап суреткерлер ұлттық сананы ояту мақсатында халықтың өткен рухани тәжірибесіне, тарихи бастауларға, мифологиялық бағдарға бет қойды. Кеңес әдебиетінде дәуірлеген социалистік реализм әдісі тұйыққа тірелгенде, жазушылар мифтік шығармашылықты дүние, болмыс туралы ой толғаудың тәсіліне

айналдырды. Қазақ жазушылары адам мен әлемнің сырын бейнелеуде қалыпты формалардан бас тартты да, оны философиялық пайымдаулар мен мифологиялық таным тұрғысынан игеруге күш салды. Мұның өзі жазушылардың «белгілі бір мәдениеттің, белгілі бір тарихи дәуірдің құбылысы» болуымен де байланысты болды /1, 15/.

Мифологизм халық бойында ғасырлар бойы жинақталған көркемдік танымды, рухани ізденістерді жеке тұлғаның, адамның жұмбақ болмысы арқылы өткізіп, бүгінгі күннің тәжірибесімен, өмір құбылыстарымен синтездеп қорытты. Көркем шығармадағы қақтығыс адам мен адам, адам мен қоғам, адам мен табиғат арасында өтті. Суреткердің негізгі назары әлеуметтік өмірден гөрі рухани кеңістікке ауды және жеке тұлғаның ішкі әлемі күрделі рухани құрылым ретінде қарастырылды. Қаламгерлер өмір шындығын суреттеуден гөрі өмірдің мәні мен жаратылыс жұмбақтары туралы ой толғауға ойысты. Қазақ прозасында рухани түлеу, рухани жаңғыру тақырыбы тереңдей түсті.

Кеңес әдебиетінің алғашқы даму тұсында романтизмнің жете бағаланбауы кейіннен 1960-70 жылдары да көрініс берді. Әрине, XX ғасырдағы романтизм XIX ғасырдағы романтизміндей тым оқшау, тым «таза» емес, өзіндік сипатта дамығанын ескеруіміз қажет. XIX ғасырдағы көтеріліске үндеген романтизмнен ерекшелігі XX ғасырдағы жаңа сипаттағы романтизмнің «философиялық салмағы», ондағы мифологизмнің үлесі басымырақ көрінді /2, 165/. Романтикалық тенденция басқа да модернистік көркемдік тәсілдермен, реалистік тенденциямен алмағайып араласып келіп отырды. Қазақ прозасында түрлі көзқарастардың, көркемдік жүйелердің өзара жарысуы мен тоғысуы әдебиетті жаңа сапаға көшіріп, жаңа деңгейге көтерді.

Осы тұста қазақ прозасында суреткерлердің жеке шығармашылығында, нақты бір туындыларында реалистік және романтикалық бастаулардың сан қилы байланысқа түскен мысалдарын бақылауға болады. Мұның астарында адам мен қоғам, жеке тұлғаның рухани ұмтылыстары мен әлеуметтік әрекеттері арасындағы алуан түрлі қарым-қатынастары жатыр. Романтизм басқа да әдеби әдістермен күрделі синтезге түсіп, модернистік таныммен трансформацияланып, тамырласып жатты. Нақты қаламгер туындыларын белгілі бір әдістің қазығына байлау, тек романтизмге, я таза реализмге, т.б. жатқызу тәжірибелерінің жеміссіз болатыны да сондықтан.

Әлем әдебиетіндегі Рабле, Боккаччо, Лопе де Вега, Шекспир мен Сервантесті замандастары романтик-жазушылар деп таныған. Қазіргі әдебиеттануда зерттеушілер оларды реалистер деп қабылдайды. Бұл анықтаманың қате болғаны ма сонда? Жоқ, әрине. Шындығына келгенде, бұл ұлы суреткерлер әрі романтик, әрі реалист болған. Әңгіме тек осы бейнелеу тәсілдерінің ара-қатынасында ғана.

XX ғасырдың екінші жартысында кеңес әдебиетінде XIX ғасырда орыс әдебиетінде, батыс Еуропа әдебиеттерінде орын алған жағдай байқалды – мифтік шығармашылық неоклассицизмнің (социалистік реализмнің) догмалары мен схемаларына қарсылықтың, оппозицияның нәтижесінде өзіне жаңа жол тапты. Қазақ прозасындағы мифтік шығармашылықта романтикалық ізденістердің рухы оянып, көзі ашылды.

Алғашқы қауымдық қоғамда қалыптасқан мифтің өркениет дамыған бүгінгі таңда өзінің бастапқы қалпын сақтап қалмасы түсінікті жайт. Архаикалық мифтердің трансформациялануы көркем әдебиетке мифтік шығармашылықты биік өнер ретінде бағалауға, әлемдік мәдениет қатарынан орын алуда жаңа мүмкіндіктер туғызды. Бірақ шығарманың романтикалық белгісін бір ғана аңыздық желі арқылы анықтау арқылы аздық етеді. Мифтік мазмұны аралас келетін шығармалардың баршасына романтизм таңбасын оп-оңай баса салу шарт емес. Өйткені романтизмнен басқа әдеби бағыттарда да мифтік, фантастикалық элементтерді қолдану үрдісі бар. Алайда

«мифологизм – романтизм қырларының бірі, бірақ шешуші қыры емес. Оның толыққанды болуы үшін романтикалық шарттылық қажет» /3,149/.

Мифтік, аңыздық сюжеттердің 1970-90 жылдары көркем шығармада дамуы, өрістеуі шартты түрде болды. Мифологизмге жақын жазушылардың көбіне ортақ қасиеттер: «өткенге де, болашаққа да қатысты ауқымды философиялық жинақтауларға бейімділік; халық ауыз әдебиетінің поэтикасымен, эстетикасымен ішкі үндестік; көтеріңкі – эмоциялық, романтикалық стильге жақындық ... Анығын айтқанда, мифотворчествоға барып жүрген кейбір жазушыларды «таза» – дәстүрлі реалистер қатарына жатқызуға да бола бермес» /4, 6/.

Мифтік шығармашылық XX ғасырда жаңа көркемдік деңгейге, сапалық қасиеттерге қол жеткізді. Адамзаттың бала кезінен жасаған рухани дүниесі болып саналатын мифтер мен фантастика қаламгер үшін жаңа көркемдік мақсатта ғана емес, бүгінгі күн мәселелерін шешуде трансформацияланып, жаңғырып, жалғасын табуда.

Көркем ой тәжірибесінде аңыздар мен мифтер көркем әдебиеттің әр жанрына терең сіңіп, өзінің символикалық және аллегориялық мән-мағынасымен баса назар аударуда. Көркем әдебиетте бұл форма түрлі жағдайларға байланысты, жазушының қажетіне қарай қолданыс табады. Қазіргі қазақ әдебиетінде жазушылар халық шығармашылығының дәстүріне сүйене отырып, тың, жаңа әдебиетке тән жаңа «ертегі», «аңыз» жасайды. Аңыз-әңгімелерді пайдалануда болсын, оларды жаңадан «жасауда» болсын, жазушылар ұстанатын басты принциптер өзара жақын. «Аңыз-ертегілік үлгілер бір шығармаларда өмір шындығын суреттеудегі көптеген амал-тәсілдердің бірі ретінде қолданылса, басқа бір шығармаларда «авторлық идея мен объективті идеяның жарыса дамып, тоғысып түйісер арнасына айналады» /5, 70/.

Кеңес дәуірінде әдебиет адамтану құралы емес, саясаттанудың идеологиялық құралына айналғанда жазушылар аңыздар мен мифтерден адам рухын ардақтайтын терең философиялық жинақтаулар, мәңгілік уақытпен үндесетін тың тақырыптар тапты. Жазушылардың қолдануындағы «аңыздық, мифтік сюжеттердің кей кездері символдық образдар арқылы берілуі, шығарма кейіпкерлерінің бейнелілік бітіміне нұқсан келтірмейді. Аңыздан ақиқат іздеген суреткер оның бетіндегі бүркеусіз тұрған бітімін емес, жұмбақ сыры жатқан ойынды ойран, ақылыңды айран ететін астарынан символдық жұмбақ бейнелерден мән-мағына табуға ұмтылады» /148, 81/.

Зерттеуші А. Ісімақова осы турасында: «...Миф поэтикасы бүгінгі күнді терең уақыттық межемен байытады, әрекет етуші мәдени метафоралар мен ассоциациялар қорын кеңейтеді. Нәтижесінде бір кездері мағыналық мән алған поэтикалық формулалардың (архетиптердің) «жандану» процесі жүреді /6, 382/ дейді.

Қазіргі қазақ прозасында мифтік бастаудың әсері күшті. Қаламгерлер өз шығармаларында аңыз-әңгімелерді, діни көне сюжеттерді кеңінен қолдану үстінде, бұл өз кезегінде олардың шығармаларындағы кеңістіктік-мезгілдік өлшемдердің күрделенуіне әкелді. Бұл ретте қаһармандардың ішкі әлемінің ұңғыл-шұңғылын, олардың жан дүниесінің, санасының, жадының, қиялының кеңістіктерін зерттеуге назар аудару бастады. Бұл бір жағынан адаммен байланысты философиялық мәселенің түп негізіне бойлауға, екінші жағынан жеке уақыт пен кеңістіктің шекарасын жылжытуға мүмкіндік берді.

XX ғасыр әдебиетінде қоғамда қалыптасқан саяси, экономикалық жағдайлардың, ядролық жарылыс қаупінің, экологиялық апаттың күшеюіне байланысты адам болмысының константаларын қайта қарау процесі жүрді. Адам өткеннің, қазірдің және болашақтың тоқайласар нүктесінде бейнеленіп, ал оның ішкі әлемі тарихи уақытпен, мифпен бірлікте қарастырылды. Мифологизмнің өз дәуіріндегі қоғамда бел алған рухани бастауға қарсы, адамзат дамуына кері әсерін тигізетін жат құбылыстарды әшкерелеудегі көркемдік қызметі ерекше. Миф бүгінгі өркениеттің даму сатысында қайталанбас жаңа мазмұнға ие. Ол жаңа қасиеттермен толыға түсті. Ең алдымен,

мифологизм өсиетшілдіктен, дидактизмнен, ақыл айтушылықтан арылды. Мифтік сюжеттер шығармада бүгінгі күннің күрделі де қарама-қайшылығы мол адамгершілік, рухани жағдайымен үндес келеді. Қазіргі қазақ романындағы мифологема метафора ретінде, қазіргі болмысты жалпы адамзаттық адамгершілік тәжірибесі контекстіне енгізудің қандай да бір көркемдік тәсілін айқындау факторы ретінде көрінеді.

Қорыта айтқанда, XX ғасыр прозасында мифопоэтикалық формаларды қолдану мен пайымдауында романтикалық дәстүрлердің ізі көрінеді. Неомифологизм феномені, яғни жаңа кезеңнің мифі ретінде қабылдайтын мифологиялық универсалиилер қазақ қаламгерлерінің шығармаларынан да айқын таныла бастады. Қазақ жазушыларының шығармаларында романтикалық мифологема белгілі бір уақыттың, тарихи дәуірдің шеңберінен тыс рухани бағдар, халықтың рухы мен рухани өмірін бейнелейтін көркемдік құрал ретінде қолданылды. Қазақ прозасында романтикалық мифопоэтикалық формаға бүгінгі өзекті мәселелердің ену формасы сан түрлі болды – авторлық шегіністер, толғаныстар, символдар, аллегориялар поэтикасы, т.б.

Қазақ романтиктерінің шығармаларында Еуропа романтизміндегідей ертегілік сипат пен мистицизм мотивтері молынан ұшыраспайды. Бірақ қазақ прозасында да көркем шығарманың құрылымында романтикалық мифологема трансформацияланып, күнделікті болмыстан тыс поэтикалық биікке көтеріліп, жоғары формадағы универсум жасай алды. Өткен дәуірлердің рухани тәжірибесін, рухани уызын жинақтаған мифология жазушылардың өзін-өзі бейнелеуінің де тәсіліне айналды.

Қазақ әдебиетінде мифті тудырушы жазушылардың алдыңғы қатарындағы Ә. Кекілбаевтың («Дала балладалары», «Аңыздың ақыры»), О. Бөкеевтің («Қар қызы», «Мұзтау»), С. Санбаевтың («Аңызды аңсағанда», «Көп-ажал»), т.б. шығармалары ерекше «ойындық» стилімен, жанрлық шекараларының бұлдырлығымен, бұрынғы эстетикалық және идеологиялық қалыптың шеңберінен шыға білу қасиетімен ерекшеленді. Егер Ә. Кекілбаев туындыларында дүниенің, әлемнің романтикалық концепциясын байқасақ, О. Бөкеев туындыларындағы табиғаттың романтикалық мифологиясы концепция деңгейіне жеткен. XX ғасыр соңындағы қазақ прозасында аңыздық желілер, мифопоэтикалық формалар тарихи-реалды уақытқа негізделген түрде ғана емес, шығарма логикасынан шет тұра беретін автономдық мағынасын күшейте түсті. Мифологизмді қазақ жазушылары болмыс жұмбақтары мен өмірдің мәнісі туралы философиялық ой айтудың тәсілі тұрғысынан өрістетті.

Егер қазақ жазушылары бір жағынан, өздерінің жаңа авторлық мифтерін жасай білсе, екінші жағынан, олар ескі аңыздарды міндетті түрде қайта жаңартып, түрлендіріп, өзгертті. Кейде миф шығармаға тұтастай арқау болады. Ә.Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» романы тұтасымен бүгінгі заман ыңғайына қарай бейімделген ұлттық мифке құрылып, өткінші емес, мәңгілік құндылықтарға арқа тірейді. Ә. Кекілбаев прозасында тарихта болған дерек пен романтикалық қиял, терең гуманистік дүниетаным, реалистік баяндау мен аңыз-әңгімелер жымдаса өріледі. Жазушының жаңалығы мен көркемдігі шығармаларының жанрлық сонылығында, поэтикалық стиль табиғатында, тіл құнарлығында, философиялық сарынында.

Қазақ әдебиетінде романтикалық сарындағы шығармаларда өз дәуірінің маңызды мәселелері сан алуан мифологиялық, символикалық жинақтаулармен, болмыстың мәңгілік мәселелерімен астасып, сабақтасып жатыр. С. Санбаев туындыларында романтикалық мазмұндағы аңыз-әңгімелер идеалды әлем мен реалды әлемдерді қатар түйістіре отырып, өткен күндерді бүгінгі күн аясында қарастырады. Ол аңыз-әңгімелер арқылы халықтың рухани дәстүрінің мәңгілік жалғастығы мен сабақтастығы туралы ойды негіздейді. С. Санбаевтың ерекшелігі – мифопоэтикалық форма арқылы тарих пен адам рухының терең бірлігін бойында жинақтаған идеалды әлем жасауында.

М. Ысқақбай повестерінде мифологиялық аллегорияның мағынасы шығарма мәтінінің астарына, ішкі терең өзегіне ауысты. Оның жинақтаушылық ауқымы,

символикалық мәні тереңдей түсті. Ә. Кекілбаев шығармаларында («Дала балладалары», «Аңыздың ақыры») романтикалық мифологема бүгінгі күннің өзекті рухани-адамгершілік мәселелерін өткен дәуірлердің ауқымында бейнелеу мақсатында қолданылған. Жазушы мифтердің экспрессивтік тіл көркемдігін, эстетикалық-эмоционалдық қуатын шебер пайдаланады. Романтикалық мифологема көркем шығармаға көркем кестелі тіл, эстетикалық, идеялық мазмұн, терең эмоционалдық-экспрессивтік мән-мағына дарытты.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Федоров Ф.П. Романтический художественный мир: пространство и время. – Рига: Зинатне, 1996. – 108 с.
- 2 Кодаров А. Романтизм – вчера и сегодня // Простор, 1985. – С. 163-168.
- 3 Волков И. Творческие методы и художественные системы. – М.: Искусство, 1989. – 250 с.
- 4 Садықов Х. Мифологизм ықпал ма, әлде төл құбылыс па? // Қазақ әдебиеті, 1985, 12 шілде. – 6-7 б.
- 5 Дәдебаев Ж. Қазіргі қазақ әдебиеті. – Алматы: Қазақ университеті, 2002.
- 6 Исмакова А. Казахская художественная проза. Поэтика, жанр, стиль (начало XX века и современность). – Алматы: Ғылым, 1998. – 394 с.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада 1970-80 жж. қазақ прозасында романтикалық бейнелеу тәсілінің жаңа сапаға ие болып, өзіндік ерекшелігімен көріну кезеңі (неоромантикалық тенденциялар) қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются неоромантические тенденции в казахской прозе 1970-80 гг.

«ШАХНАМА» ЭПОСЫНДАҒЫ КЕЙІПКЕРЛЕР ДҮНИЕСІ

Жүнісова И.Ж.-оқытушы (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Фирдоуси даусы қазақ даласына ертеде жеткен. Оны ел-жұртымыздың тарихында әр кезде еске алып отырды. Рүстемге арналған бір тарауын Тұрмағанбет Ізтілеу қазақшалап, рухани игілікке айналдырып еді. Сондай зерттеулер қорытындысында әлемге әйгілі Фирдоуси «Шахнамасының» мәңгілік тозбас, өшпес ұлы туынды екендігін, көптеген дүние халықтарының мәдениетіне, әдебиетіне жарақын із қалдырғанын, бұл бір тұтас туындының ғасырлармен бірге жасасып келе жатқанын қуана аңғарар едіңіз. «Шахнаманың» Орта Азия халықтарына да ортақ алтын қазына екеніне көзіңіз жете түседі.

«Шахнама», яғни патшалар туралы кітап. Дүниенің ұлы кітаптарының санатына кіреді, сонау X ғ. өмірге келген ұлы дастан бүгінде дүниенің көптеген түкпірлеріне жетті. Қарапайым диқанның баласы Әбілқасым Иран шахтары, патшалары туралы өзінен бұрын жазылған көптеген қолжазбаларды қарап шығып, солардың ішінен өзіне керектісін алып, 160 бейт яғни, 120000 жолдан тұратын үлкен Иран эпосын жасап

шыққан. Фирдоусидің алдында Дакики деген ақын өткен, ол осы «Шахнама» тақырыбына 1000 (мың) жол өлен жазып кеткен. Фирдоуси соны пайдаланған, ол өз құлының қолынан қаза таппағанда Дакики осы шығармасын толықтырар ма еді. «Шахнама» ішіндегі сюжеттердің бір катары сонау «Авестадан», «Хватай намақтан» басталатыны белгілі. Фирдоуси осы кітабына бүкіл өз өмірін арнайды. Шығарманың нақ ортасына келгенде жалғыз баласы дүниеден кайтады. Сонда ақын тебіреніп жазған жыр жолдары сай сүйегін сырқыратады. Көптеген қиыншылықтар кешіп жүріп жазады. Әрине, ол уақытта сондай шығарма жазу онай емес еді. Фирдоуси «Шахнаманы» бітіргеннен кейін, қолжазбасын құшақтап, Сасанидтер сарайын билеп отырған нәсілі түрік Сұлтаны Махмудтың есігін қағады. Алдынан үш ақын шығып жолын кескестейді «Сұлтан Махмудқа кіретін сен өзін кімсің» - дейді. Сынақтан өтпесен жібермейміз,- дейді. Ол үшеуінің аты-жөні: Унсури, Фаррохи, Асджади. Унсури сарай ақындарының атасы еді. Біз өлеңнің 3 жолын айтамыз, 4 жолын сен табасын, -дейді Фирдоусиға үш ақын ойдан шығарып, 4-ші жолын Фирдоуси айтып жолды береді. Сөйтіп, сарайға жол ашылады. Сұлтан Махмудқа «Шахнама» дастаның оқып береді. Мәңгі өлмейтін ұлы шығармасын тұңғыш рет түрік Сұлтанына тыңдатады. Осындайда Фирдоусидің мына өлең жолдары еске түседі:

Намирам аз ин пос ке зндсам, Ке тухме сухан ра переқандам.

Кейін осы жолдар Пушкинде:

Я памятник себе воздвиг нерукотворный, К нему не заростет народная тропа,

болып оралады. Бұл өленді қазақ тіліне кезінде атакты ақын Ғали Орманов: Ескерткіш орнаттым бір колдан келмес, - деп аударған болатын, қарап отырсақ, бірінші рет Фирдоуси айтып кеткен екен:

Я не умру, я буду жить вечно, Потому что я сеял семена слов.

Мінекей, осы даналы сөз осы заманда расталып отыр. Бір кезде түрік Сұлтаны Махмуд танымағанды бүгінде бүкіл әлем танып отыр. «Шахнаманы» тыңдап болғаннан кейін Сұлтан «Менің әскерімде Рүстем сияқты жүздеген батырлар бар» депті. Сол кезде ақын сіздің әскеріңізде қанша батыр бар екенін білмеймін, бірақ Иранда Рүстемнен асқан батыр болмаған деп, сөйтіп, шығармасын алып, есіктеи шығып кетіпті. Осыдан кейін ақын мен Сұлтан арасында тартыс басталады. Ақын сөзіне жәбірленген Сұлтан Фирдоусиді тауып алып, түйенін табанымен таптатып, өлтіріндер - деп әмір береді. Бұл кезде Фирдоуси ұзап кеткен еді. Ақынды халық жасырып қалады. Фирдоуси «Сұлтан Махмудқа» деген әйгілі сатирасын жазады. Ел аузымен тарап жайылып кетеді. Сұлтан Махмудқа да жетеді. Ол Фирдоусиді қолға түсіріндер дейді. Бірақ ақын таптыртпайды.

Фирдоуси ең жаман, жауыз патшалардың жағымсыз типтерін жасаған. Олар қандай патшалар? Бірі — тұран патшасы Афрасияб. Мұның бейнесін біз бірқатар жантүршігерлік қылмыстарынан көреміз: ол тұтқынға алынған Иран патшасы Наузар мен туған інісі Агрирасты өлтіреді. Інісі Гарсиваздың жалған жаласына нанып, өзінің күйеу баласы Сиявушты өлтіреді. Өзінің қызынан туған жиен немересі, Сиявуштан қалған жас бала Кей-Хосрауды өлтірмекші болады. Кей-Хосраудың өлмей аман қалуы тек Афрасияптың батыры Пиранның ара түсуі арқасында.

Екіншісі — Зуххаң. Бұл — Аравияның патшасы Мирдастың баласы, Зуххаң та туасы оңбаған емес. Жасында қорықпайтын, батыл, ер жігіт болыпты. Аң аулап, атқа шауып, сауық-сайран өмір кешіпті. Бірақ кейін Иблістің азғыруына еріп, таққа отыру үшін, өз әкесін өзі өлтіруге дейін барады. Әрине, әуелі ол әкесін өлтіруге көне

қоймайды, бірақ Иблис оған қайткенде де айтқанын істетеді. Содан былай Зуххаң нағыз арам, жауыз, бұзақы патша болып алады да, сан қилы сұмдық қылмыстар жасайды. Сол озбыр, зұлымдықтарының үстіне ол пасықтық, қорқақтық мінез шығарады, өйткені қылмыс жасағанның бәрі қорқақ, үрейшіл болатыны анық. Зуххаңтың образын Фирдоуси мифтегі аждаһаға балап алған сияқты деседі «Пахнаманың» зерттеушілері. Өзінің феодалдың дүние танымына лайық Фирдоуси қоғам, мемлекет патшасыз болуы мүмкін емес деп біледі. Бірақ оның ұғымында патша ел намын ойлайтын нағыз, наранылды нағыз жарған әділ, аңылды, халыңға жайлы патша болуы тиіс. Сондықтан ол Кей-Хосрау сықылды патшаның жаңсы қасиеттерін бір қалыпта алып, үлгі етіп тартады. Басқа жағымды, жағымсыз деген патшалардың бәрің ақын әр қилы өзгеріс, құбылыстарымен алып сипаттайды. Оның көбі адамға тән ізгі қасиеттер мен кемшілік, осалдықтар болып келеді. Сол, адамға табиғи міндерді пайдаланған күштер әрқашан бел алып отырмақ.

Фердаусидің озат идея мен жарқын мұратқа сай жан салып жырлағаны — батырлар образы. Бұрын-соңғы героикалық эпостың дәстүр, салтын сақтап, «Шахнама» авторының патша тағын ғана емес, бүкіл Отанын, туған жерін қорғап, басын өлімге байлаған батырлар мен қаһармандарды сүйсіне жырлауы заңды еді. Феодалдық орта ғасырлардың ала-сапыран жаугершілік заманында ел қамын шын ойлап, Отан шекарасын шын қорғайтын халықтың қаһары да, қайраты да оның жауынгерлері, үздік туған батыр, қаһармандары болғаны аян. Олардың күші, тірегі, даналығы сол елі мен Отанының мұң-мүддесінен табылатындығында. Осыны ұққан ақын патшадан гөрі ел қорғауда ерлік көрсеткен жауын-герлерге көбірек көңіл аударады, өзінің барлық ыс-тық сүйіспеншілік сезімін соларға бағыштайды. Алып күш, ақыл, айла, адалдық пен адамгершілік, даналық және жүректілік — бәрі батырдан табылады. Бұл ретте данышпан ақынның айрықша дәріп-теп мадақтап, сүйініп те сүйсініп жырлаған керемет саңлақ образы, әрине, Рүстем батырдың образы.

Рүстем — «Шахнаманың» көп тарауына өзек болған негізгі қаһарман. Мұхит тәрізді ұшан-теңіз. «Шахнама» шамамен айтқанда Иран тарихының үш дәуірін қамтиды десек, оның біріншісі мифтік аңыздарға құрылған, екіншісі героикалық эпосқа, үшіншісі тарихи хроникаға құрылған десек, осылардың ішіндегі ең ұлы, ең байтақ дәуірі — екіншісі. Бұл дәуірді Систан облысынан шыққан батырлардың дәуірі деп те атайды. Рүстем және оның атасы Сам мен әкесі Зал — міне, осы дәуірдің бас батырлары. Мұның ішінде Рүстемнің жөні тіпті басқа. Аңынның әсірелей суреттеуінде оның ешбір теңдесі жоқ. Жаратылысы алабөтен өзгеше. Бала кезінің өзін ақын гипербола тәсілімен көтере суреттейді.

Төбедей болды тұлға, төрт жасында, Жүгірген жектей еді, жұрт қасында.

Он екі сүйтіп жүріп жасқа жетті, Палуанның бәрін жығып масқара етті. Алып тұлғасын, сұрапыл тұрпатын, пішінін, жой-ңын күшін ештеңемен өлшеуге болмайды. Салмағы-нан жер қайысқандай, жүрісінен тау сілкінгендей ноян күш иесі. Жаратылысындағы күшінің сұра-пылдығы соншама, батыр тәңірден күшімді кеміте көр деп тілепті-міс. Тілегін құдай қабыл етіп, күшін кеміткеннен кейін қалғанының өзі кісіні қайран қалдырады. Бір күні Исфандиярдың баласы Бахман тамаң ішіп отырған Рүстемнің үстіне жартас құлағанда, батыр оны көре сала аяғымен теуіп жіберіп тамағын ішіп отыра беріпті, дейді. Қобыландының Тайбурылы секілді Рүстемнің Рахыш дейтін мінген аты да өзіне сай керемет жүйрік, көреген, сезгіш, күшті болады. Талай жорықта, науіп-нәтер, қиын-қыстау кезеңдерде Рүстемге серіктікке жарайды.

Рүстем — кара күштің ғана иесі емес. Ол ізгі жанды, адал, ақ көңіл, ақылды адам, елін, жерін, Отанын сүйетін ер көңіл батыр. Сол үшін ол неге де болса әзір: қандай жау, нандай қиындық, қырсық болса, соның бәріне батыл барып, жеңіп-шығу — оның арман, мақсаты. Дүшпанға мейрімсіз, кекшіл. Иранның жауларын ол талай рет нан қақсатқан. Жеке-жеке ұрыста Рүстем Иранның Пуладван, Аш-қабыс, Хақан Чин, Қамыс, Кушани, Шангүл, Акван-див сықылды қас-дүшпандарының көзін жояды. Қатер төніп тұрғанда Иранды Афрасиябтан аман сақтап қалады. Қиянатқа, жалаға, әділетсіздікке кешірімсіз. Сиявушты өлтірткен өгей шешесі Судабаның басын алады. Рүстем Кей-Кавус патша-ның толып жатқан есалаңдықтарын мүлдем кешіргенмен (үш рет құлар жерінде ара түседі), оның адамдық намысына тиген қиянатына төзбейді. Патша қатесін мойнына алып кешірім сұраған соң ғана ашулы Рүстем қаһарлы райынан қайтады.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада «Шахнама» эпосының қазақ тіліне аударылуы жан-жақты қарастырылады. Шығарманың кейіпкерлері сөз болады.

РЕЗЮМЕ

В этой статье рассматривается казахский перевод о великом эпосе «Шахнама» и сравнивается в мировом литературе.

ОБ ЭМОТИВНОСТИ ПОЭЗИИ Н. РУБЦОВА

Кажигалиева Г.А. – кандидат филологических наук, и.о. доцента
(г.Алматы, КазгосженПУ)

Поэзия – мир поэта, его чувств, его восприятия мира. У каждого поэта, как известно, свой стиль, свой способ выражения эмоций.

Принято считать, что мы узнаем поэта по языку и стилю его произведений. Да, безусловно. Однако, как справедливо заметила Л.Г. Бабенко: «...за языком стоит не только система языка, но и психология. Каждый языковой элемент обусловлен не только лингвистическими, но и психологическими закономерностями» /1/. Поэтому Пушкина, Есенина, Лермонтова и др. великих поэтов и писателей узнают не только специалисты, но и те, кто не изучал особенностей языка и стиля их произведений. Читатель, прежде всего, воспринимает эмоциональную тональность стихотворения, его настроение.

Что же представляет собой эмотивность художественного произведения и имеет ли она национальные корни?

Как правило, эмоциональная окрашенность произведения имеет как эксплицитное, так и имплицитное выражение. К эксплицитным средствам выражения эмотивности в художественном произведении относится эмотивная лексика, различные фигуры речи, эмоционал которых реализуется в соответствующем тексте.

Имплицитно эмотивными могут быть самые различные языковые единицы: от лексических до синтаксических. Рассмотрим, как проявляется эмотивность художественного произведения и насколько она отражает национальное: стереотипы национального мышления, символы и реалии культуры народа.

Одной из ярких и своеобразных в плане эмотивности является поэзия Н.Рубцова.

Свое отношение к поэзии, к тому, какой она должна быть поэт выражает в стихотворениях «О чем писать?» и «Брал человек холодный мертвый камень».

О чем писать?
 На то не наша воля!
 Тобой одним
 Не будет мир воспет!
 Ты тему моря взял
 И тему поля,
 А тему гор
 Другой возьмет поэт!
*Но если нет
 Ни радости, ни горя,
 Тогда не мни,
 Что звонко запоешь,
 Любая тема –
 Поля или моря,
 И тема гор –
 Все это будет ложь!
 «О чем писать?»*
 Брал человек
 Холодный мертвый камень,
 По искре высекал
 Из камня пламень.
 Твоя судьба
 Не менее сурова –
 Вот так же *высекать*
Огонь из слова!
«Брал человек...»

Настоящий поэт должен «высекать огонь из слова», уметь неповторимо, красиво выразить эмоции. Не может быть поэтом тот, кто не испытал «ни радости, ни горя». Главное – это способность передать свои чувства, то, что испытывает душа, и выразить это ярко, так, чтобы читатель смог понять всю красоту поэтического слова. И такой является поэзия Н. Рубцова. Она пронизана сильными чувствами. В контексте поэтических произведений поэта невозможно выделить неэмотивные компоненты. Каждый фрагмент в отдельности и вместе представляет эмоциональную картину.

Весьма интересным в этом плане является стихотворение «И отправился в темный угол». Его эмотивность построена на контекстуальных контрастах. Рассмотрим два фрагмента стихотворения:

- 1) Есть у нас старики по селам,
 Что утратили будто речь:
*Ты с рассказом к нему веселым –
 Он без звука к себе на печь.*
- 2) Только изредка над паромной
 Над рекою, где бакен желт,
*Лошадь белая в поле темном
 Вскинет голову и заржет...*

Подобное противопоставление в данном стихотворении создает эмоциональную доминанту грусти и образ старца, с израненной душой. Метафоризм, содержащийся в следующем отрывке:

Знаю, завтра разбудит только
 Словом будничным, кратким столь

Я спрошу его: – Надо сколько? –

Он ответит: – Не знаю, сколь! усиливает общее настроение стихотворения. Молчаливость старика, его краткий и будничныи ответ: «Не знаю, сколь!» передают читателям его чувства, можно сказать, их отсутствие, безразличие к жизни, ощущение пустоты, мрачное предчувствие.

Состояние природы созвучно эмоциям героя произведения. Окружающая среда мрачна, безмолвна, создается ощущение безрадостной, угасающей жизни. Природа, ее эмоциональное описание говорит нам о том, что происходит в душе старца:

1) И отправился в темный угол,

Долго с лавки смотрел в окно

На *поблекшие травы луга...*

Хоть бы слово еще одно!

2) Ночеваю! Глухим покоем

Сумрак душу врачует мне...

3) *Только изредка* над паромной

Над рекою, где бакен желт,

Лошадь белая в поле темном

Вскинет голову и заржет...

В данных отрывках стихотворения важную роль играет и используемая автором цветовая гамма, а именно преобладание темного. *Темный угол, сумрак души врачует мне, поле темное* являются своего рода «мрачными» метафорами, передающими эмоционально-смысловую доминанту стихотворения. *Поблекшие травы* – мотив угасания жизни и угасания интереса к ней.

Также эмоционально насыщены и последние строки стихотворения:

Лошадь белая в поле темном

Вскинет голову и заржет...

Что может «воплощать» лошадь белая? Те незначительные радости, что еще могут быть в жизни, что-то светлое. Или – это неизвестность, то, что пугает, но к чему мы неизбежно приближаемся.

В данном стихотворении, таким образом, каждая строка, каждое слово в контексте несут не только смысловую, но в первую очередь эмоциональную нагрузку.

В стихотворениях Рубцова, так же, как и у Есенина прослеживаются символы национальной культуры и национальные стереотипы. В данном стихотворении они не эксплицитны, за исключением печи (русская печь). Но, исходя из содержания всего произведения, понимаешь, что речь идет об особом русском характере. Как пишет сам автор: «Есть у нас старики по селам...». Немногословные, замкнутые, немного отрешенные, суровые, загадочные. Это один из национальных стереотипов, представляющий русский характер.

В стихотворениях Н. Рубцова, в отличие от поэзии Есенина, не так часто звучит эмотив *грусть*. Но тем не менее данный эмоциональный фон почти в каждом его произведении. Это грусть о былом, о том, что не вернуть, о славном прошлом Руси.

1) С моста идет дорога в гору.

А на горе – какая *грусть!* –

Лежат *развалины собора,*

Как будто спит *былая Русь.*

2) *Какая жизнь отликовала,*

Отгоревала, отошла!

3) Когда душе моей

Земная веет святость,

И полная река

Несет небесный свет, –

Мне *грустно* оттого,
 Что *знаю эту радость*
 Лишь *только я один*:
Друзей со мною нет...
 4) Только чаще *побеждает проза*,
 Словно дунет ветер *хмурых дней*.
 Ведь шумит такая же береза
 Над *могилой матери* моей.

Выделенные слова и предложения несут на себе основную эмоциональную нагрузку.

Иногда для передачи соответствующего настроения автор прибегает к противопоставлению, к антитезе.

1) А утром солнышко взойдет, –
 Кто может средство отыскать,
 Чтоб задержать его восход?
 Остановить его закат?
 Вот так поэзия, она
Звенит – ее не остановишь!
А замолчит – напрасно стонешь!
 Она незрима и вольна.
 Прославит нас или унизит,
 Но все равно возьмет свое!
И не она от нас зависит,
А мы зависим от нее.

2) Окошко. Стол. Половики.
 В окошке – вид реки...
Черны мои черновики.
Чисты чистовики.
 За часом час уходит прочь,
 Мелькает свет и тень.
Звезда над речкой – значит, ночь.
А солнце – значит, день.
 Но я забуду ночь реки,
 Забуду день реки:
Мне спать велят чистовики,
Вставать – черновики.

3) Без остановки мчатся журавли!
 В лучах весны – зови иль не зови! –
 Они кричат все радостней, все ближе...
 Вот снова игры юности, любви
Я вижу здесь... но прежних не увижу.
 И обступают бурную реку
Все те ж цветы... но девушки другие.

Приведенные выше примеры демонстрируют яркий эмоциональный потенциал антонимии, который раскрывается поэзией. Эмоциональность мышления и поэтический дар представляют нам удивительные художественные, выразительные возможности слова. Так, к примеру, в стихотворениях Н. Рубцова наблюдается еще одна особенность поэтического, эмоционального противопоставления. Она заключается в следующем: жизнеутверждающее, мажорное начало, отражающее, разумеется, позитивный эмоционал (радость) и грусть, безысходность в конце стихотворения. Подобная эмотивность наблюдается в стихотворении «Сентябрь».

Слава тебе, поднебесный
Радостный краткий покой!
 Солнечный блеск твой чудесный
 С нашей играет рекой,
 С рощей играет багряной,
 С россыпью ягод в сенях,
Словно бы праздник нагринул
 На златогривых конях!
Радуюсь громкому лаю,
 Листьям, корове, грачу,
И ничего не желаю,
И ничего не хочу!
 И никому не известно
 То, что, с зимой говоря,
 В бездне таится небесной
Ветер и грусть октября...

Выделенные курсивом слова и предложения являются базовыми для передачи смены настроения.

В целом подобная эмоциональная картина, отражающая противоречивость чувств, их смену, открывается в первую очередь через содержание стихотворения и используемые поэтические фигуры противопоставления.

Мотив грусти, тревоги в поэзии Рубцова передается и через те природные явления, которые стереотипно воспринимаются как отрицательные. Это *туман (когда туман сгущается и грусть), омутный (омутные воды, омутная ночь), ночь (ужас ночи, омутная ночь), мгла (алеющая мгла, увяданье цветов, белеющих во мгле, мгла заледенелая), тьма (тьма крошечная), дождь (в дни осенних горестных дождей, но слишком дождь шумел уныло), осенний (я жил в предчувствии осеннем уже не лучших перемен, ветер и грусть октября).*

Все, что связано с осенью и непогодой, у поэта ассоциируется с грустью, вызывает грустные воспоминания. Но также именно природа радует поэта:

- 1) *Светлеет грусть, когда цветут цветы,*
 Когда брожу я многоцветным лугом
 Один или с хорошим давним другом,
 Который сам не терпит суеты.
 За нами шум и пыльные хвосты –
 Все улеглось! Одно осталось ясно –
Что мир устроен грозно и прекрасно,
 Что легче там, где поле и цветы.
- 2) *Выпал снег – и все забылось,*
 Чем душа была полна!
 Сердце проще вдруг забилось,
 Словно выпил я вина.
- 3) *Снег летит – гляди и слушай!*
Так вот, просто и хитро,
Жизнь порой врачует душу...
 Ну и ладно! И добро.

Грусть в поэзии Н. Рубцова имеет фольклорные истоки и демонстрирует яркий национальный характер эмотивности. Так, несколько стихотворений Н.Рубцова написаны в «стиле» таких жанров русского фольклора, как песни и сказки. К примеру, стихотворение «В избе» представляет собой своеобразное «подражание» русским

народным сказкам. В нем есть сказочный зачин и используется соответствующая лексика:

Стоит изба, дымя трубой,
Живет в избе старик рябой,
Живет за окнами с резьбой
Старуха, гордая собой...

Вполне народным по языку и стилю является и следующее стихотворение:

Огороды русские
Под холмом седым.
А дороги узкие,
Тихие, как дым.
Солнышко осоковое
Брызжет серебром.
Чучело гороховое
Машет рукавом...
До свиданья, пугало,
Огородный бог! –
Душу убаюкала
Пыль твоих дорог...

Структура стихотворения, описываемые реалии национального характера (*огороды русские, солнышко осоковое, чучело гороховое, пугало, дороги*), эмоционально-смысловая доминанта - все соответствует языку и стилю русского фольклора. Русские народные эмоционально-смысловые мотивы звучат и в стихотворении «Дорожная элегия». В нем, в частности, используются повторы слов, звучит тема дороги, разлуки – то, что обычно характерно для русских народных песен.

Дорога, дорога,
Разлука, разлука.
Знакома до срока
Дорожная мука...

Национальный характер эмотивности поэзии Н. Рубцова проявляется и на уровне синтаксиса. Невозможность действия, выражаемая инфинитивными предложениями, как известно, традиционный «эмоциональный прием» русского фольклора. В стихотворениях Рубцова он также используется для выражения грусти, печали, тоски. Так, например, эмоционально насыщены следующие строки:

- 1) *Не порвать* мне житейские цепи,
Не умчаться, глазами горя,
В пугачевские вольные степи,
Где гуляла душа бунтаря.
- 2) Как *не найти* погаснувшей звезды,
Как никогда, бродя цветущей степью,
Меж белых листьев и на белых стеблях
Мне *не найти* зеленые цветы.

Произведенный, таким образом, анализ эмоционально-смысловой доминанты поэзии Н. Рубцова, позволяет, на наш взгляд, утверждать, что эмотивность поэзии проявляется как на уровне языковых единиц (эмотивы), так и на уровне фигур художественной речи, как эксплицитно, так и имплицитно и демонстрирует яркий национальный характер, выявляемый через определенное стереотипное восприятие реалий окружающего мира.

ЛИТЕРАТУРА

1 Бабенко Л.Г. , Казарин Ю.В. Лингвистический анализ художественного текста. Теория и практика; Практикум // Л.Г. Бабенко, Ю.В. Казарин. – 5-е изд. – М.: Флинта: Наука, 2008. – 496 с.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена рассмотрению эмотивности поэзии Н. Рубцова.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақала Н. Рубцов поэзиясының эмотивтілігін қарастыруға арналған.

**САЛЫСТЫРМАЛЫ ӘДЕБИЕТТАНУ ПӘНІ МЕН ОНЫ ЗЕРТТЕУШІ
ҒАЛЫМДАРДЫҢ ОЙ-ТҰЖЫРЫМДАРЫ**

Қуаналы Н. – оқытушы (Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Әдеби байланыс – тарихи категория, сол себепті де әр ұлттың әдебиеті басқа әдебиеттермен байланысып, өмір сүреді. Әдеби қатынастардың нәтижесінде әр ұлт танылады.

Қай әдебиет болса да, өзара байланыссыз, қарым-қатынассыз толық кемелдене алмайды. Әдебиет әлеміндегі тоғысулар, қарым-қатынастар, рухани алмасулар әдеби байланыстарды құрайды. Ш. Сәтбаеваның сөзімен айтсақ: «Әдеби байланыстар халықтардың өзара білісуі, түсінісуі, ынтымақтасуы, жақындасуы, мақсаттасуы, бірлесуі, достасуы сияқты аса ізгі мұратқа да қызмет етеді». Көркемдік дамудың, әдеби процестің маңызды бір заңдылығы – әдеби байланыстар–әдебиет әлеміндегі тоғысулар, қарым-қатынастар, рухани байлықтар алмасуы. Қоғамның прогресс жолымен дамуы қажеттілігінен туған мәдени, әдеби байланыстардың өзіндік мол тарихы, бай мазмұны бар.

Әдебиетті салыстыра зерттеу тәсілі сөз өнерінің жалпы заңдылықтарын, ортақ тенденцияларын ашуға көмектесуімен қатар, әдебиетті тұтас организм ретінде қарастыруға мүмкіндіктер туғызады. Бұл тұста назарда ұстайтын негізгі нәрсе көркемдік-идеялық бағыттары басқа, дүниетанымдық жағынан бір-біріне жуықтамайтын жазушыларды «тезге салып» әдейі жанастырудан аулақ болу. Көркем шығармалар бойындағы елеусіз, өте ұсақ белгілерді тәптіштеп салыстыру да ғылыми талдауға жатпайды. Түрлі зерттеу аспектілерінің ішіндегі ең күрделісі әдебиеттерді салыстырмалы-тарихи зерттеу әдісін ғалым В.М. Жирмунский бірнешеге бөліп қарастыруды ұсынады:

1) *Тарихи-генетикалық салыстыру*. Мұнда әдебиеттерді ұқсас құбылыстардың туу себебі ата тегіндегі жақындық және уақыт өте келе тарихи шарттардың салдарынан ажырап кетуі.

2) *Тарихи-типологиялық салыстыру*. Мұнда ұқсас құбылыстардың болу себебін ата тегі жағынан еш жақындығы жоқ, бірақ қоғам дамуындағы ұқсас жағдайлардың болуымен түсіндіреді.

3) *Салыстырмалы-салғастырмалы мәдени қатынас*. Мұнда қоғамдық даму, тарихи жақындықтың негізіндегі әсері алға тартылады. 1976 жылы Пишуа мен А.М. Руссо «Салыстырмалы әдебиеттану» кітабында былай деп жазады: «сравнительное литературоведение – это методологическое искусство, заключающееся в исследовании связей, аналогий, родства и влияний. Оно способствует сближению между собой

литературных событий и текстов, близких и отдаленных во времени и пространстве. При этом необходимо, чтобы сопоставляемые стороны принадлежали к различным языкам или культурам и существовала возможность выявить и освоить» /5, 174/.

Бұл тұжырымды М. Маданова өз зерттеулерінде мағыналық жоспарына сәйкес үш бөлікке бөліп қарастырады: «Сначала речь идет о методологическом мастерстве, направленном на изучение связей, выражающих аналогичные факты, родственные отношения либо взаимодействие. Далее речь идет о том, что предметом, объектом изучения являются не только литературные тексты, но также и другие художественные явления культуры разных народов, либо средства выражений и знания, под которыми можно понимать и кино, и живопись, и видео и т.д.

Наконец последняя часть определения содержит информацию о цели и задачах сравнительной компаративистики, к которым относятся процесс и совершенствование его интерпретации» /6, 189/.

Осыдан келіп мынадай қортынды шығаруға болады. Қандай да бір талантты жазушы өз қоғамының рухани дамуына әсер етеді, эстетикалық атмосферасына ықпал жасайды. Сол қоғамның өсіп жетілген келесі буын өкілдері тек өзіне ғана тән шығармашылық ерекшеліктері бола тұра тарихи қалыптасқан ортақ мазмұннан тыс қала алмайды. «Индивидуальность писателей всех рангов не может помешать историку литературы разглядеть в произведениях некоторых из них общность идейного содержания и выражающей его формы» деген Г.Н.Поспеловтың пікірі біздің ойымызды қуаттай түседі. Жалпы Г.Н.Поспелов салыстырмалы әдіс жайында тың ойлар айтқан ғалым.

Кез-келген ұлт, мемлекет өзгелермен байланыссыз, өзінше даралықта дами алмайды. Даму деген ұғымның өзі тек байланыс, қарым-қатынас, үлгі алу мен өнеге бола білу бар жерде ғана жүзеге аспақ... Сонда ғана адам санасы толыса түседі, жаңа жетістіктерге қол жеткізеді. Міне, әдебиеттегі осындай байланыстың тарихы мен теориясын, методологиясын зерттейтін ғылым саласы – салыстырмалы әдебиеттану ғылымы, екінші сөзбен айтсақ, компаративизм. «Компаративизм – әдебиеттану ғылымында орын алған салыстырмалы-тарихи әдіс. Компаративизм әртүрлі халықтардың әдебиетіндегі ұқсастық, жақындықты көре білуге назар аударып, идеяларды, образдарды, характерлерді, сюжеттерді салыстырады. Түрлі халықтардың әдебиетін өзара байланыста дей келіп, әлемдік әдебиет арнасындағы құбылысқа балайды».

Бүгінгі таңда екі немесе бірнеше елдің әдебиетін, өнерін салыстыра және салғастыра зерттеу мәселесінің ғылым саласында орын алуы өте орынды. Мұндай бағыттағы зерттеулер, әр елдің әдебиеті, мәдениеті, өнерінің ұқсас жақтарын және әр елдің өзіне тән ерекшеліктерін, ұлттық-мәдени ерекшеліктерін ашып зор септігін тигізеді. Ал мұндай зерттеуді бастамастан бұрын «салыстырмалы әдебиеттану» ғылымы дегеніміз не, жалпы әдебиеттану ғылымы нені зерттейді, соған тоқталып өтелік.

Компаративизм латынның «comparatives» деген сөзінен шыққан, түбір сөзі «comparatives», яғни салыстыру. Көптеген ғалымдар «әдеби салыстыру» терминінің авторы француз әдебиетшісі Ф. Ноэль деп есептейді. Өйткені ол ең алғаш рет «Literature compares» деген терминді 1817 жылы қолданған.

Әлем әдебиетінің ең жақсы үлгілерімен танысу, зерттеу, үйрену дәстүрі қазақ өмірінде XIX ғасырдың өзінде орныққан болса, XX ғасырдың басында әлеуметтік, қоғамдық, эволюциялық дүмпулер мен дауылдар қазақ даласында да айтарлықтай сезіле бастаған жағдайда бұрынғыдан да күшейе түсті. Бұл жылдары қазақ әдебиеті мен орыс әдебиеті арасындағы байланыстар нығайды. Әдебиеттердің өзара байланысуы нәтижесін З.Ахметов өз еңбектері арқылы дәлелдей түседі: «Художественные традиции казахской литературы чрезвычайно богаты и

разнообразны. Они включают в себя все лучшее в многовековой поэтической культуре казахской народа, казахские литературоведы опираются на богатый опыт русской литературной науки, осуществляют разработку вопросов литератур в тесном контакте с литературами всего мира». Осыған орай, М.Даулетбаев: «Өзге әдебиеттерден өз халқының ұлттық, қоғамдық дамуына үндес маңызды кубылыстарын таңдай отырып, қарым-қатынас жасау – сол әдебиеттің кемелдену, даму бағытын аңғартады». Осындай кемел пікірлерге сүйене отырып, өз тарапымыздан екі ел әдебиетінің шығармасына салыстырмалы түрде талдау жасауды мақсат еттік. Әсіресе, территориялық жағынан шектеспейтін діні, тілі, әдебиеті, мәдениеті басқа елдердің әдебиетін зерттеу өте қызықты. Ұлттық әдебиеттер дамып, өмір сүріп, әлемнің мәдени қалықтарының негізгі құралына айналады. Ұлттық әдебиетімізді әлемдік деңгейге көтеру үшін оны басқа ел әдебиеттерімен салыстыра зерттеу қажет.

Ұлттық әдебиет дамып, өмір сүріп, әлем халықтарының мәдени негізінің құралымына айналады. Ұлттық әдебиетімізді әлемдік деңгейге көтеру үшін оны басқа ел әдебиеттерімен салыстыра зерттеу қажет. Осы орайда, Ф. Исмайлованың пікірі орынды: «Литература – мировая наука. Чтобы вывести Казахстанское литературоведение на мировой уровень, необходимо делать всю литературу Казахстана объектом изучения единого Казахстанского литературоведения» /12, 14/.

Қазақстан тәуелсіз даму арасына қадам басқан 90-шы жылдардан кейін ғылыми-зерттеу жұмыстары алдына ауқымды мәселелерді зерделеу, қазақ руханият мұраларын әлемдік деңгейде салыстыра саралау, ұлттық шеңберде қалып қоймау, зерттеу нысанының басқа ғылым түрлерімен байланысын ашу сияқты міндеттер қойғаны мәлім. Әдебиеттер байланысын, нақты шығармада өзара ұқсас жайттардың көрініс табуы, қаламгердің өзі дүниеге келген ұлттық топырақтағы тарихи талғам тамырларының сабақтастығын ғана емес, сондай-ақ басқа ұлт әдебиетін меңгеру барысындағы оның дүниетанымын, рухани үндестік сырларын, тұжырымдап айтқанда, көркем әдебиеттің ұлттық деңгейден әлемдік биікке көтерілуін айғақтайды. Осы жылдары жарық көрген іргелі ғылыми зерттеулердің қатарында Н. Сағындықованың, М.Маданованың, С.Алтынбаеваның, А.Түсіпованың, Т.Есембековтың, Қ.Алпысбаевтың, Ф.Исмайлованың іргелі монографиялық зерттеулерін ауыз толтырып айтуға болады. Салыстырмалы әдебиет – әдебиет бөлімінде үлкен маңызға ие. Салыстырусыз ешнәрсені танып, білу мүмкін емес.

Салыстырмалы әдебиет Гердерден кейін өз жалғасын XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басында Ресейде тапты. Ресейдегі салыстырмалы әдебиет теориясының негізін А.Н. Веселовский өзінің «Историческая поэтика» еңбегінің негізгі тақырыбын ғалым М. Маданова былай анықтайды: «Основной темой, исторической поэтики является – эволюция поэтического сознания и его форм. В работе ученого были затронуты представлены генезис и эволюция литературных жанров движение мировых мотивов и сюжетов. Существенной особенностью сравнительно-исторического метода Веселовского является его универсализм литературы». А.Н. Веселовскийдің ой-пікірлері, көзқарасы еуропалық мектептерге әсер етті.

Экономикалық өрбуі, соған байланысты мәдени дамуы өткен ғасырда Ресеймен бір арнаға түсе бастаған Қазақстандағы қолтума қоғамдық ой, оның ішінде эстетикалық пікір тарихында қазақтың асқан ғылымы Шоқан Уәлихановтың, атақты ағартушы Ы. Алтынсаринның, ұлы ақын Абайдың алатын орны айрықша биік.

Өз кезінде салыстырмалы әдебиеттің қажеттілігі мен маңыздылығы, міндетін М. Маданованың пікірі дәлелдей түседі: «Особая миссия литературной компаративистики связана с ее органической способностью анализировать мировой литературный процесс и возможностью укреплять международный авторитет национальных литератур. В то же время очевидная актуальность этой отрасли в наши дни отражает объективный процесс активизации международных отношений. Другими

словами, сравнительное литературоведение – это наука, которая, предоставляет уникальный шанс казахской литературе, она способствует более точному самоопределению и органичному вхождению в контекст мирового художественного процесса, помогает выявлению не только универсальных, но и национально-своеобразных качеств и развития, осознанное использование которых способна возвысить самосознание и авторитет казахской литературы в рамках всемирной литературы» /24, 157/.

Осындай нақты дәлелдер мен ғылыми пікірлерге сүйене отырып, біз салыстырмалы зерттеудің біздің әдебиетіміз үшін өте маңызды екендігіне көз жеткіздік. Көркемдік дамудың, әдеби процестің маңызды бір заңдылығы әдеби байланыстар – әдебиет әлеміндегі тоғысулар, қарым-қатынастар, рухани байланыстар алмасулар. Қай әдебиет болса да өзара байланыссыз, қарым-қатынассыз толық кемеліне келе алмайды. Қазақ халқы мен бір сыпыра шетел халықтарының өзара танысып, білісуі, ықылас-ілтипаты олардың әдебиеті арқылы да іске асуда.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 А.М. Руссо. «Сравнительное литературоведение». М., 1967.
- 2 Маданова М.Х. Актуальные вопросы литературной компаративистики.– 1999.
- 3 Мамраев Б.Б. Казахские литературные связи начала XX века. – Алматы: Наука, 1998.
- 4 Маданова М.Х. Введение в сравнительное литературоведение. – Алматы, 2002.
- 5 Исмаилова Ф.Е. Феминистская имагология. – Алматы, 2003.
- 6 Поспелов Г.Н. Стадиальное развитие европейских литератур. – Ленинград, 1979.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада әдеби шығармаларды салыстырмалы түрде талдаудың теориясы қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается теория сопоставительного анализа литературных произведений.

М. ҚАБАНБАЙ ПРОЗАСЫНДАҒЫ КЕНТАВР ОБРАЗЫ ХАҚЫНДА

Панзабек Б.Т. – оқытушы (Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Әдебиет жеке тұлғадан топ, топтан ұйым, ұйымнан белгілі бір ауқымды құраған қоғамның кескін-келбетін мүсіндейді. Әдебиеттің ауқымдылығы да сонда – бүкіл қоғамның даму тенденциясындағы өзгерістер мен жаңалықтарды, өткен өмірі мен тіршілігін, жаратылысын, т.б. болып жатқан, болып өткен, болар кезеңін бәрін-бәрін үлкен идеямен суреттей алады.

Жазушының идеясының даму динамикасының бастау алар тұсы, дағдарысы, әлсіреуі, шарықтау шегі болатыны да шартты құбылыс. Адамзат өміріндегі болмыс пен табиғат арасында, адам мен жануар арасындағы қарама-қайшылық немесе бірігіп, біртұтас мәнде болуы да терең ойға жетелейді.

Марат Қабанбай шығармашылығындағы «Кентавр» немесе «Кісікіік» ұғымы үлкен мәнге ие. Қазақ әдебиетінде Кентавр образын автор алғаш рет сөз еткен. Шығармашылығындағы бұл ой, бұл тақырып, бұл идея әу бастан-ақ оқырманға жиі ұшырасады. Қаламгер, әсіресе, 1997-1998 жылдарда бірнеше мақалалар жазды. Өмірінің соңына қарай қолына алған «Кентавр» романы аяқталмай қалған. «Кентавр» – қандай ұғым? Алдымен соған тоқталып көрейік.

Кентавр – көне гректер ойлап тапқан мифтік образ. Көне дүниені зерттеп жүрген ғалымдардың айтуынша, гректер бұл образды ежелгі түркілерге қарап отырып ойлап тапқан деседі. Ат үстінен түспеген түркілер көне гректерге ат үстінде ұйықтайтын қысқасы, атпен бірге жаратылғандай боп көрінген ғой. Кентаврлардың бойындағы буырқанған бұла күшті, қайрат-жігерді, еркіндікті, шалттықты, асаулықты дәл берумен қатар, олардың алауыздықтарын, аңғалдығын, басы бірікпегенін, бірін-бірі аямағанын да көрсетеді /1/. Бұл – Арнольд Бэклиннің «Кентаврлар шайқасы» атты суретінің (1873 ж.с.) түсіндірмесі.

Марат Қабанбай шығармашылығындағы «Кентавр» түсінігі белгілі бір жүйемен дамып отырған, ауқымы кең. Ұғымның өткені мен бүгіні және болашағы туралы дәлелді пікір, тұжырымды ой айтқан. Аталмыш образға автордың аса үлкен дайындықпен келгеніне баспасөздегі мақалалары, прозадағы шығармалары дәлел болады.

Түркілер тарихында, дәлірек айтқанда ата-баба тарихында адам мен ат бірін-бірінсіз өмір сүре алмады, бірін-бірі толықтырды. Атқа құрық салып, бас үйретіп, қарғып мініп, көшпеліге айналды. Аттылы адам мен жаяу адамның айырмашылығы, олардың ойлау жүйесі мен ақылы, қиялы, тарихта қалдырар мұрасы әрине бөлек болмақ. Аттылы мен жаяу тіршіліктің соқпағы әлі күнге дейін бірін-бірі қуалап келе жатыр. Мұны да қаламгер қалт жібермейді: «Аттылы жаяудан 1,5 кез биік. Қызық болғанда, осы екі ара екеуін тіршіліктің, ойдың қай түрінен болсын, космостық қашықтыққа бөліп тастады» /2/. Ат, соқа соңындағы отырықшы биіктігі қырық кез сарайларды сәндеп соқса да, қырық құлаштық қисса тудыра алмады, ал итарқа күркесін «кең сарайдай боз үйім» деп бөсетін салт атты қазақ 150 томдық фольклорды, көрші қырғыз қалыңдығы кісі өлтіретін «Манасты», бір уыс қалмақ «Гэсерді» ғасырлардың аңызға астық желінің өтінде көздері қан мен жасқа тола қарлығып тұрып жырлады.

«Тарих баба былай дейді...

...Иран мен Тұран жеңісе алмай, бір-біріне табан тіреп жатып алған, ертегілер әлі айтылмаған, әлмисактан да арғы бір заман екен. Сәл қулау, пәл пұлдылау Иран әманда ержүрек гректерді жалдап, шептің қақ ортасына, ең сойқан қырғынға соларды сайлап салады. Екі жақ та атты әскер дегенді білмейді, жаяу соғысады. Тұран да тоқалдан туған жоқ, сақ, скиф секілді туыстарын соғысқа тартады.

Күндердің күні екі армия бетпе-бет келіп, армансыз шайналысады. Грек – алда, парсы – сонда, Тұранды таптап барады... Кенет қайдан шыққаны белгісіз, төрт тұяқты, қыл құйрықты, ат денелі, адам басты бір құбыжықтар құйғытып шауып келіп, парсы, гректерге жебені жаңбырша жаудырады да, жалт беріп, кейін ысырылады. Шетінен шапса семсер, лақтырса найза дарытпайтын, ұшқыр да әбжіл пәлекеттер. Бас жиғанша қайта оралып, сіресіп тұрған гректерге бұғалық тастап, тулақтайын дырылдатып сүйретіп әкете барады. Мұндай ат, әрі адам тажалды көрмеген гректер тым-тырақай қашады. Парсы жер болып жеңіледі.

Ертеңінде әскери сот болады.

– Уа, ержүрек гректер! – деп ышқынады парсы трибунал. Біз сендерді дорба-дорба динарға жалдап ек. Кешегілерің не масқара?! Не қара басты сендерді, Зевс құдайдың қаһарман перзенттері?! Енді, міне, сендерді өлім жазасына кесейік деп тұрмыз...

Үсті-басы салтақ-салтақ қан мен шаң қарт грек қолбасы алға шығады.

– Тірі пендеден шегініп көрмеппіз. Кеше де Тұранмен қылыш жүзінде қатқыл сөйлесетін ек. Бірақ бізге адам емес, жарты құдайлар шапты. Ал, гректер құдайлармен соғыспайды, – деп көзелің кеудесін керіп тұр.

Парсылар у да шу.

- Мынау не деп көкіп тұр-ей, өзі?!

- Қайдағы құдай?

- Кеше құдайды көрсек көзіміз шықсын!
- Гректер де берілмейді.
- Адам басты, ат денелілер құдай емей немене?
- Бүтін болмаса да, жарты құдай! /3/ – деп «Кентавриада» атты мақаласында

кентавр образы жөнінде кең ұғым, мол түсінік береді.

Гректер осылайша кешіріледі. Ал, адам басты, ат денелілер «кентаврлар» деп аталынып кетеді. Кентаврлар жойқын күш иесі, әрі адуын, аңғалдау кейіпте грек мифологиясына қайтып шықпастай болып кіреді. Марат Қабанбай «Кентавр» романында баспасөз беттеріндегі түрлі ойларын жинақтаған сияқты. Автор қазақтың ұлттық даму танымының басқаға еш ұқсамайтын кісікиіктік-кентаврлық жатқандығын сөз етеді.

Жазушы американдық Дж. Алдаиктің «Кентавр» романын оқыған. Суретшілердің полотноларындағы кентаврлардың бейнесін көрген. Марат Қабанбай түркілерді кентаврға теңеуінің себебіне үңіледі. Жалпы, жер бетіндегі әр зат, құбылыс кентаврдың бойындағы қарама-қарсылығынан (адам-жануар) және тап осы екеуінің бірлігінен (адам+жануар) түзіледі. Әлем кентавризме «буаз». Ең ұсақ микро бөлшек атомның өзі +сияқты қарсы зарядтардың қорасы. Ал, атом – микрокентавр, бұл дүниенің алтын кірпіші. Кентаврдың адам басы ми, Логос болса, ат денесі – комағай қарын. Ол – тіршіліктің эзир үлгісі, пішімі, пошымы. Адами басы – ақыл, мәдениет, өркениет, есебі, рухани бөлегі, ат денесі – тұла бойымыздағы жануарлық дүлей инстинкттер. Осы екеуі ықылымнан бері бір Пенденің қаратұяғынан құйқасына дейін жеңісе алмай келе жатыр. Адами басы қаншалықты көк зеңгірді ойша кезіп, есепсіз бостандыққа ұмтылса да, бокқарын жылқы дене бәрібір кеңірдегінен қылқындырып, еркіне жібермейтін диктатор, зорлықшыл. Бір денеде – әрі мәңгілік майдан, әрі мәңгілік бірігу!

Кентавр – адам бойындағы барлық жақсылық, жамандықтардың, рационалдық пен иррационалдықтың, үнем мен шашпалықтың, даналық пен есуастықтың жиынтығы. Екеуі бір-бірінсіз, жеке өмір сүре алмайды. Сонымен бірге қаламгер «Таңсәриде туған баллада» /4/ деген мақаласында қоғамның ащы тұстарын ашына жазады. Қазақстан Жазушылар одағы көркем әдебиетті насихаттау мақсатында ақын-жазушыларды еңбекші қауыммен қауыштыратын. Бұл жолы Ақтөбе облысына барғандығы турасында Марат Қабанбай ақын Өтежан Нұрғалиев және кезінде Жоғары Кеңесте қызмет істеген зейнеткер қарт – үшеуінің куә болған сапарын былай баяндайды: «Қазақтың Пушкині»: үшеуіміз бұдан былай кентаврға айналамыз, сондықтан кентаврдың қақшиған басы – «миы» мына мен болайын. Ал, анау қабан жал Жоғарғы Кеңесті сораптап көп сорған адам, кентаврдың бырқыраған бок қарнын соған берейік. Сен, бала, кентаврдың алып кел де, шауып кел төрт сирағысың».

Бұл – қазақ қоғамының кентаврлық келбеті. Жазушы негізі ақынның өр тұлғалы болмысын, ақындығын жыр жинақтарын оқығаннан кейін былай дейді: «Ұққаным – өтекең тіпті де Пушкин емес, қазақтың алмас тілді Өтежан Нұрғалиеві екен. Және басы кетсе де, ақ, дал ісі жолында тілін тартпаған Махамбет атасындай-ақ бұ кісі ғұмыр бойы системеммен, яғни Кеңеспен, оның Жазушылар одағындағы итаршыларымен сөзімен де, ісімен де, сырттай да, іштей де шайнасып келе жатқан күдіс жалды көкбөрі екен... Оның осы жүрісінің өзі көтеріліс, әлденеге шақыру! Біздей үшкір тілі мен ерекше жүріс-тұрысы – тұнып тұрған этнографиялық қазақ, кентаврлық соңғы сынық. Ежелгі ғұндар мен сақтардың грек мифологиясына асау да тарпаң, әрі дана кентавр болып кірген тірі моделі».

Әр жерде қылаң берген ой жазушыны роман жазуға итермеледі. Шығарма «Кентавр» (Қолжазбасында «Кісікиік» деп аталады) деп аталады. Роман «Аң ба, адам ба?» – деген сұрақтан басталады. Қазақтың сар даласы. Из кесу. Мұса, Азат, Елтай, академик, аспирант «УАЗикте» келе жатыр. Академик пен аспирант балбал тастарды,

көне ескерткіштерді іздемекші. Алдымен Қозы мен Көрпештің моласы, біраздан соң Лениннің мүсіні. Автор мұны неге алып отыр? Себебі тарихтың терең қатпарлары көне ескерткіштерден бастау алады, одан батырлық, ғашықтық жырлар, кеңестік кезең және қазіргі уақыт... Автордың көзі қырағы. Мағжан-Ілияс... Қайта тірілтеді. 1937 жылдың құрбаны. Өзінің жүз жылдық мерейтойын тойлап жатыр деген соң, көруге келген. Ұрпақтар қандай шара жасап жатыр. Келгенімен ақынның өзін керек ете қоятын ешкім жоғын білгендей. Баяндау кейіпкер атынан: «Несіне келдің екен туған жеріңізге, ата! – деп тіс арасынан сыбырлап тұрғанын өзі де байқамай қалды...

Бұл өмірге тірі ақын емес, өлі ақын, оның өзі емес өлеңі ғана керек екенін, тірі көсем емес, оның әне, анау есік алдында күншығысқа қолын созып тұрған төрт метрлік гипс ескерткіші ғана керек екенін кім ұғыпты, кім біліпті – дүниенің қызығы да, шыжығы да осы ғой» /5/. Жазушы халқының не жағдайға түскенін өз көзімен көрсін деді. Ал, ақын сол өзінің жаңадан ашылып жатқан ескерткішінің қасынан қайтадан тұтқындалып кете барды. Жазушы ұлт тағдырының қасіретін осы бір көріністе аша түседі.

Елтай «Айшылық алыс жолдан» таныс кейіпкер. Талантты жазушы, бірақ бақытсыз. Ешқандай жер жұмысқа алмайды. Жазушы өз ортасын, өз қоғамын жайлап бара жатқан рухани кеселдерді қалдырмай тұтас қамтып, Елтай жүрегінен өткізеді. Романда көптің арасында жүріп, жалғыздықтың жапасын шеккен, білім десең білімі, тазалық десең жан тазалығы, адамшылық даралығы бар Елтай жол таппай күйзеледі. Жазушылар арасы, редакциядағы жанталас, сыраhanaдағы өмір, наркодиспансердегі жанкүйзеліс – осының бәрін қатқыл, ащы талқыға түсіреді. Жазушы кейіпкерлерінің жан дүниесіне, ішкі әлеміне көп үңіледі, өмір шындығын философиялық оймен жеткізбекші болады, адам мен қоғамның арақатынасы, жеке адам және қоғам. Деталь пайдалануда ұлттық реңк, ұлттық бояуды ұмытпаған. «Қайран, шіркін, қазекемнің тымағы-ай!» – деп ақын Ілиястың ешкім танымасын деп көзіне дейін түсіріп киген тымағын кім екенін білуге құмарта, ынтықтыра суреттейді.

Қаламгер романда сюжеттік уақытты ұйымдастырудың әр түрлі әдістерін пайдаланған. Ретроспекция, яғни шегініс – ақын Абайдың өміріне, өлеңдеріне тоқталу, оқиғаның тарихы – кентавр тарихына кейіпкерлер пікірталасымен беру, кейіпкер түсі – екеуі де Елтай түсі. Алғашқы түсі, әр ұлттан құралған топ, Арктиканың шоқы төбесі, адамдар бір-біріне тіл қатпайды, үнсіз, бәрі тереңнен ау тартып жатыр. Бір сәтте құс қанатты сұлу қыз тура Елтайға қарап: «Мен сені он мың жыл тосқанмын», – дей бергенде ау қолдан шығып, қыз қайта жылымға кете барады. Бұл түсті достары – Қараулек, Серікке айтып отыр. Автор бұл түсті Серіктің жоруымен жауабын былай береді: «Ол періңіз не құпия сыры қойнында тарих анамыз ғой деп ойлаймын. Елтайға бір көрініп кетуі: «Есіңді жинап, етегіңді жиятын кез келді, қазағым! Аптықпай-саспай адам болатын заман туды» деп белгі беріп кеткені». Екінші түсі – үлкен қаланың ұзын-ұзын көшелері лықа толы машина. Аздан соң машиналар ағыны көз ілеспей тұтас темір ағынға айналып бара жатады. Адам атаулы үйді-үйге қашып кіріп, биік балкондардан демдерін іштен ала мына тасқынға бақырая қарап қалған. Одан машиналардың бәрі де бірінен кейін бірі үн-түнсіз аяқтары аспаннан келіп жатты. Ары қарай мылқау күңгірт қорқынышты дүние басталды... Қарап отырсақ, автор екі түсті де романның негізгі айтар ойына жетер баспалдақ ретінде пайдаланады. Шығарманың өн бойынан қазақ халқының өмірі туралы толғаныс білінеді. Осы бүгінге дейін басымыз адам секілді, құйрығымыз ат сияқты бірдеңе болып келді, ал сол кентаврдың бойында ұлы ойшылдар армандап келген үлкен символикалық мағына бар дейді. Ұлы ойшылдар ғасырлар бойы жер бетіндегі тіршілік иелері – адам мен жануарлар арасындағы бейбіт өмір сүрістен ұлы гармония, сәйкестік іздеп келген. Қаламгер ойын жинақтай келе «Кентавр – адам мен жануардың ең жақсы қасиеттерін бір бойына жинақтаушы ортақ образ» – дейді. Марат Қабанбайдан кейін қазақ әдебиетінде кентавр образын Асқар Алтай өзінің

«Кентавр» әңгімесінде ойын ішкі психологиялық иіріммен көрсетеді. Асқар Алтай шығармасында жылқы тұрпатты, бірақ адам тұлғалы Басаралының дүниеге келуін күрделі жағдайда өрбітеді. Жазушы ядролық апат аймағында дүниеге келген кемтар бала өзінің осындай күйге ұшырағанына кінәліні іздеп, болашағынан үмітін үзген бала бейнесін емес, жылқы тұрпатына қарамастан айналасына зор сүйіспеншілікпен, сеніммен, болашағына үлкен мұратпен қараған жылқы-жігіт бейнесін жасаған. «Сар даланы сағына күткен тұрандық жылқы-адам осылайша қайта оралған еді» /6, 122/.

Жалпы, Марат Қабанбай баспасөздегі сұхбаттарында «Кентавр» романының жазылуы жөнінде мынадай пікірлер айтады. «Дидар» /7/ газетінде: «Кісікіік» романы – онда қазақтың тарих көшінен адасып қалып қойғанын философиялық сипатта көрсетпекпін, – десе, «ZAMAN-Қазақстан» /8/ газетінде: «Кісікіік» деген роман жазып жүр едім. Ат пен адамнан тұратын кентавр қазақтың бүгіні туралы... Мына заман киіп кетіп, қолыма журналистік қаламды ұстата қойды, – деп өкінішін жасырмайды.

Жазушы романына қазақ халқының тағдыры арқау болған. «Кентавр» романында романтикалық сипаттағы, күрделі тағдырлы кейіпкерлерді көрсету, оларды қиын жағдайда сынақтан өткізу, характердің психологиялық ахуалын баяндаудағы драматизм мен экспрессия ерекше сезіледі.

Айқындаушы сәттің мағыналы қабаттары көп. Роман аяқталмаса да қаламгер өзінің айтар негізгі ойын шығарма соңындағы абзацтардан байқауға болады: «Қолына бүктелген қағазды ұстатты. Көзіне жас толып кетті ме, қағаздағы ірі-ірі жазулар су астына батып бара жатқандай тым бұлдырланып көрінді. «Елтай, жағдай осылай болды, қайтеміз. Қазақтың басына келген пәле-жала менімен бірге кетсін деп тілеймін. Ақыретте кездескенше қош...» – Е, Қареке, Қареке!»

Қазақ халқын кентаврдың асаулығына, ақылдылығына, даналығына теңеп, «Кентавр» образы біздің өткеніміз ғана емес, ол біздің болашағымыз деп сенеді: «Батыс пен Шығыстың нәрлі емшегіне мойнын қаншама ғасыр созса да, жеткізе алмай ындыны кепкен қазекем сонда грек мифологиясындағы адам басты, жылқы денелі әйгілі кентаврға айналып, өз топырағында туған жаңа Геракл, Алпамыстарды да тәрбиелеп шығарар /9, 159/.

Қорыта айтқанда, «Кентавр» образы Марат шығармашылығында елеулі орын алады. Мақала соңын автордың өз сөзімен аяқтасак: «Келесі ғасыр – Еш талассыз! Кентаврлар ғасыры!»

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақ әдебиеті. 22-маусым. – 2001.
- 2 Ана тілі. 27-наурыз. – 1997.
- 3 Ана тілі. 20-тамыз. – 1998.
- 4 Ана тілі. 25-сәуір. – 1997.
- 5 Таң-Шолпан. – №3. – 2004.
- 6 Алтай А. Қыр мен қала хикаялары. – Алматы: Санат, 1998.
- 7 Дидар. 25- қазан. – 1996.
- 8 ZAMAN-Қазақстан. 27-желтоқсан. – 1996.
- 9 Қабанбай М. Қазақ, қайда барасың? – Алматы, 1995.

ТҮЙІНДЕМЕ

Аталған мақалада Марат Қабанбай шығармаларындағы «Кентавр» образы туралы сөз қозғалады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается образ Кентавра в произведениях М. Кабанбая.

АКАДЕМИК С. ҚАСҚАБАСОВТЫҢ ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГТИК МЕКТЕБІ

Пірәлиева Г.Ж. – ф.ғ.д., профессор (Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

ҚР ҰҒА -ның академигі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың иегері, ф.ғ.д., профессор, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры, көрнекті фольклортанушы ғалым Сейіт Асқарұлы Қасқабасовтың ғылыми мектебі, педагогтық қыры жөнінде әңгіме әзірге қозғала қойған жоқ. Бүгінгі әңгіме ғалымның осы қыры жайында болмақ.

Табиғатынан талапты, ізденімпаз, әрдайым білсем деген құштарлықтың құшағында жүретін Сейіт Асқарұлы студент шағынан бастап ғылыми жұмыстарға белсене атсалысты. Қазақтың тұңғыш білім ордасы саналған Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының (қазіргі Қазақ ұлттық университеті) тарих-филология факультетінде жүріп, фольклортанушы ғалым Н.С. Смирнова жетекшілік ететін халық арасындағы көне әдеби мұралаларды жинау, зерттеумен айналысатын ғылыми ортаға түскен ізденімпаз жас халық ауыз әдебиетіне мамандана бастайды. Ұстаздарының тәлімгерлік-педагогтік қасиетін жанында жүріп, тоқи білген ол есейе өзі де ғылыми жұмыстармен бірге жастарды білімге, ғылымға баулуды басты мақсаты деп білді. Ұстазы Н.С. Смирновамен бірге бірнеше ғылыми мақалалар жазып, қазақтың халық ауыз әдебиетінің тарихына, теориясына, әсіресе бұрындары зерттелінбей жатқан прозалық ертегі жанрының ерекшеліктері мен көркемдік әлеміне терең мән беріп, осы тақырып төңірегінде тынымсыз ізденеді. Алғашқы мақаласын 5 курста жазып, арнайы журналда жариялаған жас тынымсыз талпынудың нәтижесінде 1964 жылы М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының аспирантурасына қабылданады. Оны үздік бітіріп, қазақтың қиял-ғажайып ертегілерін зерттеп, 1969 жылы «Казахская волшебная сказка» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғайды. 1989 жылы М.В. Ломоносов атындағы Москва мемлекеттік университетінде «Жанры казахской народной (несказочной) прозы» атты тақырыпта докторлық диссертация қорғайды.

Осыдан соң-ақ, ғалымның фольклортанушы ғана емес бүкіл қазақ әдебиетінің көкейкесті мәселелеріне қатысты құнды ғылыми тұжырымдары мен теориялық еңбектері әдеби-ғылыми ортада жылы қабылданып жатты. Осы ретте оның айтылмай жүрген қыры- қазақ фольклортану ғылымында осы күнге дейін қалыптастырып үлгерген ғылыми мектебі мен студент жастардан бастап ізденуші магистранттарға, аспиранттарға жүйелі түрде арнайы мақсатпен дәріс оқуы және бірнеше кандидаттық, докторлық диссертацияларға жетекшілік жасауы дер едік. Сондай-ақ, талай талапты жастардың ғылымдағы тұсауын кесіп, ірі ғылыми жолға бағыттап отыруы нағыз ұстазға тән қадірлі қасиет. Көптеген шәкірт тәрбиелеген ұлағатты ұстаз С. Қасқабасовтың дәрісін ізденушілері-шалқар шабыттың шығармашылық көрінісі, терең теориялық білімнің қайнары, әлемдік деңгейдегі ғылыми ақпараттың ағыны деп есептейді. Кезінде Ресейдегі М. Горький атындағы Әлем әдебиеті институтының студенті әрі тыңдаушысы, үлкен білім ордасының талантты түлегі – бүгінде сол әлемдік деңгейдегі ірі мектептің білгір маманы ретінде әлі күнге дейін түрлі ғылыми-теориялық мәселелерді шешуге белсене атсалысып келеді. Талантты ғалым С. Қасқабасовтың өз білгенін бәсекеге бейім бүгінгі жастарға үйретуге, ол үшін өзінің уақыты мен күш-жігерін аямайтын адал ұстаздық қасиеті қашанда құрметке ие. Оның әмбебаптық білімі, қоғамдық ғылымдар саласындағы жүйелі білімі, өз мамандығы мен шәкірттеріне деген адалдығы кімді де сүйсінтеді. Ғылымға келген күннен бастап республикамыздың бірнеше ЖОО-да ұстаздық еткен профессор С. Қасқабасов фольклортанушы, әдебиеттанушы ретінде шәкірттердің бірнеше буындарын тәрбиелеп шығарды. Оларға қазақ фольклористикасынан арнаулы курс бойынша дәріс оқыды. Оның әрбір сабағы тың ғылыми жаңалықтарға толы,

теориялық білімге бай, құнды әдеби-ғылыми мәліметтерге мол болып, шәкірттерін үнемі шабыттандырып, тыңдаушыларының ізденуге деген құштарлықтарын арттырып отырды. Ұстаздың өзіне тән әдістемелік-педагогикалық тәсілдері болды. Ол ең біріншіден, шәкірттерінен тәртіпті, сабаққа уақтысында келуді, кешікпеуді, тапсырманы мүлтіксіз әрі шығармашылықпен орындауды талап етті. Тәртіп бар жерде ғана табыс бар екендігін ескертуді ұмытпайтын. Сонсын, таңдаған мамандығына, ғылымға адал болмай ешқандай жұмыстың жемісі болмайтындығын бірінші күннен талап ететін-ді. Өз пәніне, шәкірттеріне деген адалдық пен тынымсыз іздену, талап қоюшылық ұстазды да талай табыстарға жетелеп, абыройға бөледі.

Шәкірт тәрбиелеуді, ұлтты, оның жас ұрпағын, әсіресе жас ғалымдарды, қазақ ғылымын тәрбиелеу деп ұққан ұстаз мұғалімдік мамандықты мемлекеттік міндет, өз елінің алдындағы перзенттік парызы деп ұқты. Сондықтан мемлекетіміздің ертеңін, еліміздің болашақ мамандарын, мемлекет қызметкерлерін даярлаудағы міндетін абыроймен атқаруды жөн деп ұқты.

Осы орайда мына бір әңгіме еске оралады. Бір әмірші Әбу Насыр әл-Фарабиден: «Менің мемлекетімнің ертеңі туралы не айтар едің?» – деп сұрапты. Сонда әл-Фараби: «Сен маған өзіңнің жастарыңды көрсет, сонда мемлекетіңнің болашағын барлау қиынға соқпайды», – деген екен. Ұлы данышпан бабамыз айтқандай қай кезеңде де болашақтың қожасы жастар болған. Не шықса да, солардан шығатынын жақсы ұққан ұстаз С.Қасқабасов, әсіресе ауылдан келген бойларында ұлттық рухтары бар, халықтың ауыз әдебиетін, сөз өнерін ана сүті арқылы еміп, емін-еркін игеріп келген қара домалақ қазақтың қыздары мен балаларын баулуды мұрат тұтты. Сол мақсатта еңбек етті. Еңбек жеміссіз емес екендігін бүгінде ғылымда жүрген шәкірттер шоғының көптігі дәлелдейді.

Шексіз үміт пен үлкен идеялармен қанаттанған қайраты мол, екпіні қатты жас толқын қашанда тоғышарлық пен бойкүйездікке бой алдырмағаны белгілі. Сергек те сезімталдық қасиетті бойларына дарытқан жастар өздеріне жүктелген қасиетті міндеттің ауырлығын, жауапкершілігін ешқашан естерінен шығармаған. Сондықтан да ұлттық мәселелердің өздерінсіз өз шешімін таппайтынына сенімді жастар қай салада болсын көшбасында болуды мұрат тұтады.

Халқымыздың тарихында да, кешегі желтоқсан оқиғасында да көш бастап, ұлттық мәселе жолында өздерін құрбандыққа шалған жас ұрпақ өкілдері С.Қасқабасовтың күнделікті көз алдында өсіп, мемлекетіміздің өркендеуіне өз үлестерін қосып келеді.

Сондай ертеңгі өмірге деген іңкәр сезімдері мен үкілі үміттері мол, кеше ғана ауылдық мектептерді бітіріп, арман арқалап, Алматыдағы қазақтың мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің филология факультетіне оқуға түскен жауқазын қыздар төрт жылдың ішінде тым тәуір білім алып, мемлекетіміздің ертеңін елестете алатындай әсерге бөлейді. Ауылдан білім аңсап, бүкіл күш-жігерін соған жұмсаған қыздардың арасында жоғары оқу орны талап ететін бакалаврлық біліммен қатар ғылыми жұмыстарға да белсене атсалысып, мерзімді баспасөздерге зерттеу жұмыстары жарияланып жүргендері де баршылық. Міне, осы арада жастарды ғылыми жұмысқа баули білетін, олардың ізденіске деген құштарлығын оята білу де ілудегі бір ұстаздардың ғана қолынан келетін қасиет. Біз білетін ұстаздардың ішінде осы қасиет дарыған, өзінің табиғатында тәлімгерлік таланты бар кісінің бірі де – Сейіт Асқарұлы Қасқабасов.

Өзінің ғылыми ірі жобалық жұмыстарына қоса педагогикалық қызметті үнемі қоса алып жүретін ҚР ҰҒА-ның академигі, ұлттық фольклортану ғылымының докторы, профессор Сейіт Қасқабасов қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде бірнеше жылдар бойы магистранттар мен аспиранттарға жүйелі түрде фольклортану ғылымынан дәріс жүргізді.

«Әдебиеттану мен фольклортанудың өзекті мәселелері», Фольклордың теориясы мен тарихылығы» т.б сынды пәндерді жүргізген ол шәкірттеріне өте қатал, талапшыл болды. Өзіне белгіленген уақыттан тыс та ақыл-кеңестер беріп, үнемі жазған конспектілерін ерінбей қадағалап, тексеріп, қалай жазу керек, нені назарға алу керек, әдебиеттерді қалай екшеп, талғаммен танып алу керек, кімдерді оқу керек, ғылымды қалай жүйелеп, қалай жазу керек т.б. деген сияқты таусылмайтын сауалдарға сағаттап студенттермен бірге жауап іздейтін ұстаз өзінің де тынымсыз ізденімпаз зерттеуші екендігін аңғартты. Және ғылымға келген адамның адал, адами қасиетінің жоғары болуын, да қатаң қадағалап, ізденушілерден талап ете білді. Білім жолына түскен жастың бірінші күннен күнделікті күйбең тіршіліктен биік болуын, пайданы емес, парасаттылықты пайымдау керектігін және оларға «бұл дүние мен ол дүниенің жақсылығы –ғылымда, бұл дүние мен о дүниенің жамандығы-надандықта» екендігін үнемі ескертіп отырды. Ағаштың өсіп-жетілгенін бұтақтағы жемісіне қарай бағаласақ, жастардың, жалпы адам баласының басына қонған бақыттың тұрақты болуы да жақсы мінез бен терең білімге байланысты екендігін үнемі өзіне мұрат тұтқан ғалым шәкірттеріне де осы уағызды насихаттап отыруды міндеті санаған сынайлы.

Жапонияда әр ұстаз шәкіртімен 3-4 сағат бойы үзіліссіз жұмыс жасайды екен. Тап сол әдіспен жұмыс жүргізетін көрнекті ғалым Сейіт Асқарұлының көп шәкірттері бүгінде фольклортану ғылымының кандидаттары. 2006-2008 жылдардағы институт магистранттары Гүлнұр Бейсенбаева, Назым Салихараева т.б ұстаздарының өте жауапкершілігіне, талапшылдығына дән риза екендіктерін үнемі айтып отырады. Біз бұл мазмұндағы әңгімені көрнекті ғалымның өз ізденушілерінен де, М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтындағы фольклортану бөлімінің қызметкерлерінен, сол кісінің жетекшілігімен қорғаған шәкірттерінен, бірге қызметтес болған әріптестерінен де естиміз. Қалай болған да талап барда, жастардың келешегіне деген жауапкершілік бар жерде жұмыстың жемісті жүргізілері хақ.

Қазіргі қазақ фольклортану ғылымының дамуы мен зерттелуі, ұлттық фольклортанушы ғалымдардың мектебін қалыптастыру мәселесі де ұлағатты ұстаз С.Қасқабасовтың есімімен тығыз байланысты. Өйткені, төл тарихымыздың әр түрлі кезеңдеріндегі сөз өнерін гуманитарлық ғылымдардың басқа салаларымен сабақтастыра зерттеуге зер салған ғалымның ғылыми-теориялық еңбектерін бүгінде барлық жоғары оқу орындарында арнаулы пән оқулықтары ретінде пайдаланады. Ғылыми еңбектің нәтижелілігінің өзі - оны мектеп және ЖОО орындарында арнаулы кәсіби мамандардың күнделікті қажеттілігіне, яғни оқу құралына айналдырып, рухани айналымына ендіру емес пе?

Осы ретте ғалымның ғылыми ізденістерінің тереңдігін танытатын ірі монографиялық зерттеулері мен ұлттық фольклортану ғылымының күрделі теориялық мәселелеріне арналған еңбектері педагогика саласына да сүбелі үлес қосып келеді. Ортағасырлық әдебиет тарихы бойынша маманданған ғалымның ұлттық сөз өнерінің, оның ішінде халық ауыз әдебиеті мен фольклортану ғылымының теориясы мен тарихы, оның сан алуан ғылыми бағыттары мен көркемдік категорияларын қарастырған 300-ден астам ғылыми зерттеулері жарық көрген. Сондай-ақ, фольклор, әдебиет және өнер мәселелері жөніндегі 10-нан астам монографиялық еңбектің, атап айтар болсақ, 2000 жылы екі томдық «Золотая жила» атты еңбегі, 2002 жылы «Жаназық», 2008 жылы «Елзерде», 2009 жылы «Ой өріс» т.б. зерттеулері жарық көріп, әдебиет сүйер қауымның сүйіспеншілігіне бөленді. Әсіресе, республикамыздағы ЖОО-дағы филология факультеттерінің пән оқытушылары мен студенттерінің оқу құралдарына айналғаны анық. Зерттеушінің ұлттық құндылықтарды зерттеп, насихаттаудағы ұзақ жылғы еңбегі мен халқымыздың мүддесі жолындағы табанды да адал қызметі жоғары бағаланып, мемлекет тарапынан арнайы сыйлықтарға ие болды. Атап айтар болсақ, «Қазақ халық прозасы» монографиясы үшін 1986 жылы Ш.Ш.Уәлиханов атындағы ҚР ҰҒА

сыйлығына, ал 1992 жылы «Казахская сказочная проза» монографиясы үшін ҚР Мемлекеттік сыйлығына ие болса, 1996 жылы Жамбыл атындағы, 2003 жылы Махамбет атындағы сыйлықтардың лауреаты атанды.

Ұлттық әдебиеттану ғылымында қазақ халқының бүкіл прозалық фольклорын, оның туу, қалыптасу, даму кезеңдерін айқындап, жанрлық ерекшеліктері мен поэтикалық әлемін ұзақ жылдар бойы зерттеп, мамандығы мен тақырыбына деген адалдығын таныта білген зерттеуші-ұстаз өз білгендерін үнемі шәкірттеріне үйретуден жалықпаған. Өзінің ғылыми идеяларын жүзеге асыру мақсатында шәкірттерін жүйелі ғылыми бағыттар бойынша тәрбиелеп, прозалық фольклордың алғашқы қауымдағы мифтерінен бастап, оның барлық көркем жанларының көркемдік әлемінің қырларын, фольклортанудың бұрындары зерттелмей келген кезеңдерін т.б ізденушілеріне тақырып етіп бере отырып, үлкен ғылыми мектеп қалыптастыра білді. Оның нақты дәлелі ретінде ғалымның ғылыми жетекшілігімен фольклортану, мәтінтану, әдебиеттану және өнертанудың көкейтесті мәселелері бойынша 11 докторлық, 25 кандидаттық диссертация қорғалғандығын атап айтуға болады. Бірнеше жылдар бойы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті М.О. Әуезов атындағы Әдебиет институты жанындағы филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін беру жөніндегі Д.53.34.01 Диссертациялық кеңестің төрағасы ретінде де республикамыздың барлық ЖОО орындарына әдебиеттану, фольклортану, салыстырмалы әдебиет, қазақ әдебиеті т.б мамандықтары бойынша кандидаттар мен докторлар дайындап келеді.

Академик С. Қасқабасов жетекшілігімен тәуелсіз еліміздің әдеби-мәдени мұралары қайта зерттеліп, 10 томдық көлемде «Қазақ әдебиетінің тарихы» жазылып, жарияланды. Осы он томдық тарихтың С. Қасқабасовтың тікелей жетекшілігімен 1 том жазылды. Онда қазақ фольклорының тарихы мен теориясы жаңаша пайымдалды, жаңаша зерттелді.

Республикамыз ғана емес шет елдерге де белгілі фольклортанушы-ғалым С.Қасқабасовтың фольклор, әдебиет, өнер, этнография, мәтінтану, аударма және лексикография т.б. салаларындағы сүбелі еңбектері студент қауымына да жақсы таныс.

Фольклортанушы ғалым еліміздің жалпы білім беретін мектептері мен жоғары оқу орындарында да еңбек етіп, бүгінгі мемлекетіміз міндет етіп отырған нарықтық заманның бәсекеге бейім, әлемдік білім деңгейін меңгерген, зиялы ұлт қалыптастыруға да өз үлесін қосып келеді. Айталық, көрнекті ғалым С.Қасқабасов бірнеше жылдар бойы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің студенттеріне қазақ фольклорынан дәрістер оқып, практикалық сабақтар, арнайы семинарлар өткізеді.

Мемлекеттің ертеңі болар жастарға деген қамқорлықты білікті басшы әрі білгір ғалым С.Қасқабасов рухани құндылықтарды насихаттайтын халқымыздың әдеби, мәдени мұралары жөнінде жазылған ғылыми зерттеулерді ЖОО–ның кітапхана қорына сыйға тарту арқылы да танытып отырады. Оған 2009 жылы М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты кітапханасының қорынан Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеттің кітапхана қорына 200-ге жуық кітап сыйлап, қол ұшын беруі дәлел бола алады.

Сондай-ақ жоғары оқу орындарымен тығыз шығармашылық бірлікте жұмыс жүргізетін басшы 2008 жылы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтта ширек ғасыр бойы ұстаздық еткен аса көрнекті ғалым, ҚР ҰҒА-ның академигі, қазақ әдебиеттануындағы өлеңтану саласының негізін салушылардың бірі Зәки Ахметовтің 80 жылдық мерей тойын осы ұжымымен біріге отырып, жоғары деңгейде өтуіне өз үлесін қосты.

Ал, 2007 жылы осы университет пен С. Демирел атындағы университет бірігіп өткізген «Әлемдік рухани құндылықтар және қазіргі қазақ әдебиетінің өзекті

мәселелері» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның пленарлық мәжілісінде «Мәдени мұраны зерттеу мәселесі» деген тақырыпта мазмұнды баяндама жасап, өзіміздің ұлттық тарихи-мәдени құндылықтарымызды жинап, жүйелеп жазудағы жеткен жетістіктеріміз жайлы шет елден келген ғалымдарға аса құнды ғылыми мәліметтер берді. Бұл университет ұжымы мен ұстаздар қауымы және студенттер үшін біздің ұлттық құндылықтарымызды насихаттаудағы, оларды ғылыми-теориялық тұрғыдан қорытып, тәжірибелік негізде игерудегі игі дәстүрімізді танытудағы танымдық, тағлымдық, тәрбиелік игі істер болғаны белгілі.

Міне, осындай әлемдік, халықаралық ғылыми форумдарда қазақтың сөз өнерінің теориялық және оқу-әдістемелік мәселелерін ғылыми тұрғыдан көтеріп, республикамыздағы ЖОО-на үнемі көмегін көрсетіп, қол ұшын беріп жүретін елгезек, ұлт мүддесі жолында ерінбей еңбек ететін көрнекті ғалым Сейіт Асқарұлының педагогикалық қырын арнайы атап өтуді жөн санадық.

Қай салада жүрсе де сол ортаның ғылыми-педагогтік әлеуетін көтеруге үлкен үлес қосып жүрген академик С.А. Қасқабасов бүгінде 70 жасқа толып отыр. Ғылыми-педагогтық қызметіне 40 жылдан астам уақыт болған көрнекті ғалым, білікті басшы, білгір ұстаздың әлі де жастар арасындағы әдістемелік, зерттеулік, ғылыми жұмыстары жүйелі түрде жүріп, жемісін беретініне сеніміміз мол.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада көрнекті ғалым, білікті басшы, білгір ұстаз академик С.Қасқабасовтың әдебиеттану ғылымына сіңірген еңбегі сараланып, ұстаздық мектебінің тәлім-тәрбиелік қыры сөз етіледі.

РЕЗИЮМЕ

В статье рассматривается роль выдающегося ученого, известного руководителя, профессионального учителя академика С. Каскабасова, говорится о воспитательной грани его школы.

ҚАЗАҚ ЭПОСЫНДАҒЫ БАТЫРДЫҢ ТҮС КӨРУ АРҚЫЛЫ ЖАР ІЗДЕУ МОТИВИ

Нұрақыш Н. – аға оқытушы(Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Дастандардағы түс көру мотиві – бас кейіпкердің іс-әрекетінің негізі. Сол түсінде көргенді іске асыру үшін қиын сапарға жол шегіп, небір қиындықты басынан кешіреді. Өйткені, «Түс көру мотиві бүкіл әлем халықтарына тән және оның атқаратын қызметі әр қилы, алдағаны болжау кейіпкерді сақтандыру, кейіпкерге көмек беру, адамдарды белгілі іс-әрекетке шақыру», – дейді зерттеуінде Ыбыраев Ш. /1, 151/.

Әсіресе, «Қобыланды», «Алпамыс», «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» т.б. туындыларындағы түс көру сарынының алатын орны ерекше.

Халық сенімінде түс көру үлкен орын алатынын аңғарамыз. Алдағы оқиғаны, адам тағдырын көрген түс арқылы болжап білуге болады деген сенім мифтік танымнан туындаған.

Романдық эпостың оқиғалық, құрылыстық бітіміндегі ортақ, ұқсас тағы бір ерекшелік бұл кейіпкердің психологиялық жағдайы, яғни қалыңдығының іздеп табуына ең біріншіден, әке-шешесінің қарсы тұрып, бөгет жасауы, одан сапар шеккенде кездесетін қиыншылықтары (бал ашу, теріс бата, түс көру т.б.). Осыған орай Г.Пірәлиеваның «Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері» (Түс көру,

бейвербалды ишараттар, заттық әлем) атты докторлық диссертациясындағы қазақ эпосының түс көру, аян беру мәселелері: «Белгілі бір қауып-қатерден хабар беретін аруақты бабалардың Аян беру түстері мен одан кейінгі кейіпкер көңілін нілдей бұзатын психологиялық жағдайы, болашақтағы қалыңдығына қолы жетер жетпесі туралы хабар береді», – деген пікір айтқан [2, 76./]. Мысалы, Қозының шешесі түсіне кіріп айтқан сөзіне тоқталатын болсақ:

Ай, балам, қайт үйіңе, жол көрінбес,
Сарыбай барғанменен қызын бермес.
Ана тілін тыңдамай кеткен бала,
Жолынан аман қайтып, үйін көрмес...

дейді. Мұндағы анасы баласының бір қауып-қатерден қорғап басынан кешер қиыншылық, азабы туралы бір хабарын береді. Бұл жырдың барлық ұлттық нұсқаларында екі ғашықтың бақытына қарсы істелетін әрекеттер өте ұқсас. Ең әуелі қыздың әкесі қарсы, одан кейін қыздан үміткер жігіт қарсы. Жігіт қарсы болу себебі, әрине қалыңдығы туралы естіген жігіт ата-анасынан бастап барлығы қарсы болады. Яғни, жігіттің өз махаббатына жету мақсатында барлық бөгеттерге төзеп, әкешешесінің де сөздеріне қарсы шығады. Достық жолындағы серттің, алдын-ала бал ашып болашақты болжап және теріс бата сөзінің қаншалықты күші бар болғанын екі жастың қосылуына кедергі болатынын жырда жақсы баяндалған. Бұл сөздердің барлығы әрине, жігітке кері әсерін тигізгендігі көрінеді. Осыдан халықтың «айтылған сөз – оқ», немесе «ойланбай сөйлеген ауырмай өледі» деген мақалдары бекер айтылмаған дегіміз келеді. «Сейфүлмәлікте», «Жүсіп-Зылихада» да осындай ситуация қайталанады. Халыққа ертеден қанықты «Бозжігіт» жырының да жалпы желісі «Таһир-Зухраға» орайлас. Соның бірі – ғашықтардың түсінде танысуы. Бозжігіт Қарашашты түсінде көріп тілдеседі. Демек, бұл тәсіл ғашықтық жырлардың тұрақты композициялық кестесінің бірі деуге келеді.

Романтикалық қаһарман қандай жағдайда кездескеніне қарамастан қызға бірден ғашық болады. Өйткені, нас сұлу ерекше әсер етеді. Тіпті кейіпкер сезім күшінің әсерінен көз жасына ерік береді. Текстке жүгінейік. Сейфүлмәлік арудың дидарына жанары түскен сәтте талып та қалады. Мұндай жайды “ессіз ғашықтық” деп те атаған.

Есін жиып, тағы да көзін салды,
Көрген сайын қайран боп күйіп-жанды.
Ата-ана, елі-жұрты естен шығып,
Шаһзада сурет көрді жаны күйіп,
Жүзіне жүзін қоя аузын сүйіп.
Өртенді тұла бойы шаһзаданың,
Жүрекке ғашық оты қатты тиіп.

Сондықтан басты кейіпкердің сүйіспеншілік сезімінің идеализациясы мұндай шығармалардың негізгі жанрлық ерекшеліктерінің бірі болып есептеледі. Идеализацияның элементтеріне мыналар жатады: лап еткен сезім алауы, оның пайда болған ғажайыптығын тілмен жеткізудің қиындығы, махаббаттың мөлдір де қуатты толқыны, ынтық құштарлықтың шексіз төзімділігі. Барлық дастандарда ішкі сезімді махаббат дертіне шалдығу арқылы көрсету: (“ғашығын үнемі есінен шығармау, көз жасы, талып қалу, сандырақтау, жалбарыну”). Шығыс дастандарының қазақ нұсқаларының кейіпкерлердің сүйіспеншілігін суреттеу сарыны классикалық дастандар үлгісіне сүйенеді.

Сол сияқты, Төлегеннің Ақ Жайықтан еліне қайтар мезгілінде Жібектің жайсыз түс көріп шошынуынан, түбінде сол түстің расқа айналуын баяндаған тұстар да әсем, ажарлы берілген. Ауылынан ата-анасының айтқан уақытында, қасына нөкер ертіп кетпей, Жібекке берген уәдесінен кешікпеу үшін асығып, жалғыз, жасырын аттанған Төлегеннің інісі Сансызбаймен қоштасуынан осындай қауіптің сарыны сезіледі.

Қособаның түбінде Бекежан бастаған алпыс қарақшының қолынан мерт болу әлгі түстің “құдіретін” дәлелденгендей ұғым береді.

Ал, «Мақпал қыз» жырында түс көру, оны жору салты да бар. Жабы бір көзе су алып, жолға тастап кеткен құрдасы Бұлдырыққа келе жатып түс көреді. Оны құрдасы Бұлдырыққа жорытады:

Бүгін жатсам түс көрдім,
Түсімде жаман іс көрдім.
Ақсұңқар Мақпал болыпты,
Оң жағына қоныпты.
Алғыр қара бүркіттей
Қасында және құс көрдім.

Бұлдырық Жабының түсін жорып, ақ отауда Сегіз бен Мақпалдың еру қосылғанын айтады. Ашуға булыққан Жабы екеуінің басын шауып тастамаққа аттанады. Сонда Бұлдырық оның түсін екінші қайтара жорып, Жабының ашуын басады. Мұндағы түсті жорудың да психологиялық әсері, яғни, сену, өзгерту, өмірде түстің орындалуы, тұспалдап келуіне сену көрініс береді.

Сонымен қатар романдық эпоста архаикалық, қаһармандық жырлардың, ертегінің элементтері кездесетіні туралы көптеп айтылады. Әрине, мұндай араласу оның негізгі сипаты мен бағытына нұқсан келтірмейді.

«Ғамра» дастаны ертегілік, діни сипатта жазылған. Негізінде шығарманың өн бойында түске ерекше мән беріліп, әрбір жаңа оқиға түске енген аянға байланысты өрбиді. Дастанда діни ұғымдар – шариятқа қайшы келу, күнә жайлары, пайғамбарларды құрметтеу орын алған.

Жалпы дастандағы оқиғалардың өрбуін үш сатымен қарастыруға болады. Алдымен, баласыздық зарына қайғырған Мысыр патшасы Құсыраудың оқиғасы. Келесі Құсырау патшаның түсінде керемет құсты көруінен басталады. Мұндағы әкелерінің түсінде көрген ғажап құсты «әкемізге жасаған қызметіміз болсын», – деп, іздеп әкелу мақсатында үш баласы жолға шығады. Алдарынан жазуы бар тас кездеседі «барса келер жол», «барса келмес жолдары» кездеседі. Сондай-ақ, жол айырығына қылыштарын шаншып кететін оқиға желісі орыстың «Тоты құс» ертегісіне ұқсас. Онда да үш ағайынды әкелеріне керемет тоты құсты іздеу сапарында жолда кездесетін тастағы жазулары ұқсас келеді. Жырдың ерекшелетін жері екі жастың некесін қиюы. Бірақ, пері мен адамзат арасында берік сезім болғанымен, перілер адам қоғамында өмір сүре алмайды. Сондықтан Ғамра еліне жалғыз қайтады. Жолда аспазшыға құлдықта жүрген екі ағасын табады. Жолда ағалары Ғамраны күндеп, екі көзін ойып құдыққа тастайды. Сонда құс көздері қанатының астына жасырады. Үйіне жетіп әке-шешесіне де бар шындықты осы құс айтады. Дастан Құсырау патшаның қазасымен, шешесінің жоқтауымен бітеді. Ғамраның құдыққа тасталуы Жүсіп пайғамбардың оқиғасымен үндес.

Түс көрудің көбінесе эпикалық шығармаларға тән екендігін ескерсек, оның қажеттілігі алда болар оқиғаны алдын ала сездіруімен маңызды. Ғалым Р.Бердібаев «Ер Көкше» жыры жөнінде айтқан пікірінде: «Белгілі бір оқиғаларды түс көріп «болжау», қиын-қыстау кезеңдерде атқа «тіл бітіп» сөйлейтін болуы, өлген батырдың қайта «тірілуі», жай тасының құдіретімен жауын «жаудыру» секілділер – ескі дәуірдегі анимистік, магиялық, тотемистік дүниетанымдар қалдығы» /13, 11/, – дейді. Рас, түс көру, оны жорудың көнелігінің арғы дәуірлерде жатқандығын «Оғызнаме» дастанындағы Ұлығ Түріктің немесе, «Қорқыт ата кітабындағы» Салор Қазанның: «Түсімде не көргенімді білермісің, туысым, Қара Көне? Қайғылы бір оқиға көрдім. Жұдырығымда талпынған қаршыға құсымның өлгелі жатқанын, ақ отауымның үстіне көктен жарылып жай түскенін көрдім. Ел жұртымның аспанын қара тұман басқанын көрдім...» /3, 33/, – дейтін сөздерінен байқауға болады.

Қазақ ертегілерінде түс көру көп жағдайда қара сөз түрінде әңгімеленетін болса, батырлық жырларда өрнекті, ойнақы жыр жолдарымен жеткізіледі.

Әрине, батырдың түс көру арқылы жар іздеу мотиві ата-анасының достық ант сөз бергені мен салт-дәстүрдің ұстанымы емес, әрине сол заманның ер жігіттік намысы мен махаббаттың, сезімнің бірінші орында болғаны көрінеді. Эпостың жар іздеу мотиві туралы әлі де зерттеу қажет ететін мәселелердің бірі. Қазақ эпосының қазіргі таңда жаңа жарық көріп жатқан еңбектері де аз емес. Сондықтан осы жырларға сүйене отырып айтылатын да, ашылатын дәлелдер көп.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ш. Ибраев. Эпос әлемі. – А., 1991.
- 2 Г. Пірәлиева. Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері. – Алматы: «Алаш», 2003.
- 3 Хорезми. Махаббатнама: Дастан. – Алматы: Жалын, 1985. – 112 б.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада қазақ эпосындағы батырдың қалыңдығын таңдау негізінде түс көру, жору, т.б. мотивтің көрінісі туралы жазылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается один из видов мотива сновидения батыра в поиске своей суженей в эпосе.

«ОҒЫЗ-НАМЕ» КІТАБИ ЭПОСЫНДАҒЫ КОСМОГОНИЯЛЫҚ МИФТЕР

Сарбасов Б.С. – аға оқытушы (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

«Оғыз-наме» эпосының фольклорлық арқауының негізін көне космогониялық мифтердің, тәңірлік сенім мен тотемдік, культтік ұғымдардың кеңінен көрінуімен дәлелдеуге болады. Адам танымының алғашқы кезеңдеріндегі айнала табиғатты тұтас жан деп ұғыну, адам мен табиғаттың бір-біріне оң және теріс әсерлері туралы түсініктер бұрынғы ата-бабаларымыздың тұрмыс-тіршілігіне тірек болып, бүгінгі заман ой-танымында, әдеби көркемдік әдістерінде сақталған. Айнала табиғаттағы Күн, Ай, Жер, Жұлдыз, Тау т.б. құбылыстарға қасиет беріп, киелі санау, олармен қарым-қатынаста белгілі бір заңдылықтарды сақтаудың мәні – ол шарт бұзылса адам кеселге, ауруға, өлімге ұшырайды деген сенім. Сондықтан отқа, суға түкірме, аттама, айға қол шошайтпа, күн батарда ұйықтама, жер сабалама деген сияқты түрлі ұғымдардың әрқайсының өзіндік мәні бар.

Өйткені дүние жүзінің көптеген халықтары, солардың ішінде түркі, монғол халықтары да, ерте кезде табиғат сырларын түсінбеген. Ертедегі адамдардың дүниетану шама-шарқы төмен болғандықтан жаратылыс көріністерінің әр алуан түрлерін (ай мен күн, бұлт пен дауыл т.б.) жарылқаушы күш ретінде қабылдап, оларға сиынған, медет тілеген. «Шамандық сенімнің дүниеге келуі, – деп жазады Ш. Уәлиханов – жалпылай немесе жекелей табиғатты қадір тұту, қастерлеу болып табылады» /1, 171/. Осындай арғы замандардың айғағы болған Ай, Күн, Аспан, Жұлдыз сияқты космостық бейнелер бір кездері ертедегі адамдардың мифтік түсінігінен сәйкес туып, келе-келе ауыз әдебиетінің тұрақты поэтикалық образдарына айналған /1, 172./.

Алайда бұл ұғымдар аталып отырған ескерткіште тікелей негізгі кейіпкер

болмысымен тығыз қабысып жатады. Өйткені, ол күннің нұрынан пайда болады. Жалпы, дүниежүзі тарихында атақты адамдар мен Құдайлардың дүниеге келуі жайлы мифтерден көбіне күн нұрынан туу мотивін жиі кездестіруге болады.

Ежелдегі адамдар басында сәулесі болған, текті адамды нұрдан жаратылған етіп көрсету, ол құбылыс келе-келе мақсатты түрдегі қолданылатын фольклорлық әдіске айналған. Күн нұрынан пайда болу мотиві Шыңғысханның дүниеге келуіне байланысты т.б. қазақ жырларында көрініс табады.

Ежелгі түркі аңыз, эпсаналарында бақытты болатын адамның төбесінен нұр жауатыны туралы көп айтылады. Бұл дәстүр түркі халықтарының ерлік дастандарынан да орын алған. Мәселен, қырғыздың «Манас» атты эпосында болашақ батыр Манас та жолына нұр төгілген ал, өзін көкжал бөрі қорғап жүрген қаһарман болып келеді /2, 101/.

Түркі-монғол халықтарының аңыз-ертегілерінде кейіпкердің күн нұрынан туу мотивінің орын алуы ежелгі наным-сенімдерге байланысты. Жалпы, дүниежүзі халықтары фольклорында атақты адамдар мен Құдайлардың дүниеге келуі көбінесе күн нұрымен байланыстырылады. Фольклортанушы ғалым В.Я.Пропп: «Адам баласы мәдениеттің неғұрлым төменгі сатыларында болған уақытта «ғажайып туу» елдің бәріне талғаусыз таныла береді. Патша мен Құдайлардың бұлай тууы олардың артықшылығына айналды. Ал қарапайым адамдар қалыпты жағдайда дүниеге келеді. Египет патшалары өздерін «күннің құдайы Раның тұқымымыз» деп санайды. Осындай сенім Үнді патшалары мен ханзадалары және Қытай императорларында да бар», – деп жазған /3, 207-208/.

Ол «Фольклор и действительность» атты еңбегінде бүкіл дүниежүзі фольклорының ең көне жанрларында пайда болған ғажайып туу мотивінің пайда болу принциптерін ертегі наным-сенімдермен, культтік, рәсімдік мәселелермен тығыз байланысты қарастырады және бұл мотивтің фольклорлық шығармалар сюжетін толықтырушы көркемдік тәсілге айналғанға дейінгі даму тарихын қалпына келтірді.

Түркі халықтарының фольклорында осындай Ай, Күн әсерімен дүниеге келуін баяндайтын сөздеріне орайлас тұрақты дәстүрдің қалыптасуы тегін емес. Ол түркілердің ең көне дүниетанымына, яғни, олардың көне наным-сенімдеріне Ай мен Күн культінің маңызды рөл атқарғандығын әрі сенім көріністері халықтың эстетикалық қалыпты нормасына айналғанын байқатады.

С.П. Толстов зерттеулеріндегі пайымдауларға қарағанда түркі тайпаларында Ай мен Күн тотемдеріне табынушылық ұзақ уақыттар сақталып келген. Сол себепті түрікмен тайпаларының шығу тегі баяндалатын шежірелерде түрікмендердің Әли-или, Ерсары, Шах, Теке тайпаларында «Айтолды», «Күнтолды» ру тайпалары кездесетіні сөз болады /4, 7-б./.

Жүсіп Баласағұнның «Құдатғу білік» дастанындағы басты кейіпкерлердің есімдері де Айтолды және Күнтолды болуы бұл дәстүрдің түркі фольклорында мықтап орныққанын аңдатады. Талданып отырған «Оғыз-наме» ескерткішінде Оғыз қағанның өзі ғана емес оның үйленуі, Ай, Күн, Жұлдыз, Тау, Көк, Теңіз деген балаларының тууында космогониялық мифтердің мәні көркемдік рөл атқарады.

«Оғыз қағанның оны көргенде жаны қалмады. Ол осы қызды алып үйіне кетті. Оны сүйді, алды. Бірге жатты. Тілегі қабыл болды. Сол қыз жүкті болды. Күннен күн өтіп, түннен түн өтіп, көзі жарыды, үш ер бала туды, біріншісіне Күн деп ат қойды, екіншісіне Ай деп ат қойды, үшіншісіне Жұлдыз деп ат қойды» /5, 205/. Бұл мысалдар негізінде көне түркі тайпаларының Көк Тәңіріге табынып, жақсылықты да, жамандықты да Көктен яғни, аспаннан күткен дүниетаным сақталған.

«Көк тәңірі – көк аспан деп аталады. Қазақтар ұғымындағы бірінші аталатын сын есім «көк» – көріністі бейнелейді және заттық түсінікті білдіреді, ал зат есім (тәңірі) «көк» атауының (синонимі) баламасы... – (Алланы) және құдайды (худда). Сондай-ақ,

даланың алыс түкпірлерінде, мысалы қазақ ордасында «Көке-Тәңірі» – деген атау әлі кездеседі» – деп жазады Ш. Уәлиханов /1, 181/.

Қазақ мифінде хаостың космосқа айналуындағы басты бір шарт – жер мен аспанның жекеленіп пайда болуы жайлы мифтерде сақталған. Мысалы: Аспан мен жердің бөлектенуі, яғни әлемді қаптаған судан аспанның және құрлықтың бөлініп жасалғаны жайында түсінік бар. Көне заманда, мифтік сана кезінде адамдар бүкіл әлемді, аспанды да су деп білген. Қазақ тілінде «Тәңір» деп көкті, «теңіз» деп суды айту тегін емес. Екеуінің түбірі «көк», «аспан» ұғымымен байланысты, демек, «Тәңір» – көктегі (яғни жоғарыдағы) су болса, «теңіз» – жердегі (яғни төмендегі) су. Басқаша айтқанда, аспанның өзі әуелде су деп түсінілген, оның «көк», «тәңір» болып аталуы содан. Ал, жердегі су да түсі жағынан аспан, яғни Тәңір сияқты көк болғандықтан теңіз деп аталған. Екінші аспан мағынасында айтылған («із» – жұптықтың белгісі). Аспан мен жердің телегей теңізден бөлініп жаралғаны туралы түсінік жаһанда үш түрлі әлем (аспан, жер, жер асты) бар деген сенім тудырған. Ш.Уәлиханов мұндай сенімнің қазақта да бар екенін айтқан: «Аспанда ел бар. Ондағы адамдар белдікті тамағынан тартады, біз ортада, жер бетінде тұрамыз, сондықтан белдікті белімізге байлаймыз, ал, жердің астындағы адамдар белдігін аяғына орайды, олардың өздерінің күні, айы, жұлдыздары бар» /1, 180/.

Кейінгі замандарда, миф ертегіге айналғанда осы үш әлем ертегі кейіпкерінің шарлайтын мекеніне айналады. Бұл үш әлем шамандар дінінде де сақталған.

«Қазақтың көне мифінде болуға тиісті ілкі ата-демиург бейнесі Тәңір образымен алмастырылған. Ал, Тәңір аспанның әміршісі саналған. Яғни, Тәңір – ең жоғарғы құдай, ол аспан мен жердегі тылсым мен тіршіліктің иесі. Аспанды да, ондағы жұлдыздарды да, адамды да, жер бетіндегі нәрселердің бәрін де, жаратушы – Тәңір деп саналған. Міне, мұның бәрі – көне мифтік ілкі ата – демиургтың, жасампаз қаһарманның атқаратын істері. Бұл қызметті түркілер заманында Тәңір, ал ислам келгенде Алла атқарады. Қазақтың көне мифінде ілкі ата – демиург образының толық және айқын сақталмау себебі осында деп білуіміз керек» – дейтін С.А. Қасқабасов пікіріне сүйенсек, «Оғыз-наме» эпосындағы тәңірлік сенімнің негізгі сюжеттік өзек болғанын байқау қиын емес. Оның дүниеге келуі де ғана емес, жар таңдап сүюінде де Тәңірлік сипат басым. Ғашық болған жары да тылсыммен тығыз байланысты екендігіне мәтін арқылы көз жеткізуге болады.

«Оғыз-намеде»: «Күндерде бір күн Оғыз қаған бір жерде Тәңіріге жалбарынып отыр еді. Қарауы болды. Көктен бір жарық (сәуле) түсті. Күннен аян, айдан құқылырақ еді. Оғыз қаған (көк жарыққа қарай) жүрді, көрді. Көрсе, әлгі жарықтың арасында бір қыз бар екен, жалғыз отыр екен. Артықша көрікті бір қыз екен. Ол қыздың маңдайында оттай сәуле шашқан бір меңі бар екен. Алтынқазықтай екен. Яғни, қыздың жаратылысында адамзаттан бөлек тылсымдық қасиет бар. Осы қыз сондай көрікті еді: күлсе Көк Тәңірінің (өзі) күлетіндей, жыласа Көк Тәңірінің (өзі) жылайтындай еді» /5, 56/.

Сондай-ақ, түркі тілдес халықтар мифіндегі Тәңірлік сенімнің ерекшеліктері жайлы «Ерлі зайыпты баба-құдайлардың ең көне универсальды тараған түрі аспан-әке мен жер-ана. Бұл образдарда, бір жағынан, рулардың бабалары болып саналатын ілкі адамдардың космостанғанын, ел екінші жағынан, неке мен семьялық қатынастардың табиғат дүниелеріне көшірілгенін көруге болады», – дейтін пікірін шындығында, бүкіл түркі жұртында Тәңір – көктегі ер рөлінде, ал Ұмай – жер-ана болып қабылданады /6, 73/. Сонда, жоғарыда Е.М. Мелетинский айтқандай, қазақта да аспан – әке, жер – ана ретінде (Тәңір – Ұмай түрінде) алғашқы ерлі – зайыпты құдайлар болып саналған деуге әбден болады, – деп тереңдей қарастырған С.А. Қасқабасов пікірлерінің дәйегін осы ескерткіштен анық көруге болады.

Себебі, «Оғыз-наме» ескерткішінде тек Ай мен Күн, Жұлдыз секілді аспан

денелеріне қатысты ұғымдар ғана емес, Көк, Тау, Теңіз ұғымдары да басты мән иеленеді. Оғыз қағанның екінші рет үйленіп, ол әйелінен тағы үш ұлдан дүниеге келуі, төмендегідей баяндалады: «Бір күндері Оғыз қаған тағы да аңға кетті. (Аңда жүрсе) бір көлдің ортасынан бір ағаш көрді. Бұл ағаштың қуысында бір қыз жалғыз отыр екен. Артықша көрікті бір қыз екен. Ол қыздың көзі көктен де көгірек, шашы теңіз толқынындай, тісі інжудей екен.

Осы қыз сондай көрікті еді: жер басқан ел-жұрт оны көрсе: «Ай, ай! Ах, ах! Өлерміз!» – деп сүттен қымыз болатындай еді. Оғыз қағанның оны көргенде ынтығы кетті, жүрегіне от түсті. Оны сүйді, алды. Бірге жатты. Тілегі қабыл болды. Сол қыз жүкті болды. Күннен күн өтіп, түннен түн өтіп көзі жарыды, үш ер бала туды. Біріншісіне Көк деп ат қойды, екіншісіне Тау деп ат қойды, үшіншісіне Теңіз деп ат қойды» /5, 56/.

Оғыз қағанның аң аулап жүріп тапқан теңдесі жоқ сұлуды көргені, қызға ғашық болып, оған да үйленгені, одан үш ұл бала туылғаны, есімдерін «Көк» (Аспан) «Тау» және «Теңіз» деп қойғаны тартымды етіп баяндалады. Осындағы «Көк» – Тәңірлік сенімнің негізі.

Шаманизмнің негізін құрайтын тотемдік және анимистік түсініктердің көк түріктерге дейін жан-жақты таралғанын ешкім де жоққа шығармайды. Ал тәңірліктің көне түрік дәуірінде тұтас жүйеге түсіп, дін дәрежесіне көтерілгенін дәлелдеуші ғылымдардың бірі Л.П. Потапов. Бұл дәуір біздің заманымыздың VI-XII ғасырлар аралығын қамтиды. Түрік қағанаты (551-744 жылдар) мен ұйғыр қағанатының (745-840 жылдар) этникалық ядросын құраған түрік тайпаларының Тәңірі, Ұмай, Жер-Су аталатын құдайлары қазіргі көптеген түркі халықтарында сақталуы кездейсоқ емес.

Жалпы, Тәңірлік сенімнің көшпелі түркілердің мемлекеттік бір ізділікке түсіп үлгермегендігі, тек түркі қағанаты тұсындағы бірдей қалып иеленгендігі, бірақ кейінгі мұсылман дінінің ықпалына байланысы көктегі «Тәңір-иенің» орнын «Жалғыз Алланың» басуы, кейбір көп тәңірлік ұғымдардың мұсылмандық ұғымға сіңісіп кеткені белгілі.

Оғыз қаған жаратылысындағы тәңірмен байланыстылық көне түркілік ескерткіштердің тұрақты мотиві екендігі белгілі. Ол жөнінде Ш. Ыбыраев:

Қаным Елтеріс қағануғ,
Өгім Ілбіге қатұнұғ,
Теңрі тепесінде тұтұп
Иөгерү көтермүс ерінч.
(Өкем Елтеріс қағанды,
Шешем Елбіге қатынды
Тәңір төбесіне ұстап
Жоғары көтерген екен) /7, 40/, –

дейтін мысалдарды келтіре отырып, «Демек, қағанның тәңірлік жаратылысы алдымен алдымен өзіміздің байырғы төл тарихымыздан мықтап орын алған дүниетаным болып шықты. Біз үшін мұның маңызы зор деп"» – деп ой қорытады.

Оғыз қағанның жарын Тәңіріден тілеуі және оның бірінің ағаш қуысында отырған сұлулығы керемет қыз болуын сипаттайтын тұстарда түрлі фольклорлық наным-түсініктер тоғысқан. Осындағы ағаштың қуысындағы сұлу қыз көзінің көктен де көгірек, шашының теңіз толқынындай (ол да көк) болуы – тәңірлік нанымның көріністері. Себебі, Жаратушы Көк Тәңірінің мекені көкте болғандықтан, ең әдемі де қасиетті түс – Көк Тәңірінің нышаны. Ал, фольклорлық туындылардағы қаһарманның ағаш қуысында дүниеге келу мотивінің негізінде ежелгі адамдардың ағашты тотем тұтқан наным-сенімінің ізі бар.

Қазақ фольклорындағы ағаш культі жайында С.А. Қасқабасов: «Ертегілерде үш әлемді, яғни бүкіл космосты, сөз еткенде үлкен зәулім ағаш суреттеледі. Бұл ағаш көп

жағдайда мифтік үш әлемді вертикальді түрде жалғастырып тұрады. Ғылымда оны «әлемдік ағаш» (мировое дерево) немесе «космостық ағаш» (космическое дерево) деп екіге бөледі. Осы космостық ағаш бейнесі көне мифтермен бірге шамандық нанымға да кіріккен. Жалпы, әлемдік ағаш туралы мифтік ұғым қазақтың ертегілері мен шамандық нанымында да кездеседі. Рас, онда жоғарыда айтқан көне мифтердегідей емес, реликт түрінде кездеседі. Мәселен, кейбір қазақ ертегілерінде зәулім бәйтерек суреттеледі. Ол кейіпкердің өмір жолында өте маңызды рөл атқарады. Бәйтерек түбінде айдаһарды өлтірген кейіпкер аспан әлеміне көтерілуге немесе жер астынан шығуға мүмкіндік алады: бәйтеректің басына ұя салған Самұрық (не алып қарақұс) кейіпкерді аспан әлеміне алып ұшады, я болмаса жер бетіне шығарады. Міне, мұндағы зәулім бәйтерек бейнесі – қазақ жағдайына сәйкес космостық ағаштың өзгерген түрі» – дейді /8, 86-87/.

Сондай-ақ ғалым космостың ағаш бейнесінің шамандық нанымда жақсы сақталғандығы, қазақ бақсыларының қолына ұстаған асатаяғының (асай-мүсей) осы космостың ағаштың өзгерген элементі деген ойлар ұсынады. Жалпы, ағаш тотеміне қатысты ғалымдардың түрлі тұжырымдары бір арнаға тоғысады.

Шамандық сенімдегі, болашақ бақсының құтын аспан әлемінің рухтары – құстар алып кетеді де, қасиетті ағаштың басындағы ұяға апарып тәрбиелейді. Мұндай Әулие ағашты сахалар «Ыйық мас» деп атаған. Бақсы неғұрлым күшті болса оның құты ағаштың жоғарғы жағында, әлсіздеу болса төменгі бұтақтарындағы ұяда тәрбиеленетін болғандығы туралы Ш. Ыбыраев пікірлер түйіндеген /9, 601/. Осындай тәрбие кезінде бақсының құты аққу құсқа айналдырылған. Кейін бақсының өзіне қайтарылып берілген.

Әлемдік ағаш, аспан, жер және жер асты әлемін байланыстырушы, сондай-ақ екі дүние арасында дәнекер жалғастырушы қызметін атқаруы И. Кастанье жазып алған бір бақсылық сарында сақталған:

Он бесімде жабысты,
Жиырмада табысты.
Көнбес ескі көндерде,
Қу ағашқа түнерде /10, 45/.

«Мұндағы «он бесінде жабысып, жиырмада табысқан дерт» бақсылықтың қонуы екені даусыз, ал «қу ағашқа түнеу» де сол Сібір шамандарының түсінігіндегі ана-құстың бақсы құтын ағаштағы ұяға түнетуі болса керек» – деп көрсетеді Ш. Ыбыраев /10, 601/.

Сондай-ақ «Қорқыт ата кітабындағы» Ораздың ағашқа сиынып, онымен тілдесуі осы байырғы тотемдік түсініктердің сілемдері (екінші жыр). Жалғыз көзді дәуді өлтіретін Бисат өзі туралы:

Атам атын сұрар болсаң, қаба ағаш,
Анам атын сұрар болсаң, күркіреген арыстан, –

деуі Оразды гәуірлер қол-аяғын байлап, дар түбіне әкелгенде оның дар ағашына қарап:

«Атың ағаш десең, шамданба ағаш! О, Мекке мен Мәдиненің есігі болған ағаш!
Құдаймен тілдескенде, Мұсаның асасы болған ағаш! Ерлердің ері Әлидің дүлділіне ер болған ағаш!
Зұлпықарға сап болған ағаш! Хасан мен Хұсайынға бесік болған ағаш!
Ерге де, әйелге де қатер болған ағаш! Мені саған асар болса, құлап түс ағаш! /11, 56/
деп сөйлеуі Ағаш культімен байланысты көне ұғымдар. Ол қасиетті адамның не бақсының атасы (анасы) ретінде ағаштың аталатындығы тағы да сол құттың мекені болумен ұштасып жатыр. Көне түркілік ұғымда ағашты ана санау, адам жанының ағашқа барып паналауы сияқты ұғымдар орын алғандығын зерттеушілер жазған /12, 330/.

Оғыздың болашақ жарын ағаш қуысында кездестіріп ғашық болуында осы көне түсініктердің ізі жатыр. Сондай-ақ эпоста белгілі бір этникалық атаудың берілуінде де осы ұғымның ықпалы бар. Мәселен: «Оғыз-наме» кітаби эпосында Етіл (Еділ) өзенінен

әрі өтіп, Үрім (Рим) қағанмен соғысқан Оғызға, Ұлық Орда деген шебер кісі ағаштан сал жасап, дүние-мүлкімен аман-есен бері өтеді. Ұлық Орданың бұл ісіне сүйсінген Оғыз қаған: «Сен осы жерге бек бол, «Қыпшақ» бол, – дейді. Әбілғазының «Түріктер шежіресінде» ағаш қуысында туған балаға Оғыз қаған «Қыпшақ» деп ат қояды. Себебі, «қыпшақ» – ағашта туған деген мағынаны білдіреді екен.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Уәлиханов Ш. Таңдамалы. – Алматы, 1985. – 172 б.
- 2 Фольклор шындығы. – Алматы: Ғылым, 1990. – 264 б.
- 3 Пропп В.Я. Фольклор и действительность. – Москва: Наука, 1976. – 325 с.
- 4 Толстов С.П. Пережитки тотемизма и дуальной организации у Туркмен // Проблемы истории докапиталистических обществ. – 1935. – № 9-10. – С. 3-14.
- 5 Өмірәлиев Қ. Оғыз қаған эпосының тілі. – Алматы: Ғылым, 1988. – 279 б.
- 6 Мелетинский Е.М. Поэтика мифа. – Москва, 1974. – С.193.
- 7 Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. Қазақтың батырлық жырларының поэтикасы.– Алматы: Ғылым, 1991. – 296 б.
- 8 Қасқабасов.С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1984. – 128 б.
- 9 Ыбыраев Ш. Қорқыт және шаманизм. – Алматы, 1899. – 601 б.
- 10 Кастанье И. Из области киргизских верований // ВОУО. – 1992. – №3. – 45 с.
- 11 Қыраубаева А. Ежелгі әдебиет. – Алматы: Ғылым, 1986. – 215 б.
- 12 Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. Ғылыми-зерттеу мақалалар /Құрастырған Р. Бердібаев/. – Алматы: Жазушы, 1985. – 368 б.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада «Оғыз-наме» кітаби эпосындағы космогониялық мифтер қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются космогонические мифы в эпосе «Огуз-наме».

Ғ. МҮСІРЕПОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ПОЭТИКАСЫ

Сейсенбиева Э.С. – аға оқытушы (Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Ғ. Мүсірепов шығармашылығының барлық жанрында шындықтың барлық уақыттағы және кеңістік масштабындағы философиялық заңдылықтардың адамға қатысы оның ішкі жан дүниесінің тереңіне ерекше үнілген суреткер екендігі танылды. Қазақ совет драматургиясының негізін қалаушы, алғашқы эксперимент жасаушы бола отырып, шығармашылықтың әр түрлі жанрын, характер жасау шеберлігін, сюжет құруда үлкен жаңа белестерге көтерілді.

Ғ. Мүсірепов – айырықша талантты, философиялық интеллект пен аса құнды поэтикалық мәдениет иесі. Оның әдеби мұрасы өте бай, әрі жан-жақты өмірлік мәселелердің көркемдік басылымдылығын тереңінен суреттеген тұлға.

Ғ. Мүсірепов – ХХ ғасыр құрдасы. Оның шығармалары 50 жылдан астам кеңес дәуірінің әлеуметтік және мәдени кезеңінің даму сатысын түгел қамтиды. ХХ-ғасырдағы ірі саяси-әлеуметтік және мәдени қоғамның даму сатылары Мүсірепов шығармаларының барлық кезеңіне сай.

Ғ. Мүсіреповтің поэтикалық әлемінің даралығы, өмірдің динамикалық кезеңі тарих сатыларымен бірге өзектесіп жатады. Суреткер дәуір талабының тарихи

шындығын өз замандастарын толғандырған мәселелердің шындығымен көрсетуге тырысады: ұжым мен жеке адам, жаңа этикалық құндылықтар, жаңа психологиялық қабылдау, жаңа мәдениет. XX ғасырдағы нақты әлеуметтік мәселелер, адамзаттық құндылықтар оның философиялық сипаты тұрмыс-тіршілік, өмір мен өлім, адам және еңбек Ғ.Мүсірепов шығармашылығының тірегі, шығармашылық айнасы іспеттес. Ірі суреткердің негізгі мақсаты өз оқырманын ояту, оның жаңаша мәнін шығармашылығының өн бойынан көрсету әрі негізін арқау ету болып табылады.

Алғашқы драмасын жазбастан бұрын-ақ Ғ. Мүсіреповтің ертеректе жазылған шығармаларында тартысқа құрылған сюжеттер, тереңінен сезімге құрылған адамның жан-дүниесінің сыртқы-ішкі келбеті, бітім-болмысы, сөзі, қимыл-әрекет, ым-ишрат характері оның болашақ драмалық шығармаларында тереңінен көрініс табуға тікелей ықпал етті. Автордың драмалық шығармаларындағы сөз сөйлеу сипаты жаңа сапалық деңгейде көрінген, адам характерінің жан-жақты ашылуы басқа да тілдік және тілдік емес факторлармен ортақ бірлесе отырып толығымен ашылады: сюжетті әрекет, кейіпкердің өзін-өзі танытуы, шығарманың композициясы, жеке эпизодтар т.б.

Драмадағы көрінетін жан-жақты тартыс, кейіпкерлердің іс-әрекетінің шиеленісуі, характердің жан-жақты қамтылуы өмір шындығының тереңінен алынған суреткерлікті Ғ. Мүсіреповке ғана тән ерекше драма поэтикасымен бейнелеуіне тәнті етеді. Ғ. Мүсіреповтің драматургиясында әлеуметтік тартыс өмірдің ортасынан ойып алынған шындыққа құрылған сюжетті оқиғалар өз дамуында белгілі бір логикаға бағынып отырады.

Ғ. Мүсірепов драмасының орталық кейіпкерлерінің характері, мінезі, бітім-болмысы белгілі бір тарихи дәуірдің алдыңғы қатарлы үздік тұлғалардың барлық типтік белгілерін бойларына жинақтай отырып, болашақ адамының рухани гүлденуіне зор ықпал етеді. Бұл Ғ. Мүсіреповтің жеке көркем фантазиясынан ғана туындаған жоқ, социализм дәуірінің суреткеріне тән ерекшелік еді.

XX ғасыр ұлттық рухани мәдениеттің даму тарихында зор табыстарға қол жеткізді. Бір ұрпақтың көз алдында реалистік бағыттағы жоғарғы көркем әдебиеттің, соның ішінде роман мен драма жанры ерекше табыстарға қол жеткізді.

Бұл шын мәнінде жаңа дәуір жеңісі мен тынысы болатын, Ғ. Мүсірепов шығармашылықтағы жаңа жанрлардың әр түрлілігі дәстүрлі жалғасын таба отырып, “жан диалектикасынан”, “іс-әрекет диалектикасына”, “тарих диалектикасына” қарай бетбұрыс жасады. Шығармашылықтағы ізденістер, жаңа әлем, жаңа адам туралы прагматизм эстетикалық критерилерге қарай ойысты.

1958 жылы М. Әуезов былай деп жазды: “Қазақ көркем прозасы революциядан бұрынғы кезде үлкен дәстүр жетпегеніне қарамастан 40 жыл ішінде анық зор өріске жетті. Осы аталған санаулы жылдар ішінде біздің көркем прозамыз оқушысына сан алуан үлгі, өрнектер әкелді. Бұл қатарда: терең драмалық құрылысы бар сюжетті қызықты құрылған немесе психологиялық әңгімелер баяндайтын, болмаса тарихтық жағдайларды баяндайтын өмірбаяндық, қызықты оқиғалы романдар туды... Дүниежүзілік әдебиеттің барша мәдениеттік дәуіріне сүйенетін реалистік прозаларда жасаған жазушылар” /1, 36/.

XX ғасырда қазақ әдебиеті ұлттық рухани мәдениеттің бір бөлігі болып саналатын реалистік және көркем көп жанрлы, көп құрамды әдебиетке айнала отырып үлкен табыстарға қол жеткізді. Әрі әлемдік әдеби процеске де өз үлесін қосты, әдебиет жанрларының барлық саласындағы Ғ. Мүсіреповтің ролін айырықша атап өтуге болады.

1930 жылдардан бастап Ғ. Мүсірепов әдебиеттің нағыз белсенді қайраткеріне айналды, Ж. Аймауытов, Г. Жомартбаев, С. Көбеев және басқа прозаиктермен қатарласа жазған шығармашылық әлемі жаңа тақырыпқа жаңашыл сипатымен ерекшеленеді. Жазушы бұл кезде жаңа өмір құрылысына өзі белсене ат салыса отырып,

Кеңес үкіметі мен партияның басқаруындағы идеялар мен көзқарастарды толық үгіттеуге белсене араласты, сондықтан да шығармашылығын кеңестік дәуірдің көз алдында өтіп жатқан шындығын бейнелеуді өз суреттемесіне арқау етті. Бұл үрдіс романдарында, әсіресе шағын прозасында, әңгімелері мен очерктерінде айқын көрінеді.

Адамдардың белсенді қызметі әлемді жаңартуға негізделді. Бұндай әңгімелерінің қатарына “Тарландар”, “Талпақ танау”, “Қымызхана” сияқты туындыларын жатқызуға болады. Көркем әдебиеттің аты – көркем әдебиет. Көркем әдебиет ресми идеялогиямен конъюнктураға толығымен бағынбайды. Қандайда болмасын идеялогиялық бағыт-бағдар кеңес дәуірінің шындығын суреттеуді талап еткенмен, автордың шығармаларында бұл талапқа қатысы жоқ туындылар да жарық көрді. Бұл туындылардың қатарына Ғ. Мүсіреповтің “Қыз Жібек”, “Қозы-Көрпеш Баян Сұлу” сияқты пьесалары “Оянған өлке”, “Жат қолында” романдарын, “Ұлпан” сияқты повестерімен қатар көптеген үлкенді-кішілі шығармаларын жатқызуға болады.

XX ғасырдың I жартысындағы өнер туындылары жаңа қоғам құру үшін күресті халыққа адамзаттың жаңа тарихи кезеңі ретінде қабылдалар қараңғылық пен аласапыраннан арылған жаңа әлемді құру міндетін көздеді. Бұл үрдіс ең алдымен дәуірлік жағдаят әрі халық пен мемлекеттің біртұтас этикалық ақиқат уақтысымен әдебиетте өз көрінісін тапты. Осының бәрі кеңес әдебиетінің барлық кезеңіне тән болып келді. Осы мәселеге байланысты қазақ совет әдебиетінде шығармалар жазыла бастады. Бұлардың қатарына Ғ. Мүсіреповтің “Амангелді” пьесасын жатқызуға болады.

Қоғамдық-экономикалық жағдаяттар әдебиет пен өнерді түбегейлі өзгерістерге түсіреді, олардың идеологиялық әрі эстетикалық сипаты үстемдік құрған идеологияға қызмет етеді.

Кеңес дәуіріндегі әдебиет пен өнерде де осы картина толығымен көрініс тапты. Барлығына мәлім, кеңес дәуірінде әдебиет жартылай ресми түрде партиямен мемлекеттің идеялогиясының бір бөлігі ретінде саналды әрі шын мәнінде әдебиет мемлекеттің қызметшісіне айналды.

Ғ. Мүсірепов шығармасында XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің барлық белгілері қамтылған. Қазақ халқының сан ғасырлық фольклорлық дәстүрі және орыс, европа әдебиетінің үлгілері, барлық классикалық әдебиет жанрларының драматургиямен байланысы қатарласа қамтыла отырып, орыс және европа классиктерінің киносценарий мен операларға арналған либреттолдарының қазақша аударылуы да жаңа туындылар жазылуына үлкен ықпал етті.

Ғ. Мүсірепов шығармаларындағы жоғарғы көркемдік тақырып деңгейлері, өмір шындығынан туындаған шынайы болмыс кейде партиялық-мемлекеттік идеологиямен астаса отырып өмірді суреттейді. Шығармашылық шындық социалистік реализм әдісімен де қатарласа бейнеленеді: әдебиет ресми идеялогияның қаруы болғандықтан, ғылым да партияға қызмет етті. Сондықтан әдебиетшілер жазушы туындыларынан партияның мүддесін іздеуді өздеріне талап етті. Совет өмірін, еңбекшілердің бейнесін, социалистік қоғамда бақытты өмір сүрген жандардың коммунизмге өту сенімділігін де көрсететін шығармалар жазылуы керек болды.

Ғ. Мүсіреповтің роман мен драма жанрларын зерттеу ол туралы білімді жетілдіру, сондай-ақ этикалық жанрлар саласындағы туындыларын зерттеу түйінді тұжырымдар жасау әлі толық ашыла қойған жоқ. Роман жанрларын зерттеуге деген қызығушылық – өте күрделі әрі көкейкесті. Драматургия және оның поэтикасының теориялық мәселелері соңғы онжылдықтар ішінде елімізде өтіп жатқан қоғамдық-мәдени өзгерістерге байланысты әдебиет теориясының талаптарына сай жанр мәселесі, теориясы, нысаны роман мен драма біртұтас көркем туындының барлық формасының сипатын жаңаша ғылыми зерделеуге нысан болып отыр. Бүгінгі таңда қазақ драматургиясының жетістіктерін жаңа ізденіс пен аса маңызды ғылыми көзқарас

тұрғысынан қарастыруды талап етеді. Әрі әдебиеттану тұрғысынан жаңаша бағалану міндетін жүктейді.

Соңғы онжылдықта еліміздің тәуелсіздік алуы, жаңа мемлекет құру, өмірдің барлық саласындағы түбегейлі өзгерістер. Отанымыздың өткен тарихына, халықтық мәдениеттің қайнар бұлағына үнілу, сондай-ақ эпикалық дүниенің барлығына қызығушылықты тудырады. Қоғамдағы үлкен өзгерістерден тарихи романдардың бағы жанады. Л.Н. Толстой “как реакция художника не современность” деп бағалаған еді.

Жаңа қоғам, мемлекет құрылысы, әлемдегі түрлі өзгерістер, ұлттық сана сезімнің әсері сөзсіз жаңа тарихи және әлеуметтік-философиялық романдардың тууына ерекше ықпал етеді.

Ғ. Мүсірепов тұсында совет дәуірінде қазақ әдебиеті үшін балаң кез еді, қоғам адамнан белсенді де іс-әрекеттерді талап еткен болатын. Сондықтан бұл кездері адам рухани қызметке көп көңіл бөле алмады, себебі адам материалдық жағынан өмір сүруі мүмкін емес еді. Қоғамға селқос қарауға, үміт етушілік совет қоғамына жат қылық болып табылады.

Ғ. Мүсірепов шығармаларының кейіпкерлері белсенді де батыл, өжет болып келді, ол тіпті “капиталист” Игілік, революцияға атсалысқан Еркебұлан, өз Отанын қорғаушы Қайрош, халық қамқоршысы батыр Аманкелді... Олар өмірдің талас-тартысында өмір сүргендіктен белсенді де жігерлі еді, онсыз олардың өмірінің мағынасы болмаса керек. Өмірдің қат-қабат тартысындағы қайнаған өмір, әлемдегі оқиғалар тартысын халықтық масштабтағы деңгейде оларға да зор ықпал етті. Әрине, бұл кейіпкерлер бір-бірімен ұқсас та емес, бірақ әрқайсысы автордың әр шығармасының орталық кейіпкері бола отырып, әлемді өзгертуге өз тарапынан саналы түрде ат салысады.

Міне, Қайроштың өмірін алып қаралық. Оның балалық шағынан есейген өмірі күнделікті тұрмыстан басталады. Қайрош өмірі әлемдік әдебиет пен қазақ әдебиетінде бар жеке тұлғаның қалыптасып өсуін көрсетуге арналады. Бұл тек адамның қалыптасып өсеуі ғана емес, белсенді азамат ретінде өсуі, әр кезеңде Қайроштың өсуінің өзіндік қыр-сыры, сенімділіктен өмірге аяқ басуы аса маңызды күйде суреттеледі. Қайроштың ірі адами тұлғаға айналуындағы әрбір кезең, әрбір іс-әрекет – бұл кейіпкердің өз тағдыры үшін күресі, өсіп жету жолындағы шынығуы, нағыз адам болып қалыптасудағы бітім-болмысы. Романның алғашқы бетінен-ақ батыл бала Қайрошты көреміз, қорқыныш пен абыржып сасқан ол өзі үшін күреседі, сол үшін ауылдан қалаға жаңа өмір үшін қашып келеді. Сырттай қарағанда бұзаудың жоғалуы қамауға себепкер болғанымен, негізгі себеп – Қарамұртты председатель Ащығали. Бұл туралы Қайрош былай дейді. “Мүмкін менің алдымда сағым теңізіндей құлпырып, алыстан қол бұлғап жаңа бір өмір жатқан шығар. Мүмкін, шарасы шайқалмаған ескі ауылдың ескі өміріне қанағат етпеген бала ойы осындай бір себепті бұрыннан іздеп жүрген шығар... О да мүмкін, бұл да мүмкін... Әйтеуір, қалаға қарай сызып келемін” /5, 131/.

Қайроштың сөзінен біз өз ауылына үстемдік жүргізген Қарамұртты бейнені көреміз. Бұзауды жоғалтқан Қайрош жазадан ғана қашып келе жатқан жоқ, ол жетімдіктен, әділетсіздіктен, жетімдік өмірінен қашып келе жатыр. Бұл қашу – Қарамұрттыға көрсетілген кек. Осы көріністен-ақ ескі мен жаңа тартысы, жас пен егде айқасы, таза бала жалшының қатыгез үлкенге деген ниеті байқалады. “Қазақ солдаты” романы балалық шақтан басталған есейген жанның өмірлік жолын әңгімелейді, ол қалай отырып, өз қадірін арттырады, бұл әрине фольклорлық дәстүрге ден қою деген сөз емес. Керісінше, бұл жерде романның эпикалық табиғаты ашыла түседі. Бұл деген бір жағынан романның эпикалық мәнін бекіту, орнықтыру сияқты. Бұл үрдісті қазақ романының соның ішінде М. Әуезовтің “Абай жолы” эпопеясын қоса есептегенде кездестіруге болады. Роман өзінің ерекше белгілерін жоғалтпайды, қайта ол эпикалық масштабын кеңейте түседі. Ғ.Мүсірепов экстремальды ситуацияларды көп қолданады.

Ғ. Мүсірепов өз кейіпкерлерін әр уақытта өзгеше жағдайларға тап келтіреді. Әр түрлі қиын-қыстау жағдаяттардан шыға білетін өз жолын таба білетін жандар ретінде суреттейді (“Екі тарлан”, Еркебұлан, аналар ...). Сөзсіз, кейіпкерлердің белсенділігі, батылдығы іс-әрекеті романның композициясымен сюжет құру ерекшелігімен бейнелілік пен ырғақ т.б. барлық жанр поэтикасымен сәйкес келіп отырады. Сюжет идеяны ашуға тырысады. Сондықтан кейіпкерлерді тосын жағдайларға тап келтіреді де олар барлық күш-жігерін, білімін соған арнауға тура келтіріп іс-әрекеттерге барғызады. Мына пікір осының айғағы: “сводит и сталкивает его с другими людьми при необычных и неожиданных обстоятельствах именно в целях испытания идеи и человека идеи, то есть “человека в человеке” /6, 177/.

Аса шебер лирик Ғ. Мүсірепов өз кейіпкерлерінің рухани бітім-болмысының мәнін ашуда олардың шындыққа қатысымен, Отан және халыққа адами қарым қатынасымен айқындап отырады. Егер “Оянған өлке” қазақ даласындағы өзгерістерді көрсетсе, “Қазақ солдаттындағы” кейіпкерлер Отан азаттығы үшін майдан даласында, Отан алдындағы борышын таза өтеу сезімімен көрінеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ауезов М. Мысли разных лет. – А-Ата, 1961.
- 2 Мусрепов Г. Автобиографический рассказ // Г.М. Рассказы разных лет.–А-Ата, 1979.
- 3 История казахской литературы. В 3-х т. – А-Ата, 1971. – Т. 3. (Глава “Габит Мусрепов”. Автор Адибаев Х.)
- 4 Мүсірепов Ғ. Шығармалар жинағы. 5 томдық. – А., 1976. – 5 Т.
- 5 Бахтин М. Проблемы поэтики Достоевского. – М., 1972.
- 6 Толстой Л.Н. Толстой о литературе. – М., 1955.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена рассмотрению художественного мастерства Г. Мусрепова и основные аспекты его драматургии.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Ғ. Мүсірепов шығармалары мен драматургиясының көркемдік ерекшелігі қарастырылады.

ТӨЛЕН ӘБДІКОВТІҢ «ӘКЕ» ПОВЕСІНДЕГІ АЗАЛАУ ДӘСТҮРІНІҢ КӨРКЕМ ШЫҒАРМА ӨЗЕГІНДЕГІ ОРНЫ

Таңжарықова А.В. – ф.ғ.к. (Алматы қ-сы, Абай атындағы ҚазҰПУ)

Көркем туындылардағы мақұмды аттандыру, азалау шараларының ұлттық ұғымға сай өрнектерін Т. Әбдіков сынды қаламгерлер кеңестік әдебиет тұсында да жан-жақты көрсете білген. Науқас адамның көңілін сұрау өмірге үміттендіріп, көңілін аулаудан бастап, жерлеуге дейінгі аралықтағы дәстүрлі рәсімдер жүйесін қаламгерлік шеберлікпен қиюластырған Т. Әбдіковтің «Әке» повесі. Шығармадағы әке жайлы толғаныстар перзент ой-көзқарасымен беріледі. Халі ауырлаған қарт екені қаумалаған ауыл адамдарының жанашыр пейілі мен ықыласы біраз үміт отын жаққандай болғанмен, науқастың есін жиып, ел-жұртымен араздасуы оқиғаның мұнан арғы өрбуінің кілті.

Ал, әр шығармада әр белесінен көрінер, тағдыр жолы бұралаң бір адамның тіршілік соқпақтарын сабақтастырып жатқан сыршылдық желісін сүйсіне мойындамасқа болмайды. Және әр әңгіме өз алдына басы бүтін дүние ретінде қабылдана береді.

Қартайып, кемел жасына жеткен, сырқат меңдетіп, ата қонысында ақтық демі үзілер сәтін жан сарайымен сезініп үлгерген адамның көз алдынан ат жалына жармасқан естияр шағынан бастап, шырғалаңда сыналған бүкіл ғұмыры өтеді. Өмір естелігін қайта қорытып, адамның өзін-өзі іштей саралайтын бір кезеңі осы. Жаныңның адалдығы мен ақжүрегің ғана жұбаныш еткен, бір пендедей несібемді таттым деп өзіне шүкіршілік жасаған қоңыржай, қарапайым көптің бірі қарап отырса өмір бойы өмір үшін күресіп, сүрініп те, сілкініп те, адасып та, арылып та көрер қиыншылығын көріп, жарық дүниеге сенімінен өз ошағының шырағын жағыпты, өз түндігінің тірегін тауып, елі үшін елеулі іс істей алдым ба деген сауалмен бетпе-бет келеді.

Кешке әкем жиен ағам мен жаны ашиды деп жүрген жамағайын Смағұлды шақыртты. Олар келгеннен кейін, жастығын тіктетіп, көтеріліп отырды.

– Сендердің не ойларың бар, – деді жиен ағам қарап. – Құдай өзі берген жанын өзі алады. Мен ризашылығымды беріп отырған адаммын. Енді маған тек өлімнің абыройы қымбат. Дос бар, дұшпан бар. Барлық сын сендерге түседі. Е-е-е, өлімге қайда барасың десе, «бардың малын шашамын, жоқтың артын ашамын» деген ғой. Сондықтан басқаны қоя тұрып, не істеп, не қою керегін ақылдасқанның артықтығы болмас.

– Ол дұрыс қой, – деді Смағұл ілгері жылжып.

Екі жылқы бар, – деді әкем баяу үнмен сөзін жалғай. – Біреуі – құлынды бие, екіншісі – байтал. Сосын өзім әдейі сақтап жүрген 5-6 ұсақ бар. Байтал мен ұсақтарды сойғандарың дұрыс болар. Ағайынның көңілін көре жатарсыңдар.

Иә, оны көре жатармыз ғой, тіпті кейінге де артықтығы жоқ, – деді жиен ағам күмілжіп /1, 15/.

Мәйітті алып шығар алдында басқа да дәстүрлі әдет-ғұрыптар сақталады. Мәселен, киім үлестіру рәсімі. Өткен ғасырдың 70-ші жылдарына дейін марқұмның киімдерін (аяқ киімі, костюм, плащ, пальто, жейде және т.б., тек шалбар, іш киімі емес) бірінші кезекте, сүйекке түсушілерге берген. Кейде сүйекшілерге дененің қай тұсын жуса, сол тұсының киімдерін берген. Қазір сүйекшілер өз «жұмыстарына» жаңадан сатып алынған киімдер алады (сырт киімдер, жейделер). Ал марқұмның киімдерін туыстары мен жақындарына береді. Берілген «иісі бар» киімді киіп тоздыру керек. Бұны сауап болады деп есептеген. Өйткені киім аяғына дейін киілсе, марқұмға жеңіл болады деп сенеді. Қазақтарда жаңа киім кигенге: «Өзің киіп, өзің тоздыр», – деген тілек айтылады. Бұл сөздің бойында адамға ұзақ ғұмыр сүріп, киімін басқа біреудің киюіне тура келмеуіне деген тілеу байқалады.

Әр түрлі аймақтың қазақтарында бұдан басқа жерлеу ғұрыптарында ата жолы (атасының киіті) деп аталатын әр түрлі заттар мен мата қиындыларын тарататын рәсім кездеседі. Бұрын өткен ғасырдың 60-жылдарына дейін бұл дәстүр жерлеуге катысушы рулардың өкілдеріне бір-бір шапан беруге байланысты шыққан. Қазіргі күнде бұл әдет-ғұрып «шапаны» деген жолмен сатып алынған мата қиындыларынан тұрады. «Ата жолын» сақтаушылардың негізінен тек қазақ тұрғындарынан тұратын ауылдар екенін атай кеткеніміз жөн. Бірақ оны беру отбасының материалдық мүмкіндігіне байланысты.

Сүйекке салатын киімдерді бөлек салдырып қойғанмын. Былтыр Хасеннен келген саптама етік бар, оны да салыңдар. Өткен айда магазиннен алдырып қойған екі пальто, бір плащ бар...

Жетпесе, тағы да магазиннен аламыз ғой, – деді жиен ағам.

Бір айтарым – Айтбай өлгеніндей жұрттан жылу сұраушы болмаңдар. Сандықта 600 сом ақша бар. Жетпей бара жатса, сиырды саларсыңдар.

Жылуы құрысын, – деді Смағұл апама қарап. – Бірақ енді өзіміз қарап қалмаймыз ғой.

– Қамбардағы ұсақтарды қайтесің? – деді апам. Әкем есіне жаңа түскендей ойланып қалды.

– Қамбарда екі қой бар екен ғой, – деді содан кейін. – Оны да алдырарсыңдар.

Жылымды өздерің ақылдасасыңдар, – деді әкем тап бір басқа біреудің жылын өткізгелі отырғандай еш уайымсыз, салмақты үнмен. – Биенің жабағысы да жылға дейін құнан шығады. Соған ана тайын-қосып көріңдер... Әкем, есіне тағы бірдеңе түскендей, жастығының астына қол жүгіртіп, мүйізден күмістеп жасаған шақшасын алып, ойланып отырды да:

– Мә, – деді жиен ағама қарап. – Шақшаны сен алшы...

Жиен ағам шақшаны алып жатып, шыдай алмай жылап жіберді. Менің де алқымыма бір түйіншек келіп қалды. Қалтамнан орамалымды алып, көзімнен сорғалаған жасты сүрте бердім. Әкем қолымен ымдап, мені қасына шақырды. Жанына барып отырдым.

– Қалқам, – деді даусы дірілдеп. – Жылама, қалқам... Жылама. Жармағамбеттен үш қыз, бес ұл туып, содан жалғыз мен қалдым... Ел ортасында, ұрпағының алдында иманын жолдас қылып, дүниеден ризашылықпен аттануды ешқайсысының маңдайына құдай жазбады. Бәрі де көлденең ажалдан кетті... Солармен бірге кетсем, қайсысынан жаным артық еді. Шүкір, заман тыныш, ел аман... Артымда қарасын қалса, құдайдан мені шайтан қыл деп тілемесем, басқа не арман бар... /1, 37/.

Мен басымды көтеріп, әкемнің, аурудан қанша азап шексе де, сабырын жоғалтпаған байсалды жүзіне қарадым. Төніп келген өлімге осыншалық қалтырамай, қорықпай, саналы бәтуәмен қалай қарауға болатындығына таң қалдым.

– Сүйегімді өзіміздің ескі қорымға қойыңдар деген сөзім бар еді... – деді әкем ауыр күрсініп. – Оған енді әуре болып қайтесіңдер... Шалғай жер... Елдің жиналуына қиын болар. Осында-ақ қоя беріңдер... /1, 38/. Өмірден өтер алдындағы аманат киелі саналып, ол міндетті түрде орындалған.

Өмір секілді өлімді де ұзақ процесс деп түсініп өлген адам жанының өзгерісі мен оның мәңгілік мекенге жол шегуі, жетуі, орнығуы туралы түрлі сенімдер мен рәсімдер бөлек жүйе құрайды.

Бұл сенім бойынша денеден шыққан жан белгілі бір уақыт аралығында ғана белгілі бір қалып (форма) иемендене алады. Бұл – өте баяу жүретін процесс.

Аталар аруағына дейінгі жан әлсіз, әрекеті шектеулі деп ұғынылса, аталар аруағы белсенді әрекет пен күш иеленіп, екі түрлі жағдайда көрсетілді: жақын-жуығын қолдап, қамқорлық көрсетеді, я болмаса, өштесіп, залал келтіреді. Мұның барлығы тірілердің оған деген қарым-қатынасының сипатына байланысты деп түсіндірілді.

Ең алдымен, салт бойынша өлім халіне жақындаған жасы келген я сырқат адамның алыс-жақын ағайын-туғандарына хабар беріліп, көзі тірісінде арыздасып, қоштасуға мүмкіндік тудыру, оның соңғы тілегін, тірілерге айтар аманатын естіп қалу парыз саналған. Осы сәттен бастап, адамды о дүниеге жөнелтудің дәстүрлі шарттары қатаң сақталып, бұлжытпай орындалуы қадағаланған. Ең алдымен, иман калималары айтқызылып, жанның тәннен шығуы үшін қолайлы жағдайлар жасалған (аузына су тамызу, жастығын алу, көзін жабу, оқшаулау, т.б.).

Тағы да анталап, әкемді қоршап алдық. Әкемнің көзі жұмулы, аузы ашылып, кеудесі сыр-сыр етеді. Алдында дәл осылай ұйықтап жатқанын талай рет көргенмін. Сондықтан бәлендей қауіпті жай болар деп ойлаған жоқпын.

Молда мен Өтеген қабаттасып, әкемнің тамырын ұстады. Молда күбірлеп, иман үйіруге кірісті. Мен алдында байқамаған екенмін, әкемнің көзі төңкеріліп, жартылай ашық жатыр екен. Кеудесіндегі сырыл да, демі де бәсеңдей берді.

– Шымылдық әкеліңдер, – деді молда дауыстап. – Тек жыламаңдар. Жәй талып кетті. Талып кеткенде жыламас болар.

Молда мен Өтеген алып келген ақ шымылдықты әкемнің төсегіне керіп байлады да, бізді ығыстырып, өздері шымылдықтың ішіне кірді. Операция жасап жатқан дәрігердің шығуын күткендей, бәріміз де керулі тұрған шымылдыққа қарап қалыппыз /1, 57/.

«Қайғыны бөліссе азаяды» дейтін қағида ұстанатын халықтың бауыр еті – балаларының мезгілсіз өлімін көруі, оны жөн-жосықсыз жерлей салуы, санаға түскен қасірет салмағынан сансыраған сана мен қалжыраған ана трагедиясында жеке адам мен қоғам қарым-қатынасы айқын кестеленген. Себебі, тиісті жөн-жосықтар түгел атқарылған адам ғана мұсылманшылықта «иманы үйірілген» адам ретінде танылып, тірілер көңіліне медет болады.

Әлден уақытта шымылдық ішінен басы селкілдеп Өтеген шықты. Мен еш нәрсеге түсінбей, аңырып қалдым. Өтегеннің:

– Аттанып кетті, – деген жарықшақ үнін естігенде барып әкемнен біржола айырылғанымды білдім.

Осы кезде көкірегімде жүрген барлық өкініш, қайғы уыты кеудеме шауып, бүкіл тірлігімнің құдайы – әкемнен мәңгі айырылғанымды түсініп, еңіреп жылаған күйімде шымылдыққа ұмтылдым. Шымылдық ішіне молда босатпады /1, 59/.

Өлімге байланысты, адам эмоциясының сыртқа шыққан ең алғашқы формасы дауыс болса, оның сөзбен толығы – жылау өлеңдерін, дами келе жоқтауды туғызған. Жерлеу ғұрпының жүйесінде әрбір рәсім мен деталі белгілі бір наным-сенімге негізделіп, өлім зардабын жеңуге бағытталса, ол көркем әдебиетте кейіпкердің ішкі әлемін ашудың әдісінде көрінеді.

Бұрын азалы үйге көңіл айта келген әрбір адам қатты айғайлап, жылап келуі міндетінің мәні: марқұмның тірілердің даусын естиді деген көне түсінікпен байланысты (сүйекті шығарғандағы және көміп келгендегі айғайдың мәні де осымен өзектес). Шығармадағы осы салттық рәсім әрі қарай тереңдетіле көрсетіліп, қайғы тартқан жанның ішкі-сыртқы сипатын суреттеуге жұмсалған.

– Шырағым, балалықты қой, өлікке обал болады. Алла тағала әкеңе иман берсін. Енді ол бұл дүниенің қамы емес. Сондықтан мұның қиянат болады. Сабыр қылыңдар, сабыр. Кімдер екенін айырып болар емеспін, кезек-кезек келіп, мені құшақтап көрісіп жатыр. Тек апамды дауысынан айырдым.

– Асқар таудай әкеңнен айырылды қой, жалғызым-ай!

Қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай өсіріп еді, жалғызым-ай! – деп тас қып құшақтап, айырылмай қойды. Бір шамада:

– Сабыр қылыңдар, жамиғат. Шалдан айырылды. Енді жақсылап аттандырмақ парыз. Өздеріңе өздерің берік болмасаңдар болмайды, – деген молданың даусынан кейін у-шу саябырлағандай болды

– Әй, бұрынғының адамына дауа бар ма! – деді әлдекім.

Өтекеңнен басқа адам болғанда малдың үлгіруі де қиын екен, дегенмен дұрыс болыпты, – деді тағы біреуі.

Өлікке осылай қызмет етпек керек, – деп ақыл айтты молда.

Өтеген бұлай қызмет ету өзінен басқа ешкімнің қолынан келмейтініне сенімді пішінмен төрде нық отыр /1, 61/.

Осылайша әңгіме-дүкен құрып, тойға жиналғандай бірін-бірі қағытып, қалжың айтысып, өлікті күзеткен шалдар таң атқанша бір көз ілмеді. Молда түнімен құран шығарды. Таңертең бір топ шал сүйекке түсті. Әйел мен ер адамның кебінінің сыртынан екі сыртқы орау орайды. Сирек те болса, қайтыс болар кәрі адамның тілегі бойынша, марқұмның басын сәлдемен орайды. Әйел адамның басына жаулық немесе кимешек түрінде орамал орау міндетті болып саналады. Сонымен қатар әйел адамның

кебініне іш көйлек кигізгенге дейін денесінің теменгі бөлігін орап тастайтын маталар жолағы кіреді. Оны белдемше деп атайды. Орағанға дейін кебінді әтірмен жеңіл-желпі себезгілеп өтеді. Өткен ғасырдың 40-жылдарына дейін «жұмақтық» хош иісті шығару үшін қазақтар қалампыр гүлін пайдаланған. Марқұмды кебінге орағаннан кейін үш жерден – басының үстіңгі жағынан, белінен, аяғынан буып, одан кейін киізге (қазіргі заманда кілемге) орап, оны да осылайша байлап тастайды.

Кебінді дайындаудың белгілі тәртіптері бар: 1) ең алдымен, ол кең болуы керек; 2) матадан қиындылар қалмау керек – материал бөлінбейді, бірақ тілінеді, пішіледі (егер қиынды шыға қалса, ол ақыреттің ішіне салынуы тиіс); 3) жіп ретінде (кішігірім мата жолақтарын үлкен орамға тігу барысында) материалдың қиындыларынан алынған кішкентай үзіктері пайдаланылады; 4) кебіннің бөліктерін қолмен пішіп тігеді; 5) ақыретті дайындау барысында арақідік «Алла», «бисмілла» және т.б. мұсылмандық эпитеттер айтылып отырады. Ақыретті молданың жанында жүретін үлкен инемен тігеді. Егер бұрын шарифат бойынша ағаш инелермен тіксе, қазір темір инемен тігеді.

Ақыретті дайындап болған соң мәйітті жуындыру басталады. Халық оны соңғы тазалығы деп атайды. Алдыңғы кездегідей, кісі саны тақ сандардан тұратын 5-7 адам жуады. Оның үстіне бірінші жуғандардың қатарына тағы да адамдар қосады. Бұл адамдарды «сүйекке түсетін кісілер» (сүйекшілер) деп атайды. Сүйекке түсетіндерді таңдағанда туыс, жақын, дос, құрбы жағы есепке алынады. Негізінен бұлар қайтыс болған адамның құрдастары болып келеді. Қалыптасқан ұғым бойынша, сүйекші жылына бір-ақ рет қана сүйекке түсуге тиіс болған. Мәйітті жуу, сол жатқан бөлмесінде, сол тәртіп бойынша күндіз сағат 10-ға таман басталады. Сүйекке түскенге дейін қатысушылар марқұм о дүниеге таза аттануы үшін алдын ала дәрет алуы тиіс болған. Денесін жуып болғаннан кейін шымылдықтың артында жатқан марқұмның бөлмесіне киізге оралған ақыретті береді.

Қайтыс болған кісіні орап болған соң дәлел шығару рәсіміне кіріседі. Бұл ритуал Құраннан аяттар оқу арқылы жүргізіліп, ол қасиетті кітапты бастан-аяқ оқып шыққанмен бірдей болады. Бұрынғы кездері қазақтарда марқұмды үйден шығарудың ислам дініне дейінгі тұтастай ритуалдары болған. Ол, ең бірінші кезекте, өлген адамның күнәсін сатып алу – підия ғұрпы, оны дәуір, ысқат деп те атайды. Егер ауылда қайтқан адамның «күнәсін» алушы адам (підияшы) болса, оған бір қап ұн, мал және т.б. берілген. Қазіргі уақытта көбіне підияшының орнын молданың өзі атқарады. Берілетін құрбандық мешіттің есебіне кіреді.

Мәйітті кілемге орап, сыртынан тағы үш жерден байлап, жаназасы шығарылады. Жиналғандар тік тұрып (азан айтылмайды, еңкеймейді), жаназа намазын оқиды. Өлікті лақатқа түсірген соң кебіннің басы, ортасы және аяқ жағында байланған жерін шешеді, бұл кезде сыртта тұрған адамдар қабірдің жас топырағынан бір-бір уыс топырақ тастаған соң, лақаттың аузы қыш кірпішпен жабылып, сыртқы үйін топырақпен толтырғаннан кейін Құраннан сүрелер оқылады. Шығармада жерлеу рәсімінің осы элементі де дәлдікпен берілген.

Тамақ ішіліп, әлденеше рет құран оқылғаннан кейін, өлікті шығарарда молда дәуір айналдырды. Жұрттың бәрі топырлап, ауыз үйге сыймай кетті. Жиен ағам мені шақырып, молданың алдына отырғызды. Молда аятын айрықша бір сазды әуенмен сарната оқып, әлден уақытта:

– Сейсеннің азан шақыртып қойған аты кім? – деді дауыстап.

– Сейсен өзінің аты емес пе?..

Жұрт аңтарылып бір-біріне қарады.

– Азан шақыртып қойған аты... – деп күмілжіп қалды жиен ағам.

Апам да үнсіз отыр. Кенет:

– Сейсенбай, – деді шалдардың бірі.

– Азан шақыртып қойған аты кім? – деп қайталады молда.

– Дұрыс, сол дұрыс, – деді апам әлгі шалдың сөзін құптап.
 Мен өз әкемнің шын атын жаңа естіп тұрғаныма іштей таң қалдым.
 Молда әкемнің туған жылын сұрады. Сенбей тұрғандай:

– Үкіметше емес, шын жылын айтыңдар, – деп дауыстады /1, 61/.

Ақыры дәуір айналдыру аяқталып, кілемге оралған өлікті сыртқа шығарып, машинаға салды.

Мәйітті жерлеп болған соң, қабірден 40 қадам өткен соң оқылатын Құран сүрелерінің мәні: қабірге Мүңкір-Нәңкүр келіп, марқұмнан сауал алғанда оған демеу көрсету. Қабірдің ішкі жағы кейде шектеулі формада түсінілсе, бірде шексіз кеңістікті білдіреді. Пәни мен бақидың аралық шекарасы деп есептелетін – қабірге көму о дүние жер астында деген түсініктерді бекіте түскен. Т.Әбдікұлының қазақтың марқұмды жөнелту жерлеуге байланысты мән-жайға қанықтығы қаламгерлік тұлғасына да әсер еткен.

Қабырдың басына келгеннен кейін жерінің керемет жұмсақ болғанын, үйінің аузын жабатын кірпіштердің соншалықты мол келгені бірсыпыра әңгіме болды. Жиен ағама бүйірден тескен лақат ұнамай, күрегін алып өзі түсіп, әлдебірденелерін жөндеген болып, бір уақытта шаң-шаң болып қайта шықты.

Қабырға топырақ салдық. Жұрттың бәрі, өлік алдындағы ең соңғы парыздарынан құтылып қалуға асыққандай күрекке кезекке тұрды. Бірнеше адам құран оқып, қабырдың бұрыш-бұрышына қойған ақшаны бөлісіп алды. Жыртыс жыртылды. Жиналғандар ақырғы рет қолдарын жайып, әкемнің өте жақсы аттанғанын әңгіме қылып, өткен жолы Жарқымбайдың кемпірін көмгенде күрек батпаған жердің қалайша жұмсарып кеткеніне таң қалысып, орындарынан тұрды /1, 62/.

«Адам өлгенде аруағына арнап, қырқына дейін қырық күнде, әр күн бір шырақтан қырық шырақ жағады немесе әр күнде он шырақтан төрт күн шырақ жағады», – дейді. Шырақ жағу себебі «өлген кісінің аруағы қырық күнге дейін үйіне келіп, балаларының жай-күйін біліп жүреді дегені. Сондықтан күн батып, қараңғы түскенде, есікті айқара ашып, босағаға ақ киіз төсеп, бір тостаған қымыз қояды, осылайша өлген адамның аруағын күтеді». Бұл – қырқына дейінгі жағдай. Ал, қырқынан жылына дейінгі, одан соңғы жасалатын салттық рәсімдер де осы аруаққа табынуға негізделген.

Шығармада марқұмға жасалған жөн-жосық, салт-дәстүрдің қаншалықты қарбалас күрделі іс екендігіне зор мән берілген.

ӘДЕБИЕТТЕР

Әбдікұлы Төлен. Повестер мен әңгімелер. – Алматы: Атамұра, 2002. – 352 б.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются фольклорные мотивы в современной казахской прозе.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада қазіргі қазақ прозасындағы фольклорлық әуендер қарастырылады.

КӨРКЕМДІК ТӘЖІРИБЕ ЖӘНЕ АҚЫНДЫҚ ШЕБЕРЛІК

Ыбырайым Б. – ф.ғ.д., профессор (Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Адамзат тарихына аласапыран әкелген жиырмамыншы ғасырдың алғашқы жиырма жылындағы сан қилы саяси-тарихи өзгерістер қазақ ақындарының тағдыры мен танымына, тұрмысына, сол арқылы әдебиеттің де сипаттарына едәуір ықпал жасады.

Бұған дейінгі адамзат тарихында болып көрмеген, құрылысы, идеялық нысанасы мен идеологиясы басқаша қоғам құруға талаптанған мемлекет өз территориясында тұратын елдің күллі өміріне күрт өзгерістер әкелді. Тұрмысқа, рухани өмірге саналуан жаңалықтар ене бастады. Сондықтан мұндай аласапыран кезеңде болмыс туралы санқилы ұғымдардың орын алуы, соған сәйкес қақтығыстардың әралуандығы – заманның қаншалықты күрделіленгендігінің белгісі. Міне, осының барлығы көркем әдебиетте әр деңгейде көрінді. Әу баста гуманистік принциптер, идеялар түрінде белгі берген идеологиялық бағыт жиырмамыншы жылдардың екінші жартысынан бастап, саяси-қоғамдық мәні тереңдеп, мемлекеттің өмір сүру нормасына айналуға, қоғамдық санаға пәрменді жетекші болуға бет бұрды.

Тұрмыстық-әлеуметтік тіршіліктің ғасырлар бойы, оған қоса бертінгі отаршылдық дәуірінде қалыптасып үлгерген ерекшеліктері қолма-қол бұзылуы, үйреншікті, «кәдуілгі» тірліктің астаң-кестең сапырылысуы, әсіресе мемлекеттік билік басындағылардың жергілікті жағдай айрықшалығын ескермей, әлеуметтік-қоғамдық, тарихи өзгерістерді жөн-жосықсыз асығыс жүзеге асыруы сан алуан қиындықтар мен қайшылықтарды көбейте түсірді. Күллі мемлекет ішінде саяси науқанның, кейін ұзақ жылдарға созылған жүйелі озбыр науқанның алғашқы кезеңі басталды.

Міне, осындай жағдайда өмір сүрген қазақ әдебиеті, оның ішінде поэзия ақындардың өмірлік-көркемдік тәжірибесі мен қалыптасқан талғамына, өмірлік көзқарасына қарай сыр-сыпаты әрқилы шығармалар арқылы салаланды.

Бұл кезде жаңа мерзімді басылымдар көптеп ашылып, көркем шығармалар бұрнағы кезеңдермен салыстырғанда, молырақ жарық көре бастады. Әсіресе, айрықша көрінгені – екі көркемдік платформа. Біріншісінде әдебиеттегі көркемдікті ең алдыңғы орынға қойған Мағжан Жұмабаев айрықшаланса, екінші тұрғыда ең алдымен жаңа қоғамның идеяларын жалау еткен Сәкен Сейфуллин көшбасшы ретінде тұлғаланды. Сонымен бірге жиырмамыншы жылдар поэзиясында ислам гуманизмімен құнарланып, Шығыс, Батыс әдебиеті мен философиясының құндылықтарын салмақтаған Ш. Құдайбердіұлы творчествосы арқылы көрінген философиялық лирика тағы да көрінді.

Халқымыздың рухани қажеттілігін қанағаттандыруда ауыз әдебиеті, халық шығармашылығы өкілдері де өнімді, игілікті қызмет атқарғаны талассыз.

М. Жұмабаев творчествосы – отаршылдық кезеңінде күйзелген қазақ әдебиетін әлем әдебиетінің деңгейіне көтерген, психологиялық-көркемдік иірімдер мен әлем поэзиясына жаңа өрнектер мен бояулар қосқан эстетикалық құбылыс, көркемдік жаңалық. Ол поэзиямыздың эстетикалық әлемін тың бояулармен, күрделі сезімдік әлеммен байытып, жаңа биікке көтерді. Қазақ поэзиясының ғасырлар бойы қалыптасқан бай дәстүрінен, фольклор мен ауыз әдебиеті құнарынан еркін, табиғи нәр алған ақын Шығыс пен Батыс әдебиетінен де мол сусындап, өзіндік эстетикалық әлем қалыптастырды.

Ақын шығармашылығының өзіндік эстетикалық әлемін айқындаған қазыналар ретінде бірден көзге түсетіні – өзіндік образдар және образдық сонылықтары, соны толғам сарындары, түрікшілдік, лирикалық кейіпкердің рухани мөлдірлік қуаттандырған асқақтығы (Мағжанға дейінгі ақындарда мен – күнмін, пайғамбармын..., деп келетін сарындар бұлайша өр дауыспен айтыла бермейді) мен

көлгірсуден аулақ сыршыл сезімталдығы. Оның лирикалық кейіпкері бұған дейінгі қазақ өлеңіндегі ешкімге ұқсамайды. Бұған дейінгі қазақ жырындағы кейіпкер субъективті өмірі жайында әсіресе жан дүниесіндегі құпияларды жайып салуға, бар шындығын ағыл-тегіл ақтарып салуға соншалықты пәрменді құштарлық білдіре қоймаса, енді лирикалық кейіпкер өзінің осалдығын да, қуатын да жасырмайды, күлбілтелеп, күмілжімейді. Бойын кернеген саналуан сезім-толғаныстарын, толғамдарын іркіп, өзін өзі сақтандырып немесе тежеп, тиып ұстаудан мүлдем аулақ. Әсіресе ынтық сезімдерді жасырмай, ақтарып айтуға құлықты. Жан сырын жарық дүниеден қымтамай, тұмшаламай, көз жасындай мөлтілдетіп, таң шығындай мөлдіретіп жеткізеді, не айтса да ағынан жарылып, адалын айтады. Лирикалық кейіпкер субъективті толғаныстарын былай қойғанда, әмбеге ортақ, драмалық сезім арпалыстары арасында да өз түйсігімен, өз түсінік-тұрпатымен дараланады.

Бойындағы осалдығын да, озаттығын да бүгіп қалуды, демек, көлгірсуді білмейтін кейіпкер ашықтығымен, адалдығымен, сыршылдығымен бөлекше бітім танытты. Толқымалы, өзгермелі көңілдің бүгін былай, ертең олай құштарлықтары Мағжан Жұмабаевқа дейінгі қазақ поэзиясында дәл осыншалық ағыл-тегіл, дәл осыншалық үздіксіз, жүйелі төгіле бермейтін.

Орхон-Енесай ескерткіштеріндегі басқаға бас июді білмейтін жауынгерлік рух, Ж.Баласағұн, А.Иассауи, А.Иүгінеки, С.Бақырғани, Хорезми, С.Сарай, т.б. дастандарындағы заман – қоғам – адам үштігін мәңгілік мұраттар, ислам идеялары тұрғысынан терең таразылауға ұмтылған философиялық пайымдаулар, осы бағыттағы көркемдік ізденістерді одан әрі жалғастырған «кітаби» ақындар шығармаларында аталған үштік мәселесін айнымас асыл гуманистік мұраттар тұрғысынан бажайлап, адам мен қоғамның этикалық тазалығын, нормасын іздеген, бұларды өмірлік қажеттілік пен тіршілік дағдысына айналдыруды көздеген, соның жолдарын табуға құшырланған лирикалық кейіпкерлердің толғаныстарында көбіне заман қалыптастырған ішкі сабыр, тереңде жатқан ұстамдылық аңғарылатын.

Махаббат кешулерін өмірдің белгілі бір кезеңдегі эстетикалық-субъективті нормасы мен рухани нысанасы ретінде сұлулап сырлаған сал-серілер (Біржан, Ақан, Балуан Шолақ, Жаяу Мұса, үкілі Ыбырай, т.б.) поэзиясы да қалыптасқан дәстүр мен заман нобайлаған шеңберден аса қоймайтын. Тек Абай шығармашылығында ғана ежелден бергі рухани-тарихи даму орнықтырған дәстүр шеңберінен шығып, лирикалық кейіпкердің тек өзіне ғана тән субъективті сезім буырқаныстарын айқын, айбынбай ажарлау мен айшықтау көріне бастады. Абайдың ұстамдылығы заман нормаларына, заңына бағыну, көз жұмып, соған мойын ұсынудан емес, өз көңілі ұйыған, өз көзі жеткен сенімнен, болмыс құбылыстарын таразылаған өз танымынан туған. Жеке адам немесе мораль типтері, махаббат, табиғат, т.т. қай-қайсысы да лирикалық кейіпкерлерді ең алдымен философиялық аяда толғандырады да, ақын поэзиясы әсіресе осы қырымен айрықшаланады.

Ақындық “меннің” сипаты мен сырынан хабар беретін лирикалық кейіпкер сомдауда бұрыннан мол тәжірибе жинақтаған қазақ поэзиясына Мағжан жырлары әкелген кейіпкер өз бойында жоқты бар ғып көрсетуге ұмтылып тыраштанбайды, ақылгөйсімейді. Ақтарып айту бар да, асыра айтудан аулақ. “Гүлмін”, “күнмін” деуі – күшенуі емес, тарихынан тамыр алған, оның бағасын таныған отаншыл рухтың өз қадірін өзі сезініп, асқақ парлауы, еңсесін езгіге бастырғысы келмеген өр кеуденің ноктаға мойын ұсынғысы келмеген арда асаудай аспанға шапшып қарсыласуы.

Осынша өр, асқақ кейіпкер – енді бірде бала, енді бірде дана. Қол созым жердегі ғашығына қолы жетпей, жалындап жаны күйіп, азап шеккенде, төгілген көз жасын да жасыра алмайды. Бұл – жан дүниесінің тазалығы, мөлдірлігі, “адалымды айтсам, жакпай қаламын-ау” деген қауіп-ойдан аулақ сенгіштігі. Лирикалық кейіпкер осындай адалдығымен, риясыздығымен баурайды, сендіреді. Осындай соны бітімді кейіпкер –

М.Жұмабаев поэзиясындағы жаңалықтардың бірі деп айтуға лайықты. Идеялық аңсар-принцип, сарын ретінде белгі берген түрікшілдік те онымен тұстас немесе алдындағы ақындарда дәл Мағжандағыдай айқын дауыспен аршындап, алға шығып көріне бермейді.

Бұл орайда ғасыр басындағы және сол тұстағы түркі халықтары зиялылары көтерген идеялар Мағжанға жақсы таныс болғаны, ақынның өмір шындығын, тарихын бел-белестерді өз сүзгісінен өткізгені, сенімі өлеңдегі сырына айналғаны аңғарылады. И. Гаспиринскийдің толғаныстары қазақ даласына да жетіп, М. Жұмабаевқа да әсер еткенге ұқсайды. Автор бұл жайында арнайы атап көрсетпегенімен, кезінде белең алған идеялық сарынның жалпы қазақ зиялыларына да жақсы таныстығы тарихтан мәлім.

Мағжан поэзиясының өзіндік эстетикалық әлемін қалыптастыратын субъективті факторлар ретінде жаңа образдар және образдылық сонылықтар, соны толғам-сарындар (мәселен, түрікшілдік, лирикалық кейіпкердің мөлдір сезімнің асып төгіліп жатуы, қуаттылығы, рухани тазалығы, аса асқақтығы. Мағжанға дейінгі ақындарда мен – күнмін, пайғамбармын... деп келетін сарындар кездесе қоймайды) мен көлгірсуден аулақ сыршыл сезімталдық атап айтуға лайықты. Оның өлеңдерінде символизм түрлі қырынан көрініп, түрлі тұрғыдан пайдаланылады. Ақын символизмнің өзіндік мүмкіндіктерін кәдеге жаратумен бірге өмірлік мезгеуі машақатсыз-ақ табылатын астарлық-жинақтаушылық қуат қосып, лирикалық кейіпкердің субъективті сезімі немесе ой-аңсарымен табиғи өрілген суреткерлік концепцияны бейнелейтін астарлы байыптау дарыту арқылы символизмді таза эстетикалық ағым ғана емес, ауқымы одан әлдеқайда кеңірек эстетикалық-философиялық жүйеге көтерді деп айтуға болады.

Әрине, символизмнің де өз философиясы бар. Дегенмен М. Жұмабаев поэзиясындағы символизм таза осы түрдегі ағым, құбылыс ыңғайында ғана қалмайды, өмірлік тиянағы нық, реалистік мезгеуі мен романтикалық аңсары қабаттасқан жаңа құйма секілді. Сырт қарағанда, біркелкі символистік бояулардан құралған секілді көрінетін өлеңдерінің өзінде де реалистік-романтикалық астарлар бірін бірі толықтырып, бірінен бірі туындап жатады. Бұл мәселе алдағы уақытта арнайы зерттелгені игі.

Ақынның лирикалық кейіпкері субъективті толғанысымен бірге әмбеге ортақ, жалпыға мәлім драмалық сезім кешулерімен ерекшеленеді. Бұл сипат Қазан төңкерісіне дейінгі де, одан кейінгі де өлеңдеріне тән. Жиырмасыншы жылдарда кемеліне келген ақынның «Мені де өлім, әлдиле» секілді туындыларынан күрделі конструкция, символизм мүмкіндіктері – ой ишаралау тәсілдері мен бейнелеу құралдары белгілі бір өмірлік құбылыстар немесе абстрактылық арқылы микроәлем жасаудан гөрі көркемдік концепцияны бейнелеуге қызмет еткен, демек, өзіндік эстетикалық-философиялық көру мен байыптау жүйесін қалыптастырғаны аңғарылады.

Жиырмасыншы жылдардағы қазақ поэзиясына Мағжан Жұмабаев әкелген жаңалықтардың бірі – бейнелеу мүмкіндіктерін молайтатын, көркемдік әлемді байыта түсетін эстетикалық конструкцияны көркемдік концепцияны жеткізуге шебер пайдалануы. Алғаш рет біз қолданып отырған бұл терминге мынадай ұғым сиғызуға тырыстық. Эстетикалық конструкция дегеніміз – белгілі бір өлеңнің идеялық-көркемдік мазмұнын қамтыған көркемдік құрылымдағы образды-мағыналық тұрғыдан өзара сабақтасқан бөліктер жүйесі. Рас, мұндай конструкцияның жекелеген, «стихиялы» түрде жасалған үлгілері фольклорда, ауыз әдебиетінде де ұшырасатын. Мәселен:

Қыз Жібектің ақтығы
 Наурыздың ақша қарындай.
 Ақ бетінің қызылы
 Ақ тауықтың қанындай.
 Төсінде бар қос анар
 Нар буранын санындай.
 Бет ажарын сұрасаң,
 Жазғы түскен сағымдай...

деп келетін тіркестер – бір-бірімен сабақтасқан конструкциялы теңеулер арудың ажарын айшықтайды, әрі эстетикалық сезіну сәгі. Арудың ажарын «айқындаған», «анықтаған» мұндай

конструкция эпос туындысының жалпы контексінде концептуалды-көркемдік әлемнің қажетті көркемдік компоненті қызметін атқарады. Мұндай сипаттар Мағжанға дейінгі поэзияда молшылық.

Ал, ақын бұл тектес компоненттерді тіптен басқаша бөлекше күрделендіріп, жаңа конструкция-құрылым жасады. Айталық, “Мені де, өлім, әлдиле” атты өлеңіндегі әр өлімнің өз шежіресі, трагедиясы бар. Солардың бәрі қосыла келіп, автордың осы шығармадағы көркемдік әлемін құрайтын эстетикалық конструкцияға айналған. Бұған дейінгі поэзияда жалпы көркемдік мазмұнға кірпіш қызметін атқаратын бейнелеу қазыналарының енді қоғамдасқаны соншалық, әрқайсысы жеке-дара деп бағалауға лайықты бір-бір “ансамбльдердің” басын біріктірген, бұған дейін төл поэзиямызда болып көрмеген тосын, суық сызымен сұсты, құрылымы жаңа, өзіндік бір әлем жасаған. Осы әлемнің құрамындағы ансамбльдерді құрайтын компоненттер ақын шығармаларында бұрыннан-ақ әр кезде түрлі келбетте кездесетін.

Мәселен, кезінде патшаның отаршылдық саясатына қарсы жазылғаны сезілетін өлеңдерінің бірі – “Жаралы жанда” мынадай жолдар бар:

*Сар дала бейне өлік сұлап жатқан,
Кебіндегі ақ селеулер бетін жапқан.
Тау да жоқ, орман да жоқ, өзен де жоқ,
Сәуле емес, қан шашып тұр күні батқан,/1/ -*

немесе одан кейінгі уақытта жазылған “Сүйемін” атты өлеңіндегі:

*Орманы жоқ, шуы жоқ,
Тауы да жоқ, суы жоқ,
Мәңгі өлік сахарасы, –*

секілді шумақтар мен “Мені де, өлім, әлдиле” өлеңіндегі мысалдарды салыстырғанда, алғашқыларында “өлік, өлім” сөздерінің символдық мәнде қолданылғаны, алайда тек өз бояуымен ғана тұтасып тұлғаланған концептуалды әлемді емес, лирикалық кейіпкердің ақындық “менінің” аңсарын аңғартуға қажетті сезім-ситуацияны, сезім-символды бейнелеу үшін қажетті компонент қызметін атқарғаны байқалады. Ал, “Мені де, өлім, әлдиле” өлеңіндегі әлдекімнің өлгені, жалғыз жас қайыңның құлағаны, ұланның майданда қайтқаны, бетпақ шөлдегі жалғыз жанның өлімі, он бестегі жас сұлудың жасқа тұншығып өлуі, қозының көз тиіп өлуі, сұлуларды құшқан жастың ажал құшуы... бірінен кейін бірі кезектескен, бірден бірге ұласқан өлім ситуациялары арқылы өлеңнің конструкциясын концептуалды мазмұнға бағындырған, түпкі аңсарын тереңге тұндырған ақын шеккен азап алуан:

*Бетімнен тәтті бір сүйіп,
Алдыңа ашы әлдилеп,
Келші, өлім, тезірек.
Жан ұшудан тоқтады,
Жынданып енді соқпайды
Кешегі асау жас жүрек.
Бетімнен тәтті бір сүйіп,
Алдыңа ашы әлдилеп...
Балқиды жаным бұл күйге,
Мені де, өлім, әлдиле...
Мені де, өлім, әлдиле!... /2/*

Жиырмасыншы жылдарда көркемдік тәжірибесі де, шеберлігі де толысқан ақынның мұндай туындыларынан болмысты сезіну аумағы айрықшалықтарын, осы сезінуді бейнелеудегі соны ізденістерге бастағанын көреміз.

Жалған дүниенің опасыздығынан жалыққан, шаршап жабыққан лирикалық кейіпкердің жаны күйіп, тыным өтініп сағынуы, сонша трагедияларды көріп, қиналған жүрекке араша аңсауы, қажудан сұрланған, қарауытқан рухани әлемін тазартуға талпынудың бір шарасы секілді “мені де, өлім, әлдиле” деген жалыныштан бетер

өтініш – конструкцияның күмбезі, лейтмотиві. Өлеңдегі осындай күрделі көркемдік конструкция, символизм арсеналы – ой-сезімді бейнелеу мен жеткізу мүмкіндіктері өмір құбылыстарын сұрыптап, саралап, көркемдік микроәлем жасаудан, басқаша айтқанда, құйрығы шолтаң етіп, бірден көрінетін идеяны ишаралаудан гөрі мазмұны байтақ макромир, көркемдік конструкцияны бейнелеуге қызмет еткені, демек, ақынның өзіне ғана тән, бұған дейінгі қазақ поэзиясында бұл кейіпте ажарланбаған эстетикалық-философиялық көру мен байыптау жүйесін қалыптағаны аңғарылады.

Ойды, эстетикалық нысанды бейнелейтін күрделі, сатылы, әрі өзара сабақтас мазмұндық-көркемдік ұстындар арқылы тұтасқан конструкцияға құрылған өлеңдер қатарына “Гүлсімге”, “От”, “Мен кім?” өлеңдері де жатады.

Ақынның қазақ поэзиясына қосқан жаңалықтарының, жаңа үлестерінің бірі – троп, фигураның – айшықтау мен құбылтудың саналуан тәсілдерін табиғи, еркін және молынан пайдалануы, сол арқылы қыруар тың образдар әкелуі, образдылық әлемін байытуы. Кербез келісіммен кестеленген, кезектескен, бірін бірі толықтырып кемелденген образды ойлар мен орамдар ұжымдасып, тек Мағжанға тән образды көркемдік әлемді көркейтеді.

*Келші, көзім, күн бетіңді көрейін,
Сүйші, сәулем, тұншығып мен өлейін.
Кел, жұлдызым, жылжып қана жібектей,
Жұлдызды – жүзік, айды алқа ғып берейін.
...Күлкің, Күнім, күміс күндей табаққа,
Мінсіз сұлу меруертті шашқандай...
...Еркетайым, келсең егер қасыма,
Сәулелерден шоқ қадар ем басыңа.
Көз жасымнан меруерт тізіп берер ем,
Келші, күлмей көзден аққан жасыма.../3/*

Осындағы күн – бет, жұлдыз жібектей, жұлдыз – жүзік, ай – алқа, күндей күміс табак, мінсіз сұлу меруерт, сәулелер шоғы, меруерт – көз жасы, т.б. бейнелі кестелер, әлбетте, бірден көзге түсіп, ақынның шалқар талантын, шабыттылығын айқын танытады. М. Жұмабаев поэзиясының осы сәтте көрінетін тағы бір айрықшалығы – айқын, ажарлы айшықтардың қасында қаумалаған қарапайым секілді тіркес сөздердің сезім сәулесі мен көлеңкесін тірілтуі, талпындыруы, түрегелтуі, тербетуі. Лирикалық кейіпкердің жан күйін “келсең егер, қадар ем, берер ем, күлмей” секілді кәдуілгі кірпіш-сөздерден-ақ барлап үлгереміз. Келші, сүйші, көрейін, өлейін, берейін, шашқандай, көзден аққан секілді байырғы, байсалды сөздер өлеңнің көркемдік әлемін кестелеген контекстің құрамында әрқайсысы тек өзіне ғана тиесілі, тек өзіне ғана тән қызметті атқарып, көркемдік бірліктерге айналған. Мұндай мәртебелі қызмет атқарған қарапайым сөздер шебер қиюласып, лирикалық кейіпкердің психологиясынан, парасатынан сыр шертеді. Демек, бейнелік қызметі теориялық анықтамалар мен шарттарға тікелей сәйкес келмесе де, өлең контекстінің, тіркес контекстінің біртұтас бітімінің бір бөлігіне айналу арқылы ажарлау абыройына ие болған.

Мұндай мысалдар ақын шығармаларында молшылық. Образ күрделілігі мен алуан түрлілігі, образдылық әлемінің байлығы, сан түрлі тәсілдермен жасалуы – ақынның жиырмасыншы жылдардағы поэзияға зор үлес қосқанының айғағы. Ақынның өз замандастарына ықпалын Бернияз Күлеев, Ғұбайдолла Балақадыров өлеңдерінен де, Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов, т.б. шынайы ықыласпен жазылған мақалаларынан да байқаймыз.

Лирикалық кейіпкердің жан дүниесіндегі құбылыстарды терең де нәзік бейнелеу, жан сырын, сезім дірілін ірікпей, ақтарып айту да мөлтек психологиялық талдаудың бір көрінісі іспетті. Мағжан Жұмабаев ештеңе бүкпейді, қанша қуанып, қанша жылағанын да жасырмайды. Қазақ поэзиясының арғы-бергісіне көз салғанда, Мағжаннан өткен

«жылауық» ақын табу қиын. Бұл көз жасы – ақынның күйректігі, рухани бошалаң, болбырлығы емес, рухани әлемінің тұнықтығы мен толғанысының мөлдірлігі, шіркеу түспеген, шырылдап шыққан шындығы.

Жан ләззатын тән рахатымен бірлеген, өмір туралы, сүю туралы толғанысын мұндай ашық, мұнша еркін, өткір де тосын ақтара айшықтау бұған дейінгі қазақ поэзиясында кездеспейді. “Бүгінгі күн өмір, өлім - менікі”, “Сырым”, “Сүй, жан сәулем” өлеңдерінің өзегіне айналған сезім екпіндеген сайын арнасы кеңейе келе, толассыз толқындап, кейіпкердің рухани әлеміне жетелей түседі, қапысыз бойлап, оның табиғатын танытады.

Ақын өлеңдерінде физиологиялық күй психикалық күйге ұласады да, одан әрі тебіренісі тербелген психологиялық процеске айналады. Міне, осы ұласу мен ұлғаю бұрылыстарында үнемі белгі берген сәулелі сезім-толғаныстар тоғысынан толқындаған эстетикалық аңсар арайлап шығады. Осы эстетикалық аңсар шығарманың өн бойын кернеген күй-процестерге нұрын таратып, авторлық идеяға айналады, суреткерлік концепцияның түзілуіне атсалысады.

Кейіпкердің жан дүниесіне үнемі ыждаһатпен зер салу – ақынның ерекшелігі, әрі рухани қажеттілік, көркемдік құштарлық ретінде “Батыр Баян” поэмасында психологиялық талдау тәсілін қазақ поэзиясында алғаш рет реалистік мәнерде қолдануға жетеледі.

Поманың драматизмге толы, ең шырқау сәті – батыр Баянның ашумен інісі Ноянды атқаннан кейінгі сұрапыл қиналысы, жан азабы. Осы сәттегі батырдың іштей күйреп күйзелуі, жаны шырқырауы психологиялық талдау тәсілі арқылы жеткізілген. Мұндай драмалық тебіреністер әлем поэзиясында сирек.

М. Жұмабаев шығармаларының жалпы қазақ поэзиясына, оның ішінде жиырмасыншы жылдар әдебиетіне қосқан үлес-жаңалықтарының бірі – бүгінгі көптеген зерттеушілер дұрыс көрсетіп жүргендей, символизм рухындағы туындылар. Бұл ретте символ мен символизм ұғымдарының шекаралары шендес, бір-бірімен сабақтас ұғымдар болғанымен, әрқайсысының өзіндік жүгі, міндеті барын да ескерген жөн. Ақын шығармашылығында мұның екеуі де молынан кездеседі. Символизм көркемдік ағым ретінде де, ой-сезімді бейнелеудің тәсілі ретінде де стильдік ерекшелікті қалыптастыруға атсалысады. М. Жұмабаев сөзге символдық-көркемдік тұрғыдан алғаш рет эстетикалық мағына, идеялық мазмұн дарытумен шектелмей, эстетикалық мөлтек әлемге (микромир) айналдырады. Демек, қарапайым да қайратты сөз енді өзінің мән-қуаты арқылы ойды жеткізудің құралы қызметін атқаруды “місе тұтпай”, контекстің құрамында әлсін-әлсін дараланып көрінуі арқылы эстетикалық-философиялық мазмұнға, сол арқылы эстетикалық-эмоциялық қуатқа ие болады. Мәселен, от, қара, қараңғылық, жер, жел, жол, жұлдыз, күн, түн, сәуле, зар, өлім, т.б. сөздер жай лексика емес, символ-сөз, образ-сөздер дәрежесіне көтерілген. Біраз тұстарда философиялық категорияларға да айналады. Контекстің әлпештеуі мен иіріміне, икемдеуіне, көркемдік қуатына қарай әр сәтте алуан бояу сәулесімен нұрланады. Мұндай сөздер енді символ-сөздерге, символ-ұғымдарға, символ-мағына, символ-идея, символ-бояу, символ-нақыш, символ-концепция, символ-проблема, символ-категория, символ-бейнелілікке ұласады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жұмабаев М. Шығармалары. Үш томдық. А., 1995, 1 том, 75-бет.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдарындағы қазақ әдебиетіне, оның ішінде қазақ поэзиясына ықпалын тигізген алуан факторлар, соған орай өрістеген әрқилы көркемдік ізденістер, көркемдік тәжірибе мен ақындық шеберлік мәселелері тарихи-әдеби процесс контексінде қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются факторы, повлиявшие на казахскую литературу двадцатых годов прошлого века, в частности на казахскую поэзию, а также вытекающие из этого проблемы различных художественных поисков, опыта и поэтического мастерства в контексте историческо-литературного процесса.

ТІЛ БІЛІМІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ТЕРМИННІҢ БАСТЫ БЕЛГІЛЕРІ

Ақайұлы Ы. – ф.ғ.д., профессор (Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Әдетте, *балкон* сөзін біреу термин деп, біреу термин емес деп, *мынау термин, анау термин емес, термин – бүкіл әлемге ортақ сөз* деп, қандай да негіз-дәлелсіз-ақ сөздің бірін ана топқа, бірін мына топқа жіктеп жатамыз. Біреулер, қазақ сөзі жай, әшейін сөз ғой, болса, орыс сөзі мен шетел сөзі термин болар деп ойлайды. Тағы біреу, орыс сөзін қазақшалап, шетел сөзін қазақшалай алмай жатады да, аудармаған, аударма алмаған себебім – ол шетел сөзі ғой, оны аударуға болмайды деген тұжырым айтады. Әрі осы негізде басқа тілге аударылмайтын шетел сөзі нағыз термин болар деп ойлайды. Жұртты бұлай адастырып жүрген нәрсенің бірі – ғылымның бізге орыстан, Еуропадан келуі. Сол ғылыммен бірге келген шетел сөзі – жай сөз емес, термин сөз болар, оны қазақшалау қиындығы да содан шығар деген түсінік қалыптасқан. Мысалы, көпшілік *клетка, селекция, ген, артерия, вена* деген шетел сөздерін сөзге келмей термин десе, *кислота, соль, порошок, самолет, вертолет* деген орыс және *түйсік, түсінік, зерде, зейін, сана, ой* деген қазақ сөздеріне келгенде күмілжіп қалып жатады.

Өкінішке орай, бұл жай жұрттың ғана сөзі, түсінігі емес. Тілші, терминші мамандардың өзі бұл түсініктерді анық ажыратып бере алмайды. Себебі, сөздің термин немесе термин еместік сипаттары – әлі күнге ғылыми тұрғыда да анықталып, нақтылана қоймаған мәселе.

Іс жүзінде келтірілген сөздердің термин немесе термин емес дейтін айрықша белгілері жоқ. Пәлен тіл сөзі термин де, түген тіл сөзі термин бола алмайды дейтін де ереже жоқ. Тек біздің мамандар мен көпшілік санасында осындай көмескі түсінік бар.

Олай болса, әуелі термин деген не, оның сөзден айырмашылығы, яғни басты белгілері қандай дегенге тоқталайық.

Терминнің ең басты белгісі – ол – сөз. Қандай да түсініктің аты болуы терминді сөз етеді. Ол сөзше айтылып, сөзше естіліп, қабылданып, сөзше жұмсалады және қолданылады. Терминнің сөз болатын тағы бір себебі – ол тілдік бірліктерден құралады. Тілдегі кез келген басқа сөз сияқты дыбыс, буын, түбір, қосымша, түбір сөз, туынды сөз, күрделі сөз, сөз тіркесінен жасалады, осылардан, осылардың түрлі үйлесімінен жасалады.

Санамалай, салыстыра айтар болсақ: 1. Екеуінің де мәні, мағынасы бар, екеуі де дыбыстық тіркесімнен құралады, екеуі де тілдің сөздік құрамына кіреді. Екеуі де грамматикалық өзгеріске түседі әрі бірдей түседі: қосымшалар буын үндестігі бойынша жалғанады. Синоним, омоним, полисемия екеуіне де тән (1). Екеуі де сөйлемдегі сөздер ықпалына түсіп, мағыналық өзгеріске ұшырайды. Мысалы, *азот – иіссіз, түссіз газ* немесе *азот Менделев кестесінің екінші қатарында, бесінші топта орналасқан; күмістің d қабатында 9 электрон бар* немесе *...күміспен күптеп* деген сөйлемдердің

екі жағдайында азот пен күмістің екі мағыналары қолданылып тұрғаны, яғни олардың мәтінмәндік ықпалға түскені көрініп тұр. Сөздің де, терминнің де жасалуы, ауызекі және жазба тілдердегі қолданысы мен өзгерісі сол тілге тән бір ғана заңдылық негізінде жүзеге асады. Ал о бастағы бір түбірдің уақыт өте келе бірнеше туындысы пайда болуы және күрделі сөз түзуге қатысуы – терминнің де тұлғалық икемделуге түсетінін көрсетеді. Мысалы, әуелде *аммон* тұлғасында болған сөздің *аммоний*, *аммиак*, *аммоналы*, *аммофос*, *амид*, *амин*, *-имин* сияқты ондаған түрлік өзгерістері, туындылары бар. Екеуін де адам пайдаланады, ал адамның ғалым, ғалым еместігі екінші ретті нәрсе.

Ол *жер*, *су*, *тау*, *тас*, *қол*, *аяқ* сияқты тілдің негізгі сөздік қорын құрайтын, онда әуелден бар жай, түйсіктік атаулардан, атау сөздерден, *қолөнер*, *шикізат*, *қарбарыс*, *мәжілісхат*, *баянхат*, *қолдаухат*, *берімхат* (*накладной*), *ұяшық*, *талшық*, *қылыш* сияқты ішкі құрлысы оқылып тұратын уәжді сөздерден, *мыс тотығы*, *күкірт қышқылы*, *ас тұзы*, *азу тіс*, *сүт тіс* сияқты сипаттауыш, сипаттай атауыш тіркестерден тұрады және осы келтірілген сөздік бірліктердің бәрі де өз кезегінде термин болады, белгілі бір саланың термині болып табылады. Яғни термин тілдік таңба, бірлік ретінде сөз болады.

Осыған орай, терминнің тілдегі басты қызметі көрінеді. Ол жалпы қатынастық, жалпы тілдік деңгейде қандай да түсініктің ат(ау)уы болады әрі мұны сөздік әлде жадтық қызмет деп атаймыз. Сондай-ақ қызмет мақсаты – бөлектеу, бекіту (фиксация), сақтау болып, тілдің де, қоғамның да бүкіл болмысына негіздік, арқаулық рөл атқарады.

Терминнің сөз ретіндегі басқа басты белгілері төмендегідей. Біріншіден, ол – танымдық сөз. Термин – көпшілік үшін жаңа, белгісіз, мазмұны күрделі арнайы түсініктің аты және жай ғана аты емес. Ол аталушы нәрсенің тіл арқылы қоғамда танылып-түстелуіне, таным жүйесінде орнығып, бейнесі қалыптасуына қызмет етеді. «Адам, өзіңді таны» ұранына сай ғылымның басты мұраты мен дамуының қозғаушы күші – адамзаттың қоршаған орта және өзі туралы білімі артып, танымы кеңейіп, өзін рухани күшейту ниеті болса, термин – осы мұраттың жүзеге асуында ғылымның алғашқы және бірден-бір жаршысы. Мысалы, *төл сөз*, *төлеу сөз* деген терминдік сөздерден біз мұның бірі – адамның өз сөзі, алғашқы, түпкі сөз екенін, екіншісі – соның орнына, төлеміне, өтеуіне жүретін сөз екенін, ал *өршіткі*, *өсірткі*, *есірткі* дегендерден бұлардың бірі – әлденені өршітетін, күшейтетін, екіншісі – әлдененің өсуіне сеп болатын, өсуін тездететін үшіншісі – адманың есіріп, құтырынуына алып келетін нәрселер екенін аңғарып, білеміз. Яғни бұлар арнайы айтып, қосымша хабарлаусыз, ата(л)уы арқылы-ақ дүние туралы білігімізге білім қосып, танымымызды арттырады. Жаңа және арнайы, мазмұны күрделі сөз болуы терминге танымдық сипат береді.

Бұл белгісі терминнің танымдық қызметіне негіз болады. Танымдық қызмет мақсаты жаңа нәрсені түсіндіру, таныстыру болады әрі қоғамның оқу-білім, өндіріс, технологияға жақын, жоғары сауатты, саналы өкілдеріне, яғни әлеуметке бағышталады.

Терминнің сөз ретіндегі екінші басты белгісі – ол – атау сөз. Атау сөз деген не?

Атау сөзді атауыш сөздер негізінде түсіндіруге болады. Тіл білімінде атауыш сөз деп жеке тұрып та, басқа сөзбен тіркесіп те қолданыла беретін негізгі сөздерді айтады. Сірә, осы атауыш сөздердің бір бөлігі кең танымал болады. Яғни адам өмірінде өте жиі кездесетін әрі нақты түрде болатын түсінік есімденіп, есімдік сипат алып, мысалы, кісі есімінше қолданылатын болады. Жай, қатардағы ғана сөз болып қоймай, атауға айналады. Бір өзі тұрып-ақ сөйлем бола аларлық деңгейге жетеді (іргелес сөйлемдер), ата(л)уы арқылы-ақ өзінің сөздік (лексикалық) мағынасынан әлдеқайда кең түсініктер жүйесін тудыра алады. Мысалы, *тау*, *дала*, *ел*, *жүрек*, *қан*, *жол*, *өмір*, *өлім*, *сөз* деген атау сөздерді жеке-дара атасақ, оймызға, көз алдымызға осы сөздерден шығатын, осы түсініктер айналасындағы көптеген елестер тізбегі келуі мүмкін. Керісінше, *тамыр*,

қолқа, бауыр, қылтамыр, табақ, ыдыс, сөйлем, сөз тіркесі деген сөздерді атау түйсігімізде ондайлық ойлар туғыза бермейді. Яғни олар – атау емес, бар болғаны жай, атауыш сөздер. Сөздің бәрі нәрсе, түсінікке ат болады. Бірақ бәрі атау, атау сөз болмайды. Термин де – кез келген емес, маңызды түсінік атауы. Сол себепті ол да атау сөз болуы мүмкін. Мысалы, *компьютер* әуелде тек термин еді, енді жалпы тілдік сипат алып, атау сөзге де айналды.

Олай болса, атау мен терминнің бірлігі – екеуі де есім сипатты, атау тұлғалы, атаулық сипаттағы сөз, қандай да түсінік аты. Айырмасы – атау – кең танымал, есімдігі басым, ескі, жалпы тілдік, ал терминнің танымдығы басым, арнайы мәні бар, жаңа, аз танымал. Яғни термин маңызды, тіректік түсінік аты ретінде атау сөзбен үндеседі. Бұл оның атаулық қызметін құрайды әрі атаулық қызмет мақсаты айшықтау, әйгілеу, айғақтау, көрсету болады.

Терминнің сөз ретіндегі үшінші басты белгісі – ол – жаңа сөз, орысша айтсақ, неологизм. Арнайы анықтама (2) бойынша, «тілдегі бұрыннан келе жатқан белгілі тәсілдер арқылы жасалған немесе мағынасы ауысу арқылы туған жаңа сөзді неологизм дейміз». Әрі ол «үш жолмен жасалады ... : а) негізгі түбірге жұрнақ қосылу арқылы (*өндіріс, өнім-ді-лік, өндіріс-ші*), б) сөздердің бірігуі арқылы (*халық-аралық, қол-өнер, алғысөз, соңғысөз, келіссөз, жарыссөз. жолақы, бесжылдық, шетел*), в) сөздердің мағыналары ауысуы арқылы (*қарау – көру, бағу, талқылау*)». Яғни термин де әуелгі сөз тұлғасы сақтала отырып, мағынасы өзгере, оған жаңа мағына үстеле немесе сөздің тұлғасы да, соған сәйкес мағынасы да өзгере, яғни аталған сөзжасам тәсілдері бойынша жаңа сөздік бірлік жасала пайда болады. Екіншіден, терминнің бәрі де жаңа тұлғалы, мағыналы сөздік бірлікке жатады. Тілдегі басқа сөздерге қарағанда жақында ғана жасалған жаңа сөз болып табылады. Мысалы, тілдегі *тат, таттану, тат басу* деген әуелгі (яғни ескі), жай сөздерге қарағанда *тотық, тотығу, тотықсыздану, тотықтырғыш, тотықсыздандырғыш* деген терминдік, арнайы сала сөздерінің тұлғасы да, мағынасы да жаңа болып табылады. Дәл сол сияқты, *тұз, қышқыл, ауа* сөздерінің де белгілі бір салаға қатысты айтылатын, арнайы мәні жалпы тілдік, әуелгі мәніне қарағанда әлдеқайда кейін пайда болған, яғни жаңа.

Бүгінде кез келген тілдегі жаңа сөз негізінен термин не қандай да сала түсінігі ретінде пайда болады және керісінше, белгілі ғалым С.А. Низовцеваның (3) пайымдауынша, пайда болып жатқан жаңа сөздердің 90 пайызы термин болып табылады.

Жаңа сөздік сипаты терминнің сөзден сөз тудыру, сөзді түрлендіру, сөз жасаудың соны тәсілдерін тудыруға, яғни сөзжасамдық қызметіне негіз болады. Кез келген тіл де жаңа сөз туып, жасалып отырмаса, оның ішкі даму мүмкіндіктеріне тұсау салынады, онда бөгде тіл сөздері пайда болады. Бұл қызметінің мақсаты тілдегі сөз қорын арттыру, оны ойға, заманға ілестіру, өз табиғатына сай жаңарту, жасарту болады әрі тіл сапасына, оның икемдік, оралымдық сипаттарына бағышталады.

Терминнің сөз ретіндегі төртінші басты белгісі – ол – арнайы сөз, арнайы мәні бар сөз. Яғни сөздің жалпы (жай) және арнайы мәні болады. Сөздің арнайы да, жалпы да не тек арнайы не тек жалпы мәні болуы да мүмкін. Яғни арнайы мәні жоқ сөз де болады. *Сөйлем, көсемше, есімше, етістік, есімдік* сияқты көптеген терминнің, сөздердің тек терминдік мәні бар, жалпы мәндері жоқ. Ал *рай, шырай, одағай, шылау, үстеу, жалғау, жұрнақ, қосымша, түбір, буын* сияқты мыңдаған сөздердің жалпы тілдік те, арнайы да мәндері бар. Бұл сөздердің термин немесе термин емес, жай сөз болуы қолданыс аясына қарай анықталады. Мысалы, *ауа* сөзінің *1. дем, 2. газ қоспасы* деген жай сөздік те, терминдік те мәндері бар. Оның бірінші мағынасы күнделікті тұрмыста, жалпы тілде, екіншісі – белгілі бір сала аясында қолданылады. Олай болса, термин – сөз және арнайы қолданыстық сөз. Терминнің терминдігі сөзінің тегіне қарап емес, қолданыс аясына қарап анықталады. «Балкон» көпке жалпы тіл, тұрмыс сөзі ретінде танылды.

Сондай-ақ ол – сәулет-құрылыс саласының арнайы сөзі де. Ол ғылыми қатынаста қолданылса, термин болады да, жай, жалпы тілдік қатынаста қолданылса, жай сөз болады. Қолданыстық сипаты, қоланыс аясы терминді сала атауы, яғни кәсіпсөз етеді

Терминді танып, анықтаудағы бір жаңсақтық – оны *ғылым сөзі*, *ғылыми таңба* деп атап, тек ғылыммен ғана байланыстыра қарау болып отыр. Терминнің, терминдік сөздің алғаш рет ғылым саласында пайда болғаны рас. Ғылымның өзі әуелден бір кәсіп түрі еді. Ол кезде өндіріс – өндіріс, дене еңбегі, қара жұмыс етін де, ғылым – ғылым, ақ жұмыс, ой еңбегі, ой ойыны болатын. Бүгінде кез келген кәсіп, өндіріс, саланың ғылыми негізі бар. Дәл сол сияқты кез келген өндірістің, саланың өзіндік атаулық жүйесі, термині бар. Мысалы, мал шаруашылығы бұрын қара жұмыс қана болған, қазір оның бірнеше салаға жіктелген ғылымы барына, оның ғылым нысаны да екеніне және өзіндік атаулық жүйесі де бар екеніне, ол атаулар қатарында білімдік, яғни оқып-білуге қатысты, таза ғылымдық, яғни ғылымды жазуға, дамытуға қатысты және тікелей өндірістік, яғни сала шаруашылығын жүргізуге қатысты атаулар барына әрі бәрінің артық-кемсіз, бірдей бағаланатынына ешкім таласпайды. Сол сияқты, кез келген әрекет түрінің арнайы өзіне ғана тән, өз атымен аталатын ғылымы болмаса да, басқа ғылым аясында, ғылымдар түйісінде қаралып, шешілетін ғылыми негізі болады. Мысалы, бет күтімі қызметінің де бірінші кезекте ғылым нәтижелері негізінде жүргізілетіні әрі оның медицина, биология, химия т.б. ғылымдар түйісіндегі мәселе екені белгілі. Ғылым–технология–өндіріс қатынасы да теория–әдістеме–практика қатынасын қайталайды. Осы себепті, енді сала сөздерін термин, кәсіпсөз деп бөлудің түк мәнісі жоқ. Олай болса, әуелден табиғаты бір бұл сөздер тобын *ғылыми сөз*, *ғылыми емес сөз*, *өндіріске қатысты сөз*, *кәсіби сөз* деп жасанды жіктеуге ұрынбай, бәріне ортақ белгілері бойынша *арнайы сөз*, *сала сөзі* деп немесе *Ақаңша*, *пәнсөз* деп атасақ болады.

Оның үстіне, терминтану мәселесіне айрықша мән берген кеңестік ғалымдардың соңғы буын өкілдері де терминді *специальная лексика*, *отраслевая лексика* деп атап, оның айрықша жаралған сөз, ғылыми таңба еместігін аңғара, қабылдай, мойындай бастау жайы да байқалады. Олай дейтініміз – «...термин ғылым саласының атауы болғандықтан, ұлттық тілдің жалпы халыққа бірдей мәнін қамтыса, профессионалдык лексика тек ұсақ мамандықпен ғана байланысты ... аздаған мамандар ғана қолданатын оқшау сөздер...» деген түсінікке сай, кеңестік ғылым әуелден кәсіпсөз – шаруашылыққа қатысты жай, қалдық сөз, ал термин – ғылым атауы, алдыңғы қатарлы, аса ғылыми түсінік деп, бұл екеуін екі бөлек нәрседей түсіндіріп келген-ді. Сондағы мақсаты – әр тілде әуелден бар, болуы тиіс кәсіптік атаулар мен таза ғылым атауы саналатын терминді өзара қарама-қарсы қою, терминді ол тілдерге аудартпай алдыру, кәсіпсөзді ескі-құсқы сөз етіп көрсету еді. Олай болса, термин арнайы мәні бар, сала сөзі ретінде кәсіп сөзбен теңеседі. Тек терминнің көпшілігі жаңа да, кәсіпсөздер ескі болады.

Бұл сипаты терминнің арнайы, салалық қатынас құралы болуына, яғни қатынастық қызметіне негіз болады. Қызмет мақсаты ойды жеткізу, әрекетке түрткі болу болады әрі ғылымға, ғылым-білімді дамытуға бағышталады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Котелова Н.З. К вопросу о специфике термина // Лингвистические проблемы научно-технической терминологии. – М: Наука, 1970. – С. 112-126.
- 2 Қазіргі қазақ тілі. – А., 1964. – 69-75 б.
- 3 Низовцева С.А. Возможности и границы унификации научно-технической терминологии // Термины в языке и речи. – Горький, 1985. – 122 с.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада термин сөздің мазмұндық сипатын ашатын негізгі белгі-қасиеттері көрсетіліп, талданады.

РЕЗЮМЕ

В статье выдвигаются и анализируются основные признаки терминологической лексики.

ОРЫС ТІЛІ ЫҚПАЛЫМЕН БҰРМАЛАНҒАН ЖЕР-СУ АТТАРЫ

Ақайұлы Ы. – ф.ғ.д., профессор (Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Жақсының аты, ғалымның хаты қалады дейміз. «Жерімнің аты – елімнің хаты» деген де сөз бар. Яғни жер-су аты да – хат, біз білетін хаттардың бір түрі. Әрі ол – қағаздағы ғана емес, бүкіл халықтың құлағына құйылып, жадына жазылып, көмейіне қойылып, тіліне ұстартылып, байланып кеткен және қойған хат. Сондай-ақ елдің саяси-тарихының хаты, жер мен судың меншіктілік белгісі. Кез келген ел мен халықтың өткен тарихын, тағдырын, кешегісі мен бүгінін, ақыл-ойын, таным деңгейін, мәдениетін осы жер-су аттары арқылы да байқауға, пайымдауға болады.

Өйткені тіл, сөз – ойдың көрінісі ғана емес, олар өз кезегінде ойды өзгертіп, оны жаңадан жасайды да. Біріншіден, біз өмір сүріп отырған ортадағы жер-су аты біздің санамызға, сана астарына (подсознание) әсер етеді. Ол қай тілде аталса, біз сол тілге, сол ділге, сол мәдениетке бейімделе бастаймыз. Біз ол атаулардың дұрыс-бұрысын, жанымызға алыс-жақындығын біліп-ажыратып жатпай-ақ оған ыңғайланатын боламыз. Мысалы, *еңбек, еңбекші, алғабас, еркіндік, азаттық, бостандық, бірлік, төңкеріс, теңдік, ынтымақ, кеңес, кеңесарық, қызыл ту, жаңа тұрмыс, жаңа құрлыс, жаңа талап, коммунизм* сияқты елаттары (елді мекен аттары) біздің түйсігімізге таптық көзқарас дәнін септі.

Ал патшалық Ресей, Кеңес үкіметі тұсында пайда болған және жамырай көбейген орыстекті жер-су аттары қазақ халқының орыстана түсуіне, орыс жұртын ұлы, күшті ұлт ретінде қабылдауына, мойындауына қызмет етті. Орыс қазақ жеріне өзі ғана келген жоқ. *Троицк, Свердловск, Комсомольский-Тагильский, Славянка* сияқты өздері көшіп шыққан жер аттарын ала келді немесе *Саратовка, Самарское, Донское, Малороссийка /1/ Новотроицк, Новоодесская, Новониколаевка, Новоалексеевка* деп олардан туынды елат жасап алды. Яғни олар өздерінің шаруашылық түрі, өмір салты, ырым-жырымына қоса орыс тілді жер-су аттарын да қалыптастырып, қазақ жерінің тілдік ортасын да өзгертті. Сөйтіп, орыс жұрты өз жерлерінен мыңдаған шақырым алыста тұрса да, өздерін өз елдерінде жүргендей сезінетіндей жағдай жасап бақты. Мысалы, осы мақала иесі еліміздің оңтүстігінің өзінде бір ұжымшардағы *Кончасть, Сеславино, Карл Маркс, Лесхоз, Ақсай, Кельтемашат (Шахты), Чеченгород, Военка, Димитров, Антоновка* деп аталған елдімекендер арасында, осы атауларды күнде есітіп, айтып, жаттап өсті. Бұлардың *Ақсайдан* басқасының бәрі де біз үшін түсініксіз әрі сөз ретінде де, дыбыстық тіркесім ретінде де құлағымызға да, тілімізге де жат болды. Тіл арқылы бізді өз жер-суымызбен, қоршаған ортамен байланыстыра, туыстыра алмады. Керісінше, оларды алыстата, өз елімізді өзімізге өгейсіте түсті.

Екіншіден, жер-су аты бұл жерде бұдан бұрын кімдер өмір сүріп, кімдердің сөзі жүргенінің, бір заманда кімге тиесілі болғанының куәгері, кепілгері болады әрі бәріміз үшін де бұлтартпас тарихи шындық ретінде көрінеді. Мысалы, бүгінде Саратовтың – *сары тау*, Красноярскінің – *қызыл жар* деген түрік сөзімен, ал Семейдің – *семь палат*, Өскеменнің – *устья каменных гор* деген орыс сөзімен аталғандарына әрі бұлардан туындар тарихи ой-тұжырымдармен ешкім де таласа алмайды. Бұл – тілдің жадтық қызметінің көрінісі, тарихтың хаты болғаны. Біз сөз, әсіресе жер-су аттары арқылы

атамзаманда болып өткен жайларға жарық түсіріп, олар туралы шын, жаңсақ, жалған мәлімет ала немесе құрастыра аламыз. Мысалы, *Келтемасат*, *Ұзынмасат* деген өзен, су аттарына қарап және өздерін тікелей көріп-білмей-ақ, біз тарихтан олардың өзара ұқсас, тек бірі ұзын, бірі қысқа болғаны туралы шын, қисынды мәлімет аламыз.

Үшіншіден, жер-су аттары бізге саналы түрде, саналық деңгейде де әсер етеді. Яғни біз кімнің жерінде жүрміз, бұл жерде кім қожа, шаңыраққа қарай жүр дегендей, астарлы емес, анық түсінік қалыптасады. Бұл оның саяси тұрғыдағы, тікелей әсері. Төртіншіден, жер-су аттары күнделікті өмірде аса жиі қайталанып айтылатын, қоғамдағы ең белсенді қолданысты сөздер тобына кіреді.

Осы себептерге орай, жер-су аттарына көпшіліктің күнделікті қарекетіне қажетті атау сөз, тіл білімінің ғана нысаны ретінде қарамай, оны мемлекеттік саясат пен ұлттық салт-сана (идеология) негізі деп тану, соған сай мән-мағына беру керек болады. Қазақстандағы жер-су аттарының бұған дейінгі тарихы қазақ жұртын орыстандыруға қызмет етіп келсе, енді олардың қазақшалануы басқа ұлт өкілдерінің қазақтана түсуіне, елімізде мақсат-мүддесі бір, бір тұтас қауым қалыптасуына негіз болады.

Өкінішке орай, тілдік басқыншылық саясатының, басқа ел, басқа тіл үстемдігінің тілдің басқа салаларын былай қойып, тек жер-су аттары арқылы келтірілетін және тек тілдің *өзіне ғана тигізетін* зардабының өзі орасан дерлік. Мұндай кері ықпал салдарынан халық өзінің дұрыс тілдік дағдысынан жаңылады. Тілдің ғасырлар бойы тірнектелген, Ақаңша айтсақ, *асыл жүйесі* бұзылып, бей-берекеттене түседі. Тіл өзінің тарихи, табиғи бастауларынан ажырап, онда түсініксіз, төркіндетілуі қиын сөздер үлесі артады немесе олар жаңсақ түсінілетін болады. Мысалы, Алматы облысындағы *Инин*, *Шиен*, *Киз*, Шығыс Қазақстандағы *Верхуба*, *Ардынка* /1/, Орталық Қазақстандағы *Иабай*, *Жалбаши*, *Матекол*, *Кулиин*, *Колутон*, *Алутау*, *Бурташ*, *Манадыр*, *Килагир*, *Киндор* /2, 3/ немесе *Чугучаг*, *Тюкалинск*, *Калочинск*, *Шердаяк*, *Селиярка*, *Балакишино*, *Осакаровка* сияқты қазақ жеріндегі басқа да елаттарының нендей сөз екенін, қайдан шығып, не мән берерін тұлғасына қарап біле қою қиын. Тіпті бұлардың бірқатарын тілші, жер-су аттарын зерттеуші мамандардың өзі айтып бере алмайды. Сондай-ақ кейінірек қазақша дыбысталуы бойынша тұлғасы өзгеріп кетуі мүкін *Киз* атауы тек орыс тілінде ғана тарқатыла алады. Ең бастысы – бұл атаулар орысша айтылуында ғана емес, қазақша айтуда, жай жұрттың сөйлеу тілінде орысша дыбысталуы бойынша қолданылып, бұл жай жазуда, соның ішінде арнайы қабылданатын әкімшілік-аумақтық құжаттарда, іс қағаздарында да көрініс беріп, тұрақтай түсуде.

Жалпы қазақ жер-су аттарының басқа тіл ықпалы салдарынан мүлдем түсініксіз немесе жаңсақ түсінілетін болып қалуы, яғни бұрмалануы бірнеше деңгейде жүреді. Мысалы, Архарлы (арқарлы), Шарафкент (шарапкент), Сүмбе (сүмбі), Мерке (меркі), Тобол (тобыл) атауларының орысша айту ыңғайына қарай бір ғана дыбыстары ауысқан. Бұлар адам танығысыз күйге жетіп, айрықша қолайсыздық тудырмайтынымен, дыбыстау құралымыздың, қазақ тілінің өзіне тән дыбыстық тіркесім жүйесінің орыс тіліне икемделіп, өзінің табиғи қалбынан айырыла бастағанын көрсетеді. Ең қауіптісі – сырт көзге байқаусыз, елеусіз, бір дыбыста тұрған не бар дейсің дейтіндей, ереңсіз күйде. Айталық, *Украина*, *Америка*, *Афина*, *Каспий*, *Аякөз*, *Машат* сияқты елаттарын да ешкім де қандай да қатесі бар, қазақ тілі дыбыстық жүйесіне жат сөздер деп есептемейді. Дегенмен бұл атауларда қазақ тілінің дыбыс үндестігі, кейінді ықпал заңдары, тіліміздегі дыбыстық тіркесім дәстүрі бұзылып тұр және қазақшалай айтсақ, *украин*, *әмірике*, *апиын*, *сарқан*, *самарқан*, *қоқан*, *аягөз*, *масат* болар еді. Шын мәнінде бұл атаулардағы артық не кем, ауысқан бір дыбыстың өзі бүкіл сөздің дыбысталу ырғағын, айту екпінін өзгертеді. Мысалы, *сүмбе*, *мерке*, *тобол* дегенімізде дауысымыз қаттырақ шығып, сөздің соңына және бүкіл бойына екпін қаттырақ түседі, яғни айту демі көбірек шығып, күш те көбірек жұмсалады.

Сөйлеу тілімізде де қазақтың әуелден бар *Баиқұртыстан, Үндістан, Жапон, Отар, Шу* атауларын жоқ қылып, *Башкиря, Индия, Япония, Атар, Чу, Түркия* немесе *Турция* дейтін болдық. Әуелгі *Қорғасты* орысша мәнермен *Харгос* деу арқылы қазақ тілінің өзіне ғана тән «қ» дыбысы, онда болмаған «х»-ға айналды әрі дыбыстардың сөз бойында келу заңдылықтары бұзылды.

Ал *Сибинка* (сібе), *Шульба* (үлбі), *Кумашкино, Убинка, Таловочка* /1/, *Куракина, Кульса, Таволжанка, Дамса, ерголка, Еруслановка, Чилинка* /2/, *Ишим, Искитам, Иссык, Мойынты, Куучеки* (кушоқы), немесе *Курминка* (құрма), *Боровое, Нуринск* (нұра), *Топаровка, Борлуха, Бурное* сияқты дыбыстық өзгеріс үстіне орыс тілі қосымшасын жалғаған, әуелгі тұлғасы қалай болғаны белгісізденіп бара жатқан атаулар да баршылық. Бір қызығы – қазақ тіліндегі *Есік, Ыстық* атаулары орысша ыңғайда *иссык* түріндегі бір тұлғаға айналса, *шилi* атауы бірде *Чайлы* /3/, бірде *Чилинка* /2/ болып екі түрлі, ал *қамысты* сөзі бірде *Камышановка*, бірде *Камышинский*, бірде *Камышинка* болып, үш түрлі бұрмаланған. Осы дыбыстық бұрмалану салдарынан әуелгі *Алтыұй* атауының *Ялтаға, Кімасар* атауының бірнеше сатыда *Коммисаровскийге* айналып /3/, *Қопалы – Копалинское – Копальское – Капальское – Капал* болып өзгеріп және соңғы тұлғасы бойынша *Қапал* деген қаламақ ханының атымен байланыстырылса /4/, бір кездегі *Жем* атауы әуелі *Эмба*, кейінірек *Ембі* болып, бұлардың негізінде тағы бірнеше елат, мекеме аттары пайда болды.

Сондай-ақ орыс тілінің «за-» сөзалды қосымшасы арқылы *Затобол, Заилийск, Затон, Забадам, Задария* сияқты дүбара атаулар туып, әсіресе соңғы екеуіндегі «за» буыны барған сайын көзден тасаланып, қазақ тілінің өз сөзіндей болып барады және түбінде өзімізді адастырып, әуреге салатын болады. Бұлар дыбыс пен қосымша ауысуы және үстемеленуі арқылы ғана бұрмаланған жер-су аттары.

Ал *Каменка, Сосновка, Щуцинск, Степная, Семиречь, Белые воды, Красные воды, Черные воды, Больше Нарым, Большая Буконь* (бөкен), *Большой мараленок, Красногорск, Синегорье, Степногорск* атаулары жағдайында бүтін сөз, сөз тіркесі немесе оның бір бөлігі ауысып, атау түгелдей немесе жарым-жартылай орыс тіліне аударыла алынған және бірқатары бірден орысша жасалған. Нәтижесінде, біріншіден, қазақ қауымы жер-судың табиғи сипатына қарай қойылған *тастақ, қарағайлы, шортанды, дала қайнар, жетісу, ақсу, қызылсу, қарасу, үлкен нарым* сияқты өз тілінен шыққан әдемі атауларынан, сөздерінен жаңылып, айрылып әрі өзі үшін түсініксіз, дыбыстауға да қолайсыз сөзді алуға, қолдануға мәжбүр болып отыр. Екіншіден, мұндай орысша атауларды қазақтың қазақша сөйлеу ырғағымен тез және жиі айтуы, қолдануы салдарынан *Белаяут, Шернауат, Краснаяут* сынды тағы да кейінірек түп-төркінін ажыратуда қиындық туғызатын адас атаулар пайда болуда.

Адамның, халықтың «аршып алып тастауға болмайтын» бір табиғи қасиеті – ол не нәрсеге де ат бере отырып, оның мәнін, мазмұнын аша, сыртқы дүниедегі және өзінің таным жүйесіндегі орнын көрсете атайды. Әрі кез келген енді ғана көріп-естіп тұрған нәрсенің де атын затына, затын атына байланыстыра қабылдауға, олардың арасынан қандай да байланыс көруге, табуға бейім болады. Бұл қасиет әсіресе қазақта басым. Өйткені, Ақанша айтсақ, ол – «сөзге сергек қарайтын», оған үлкен мән беретін халық. Осы себептен болар – бір кездері орыс тілі ықпалымен тұлғасы елеулі өзгеріске ұшырап, әуелгі мәні мен уәжін жоғалтқан сөздерді кейінірек сол өзгерген тұлғасы бойынша басқаша түсініп, басқаша қазақшалау, қазақтың басқа бір сөзіне айналдыру жайы да аз кездеспейді. Мысалы, Алматы облысындағы бір аудан орталығы *Шелек* деп аталады. Алайда неге бұлай аталатынын ешкім де түсіндіре алмайды әрі шынында да неге *Шелек* деді екен деп, өздері де түсіне алмай, дал болады. Бірақ мұның орыс тілінен келген оғаштық екені ешкімнің де ойына кіріп-шықпайды. Сірә, тағы біраз уақыт өтіп, ұрпақ алмасса, «*Шелек*» жұмбағы сол бойы шешілмей қалуы және «*шелек-ведро*» түсінігі арқылы қабылданып кете беруі мүмкін.

Шындығында бұл елатының «шелек-ведро»-ға түк қатысы жоқ. Халық әуеліде өзеннің өзін, оны жағалай өскен шілік, яғни майда қамыс атымен *шілік* деп атап, содан шыққан елатын орыс жұрты Чилик түрінде өз тілдеріне икемдей айтқан. Кейінірек орыс тілінің, жұртының екпінімен «шілікті» ұмытуға мәжбүр болған қазақ, «чилик» деуге де тілі толық келіңкірмей, айта-айта оны «шелек» еткен. Нәтижесінде жер-судың табиғи сипатын көрсете атаушы әуелгі «шілік» атауы, табиғат жайымен еш байланысы жоқ шатампық атауға айналды әрі тілімізде жаңсақ түсінік тудырушы «Шелек» атауы пайда болды.

Дәл осы сияқты, Алматы қаласының оңтүстік батыс жағындағы төңірге өсіп тұрған қалың қарағайға қатысты *қарағайлы* аталған жер, елді мекен орыс тілінің қосымшасы жалғана әуеліде – *Карагайлинск*, кейінірек – жиі қолданыс барысында ықшамдалып, *Каргайлинка* болған сыңайлы. Күні кешеге дейін *Каргайлинка* болып келген сол жерді бүгінде *Қарғалы* дейміз және солай жазып та қойдық. Енді кейінгі ұрпақтың бұл жерде бір заманда қарға көп болған-ау деп ойлауына, ойлап қана қоймай, қабылдауына тура келеді. Жер-су аты арқылы өткен заманнан жаңсақ, жалған мәлімет алып, сол негізде шындық та қолдан құрастырылуы мүмкін деуіміздің мәнісі осы болады. Ал бұлай болмасын десек, жадымыздан жулып кетпей тұрғанда мұндай төркін-тұлғасы күмәнді жалқы есімдерді тілдік, танымдық талдаудан өткізіп, әуелгі, қазақ тілі бұзылмай, бұрмаланбай тұрғандағы қалыбын орнықтыру керек болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Әлімхан А. Шығыс Қазақстандағы ыорыс тілінен енген топонимдер //Нығмет Сауранбаев және қазақ тіл білімі. – А., 2000. – 184-187 б.
- 2 Қазақстанның географиялық атаулары. Ақмола облысы. – А., 1998.
- 3 Сулы, нулы Жетісу. – А., 1994.
- 4 Қоңқашпаев Ғ. Қазақтың халықтық географиялық терминдері. – А., 1956.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада қазақ жеріндегі жер-су аттарының орыс тілі ықпалымен бұрмаланып, тілдік тұрғыда танығысыз күйге жеткені, тіпті жаңсақ түсінік тудыру жайы келтіріліп, талданады.

РЕЗЮМЕ

В статье приводятся и анализируются искаженные и неузнаваемые в казахском языке топонимы Казахстана.

ЛИНГВИСТИЧЕСКИЙ ТЕРМИН КАК ЯЗЫКОВОЙ ФЕНОМЕН

Базылова Б.К. – к.ф.н., доцент, Ханкешиева Э.М. – ст. преподаватель
(г. Алматы, КазгосженПУ)

Сөз тіркестерінің коммуникативтік мәнін анықтайтын мазмұндық межесінің матаса байланысқан сөз тіркестері формасындағы көрінісі.

Матаса байланысқан сөз тіркестері құрылымдық тұрғыдан алғанда түркі тілдері, оның ішінде қазақ тіліне тән ерекшелік болады. Мазмұндық меже тұрғысынан алғанда, матаса байланысқан сөз тіркестерінің коммуникативтік мәні мен сөйлеу актісінде қолданылу аясы басқа тілдермен тең дәрежелі танылады.

Матаса байланысқан сөз тіркестерінің статикалық және динамикалық көрсеткіштерінің бірлігі негізінде олар да тілдік қатынас құралына айналады.

Зат есім мен зат есім (Олжастың кітабы), есімдік пен зат есім (сенің балаң) және сөз тіркесі сыңарларының басқа сөз таптарынан болып, олардың зат есімге айналуы барысында *субстантивтенген* сөз тіркестері тілдің құрылымдық сипатында матаса байланысуға қабілетті болып, олар да тұрақталған норма ретінде жұмсалады.

Субстантивтенген сөз тіркестеріндегі матасудың құрылымдық жүйесі өз ішінде мынадай микротиптерге жіктеледі:

А) сөз тіркесінің екі сыңары да сын есімнің заттануы арқылы байланысады. Мысалы, *жақсының жақсысы*

Ә) Сөз тіркесінің алғашқы сыңары зат есімнен болып, екінші сыңары сын есімнің заттануы арқылы байланысады. Мысалы, *қойдың семізі*

Б) Сөз тіркесінің алғашқы сыңары сын есімнің заттануы екінші сыңары үстеудің заттануы арқылы байланысады. Мысалы, *еріншектің ертеңі*

В) сөз тіркесінің алғашқы сыңары зат есімнен болып, екінші сыңары етістіктің заттануы арқылы байланысады. Мысалы, *бұлбұлдың сайрауы.*

Г) сөз тіркесінің екі сыңары да сан есімнің заттануы арқылы байланысады. Мысалы, *жиырманның бесеуі*

Ғ) сөз тіркесінің алғашқы сыңары етістіктің заттануы болып, екінші сыңары зат есім арқылы байланысады. Мысалы, *табудың амалы.*

Матаса байланысқан сөз тіркестерінің сөйлеу актісінде қолданылу ерекшеліктерін танытатын, сөз тіркестерінің коммуникативтік мәнін анықтайтын мазмұндық меже сөз тіркесі құрамындағы сөздердің грамматикалық және семантикалық үйлесімділігі негізінде туындаған төмендегі морфосемантикалық мағыналардың жиынтығы негізінде анықталады. Мысалы, *Зат есім мен зат есім* байланысқан матасу формасы сөйлеу актісінде зат пен заттың табиғи болмысына тән қатыстық мәнді білдіреді: Мысалы, *малдың терісі, кітаптың парағы, қардың суы, бидайдың ұны, сиырдың сүті, ағаштың жапырағы, жаздың желі, күздің суығы.* Екіншіден, зат пен заттың қатынасындағы меншіктік мәнді білдіреді: *Асқардың досы, Жанардың кітабы.* Үшіншіден, зат пен заттың қатынасындағы туыстық, жақындық мәнді білдіреді: *Олжастың қарындасы, Қайраттың жары.*

Заттанған сын есімдер және бағыныңқы сыңары зат есім басыңқы сыңары заттанған сын есімдер байланысқанда: нәрсенің сынын, сапалық қарым-қатынасын білдіреді: *жақсының жақсысы, қойдың үлкені, сиырдың семізі;* нәрсенің талғаулық мәнін білдіреді: *адамның ақылдысы, қызылдың қызылы*

Заттанған сын есім мен заттанған үстеу байланысқанда: заттық сапаның мезгілге қатынасын білдіреді. *Еріншектің ертең.* *Зат есім мен заттанған сан есімдер байланысқанда:* зат пен заттың бөлшектік қатынасын білдіреді: *оқушылардың бірі.* *Заттанған сан есім мен зат есім байланысқанда:* меншіктілік мәннің нақты сандық қатынасын білдіреді: *біреуінің басы, екіншісінің амалы.* *Зат есім қимыл атауларымен (тұйық етістік) байланысқанда:* заттың қимылдық белгісін білдіреді: *Асанның жүрісі, бұлбұлдың сайрауы.* *Зат есімдер есімдік, есімше тұлғалы етістікпен байланысқанда:* заттың қимылдық сапасын білдіреді: *Жанардың айтқаны, үйдің жылығаны, менің жазғаным, сенің айтқаның.* *Заттанған сан есімдер байланысқанда:* мөлшерлік, сандық қарым-қатынасты білдіреді: *жиырманның бесеуі, отыздың біреуі.* *Есімдік пен зат есім байланысқанда:* оңаша тәуелдік мағына білдіреді: *Сенің балаң, сенің балаларың.* Ортақ тәуелдік мағына білдіреді. *Біздің баламыз, біздің балаларымыз.* Өзіндік тәуелдік мағына білдіреді: *өзінің киімі, өзінің ойы.* *Есімдік пен заттанған сан есім байланысқанда:* бүтіннің бөлшегін білдіреді: *мынаның біреуі, оның үшеу.* *Есімше тұлғалы етістік пен заттанған сан есімдер байланысқанда:* қимыл иесінің сандық мөлшерін білдіреді: *келгендердің алтауы. Тұйық етістік пен зат есім*

байланысқанда: қимыл атауының заттық сапасын білдіреді: табудың амалы, үйренудің жолы.

Ескерту: а) Көмекші есім сөздермен қатынаста жұмсалған, мекендік ұғымды білдіретін өзеннің жағасы, үйдің жаны тіркестерінің құрамындағы көмекші сөздердің толық лексикалық мағынасы болмағандықтан, оны сөз тіркесі емес, түйдекті тіркес деп танымыз.

Б) Зат пен заттың табиғи болмысына тән қатыстық мән білдіретін сөз тіркестерінің құрамынан ілік септік жалғауын жасырын түрде қолдануға болады. Одан сөз тіркесінің грамматикалық мағынасы өзгермейді. Меншіктік, туыстық, бөлшектік (*оқушылардың бірі*) мәнді білдіретін сөз тіркестері ілік септік жалғауының ашық түрде қолданылуын қажет етеді. Матасу формасындағы ілік септік жалғауының жасырын келуінен олар сөйлем ішінде бір ғана сұраққа жауап беріп, жеке сөздің эквиваленті сияқты жұмсалып, номинативті қызмет атқарады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Гухман М.М. Лингвистическая теория Л. Вайсгербера // Вопросы теории языка в современной зарубежной лингвистике. – М., 1961. – С 123-162.
- 2 Оразбаева Ф. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. – Алматы., 2000. – 208 б.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается функция слов в разговорной речи, связанных с помощью иминительного падежа и личных окончаний а также родительного падежа и формы принадлежности.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада қиысу және матасу формасындағы сөз тіркестерінің функционалдық қызметі коммуникативтік лингвистика тұрғысында қарастырылады.

ТІЛ ҮЙРЕНУДЕГІ ҚАҒИДАЛАР

Молдасанов Е.М. – ф.ғ.к., доцент м.а. (Алматы қ-сы, Абай атындағы ҚазҰПУ)

Мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болған қазақ тілін меңгеруде туындаған қиындықтар мен күрмеуі қиын мәселелер әр деңгейдегі мінбелер мен баспасөзде үнемі айтылып келеді. Қазақ тілін мектепте, жоғары оқу орнында, мекемелерде үйретудің өзіндік мақсат, міндеттері мен қағидалары бар екені де айқындалып отыр. Тәжірибе көрсетіп отырғанындай мектепте де, жоғары оқу орнында да дайын мәтіндерді жаттау мен тест жүйесіндегі жекелеген тіл бірліктерін сұрау, грамматикалық қосымшаларды анықтау немесе жекелеген сөздердің аудармасын сұраумен қазақ тілі меңгерілмейтініне көз жетті.

Ендігі мақсат – мемлекеттік тілді үйретудің бірізді, дамытылған тұтас жүйесін құру.

Әдетте мектептен қазақ тілін оқып келген студенттерге жоғары оқу орнында да дәл бұрынғы мектепте өтілген тақырыптар қайталана берілетіні кездеседі. Мәселен, мектеп бағдарламасында өтілетін «қоршаған орта», «отбасы», «менің бөлmem», «күн тәртібім» деген сияқты осыған ұқсас тақырыптар айналасындағы сұхбат пен сұрау-тапсырмалар студенттің тіл меңгеруге деген ынтасын көтермейтіні, мазмұндық жағынан байытпайтыны белгілі.

Бүгінде мемлекеттік тілді меңгерудің бірнеше қағидасы айқындалып отыр. Атап айтар болсақ: тілді жеделдете оқыту қағидасы; мемлекеттік тілді оқытудың деңгейлік

қағидасы; қазақ тілін үйрену белсенділігін арттыруда тіл білудің мотивациясы теориясы; мемлекеттік тілдің әлеуметтік болмысын тану теориясы (тілдік жағдай, этнотілдік жағдай, тілдік орта және мемлекеттік тілді оқытудағы оның дидактикалық-тәрбиелік әлеуеті); мемлекеттік тілді оқытудың әлеуметтік-мәдени, лингвомәдени, этнолингвомәдени негіздері; мемлекеттік тілді жеделдете оқыту арқылы тілдік тұлға қалыптастырудың құндылық теориясы (адамқұндылығы, тіл құндылығы тұрғысынан танылуы) /3/ деп мемлекеттік тілді оқытудың, тілдік тұлға қалыптастырудың теориялық негіздерін айқындалып отыр.

Мемлекеттік тілді жеделдете оқыту қағидасы. Мемлекеттік тілді мемлекеттік ұйымдарда, барлық салаға жеделдете ендіру мақсаты арқаны кеңге салып, «әйтеуір бір үйренеміздің» уақыты өткенін білдіреді. Уақыт талабының өзі бүгінде мемлекеттік тілді жеделдете оқыту қағидасын алдыға тартады. Бүгінгі студент – ертеңгі маман. Мемлекет тізгінін қолға алар әр тұлға тілдік әлеуетті қалыптастыруды бүгіннен қолға алуы қажет. Сондықтан жоғары оқу орындарында 2-3- курстарда кәсіби сала бойынша қазақ тілін дамытып (аптасына 1 сағат) оқыту жақсы нәтижеге бастар еді.

Мемлекеттік тілді оқытудың деңгейлік қағидасы. Кез-келген тілді меңгеру тек дамумен ғана жүзеге асырылатыны белгілі. Бүгінде қазақ тілін балабақшадан бастап үйрету керек деген ойлар жиі қозғалып жүр. Қай халық болмасын өз ұрпағына ұлтының тілін туғаннан бастап құлағына сіңіріп, сәби кезінен үйрету керектігі әр ғылым саласында дәлелденіп отырған қағида болып отыр. Бұл тұрғыдан келгенде қазақ тілі өз ұлтына әлі де өгей болып отырған жайлары молынан ұшырасады. Қай халыққа болмасын қазақ тілін үйренуді балабақшадан бастау орынды. Бұл тілді меңгеруде сөйлеу аппараттарының, тілдің айтылым әрекетінің дұрыс қалыптасуына жағдай жасайды. Бұдан әрі мектеп пен жоғары оқу орнында қазақ тілін меңгерудің тиісті деңгеймен ұстасуы абзал. Тілдік тұлғаның тіл меңгеру дәрежесін анықтауда көптеген қиындықтар туындап жатады. Қайсібір тестілертің өзі тілдік тұлғаның деңгейін анықтауға дәрменсіз. Бұл әр жеке тұлғаның даму дәрежесінің әр түрлі екендігін білдіреді. Әрине, тұлғаның тілді меңгеру қабілеті мен тілді үйренуге деген мотивациясына да көп нәрсе байланысты болып келеді. Сондықтан да болар тілді оқытуда көбіне жеке тұлғамен жүргізілген сабақтар нәтижелірек болады.

Тілді меңгеруде тіл үйренушілерді деңгейін анықтап, оны келесі деңгейге жеткізу аса маңызды.

Қазақ тілін үйрену белсенділігін арттыруда тіл білудің мотивациясы теориясы осыған дейінгі айтылған ойлардың көбіне өзек болып келеді.

Елбасы “...Патриотизммен тығыз байланысты мемлекеттік маңызды мәселе – мемлекеттік тіл мәселесі. Мемлекеттік тіл – бұл Отан бастау алатын ту, елтаңба, әнұран секілді дәл сондай нышан. Және ол елдің барша азаматтарын біріктіруі тиіс. Тәуелсіздіктің барлық жылдарында біз бүкіл пост-кеңестік кеңістікте ең либералды тіл саясатын жүргіздік. Қоғамда біздің тіл саясатымыздың мәнін тереңірек және дәлірек түсіндіру керек. Ол кез-келген мемлекеттің ұлт саясатының өзегі болып табылатыны жақсы мәлім” деген болатын /1/. Ондай болса, қазақ тілін мемлекеттік тіл мәртебесінде оқытуда тіл саясатынан, ұлт саясатынан бұра тартып, жасқанудың ешбір қисыны жоқ. Бұл – мемлекеттік тапсырма. Мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін оқытуда барлық халықтардың ортақ мүддесі, ортақ құндылығы екендігін танытуымыз керек. Сондықтан өзге шет тілдерін оқыту ұстанымдарынан қазақ тілін оқыту ұстанымдарының айырма белгілері бар екенін ескеріп, көңіл бөлу керек деп санаймыз. Мемлекеттік тілді меңгерудің мотивациясының төмендігі тіл саясатының кейбір сыңаржақ тұстарын да айқындап отырғандай.

Н. Назарбаевтың “Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде” /2/ деуі Қазақстандағы тіл саясатының бүгінгі мен болашағын айқындайды десек, қателеспейміз. Ендеше, ел тәуелсіздігінің ең маңызды нышаны – мемлекеттік тіл. Қаласақ та, қаламасақ та,

мемлекеттік тіл – тәуелсіз ұлттың мәдениеті мен рухани болмысының негізгі тірегі болуы керек. Тіл – ұлттың өзіндік бейнесін анықтайтын, рухани келбетін көрсететін төлқұжаты сынды. Ол – ұлттың өзгеден ерек табиғи даралығын анықтайтын жалқы белгі. Күнделікті сөйлеуде қазақ тіліндегі сөздерге өзге тілдің қосымшаларын қосып, сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін орысша құрап сөйлеу – тілге басты қауіп. Сондықтан қазіргі таңдағы басты мәселе – қазақ тілінде дұрыс сөйлесу. Таза сөйлеу. Тілдің сөйлеу (айтылу) жүйесі мен жазу жүйесі қай кезде де, қай тілде болса да бірдей болған емес. Жазу – таңба, ол адамдардың өз қолымен келісіп жасалатын, ақылдасып шешетін дүниесі. Шындап келгенде, қазіргі кезеңдегі оқу жүйесінің дамуында екі түрлі үлкен бағыт бар: дәстүрлі қалыпта оқыту және инновациялық стратегиялық жүйемен, уақыт талабына сай болып жатқан өзгерістермен байланысты мамандарға деген қоғамдық сұранысты анықтай отырып, жаңа деңгейде оқыту. Біздің алдымыздағы ендігі күрделі мәселе – мектепте және жоғары оқу орындарындағы орыс топтарында оқитын қазақ баласына оқытылатын қазақ тілі сабағында берілетін ақпаратқа терең мән беру. Қай халықтың өкілі болмасын тілді үйрену мотивациясын күшейту.

Мемлекеттік тілдің әлеуметтік болмысын тану теориясы (тілдік жағдай, этнотілдік жағдай, тілдік орта және мемлекеттік тілді оқытудағы оның дидактикалық-тәрбиелік әлеуеті). Қазақ халқының кемеңгер ұлдарының бірі М.Жұмабаев: “Бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай көрініп тұрады” деген болатын /4/. Қазақ тілін өз дәрежесінде, барлық болмыс, бітімімен меңгертуде тілдің ішкі рухын жалаңаштай отырып, “мәтін қазақ тілінде беріліп отыр ғой” дегенмен ештеңе өнбейтініне көз жеткізіп отыр.

Мемлекеттік тілді оқытудың әлеуметтік-мәдени, лингвомәдени, этнолингвомәдени негіздері. Кез келген ұлт тілін меңгеруде тілді сол халықтың ділінен, ұлттық сырынан, салт-санасынан, ұлттық табиғатынан бөлектеп алу мүмкін емес. Халықтың ұлттық құндылықтарын бағалай отырып қана сол ұлт тілін терең меңгеруге болады. Тілді меңгеру шын ықыласпен, ынтамен, махаббатпен, сол тілге деген құштарлықпен, халыққа деген құрмет сезімімен ғана қабылданатыны белгілі.

Тіл – қай халықтың болмасын жан-дүниесі, рухани негізі, ел болмысы мен ұлттың ерекшелігін танытатын басты белгісі. Мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін өзге тілдерден (Қазақстанда тұратын өзге ұлт тілдерінен) ерекшелейтін фактор бар. Ол – мемлекеттің мүддесімен қабысып жатқан қазақ тілінің халықты топтастырушы, біріктіруші мемлекеттік қызметіне байланысты. Сондықтан мемлекеттік тілді білу – өмір талабы, заман сұранысы, қоғам қажеттілігі. Олай болса, тілді өмірдің барлық саласында қолданып, аясын кеңейту жолында әрбір қазақстандық өз азаматтық міндетін атқаруға тиіс. Ол үшін тіл білуді мақсат тұтып, алдына талап қоя, қажымай ізденіп, айрықша көңіл бөліп, аянбай еңбектенсе, мемлекеттік тілді меңгеретіні анық.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың “Ана тілі” газетіне берген сұхбатынан. – “Ана тілі”, 11.05.2006.
- 2 ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев. Қазақстан халқына Жолдауы. – 2008 жыл. 6-ақпан.
- 3 Құрманова Н.Ж. “Мемлекеттік тілді мемлекеттік қызметшілерге жеделдете оқыту Тұжырымдамасы” // Ересектерге қазақ тілін оқытудың тиімді әдістемелік жүйелері” атты республикалық ғылыми-практикалық семинар материалдары. – Астана, 2008.
- 4 Жұмабаев М. «Ұлттың ұлт болуына бірінші шарт – тіл» // Тіл және қоғам, – № 2. – 2004.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада мемлекеттік тілді оқытудың мақсат, міндеттері мен басты қағидалары сөз етіледі. Жоғары оқу орындарында қазақ тілін оқытудың ұстанымдары қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются цели, задачи и основные нормы обучения государственного языка и позиции обучения казахскому языку в высших учебных заведениях.

ОСНОВНЫЕ АСПЕКТЫ ИССЛЕДОВАНИЯ МЕТАЯЗЫКОВОЙ СУЩНОСТИ ПОНЯТИЯ «АФОРИЗМ»

Румянцева Е.В. – к.ф.н., и.о.доцента (г. Алматы, КазгосженПУ)

Современные исследования лингвистического направления полностью не выделяют терминологическую определенность референтной сущности понятия афоризма. В этой связи, обращаясь к различным источникам, можно отметить, что интерпретации понятия афоризма во многом похожи, а при выделении его дифференциальных признаков широко используются понятия краткий, лаконичный, парадоксальный, заостренный, отточенный (по форме) и т.п., о которых, тем не менее, едва ли можно говорить как о собственно лингвистических определениях в строгом смысле этого слова. В постановке вопроса о статусе афоризма выявляется проблема его понятийной характеристики и необходимость уточнения: афоризм – единица языка или единица речи, или пограничная единица языка и речи. Распространенное значение лексемы “афоризм” – семантизируется чаще всего как изречение, выражающее с предельной лаконичностью в отточенной форме какую-либо оригинальную мысль. Тем более, “афоризм” не находит своего отражения в целом ряде фундаментальных лингвистических энциклопедий и словарей лингвистической терминологии (ср., например, Новейший лингвистический справочник Н.В. Васильевой, А.В. Виноградова, А.М. Шахнаровича (1995), Словарь лингвистических терминов О.С. Ахмановой (1966) и др.). Разноречия о понятии афоризма не только не уменьшились, но скорее возросли и углубились среди различных мнений ученых-лингвистов, исследователей в данной области. В этой связи представляется необходимым использование наиболее точного определения афоризма без замены на тождественное выражение, что в дальнейшем создаст его лингвопонятийную характеристику. Скорее всего, имеющаяся недостаточность теоретических воззрений и неопределенность в понимании термина афоризм, как соответствующего текста и как единицы языка/речи, препятствует развитию общетеоретических представлений в терминах лингвистики и общелингвистической теории афоризма. Необходимо также отметить, что афоризм рассматривался, кроме названных изданий, также и в других источниках, справочниках по теории и истории литературы в качестве жанра литературного творчества определенного автора, как изречение, содержащее обобщенную и законченную мысль о каком-либо явлении действительности и выраженное в лаконичной (часто парадоксальной) форме /1/.

Касаясь истории вопроса о создании афоризма, в энциклопедических источниках отмечено, что самыми первыми принято считать письменные памятники, найденные в Древнем Египте начала 3 тысячелетия до н.э., а также афористические памятники цивилизации Востока. Это древнекитайские памятники “Шуцзин”, “Ицзин”, “Книга перемен”, относимые к 3 – 2 тысячелетию до н.э. В связи с этим, в языке широко используются такие словосочетания как: “античные афоризмы”, “древнеиндийские афоризмы”, “афоризмы Сократа” и т.д. Часто древние изречения именуются афоризмами, а сочетание имен древних авторов с их выражениями стало

традиционным, устойчивым сочетанием. К древним относят следующие афоризмы, созданные около 2 тысяч лет тому назад: «*Большая сила – мнение народное*» (Эсхил), «*Лучше вечный мир, чем расчет на победу*» (Тит Ливий), «*Слово есть великий властелин, который, обладая весьма малым и совершенно незаметным телом, совершает чудеснейшие дела*» (Горгий) и др. Ретроспективный взгляд на афоризмы показывает, что жанровые черты литературного афоризма, а именно: наличие автора, смысловая завершенность, краткость изложения и формы, начали формироваться в тот исторический период. В генезисе афоризм отличается данными свойствами от сходных с ним по форме других малых жанров (половицы, крылатые выражения, парадоксы и др.). Известно, что афоризмы поражают, восхищают силой и ювелирной тонкостью ума, гармонично сочетающих в себе логичную доказательность науки и художественную образность, изящество словесного искусства. Так, создание понятия афоризма связывают с именем греческого ученого Гиппократ (около 400 лет до н.э.), который впервые употребил термин «афоризм» в трактате по медицине, назвав изречение – «*Жизнь коротка, искусство долговечно*» – афоризмом. Для древних эллинов – ученых, философов, писателей, ораторов – красноречие и способность высказать правильно и точно свою мысль в афористической форме считалось одним из главных и необходимых умений, т.к. понятия «искусство» и «мастерство» в Древней Греции были неразрывно связаны и неотделимы друг от друга. Из античной истории хорошо известны имена Сократа, Платона, Аристотеля, Демосфена и многих других, оставивших высочайшие образцы практического и теоретического красноречия, в том числе и афоризмы. Их по праву принято называть «родоначальниками» жанра афоризма, в процессе публичных выступлений в качестве ораторов они формировали черты данного жанра. Ср.: *Остроумие – это дерзость, получившая образование (Аристотель). Кто не знает истины, а только гоняется за мнимыми представлениями о ней, у того и само искусство красноречия будет, естественно, нелепым и грубым (Сократ).* Созданная греками наука риторика, как обучение красноречию, повлияла на создание многих дисциплин гуманитарного знания, таких, как стилистика, поэтика, герменевтика, культура речи. Как отмечает С.С. Аверинцев: «Греки создали не только свою собственную культуру – они создали парадигму культуры вообще». В данном случае, автор трактует парадигму в значении образец, модель от греч. *paradeigma* – образец /2/. Термин афоризм древними греками употреблялся в разных областях: в медицине, политике, в ораторском искусстве, в литературном творчестве, но соответствовал определенному значению и использовался как высказывание, выражающее какую-либо обобщенную мысль, стремящуюся убедить собеседника. Необходимо отметить, что риторические средства афористики, созданные довольно давно, очевидны и общепризнанны сегодня. Известно, что под влиянием греческой и византийской культур, создавались афоризмы и в русской культуре: одними из самых первых сборников, включающих афоризмы из Евангелия, Библии, из произведений античных философов, мыслителей, поэтов были сборники: «Пчела» (XIV в.), «Цветники» (XIII в.), «Азбуковники» (XVI-XVII вв.). Издание сборников происходило под влиянием античной, позднее европейской культур, многие афоризмы являлись переводными текстами. Афористический жанр как особый жанр изречений появляется практически одновременно с возникновением письменности на Руси. Словарь русского языка за XI-XII вв. дает определение понятию изречение. В нем используются примеры из книги «Минеи служебные» (1096г.). Термин и понятие изречение стали употребляться в первом древнерусском сборнике – в 1076 г., созданном «безвестным писцом Иоанном» (XI в.), позднее в сборнике «Пчела» (XII-XIII вв.), а также в сборнике, имеющем название изречений (поучений) «Поучения Владимира Мономаха» (XII в.), «Моление Даниила Заточника» и др. В контексте исследования правомерным является рассмотрение вопроса о двояком использовании определений: афоризм и изречение. В

современной практике, в ряде справочных изданий: лингвистических словарях и энциклопедиях, афоризм и изречение определяются как тождественные понятия. Этимологический анализ показывает, что слово «изречение» возникло из старославянского языка; возможно оно является калькой из греческого языка- *paroimia* – “поговорка, пословица, притча”, образованного с помощью суффикса –ение, от *izreshiti*, *izreku* – “сказать”, (устар.) “изрекать” и является префиксальным производным от *reshiti* – говорить, а также восходит к общеславянскому *rekti* – *kt* >шт /3/. Тем самым в языке отождествляются понятия афоризм и изречение, часто определяются как паремии, т.е. выражения или высказывания, «изрекаемые» в устной или письменной форме. В современной трактовке эти понятия определяются рамками одного жанра. Мнения по вопросу афоризма как жанра расходятся, но в русистике установился взгляд об идентичности понятий и жанровых особенностях афоризма и изречения. Поэтому есть основания считать афоризм и изречение одной и той же жанровой формой. Согласно мнению многих ученых, считается, что понятие изречение идентично понятию афоризма, т.е. изречение – это тот же афоризм, а его история – древняя история изречений. Таким образом, можно утверждать, что жанр афоризма/изречения имеет свою историческую основу и жанровую структуру. Изучением лингвистической сущности афоризмов исследователи занимаются довольно давно. Одним из первых теоретиков древних афоризмов является Б.Грасиан, который в своей книге – “Карманный оракул” (1647), обоснованно доказал, что афоризм порожден остроумием автора и применением художественно-стилистических средств языка /4/.

Общеизвестно, распространению и популяризации афоризмов, в качестве литературного жанра содействовали многие писатели, поэты, ученые. Так, изучению афоризма и афористического способа мышления были посвящены также работы философа Бэкона (XVII), в которых афоризм рассматривался применительно к философской теории познания без учета его лингвистических особенностей. Афоризм, в качестве жанра литературного творчества был рассмотрен К. Смиттенем в его литературном сборнике, изданном в 1816 году в России /4/. Афоризм в представлении многих ученых, философов, писателей должен обязательно обладать парадоксальностью, оригинальностью, а иногда противоречить общепринятому мнению, должен быть неожиданным, необычным и влиять на сознание читателя. Данная точка зрения наблюдается и подтверждается в формулировке определения афоризма и является скорее заимствованной из немецкой научной литературы. В частности, афоризм представлен как жанровая структура, как область соревнования в парадоксальности мнений, взглядов и демократизации собственного “ego”. Такое понятие об афоризме прежде всего связано с мировоззрением Ницше, которого в Германии когда-то провозгласили «лидером» афористики (XIX в.) и имевшем огромное влияние на развитие жанра афоризма. В частности, Ницше были свойственны крайняя парадоксальность, индивидуализм, иррационализм, проявляющиеся в его афоризмах. Отметим, что термин “Афористика” сравнительно недавнего происхождения. Он появился в XXв. и в настоящее время широко употребляется как родственное (однокоренное) понятие с термином «афоризм». По наблюдениям ученых, афористика выделилась как область литературы в начале XX в., а сама литература отошла от создания крупных романтических полотен, в ней стали преобладать оперативные малые жанры повесть, рассказ, очерк, а также жанр афоризма. Это несомненно связано с экстралингвистическими факторами, созданными данной эпохой, сменой мировоззренческих парадигм. Теоретические предпосылки изучения афоризма традиционно в основном были направлены на определение его в качестве литературной формы, литературного жанра. Исследования в этой области обозначены рядом работ теоретического обобщения поэтической природы афоризма, а также разработкой общей теории афористики. В этой связи необходимо назвать работы Н.Т. Федоренко,

Л.И.Сокольской /5/, Л. Успенского /6/ и др. Одной из наиболее актуальных проблем теоретического осмысления языковой природы афоризма как литературного (прежде всего художественного) текста является во многом ставший уже сакраментальным вопрос категориального отграничения собственно афоризмов от других малых форм художественного словесного творчества на фоне широко распространенного термина «афористичность» как определенного качества высказывания, свойственного не только самим афоризмам, но и иным малым жанрам. В целом лингвистическое описание афоризма как литературного текста остается на сегодняшний день во многом незавершенным, иногда поверхностным в силу своей эпистемологической неопределенности и неоднозначности, концептуальной и методологической недифференцированности в собственно лингвопоэтических аспектах. Что же касается анализа метаязыковой сущности дефиниции «афоризма», то оно в рамках лингвистических исследований оказывается под влиянием литературной афористики как семантико-генетической разновидности словесного творчества. Отмечается, что сложность данного вопроса состоит в том, что довольно трудно разграничить контаминированный процесс истории языка и истории литературы, тем более уход в “чистую” лингвистику опасен в методологическом отношении, так как он ведет к отождествлению “структуры” и “сущности” данного понятия. Существующие концептуальные и методологические квалификации афоризма, вызывают эпистемологические трудности в лингвистическом аспекте изучения. В области лингвистического подхода афоризм определяется как понятие не однозначное, связанное с проблемой выявления его объема и сущности, поэтому может выступать предметом изучения одновременно нескольких лингвистических дисциплин. Так, обиходное выражение афористичности при изучении афоризма с разных позиций и в разных дисциплинах эпистемологически нейтрализуется, т.е. совпадает по своему объему с определениями “лаконичность”, “содержательная емкость”, “крылатость” и т.д., либо приобретает функциональный характер, т.е. одни выражения утрачивают свою афористичность, а другие наоборот становятся афористическими. В таком случае ни понятие афоризма, ни понятие афористичности не подпадают в строгую терминологическую квалификацию, а также вызывают затруднения в интерпретации афоризма как лингвистического понятия. Таким образом, необходимый дефиниционный анализ позволяет сделать вывод о том, что афоризм – явление сложное, охватывающее ряд проблем, связанных как с подходами к его понятийному определению, так и с его функционированием в языке//речи. В этой связи совершенно очевидна необходимость описания афоризма на теоретическом уровне, во-первых, в терминах лингвистики, а во-вторых, как целостного лингвистического объекта (как гомогенного по своим категориальным признакам феномена языка//речи), т.е. необходимо построение собственно лингвистической теории афоризма. Следовательно, выявляется возможность конкретизировать основные направления, специфику развития и современного состояния лингвистических исследований афоризма, выделения и анализа его ключевых проблем и вопросов. Основанием для квалификации основных аспектов афоризма как сложного лингвистического объекта послужили сформировавшиеся в русистике направления и отдельные теории, отличающиеся значимостью концептуальных и лингвистических подходов к изучению языковой природы афоризма. Афоризм был эксплицирован в русистике как лингвистический объект только в 30 г. XX столетия, а именно в рамках стилистики. Известны работы Р.М. Мейера по стилистике афоризма, где он определяет «афоризм как понятие новое, пословицы в него не входят, а парадоксальность является одним из его основных признаков» /2/. Исследование афоризма в рамках лингвистики было, несомненно, подготовлено изучением афоризма в литературном направлении, рассматривающем афоризм в качестве литературного текста или интертекстуального элемента, прежде

всего, литературных текстов. Показательно, что такое понимание афоризма наиболее распространено и в современном языкознании и тематика лингвистического анализа литературной афористики традиционно широка, однако, существующие представления об афоризме “не составляют более или менее целостного направления в изучении языковой природы афоризма, но и характеризуются значительными эпистемологическими лакунами” /8/.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Караулов Ю.Н. Русский язык. Энциклопедия. – М., 1998. – С. 42-43
- 2 Краткий этимологический словарь русского языка // Под ред. чл.-кор. С.Г. Бархударова. – М., «Просвещение», 1971. – 541с.
- 3 Аверинцев С.С. Античный риторический идеал и культура Возрождения // Античное наследие в культуре Возрождения. – М.,1984. – С. 145-146.
- 4 Афоризмы // Энциклопедический словарь. Изд.Ф.А. Брокгауз, И.А. Эфрон. – Т. 2а. – СПб.,1891. – С. 494.
- 5 Успенский Л. Коротко об афоризмах // Афоризмы: Избранные сочинения деятелей литературы и искусства // Сост. Е.С. Райзе. – Л.,1964. – С. 3-20.
- 6 Федоренко Н.Н., Сокольская Л.И. Афористика. – М.,1990. – С.183, 197, 206.
- 7 Успенский Л. Коротко об афоризмах // Афоризмы: Избранные сочинения деятелей литературы и искусства // Сост. Е.С. Райзе. – Л.,1964. – С. 3-20.
- 8 Иванов В.В. Изучение языковой природы афоризма в русистике 60-80 гг. Материалы IX Международного конгресса МАПРЯЛ. – Минск,1999. – 51 с.

ТҮЙІНДЕМЕ

«Афоризм» ұғымының метатілдік мән-мағынасын зерттеудің негізгі аспектісі қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

В статье обосновывается дефиниционный анализ, который позволяет сделать вывод о том, что афоризм – явление сложное, охватывающее ряд проблем, связанных как с подходами к его понятийному определению, так и с его функционированием в языке//речи.

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІ СӨЗЖАСАМЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Отарбекова Ж.К. – ф.ғ.к., доцент (Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Қазақ тіл білімінде бұған дейін грамматиканың морфология саласында, жеке сөз таптарының жасалуы ретінде қарастырылып келген сөзжасам тіл білімінің жеке саласы ретінде танылып отыр. Дегенмен, оның өзіне тән зерттеу нысаны, тіл дамуында алатын орны, тілдің өзге салаларымен байланысы: ұқсастықтары мен айырмашылықтары, тілдік бірліктері секілді тіл білімінің жеке саласы ретінде тануға негіз болатын басты белгілері жан-жақты ашылды, ғылыми тұрғыда шешілді деуге болмайды.

Сөзжасамға байланысты зерттеулер оның тілдің өзге салаларынан бөлініп, жеке зерттеу нысанына айнала бастағанын көрсетті. Түркологияда, XIX ғасырға дейінгі кезеңде сөзжасам қосымшалары туралы түсініктің негізі қалана бастаса, XIX ғасырдың басынан Қазан төңкерісіне дейінгі кезең сөзжасам тәсілдері туралы алғашқы

зерттеулердің жарық көруімен сипатталады. Ал XX ғасырдың I жартысында көптеген ғылыми грамматикалар жарық көріп, сөзжасам морфологияның бір элементі ретінде қарастырылса, 50-жылдан кейінгі кезеңде сөзжасам бірліктері арнайы зерттеу нысанына айналып, әрі тарихи тұрғыдан қолға алына бастады.

Қазақ тіл біліміндегі сөзжасамның даму сипаты да осындай деуге болады. 50-жылдардан беріде әр сөз таптарына байланысты сөз тудырушы қосымшаларды зерттеген еңбектер жарық көріп, сөзжасамның кейбір жекелеген проблемалары морфологияның аясында қарастырылды. Алпысыншы жылдардан бастап сөзжасамның әр түрлі аспектілері жекелеген диссертациялардың зерттеу нысанына айналып, бұл саланың жеке бөлініп шығуына себеп болды. Сөйтіп, сөзжасамның кейбір мәселелері жеке-жеке қарастырылып, монография ретінде жарық көре бастады. Дегенмен, сөзжасам жүйесіне қатысты зерттеулердің әр түрлілігіне қарамастан, оған қатысты мәселелер толық шешілді деуге болмайды.

1. Сөзжасамның тілдік деңгейден алатын орны. Сөзжасам грамматикамен де, лексикологиямен де өте тығыз байланысты, бұл үшеуін бір шеңбердің бойындағы құбылыстар деуге болады. Сондай-ақ, сөзжасам фонетикамен де, лексикологияның салалары: семасиологиямен де, этимологиямен де, терминологиямен де, лексикографиямен де, стилистикамен де байланысып жатыр. Сөзжасам құбылыстарын тіл тарихынан тыс алып қарастыру да мүмкін емес. Сөзжасамның тілдің осындай салаларымен ұқсастықтары мен айырмашылықтары туралы жан-жақты айтылды дей алмаймыз. Осының салдарынан сөзжасам мәселелері мен морфология мәселелерінің ара жігі ажыратылмай келеді. Айталық, мәселенің «сөз таптарының сөзжасамы» деп қойылуы, форма тудырушы жұрнақтардың (зат есімнің рең мәнді жұрнақтары, етіс жұрнақтары, т.б.) сөзжасам нысаны ретінде зерттеліп, қарастырылып жүргендігі ойландырарлық жағдай /1/.

2. Сөзжасам тәсілдері туралы мәселелердің көп зерттелгеніне қарамастан, толық шешімін таппағандығы көрінеді. Мұның себебі сөзжасамдық тәсілдерді синтетикалық, аналитикалық, лексика-семантикалық деп бөлудің таза құрылымдық сипатқа негізделгендігінен болса керек. Мәселен, синтетикалық тәсіл бойынша белгілі бір сөз табын тудырушы қосымшалар көрсетіледі де, олардың дериваттық семантикасы ашылмай қалып қояды. Немесе, белгілі бір дериваттық семантиканы (мысалы: кәсіпті, белгілі бір іске бейімділікті) білдіретін сөздер тудыратын қосымшаларды топтастыру, кейбір функциялық қосымшалардың сипатын көрсету секілді мәселелер назардан тыс қалып келеді. Мәселен, зерттеушілер сөз тудырушы қосымшаларға жатқызып жүрген *-дай, -дей, -сыз, -сіз, -ша, -ше, -ғы, -гі* арқылы жасалған сөздердің бәрін жаңа сөздерге жатқыза аламыз ба? Сондай-ақ, сан есім сөзжасамында қарастырылып жүрген *-ыншы, -інші, -ау, -еу, -ар, -ер* секілді қосымшаларды сөзжасам қатарына қосуға бола ма? /2/. Бұл қосымшалар арқылы жасалған сөздер түбір білдіретін сөзден өзге мағына беріп, сөздік реестрге енетін сөздер жасай ала ма? Сөзжасам қосымшаларына жатқызылып жүрген қосымшалардың барлығы дерлік әрқашан жаңа сөз тудыра бермейді, олардың әрқайсысының мағыналық, қолданыстық ерекшеліктері ескеріліп, тілдегі ауыс-түйіс құбылыстардың себебі тарихи тұрғыдан ашылуы керек. Сондай-ақ сөзжасам қосымшаларын сөз таптары тұрғысынан қарау да мәселенің дұрыс шешім табуына кедергі болып отырған сыңайлы.

3. Сөзжасам қосымшаларына байланысты проблемалардың бірі – өнімділік, өнімсіздік, құнарлылық, құнарсыздық қасиеттерін айқындау критерийлерін ғалымдар әрқелкі қарастырады. Бұл қасиеттер сөзжасам қосымшаларын басқа қосымшалардан ажырататын белгілердің бірі ретінде қаралуға тиіс. Мұндағы басты ұстаным, профессор С.М. Исаев көрсеткендей, өнімділік-өнімсіздік – белгілі сөзжасам үлгісінің ешқандай дәуірге, кезеңге байланыссыз сөздік құрамға енетін сөздер жасауында, яғни сандық

сипатында болса, құнарлылық-құнарсыздық – белгілі кезең, мерзімге байланысты сапалық қасиеті болуға тиіс /3/.

4. Аналитикалық тәсілдің түрін көрсетуде де бірізділік жоқ. Түркі тілдерінің грамматикаларына ортақ жағдай – аналитикалық тәсілдің сөздердің бірігуі, қосарлануы мен тіркесуі ретінде көрініс табуы болса, кейбір ғалымдар сөздердің қысқаруын да осы тәсілге жатқызып, арнайы зерттелгені белгілі /4/. Бұл – басы ашылмаған, даулы мәселе. Қазақ тіліне орыс тілінің үлгісімен енген көптеген қысқарған сөздердің тілде тұрақтай алмай, қолданыстан шығып қалғандығы немесе көптеген қысқарған атаулардың толық нұсқаларымен қатар қолданылуы бұларды жаңа тілдік бірлік ретінде қарауға бола ма деген сұрақ тудырады. Себебі, қысқарған атаулардың басым көпшілігі күрделі атаулардың шартты таңбалары, техникалық себептерге байланысты алынған белгілер. Рас, алғашында қысқартылып алынып, қолданыла келе белгілі бір атауға айналған (МАЗ, КамАЗ, ЗИЛ машиналары секілді) сөздер бар. Олардың таза қысқарту процесінің нәтижесі деуге болмайды.

5. Сөздердің қосарлану арқылы жасалуын түгелдей сөзжасам нысаны ретінде қарастыру да даулы мәселе. Қос сөздерге байланысты талдаулар, оның ішінде қайталау арқылы жасалған сөздердің семантикасының жеке тұрғандағы мағынасынан алшақтап кетпейтінін, тек көптік, жинақтық, саралау, процестің қайталануы, болжалдық секілді грамматикалық мағыналар үстейтінін, демек, қайталау сөз тудырудың емес, грамматикалық мағына жасаудың тәсілі екенін көрсетеді. Ал қайталау тәсілі ретінде көрсетіліп жүрген күшейткіш буынды (қып-қызыл, тіп-тік) сөздер форма тудыру тәсілі ретінде (сын есімнің шырай формасы) ғана көрінеді. Рас, қосарлау арқылы жасалған сөздерді қайталау жолымен жасалған сөздермен бір қатарға қоюға болмайды. Тектес, мәндес компоненттер қосарланып келіп, олардың семантикасы сол екі компоненттің мағынасының қосындысы іспетті болады да, жалпылау, жинақтау секілді мағыналар үстеледі. Сол себепті барлық қосарлау тәсілін толық дәрежедегі сөзжасам тәсілі деу қиын, сөз тудыру мен форма тудырудың арасындағы категория секілді көрінеді. Бұл құбылыс та зерттеуді қажет етеді.

6. Сөздердің тіркесу арқылы жасалуына қандай сөздерді жатқызуға болады дегенде, күрделі етістіктер тобына жатқызып жүрген етістік түрлерін бөлуде, атауда бірізділіктің жоқтығын, бұлардың бәрінің бірдей (келе жатыр, кіріп шық, алып кел, әкеп қой, айта сал) сөзжасам нысаны бола алмайтындығын айту керек.

7. Фразеологиялық бірліктерді кейбір ғалымдардың күрделі сөздердің құрамында қарастырғанына қарамастан, есімді болсын, етістікті болсын, күрделі сөздерден айырмашылығы бар жеке құбылыс болғандықтан, сөз тудыру амалы ретінде емес, жеке қарастырылуы керек деп ойлаймыз.

8. Қазақ тіл білімінде сөзжасамдық мағынаны жеке сөз етіп, мәнін ашатын арнайы зерттеу жоқ. Жаңа сөз тудыру туралы әңгіме болғанда, оның жасалу тәсілі көрсетіледі де, туынды сөздің негізгі мағынасы күңгірт қалып қояды. Жалпы алғанда, сөзжасамдық мағына негіз білдіретін мағына мен туынды сөз мағынасының арасындағы қатынастан туындайтын жаңа мағынаны көрсетуі керек. Ал сөзжасам оқулықтарында беріліп жүрген сөзжасамдық мағына түрлері (өзгерген, түрленген, көшірілген, теңбе-тең) /5/. Бұл талапқа жауап бере ала ма? Мәселен, негіз сөз мағынасы мен туынды сөз мағынасы теңбе-тең мағына болатын болса (мысалы АлМУ – Алматы мемлекеттік университеті), ол қалай жаңа сөз болып, жаңа ұғымды білдіре алады? Сондай-ақ, түрленген туынды мағына (көлшік, әкетай) жаңа лексема бола ала ма?

9. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамында сөзжасамдық бірліктерді (үлгі, тип, ұя, оның түрлері, тізбек, саты, тарам, қалып, шеп, жұп, перифраз, т.б.) жүйелеу, бір ізге түсіру, сондай-ақ сөзжасамдық талдау жасаудың белгілі бір жүйесін жасау мәселесі де ғалымдардың алдында тұрған міндет. Осы саламен айналысып жүрген мамандар біріге

отырып, ғылыми зерттеулерінің нәтижесін ортаға салып, осы саланы оқытуға негіз болатын оқулық жазбайынша, бұл міндет орындалмақ емес.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. – А., 1989.
- 2 Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002.
- 3 Оралбай Н. Қазіргі қазақ тіліндегі сан есімнің сөзжасам жүйесі. – Алматы, Ғылым, 1988.
- 4 Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – А., 1998. – 284-б.
- 5 Оралбай Н. Қазақ тілінің сөзжасамы. – Алматы, 2002. – 73-74 б.
- 6 Алдашев.Н. Қазіргі қазақ тілінде сөздердің қысқару арқылы жасалуы. – Алматы, 1996.
- 7 Оралбай Н. Аталған еңбек. – 41-43 б.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада қазіргі қазақ тілінің сөзжасам саласына қатысты тіл білімінде талас тудырып жүрген даулы мәселелер қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются актуальные проблемы словообразования современного казахского языка.

ФУНКЦИИ УРБАНОНИМОВ В ЛИНГВОПРАКСЕОЛОГИИ

Тажимуратова А.Е. – к.ф.н., доцент,
Нагиева А.Т. – ст. преподаватель (г. Алматы, КазгосженПУ)

Лингвопраксеология – это наука о речевом поведении человека. Речевое поведение человека взаимосвязано с языковой средой. Урбанонимы являются одним из компонентов языковой среды.

Прошедшие 20 лет жизни суверенного Казахстана представляют собой особый период развития казахстанской лингвистики. Для основной массы исследования характерна органичная связь с теорией коммуникации /1, 3/.

В нашей статье мы рассматриваем мотивационный аспект урбанонимов и их функции с точки зрения понятия языковая среда.

Урбанонимы – это наименование основных внутригородских объектов (официальные наименования учреждений, улиц, проспектов, мостов, каналов, памятников, кладбищ, ресторанов, кафе, магазинов, рынков, неофициальные наименования), мы рассматриваем наименование улиц города Алматы.

В трактовке урбанонимов мы следуем позиции Н.В. Подольской, которая относит названия основных внутригородских объектов к урбанонимам. По мнению Подольской Н.В., эта группа наименований имеет существенные особенности, не позволяющие безоговорочно включить ее в разряд микропонимов. Эта область, на которую распространяется политика сознательного наименования, и переименования преимущественно с помощью имен собственных в микропонимах обнаруживается явное колебание между «собственностью» и «нарицательностью». В городе существуют определенные стандартные способы создания урбанонимов (Сулейменова А.Д., 2001, 3).

Известно, что онимия, как совокупность имен разных типов, связана со всеми сферами человеческой деятельности.

Везде, где требуется идентификация и индивидуализация, человек использует собственное имя как наиболее удобный способ выделения объекта.

Онимия любого народа содержит огромный информационный, культурно исторический потенциал. В ней отражается история, быт, психология и их исторические контакты.

Ономастика, возникшая на стыке наук, отличается чрезвычайной комплексностью предмета исследования, и все же, нам указывается А.В.Суперанская в ней доминирует лингвистический компонент, не только что каждое имя – это слово, но и потому, что информация о каждом имени добывается с помощью лингвистических средств (Суперанская А.В., 1980; 80)

Любое слово первоначально мотивировано, то есть в процессе номинации того или иного объекта к основе наименования был положен определенный признак, называемый мотивом. «Мотивация – процесс, внутренняя форма – средство» (Мусабекова У.А., 1996; 69).

Н.Д. Голев рассматривает мотивацию как естественный коммуникативно-речевой акт. Он отмечает, что мотивация «представляет собой в функционально-динамическом аспекте сопряжения многих разноплановых явлений: языка и речи, синхронии и диахронии, создания и функционирования готового формы и содержания, статики и динамики» (Голев Н.Д., 1983, 249).

Хотя Н.Д. Голев в своих работах в основном просматривает факты словообразовательной мотивации, однако, многие теоретические положения могут быть применены и при анализе мотивационного аспекта урбанонимов русского и казахского языков.

В статье мы рассматриваем мотивацию с точки зрения динамического аспекта с преимущественным вниманием к коммуникативной функции, стараемся выявить целевую установку, обусловившую мотивацию урбанонимов.

Мотивационный аспект урбанонимов характеризуется мотивом в зависимости от следующих факторов: исторического, политического, социального, культурного, ментального.

Урбанонимы города Алматы имеют разные типы мотивации, в зависимости от факторов политического, социального и культурного характера, определяющих жизнь страны в разные периоды.

В пятидесятые-семидесятые годы существовали такие типы мотивации:

1. Наименование улиц по линиям (влияние ленинградских строителей) – 1-ая, 2-ая, 3-ья, ... до 21-ой линии.

2. Традиция ансамблевости. В семидесятые годы все линии переименовали, создав распространенную в то время ансамблевость наименований: группа улиц одной территориальности получили наименование в тематическом ключе «революционные, государственные деятели, деятели искусства, писатели, герои ВОВ и т.д.» например: улица 1-ая линия – ул. Мирзояна, 2-ая линия – ул. Исаева, 3-ья линия – ул. Нурмакова, 4-ая линия – ул. Айтиева, ул. Тулебаева, К. Байсеитовой; пр. Ленина, ул. Карла Маркса, пр. Фурманова и т.д.

3. Третий тип мотивации по названиям цветов (Сиреневая, Жасминная, Розовая);

4. По названиям фруктовых деревьев (Вишневская, Яблочная, Грушевая);

5. Мотивация, отражающая идеологию страны (пр. Коммунистический, ул. Комсомольская, ул. Советская, ул. Октябрьская, ул. Пионерская);

6. Мотивация, дружбы народов, республик (ул. Житомирская, ул. Витебская, ул. Оренбургская, ул. Ташкентская, ул. Таймырская, ул. Орловская, ул. Бухарская, ул. Норильская, ул. Печорская, ул. Закаринская, ул. Ярославская и т.д.);

7. Мотивация, отражающая внешний облик улицы (ул. Гравийная, Широкая, Водная, Луговая, Тихая, Цветочная, Шоссейная и т.д.);
8. Мотивация, отражающая производство, труд советских людей (ул. Строительная, Элеваторская, Аэродромная, Почтовая, Железнодорожная, Табачно-заводская, Заводская);
9. Мотивация профессии и социального слоя (Учительская, Слободская, Студенческая, Школьная);
10. Мотивация, отражающая имена выдающихся и заслуженных людей (ул. Ашимбаева, Байшева, Рыскулова, Каратаева, Поповича, Федченко, Шукшина);
11. Мотивация, отражающая название областных центров Казахстана (ул. Кызылординская, Алматинская, Целиноградская, Карагандинская, Павлодарская);
12. Мотивации, отражающие особые события (ул. Юбилейная, Олимпийская, Фестивальная, ул. 10-тия Комсомола, 60-тия Комсомола, ул. Желтоқсан);
13. Мотивация, отражающая расположение улиц (ул. Северная, Западная, Средняя);

Необходимо отметить, что до 1991-го года урбанонимы, в частности наименование улиц и проспектов были мотивированы политическими, идеологическими факторами советской эпохи.

История урбанонимии города Алматы наминается с начала XX века. В 1907 году в очерке «Город Верный» В.Е. Недзведский писал, что всего в городе 50 улиц и 11 площадей. До наших времен сохранился «План города Верного, который составили в 1910 году К. Богданович и Д. Мушкетов в качестве приложения к «Трудам геологического комитета», на карте указаны названия 43 улиц, относившихся непосредственно к городу, и восьми названий улиц Большой Алматинской станицы.

В урбанонимах города Верного отражался весь социальный портрет захолустного «административно-торгового центра» на далекой окраине царской России. Укрепление, некогда основанное военными, начиналось с Командирской, Солдатской, Штабной, Артиллерийской, Лагерной, Казарменной, позднее появились Губернаторская, Гостинодворская, Первогильдийская, Казначейская, Торговая и др. на плане города того времени есть название Церковная, Гимназическая. В тот период немало улиц получили названия окрестных населенных пунктов Семиречья: Кульджинская, Кастекская, Талгарская, Нарынская, Капальская, Лепсинская, Иссык-Кульская, Пишпекская, Каскеленская, Узун-Агачская и др.

Надо указать, что в истории Алматинской урбанонимии, довольно полно отразившей привычки, занятия, вкусы горожан, их имена и профессии, достопримечательности, особенности тех или иных районов, национальные традиции жителей города прослеживается три основных периода: 1. С 1867 до 1929 года Верненский период (11-го апреля 1867 года укрепление Верное получило статус города); 2. С 1929 до 1991 года – советский период, который делится на 1-ый довоенный – с 1929 до 1939 года, 2. Последние с 1945 до 1991; 3. С 1991 по настоящее время – современный.

Романда сонымен қатар, жеке адамның жан сыры мен күйініш-сүйініш монологы шебер суреттелген. Ол әсіресе, Әділдің жалғыз қалған сәттерінде өте ұтымды қолданылған. Әрине, жалғыз адамның ойына нелер келіп, нелер кетпейді. Әділдің қиналған сәттеріндегі ішкі монологы, ішкі жан сыры мен күйініш-сүйініш монологын автор әр қырынан көрсете білген. «Өттең, туысқансыз жалғыздық-ай! Шіркін, опасыз дүние-ай! Көрсетпегенің осы екен ғой!», тағы бірде «Ой, тәңір-ай! Адал жардың жолында өлгеннің арманы не?» деген жолдардан көруімізге болады /1, 527/. Жалғыз адамның ішкі монологы мен жан сырын белгілі зерттеуші ғалым Г.Ж. Пірәлиева: «Жалғыздық – қашанда жеке адамның басындағы қайғы-қасіретті, ішкі ойға емін-еркін егілуге де, ішкі құпия тіршілікке ерік беруге, өз сезімін қадағалауға да, қадағаламауға да құқысы бар мезет. Әрі бұл кейіпкердің ішкі табиғатынан сыр берер, оның характерін ашуға да өзіндік үлес қоса алатын көркемдік қасиет. Өйткені жалғыздықтан жапа шеккен жан көбіне өз ойымен өзі болады. Оның өткен өміріне лирикалық шегініс жасау, бақытты шағын елестетуі, қайғыруы секілді бір сәттік құбылыстар оны ішкі монологқа өзімен-өзі сөйлесуге мәжбүр етеді. Кейде адам қатты қапаланғанда немесе шектен тыс қуанғанда, еркінен тыс ойланбаған, тіпті ойы түгіл түсіне енбеген сұмдық іс-әрекетке баруы мүмкін. Оны психологияда, философияда, әдебиеттану ғылымында адамның шындықты санамен бейнелеуіне тікелей қатыспайтын, еркінен тыс болатын

яғни психологиялық құбылыстарды – «бессознательность» – деп шебер ой тұжырымын жасаған /4, 77/.

Басына қайғының қара бұлтын жамылған Әділ өзімен-өзі сөйлесумен болады: «Бір мезгіл: «жаралысқа да наразы болып, дүниеге неге келдім? Марияны неге көрдім? Бүйткенше жаралмай-ақ қойсам нетті?», бір мезгіл: «кәрі шешемнің бүйтіп зарлап қалғанын көрмей-ақ, әкемнен бұрын өліп кетпеген екем?», бір мезгіл: «әттең жалғыздық-ай! Өзгелердей менің де аға-інім болса, тым болмаса бір келіп амандасар еді-ау!» деп көзінен ыстық жас төгіледі» /1, 531/. Міне, жалғыз адамның ойындағы, санасындағы бейнеленген портрет кейіпкердің ішкі ойын анық көрсетіп тұр. Әділ санасында жүріп жатқан осындай процестер оның қандай күйде, қандай ойда отырғанын ешкімге айтпаса да түсінікті. Себебі, автор Әділдің қайғылы жағдайын монолог арқылы өте шебер суреттеген. Жалғыздықтан жапа шеккен Әділ осылай ішінен сөйлеп өз ойымен өзі әлек болуда. Ішкі сөйлем жайында психологиялық сөздікте мынандай анықтама берілген: «ішкі сөйлем (іштей сөйлеу) – адам әртүрлі сөздік логикалық мәселелерді шешуде ақыл-ойдың ерекше өзінен-өзі автоматты әсер ететін сөйлеу формасы. Іштен сөйлеу сырттай сөйлеудің туындысы және ондай ой сырттай көрініс беріп айтылмаған немесе жазылмаған сөз» /5, 75/. Расында, адам ішінен ойлау арқылы көп нәрсенің байыбына жетіп, ой елегінен өткізеді. Өр нәрсені өзінше саралап, талдап ойын нақтылауына да мүмкіндігі мол болады. Романда кейіпкердің логикалық сана ағымы іштен сөйлеу арқылы астарлы жеткен. Кейіпкердің өзінің ішкі ойын ешкімге айта алмай қиналған сәттеріндегі ішкі монологы ішкі сөйлем арқылы шебер суреттелген.

Өзі өмір сүрген кезеңдегі заман шындығын өзінше шынайылықпен суреттеп, сол кезеңдегі қоғам қайшылықтарын айнытпай бейнелеген Ш. Құдайбердіұлының «Әділ-Мария» романы құдды бір монологтардан тұратын секілді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Құдайбердіұлы Ш.. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1988. – 560 б.
- 2 Степаньянц Ж.И. О роли сновидений в романах Достоевского. Дис... канд. филолог. наук. – Самарканд, 1990. – 130 с.
- 3 Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау. Оқу құралы. – Алматы: Санат, 1996.
- 4 Пірәлиева Г.Ж. Қазақтың көркем прозасындағы психологизм табиғаты және оның бейнелеу құралы. – Алматы. – 359 б.
- 5 Намазбаева Ж.Ы., Сангилбаев О.С.. Психологиялық сөздік. – Алматы: Print-S, 2005. – 250 б.

РЕЗЮМЕ

Мақалада Ш. Құдайбердіұлының «Әділ-Мария» романындағы монологтың түрлері қарастырылған. Монологтың түрлері, оның романдағы көрініс табуы мысалдармен көрсетіліп берілген.

РЕЗЮМЕ

В статье отражены особенности использования виды монолога в романе «Әділ-Мария» Ш. Кудайбердиұлы. В нем говорится о видах монолога с образцами.

СҰХБАТТЫҚ ТІЛДЕСІМДІ ЗЕРТТЕУДІҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКСТРАЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бөлекбаева Л.Ә. – магистрант (Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Қатысым бірліктерін анықтау мен белгілеу және олардың ауызекі сөйлеудегі қызметін зерттеу бүгінгі лингвистикалық прагматиканың негізгі мәселелерінің бірі болып отыр. Осы бағыттағы зерттеу сұхбаттық тілдесімді (диалог) (басқа терминология бойынша: коммуникативті акт, дискурс) қатысым бірлігі деп санайтын сөйлеу актілері теориясында жүріп жатыр. Өйткені сұхбаттық тілдесімде тіл өзінің табиғи болмысында көрінеді және де сөйлеу актісі сөйлеушінің интенциясы мен оларды жүзеге асырудың шарттарымен сипатталады.

Сұхбаттық тілдесім зерттеу бүгінгі таңдағы коммуникативтік лингвистиканың негізгі нысанына айналып отыр. Күннен күнге тілдің қарым-қатынас қызметі жеке бірліктер түрінде емес, өзара хабар алысатын саналы әрекет түрінде жүзеге асатындығы нақтыланып келеді. Тұлғааралық қатысымның, демек сұхбаттық тілдесімді қатысымның компоненттері ретінде мыналарды:

1) сөйлеуші және адресат (субъект факторына жеке психологиялық, сөйлеушінің тұлғалық әлеуметтік ерекшеліктері; адресат факторына оның тең қатысымға дайындығы енеді, сондай-ақ, жеке мінезі; коммуниканттар арасындағы интеракциялық және тұлғааралық қарым-қатынас);

2) сөйлеушінің коммуникативті ниеті, уәжі, қатысым мақсаты;

3) қатысым өтетін уақыт пен кеңістікке (коммуникативті акт барысындағы қатысымның жалпы әлеуметтік-саяси, тарихи-мәдени жағдаяттарына сүйенетін шарттарын белгілейтін экстралингвистикалық мәнбірлер) байланысты шынайылық деңгейі;

4) белгілі бір қоғамдық және статустық ролі бар коммуниканттардың өзара қарым-қатынасы;

5) қатысым жағдаятына сай пресуппозицияларды (авторлық интенцияның дұрыс қабылдануы, өйткені сөйлесімнің прагматикалық мағынасы сөйлеуші мен адресаттың пресуппозицияны оқи алуы, тезаурустарының ұқсастығын, импликацияны анықтай алу қабілеттілігіне байланысты жүзеге асатынын) атап өтуге болады.

Осы жоғарыда аталған компоненттер сұхбаттық тілдесім зерттеудің артықшылығын көрсететін төмендегі екі белгісін дәлелдей түседі. Біріншіден, сұхбаттық тілдесімде әрбір сөйлесімнің авторы мен нақты тыңдаушысы бар да, екіншіден, сұхбаттық тілдесім психологиялық деңгейде стимул мен реакция болып бір-біріне бағытталған сөйлеу актілеріне байланысты орнайды.

Сонымен сұхбаттық тілдесім сөйлеушілерді бірінен кейін бірін сөйлете беру емес, ол автор мен тыңдаушының арасына қарым-қатынас орнауына себеп болатын коммуникативтік жағдаят, прагматика үшін маңызды – тыңдаушының сөйлеу актісі мен оның коммуникативтік мақсатына негізделген – тыңдаушы реакциясы деуге болады. Тыңдаушының реакциясы сұхбаттық тілдесімді құрайтын әртүрлі мақсатты анықтайды. Әртүрлі мақсаттың үйлесуі арқылы сұхбаттық тілдесім қалыптасады. Сұхбаттық тілдесімді бір ғана мақсат құрай алмайды, сондықтан әртүрлі сөйлесім түрлері, мысалы, сұхбаттық тілдесімді бастаушы сөйлесім түрі өтініш білдіруден немесе қажетті мәліметті алудан басталғанымен, бұл тыңдаушының әртүрлі реакциясын тудырып, қарым-қатынастың орнауына себеп болуы мүмкін, себебі, сөйлеушінің тыңдаушыға бағытталған сөзі оның өзіне қайта оралатын қоздырғыш түрткі.

Сөйлеу актілерінің теориясы бойынша диалог – «основополагающее коммуникативное событие прямой коммуникации, в результате которого партнеры

вербально, с помощью смены ролей говорящих, в конкретных социально-исторических условиях достигают определенных целей деятельности» деп анықталады /1, 72/. Бұл дегеніміз, прагматика үшін оқшауланған сөйлеуші, оқшауланған тыңдаушы маңызды емес, өз мақсаты, ағымдағы процеске деген жеке көзқарасы, кезекті сөйлеу қадамын жасауға деген нақты шешімі бар тыңдаушы «оппонент» маңызды.

Сөйлесімнің прагматикалық аспектісін қалыптастыратын негізгі фактор – сұхбаттық тілдесім екенін ескерсек, онда сұхбаттық тілдесім – екі адамның белгілі бір тақырып шеңберінде сөйлесуі. Сұхбаттық тілдесім теориясының негізін советтік тіл білімінде Л.В. Щерба, Л.П. Якубинский, Е.Д. Поливанов, В.Н. Волошинов, В.В.Виноградов, М.И. Бахтин сынды лингвисттердің қалағаны белгілі. Бұл теорияға З.В. Валюсинская, Т.Г. Винокур, О.А. Лаптева, А.М. Радаев, Н.Ю. Шведова еңбектері арналды. Ал, қазақ тіл білімінде сұхбаттық тілдесім мәселесін алғаш рет қазақ лингвистикасының негізін салушы А. Байтұрсынов пен К. Жұбанов көтерген болатын. Осы мәселенің кейбір аспектілері С. Кенесбаев, М. Балақаев, Т. Қордабаев, Р.Сыздықова, Р.С.Әмір, К.Нұрмаханов, Х.Кәрімов, А.Жүнісбеков, Е.Есіркепов, З.Қ.Ахметжанова, М.К. Қармысова, Г.С. Иманғалиева, Д.Б. Абдукаримова еңбектерінде талқыланды. Ағылшын тіліндегі бұл мәселеге Л.П. Чахоян, С.С.Беркнер, Т.М. Власова, А.В. Кучер, Н.В. Буренина, Ю. Дубовский, В.В.Бузаров, Е.Е.Карпушина және тағы басқалардың зерттеу жұмыстары арналған.

Сөйлеу тілінің жалпы сипаттағы сұхбаттық белгісін ашқан М.М. Бахтиннің пікірінше, сұхбаттық тілдесімді қатынастың туындауындағы басты шарт – бұл хабарға, «сөзге» бағытталған коммуникативтік мақсаттың болуы. Коммуникативтік мақсат заттық мазмұнның (идея, пікір) өзара қарым-қатынасын, олардың мәнін өзгертеді. Коммуникативтік жағдаят пайда болады. Бұл жағдаятта өзара қарым-қатынастағы объектілер жаңа жүйелік сипатқа ие болады. Мысалы, объект туралы пікір («өмір тамаша» – логикалық пікір) өзіндік заңдылықтарына бағынатын сөйлесімге («өмір тамаша» – растау, нақтылау ретінде) айналады. Бұл заңдылықтар логикалық пікірлерде кездеспейтін сөйлесімдер арасындағы диалогтық қатынас құрайды. «Коммуникативтік жағдаят – сұхбаттық тілдесімді қатысымның орнауына мүмкіндік беретін шарттар, жүйелі фактор» /2, 85/.

Сұхбаттық тілдесім теориясының бүгінгі көтеріп отырған мәселесі – сұхбаттық тілдесімнің дүниеге келуін, қалыптасуын анықтайтын әр түрлі шарттарды қарастыру болып отыр. Сөйлеуші тілдік таңбаларды өзара түсінісу үшін ғана емес, тыңдаушының сол сөйлеу актісіне деген қызығушылығын оятып, оның жауап беруі үшін де қолданады. Себебі қатысым кезінде адресант хабарлап тұрып та, сұрақ қойып тұрып та, өтініп тұрып та өзінің тыңдаушысынан оның жауап (вербальды болмаса іс-әрекет түріндегі) реакциясын күтеді. Сұхбаттық тілдесімді құрайтын бірінен соң бірі қатар келетін репликалардың арасында мағыналық және құрылымдық байланыс болады. Реплика сұхбаттық тілдесімнің, сонымен бірге, сұхбаттық тұтастықтың компоненті ретінде екі жақты сипатқа ие, бұл стимул және реакция сипаты. Сұхбаттық тілдесімге қатысушылардың бірінің сөзі екіншісінің репликасының тууына түрткі болады да, ол өз кезегінде мазмұны жағынан сұраққа жауап, пікірді қостау арқылы растау, не оған қарсы болу, айтылған ойды түсіндіру, оны толықтыру, не өзін қоршаған орта, адам, уақиға жөніндегі ойы, көзқарасы т.б. болып келеді /3, 22/. Алғашқы ықпал етуші стимул-репликаның келесі репликаға тілдік әсерін талдаған кезде ықтимал, болжамды жауаптың қандай болатындығын анықтауға болады. Сондай-ақ, тілдесімдік тұтастықтағы репликаларды туғызатын иллюкутивті күшті болжауға себеп болатын мәнбірлер де ескеріледі.

Сұхбаттық тілдесім арқылы берілетін хабар – семантикалық белгіні, ал оны анықтауға прагматикалық мәнбірлер қатысады. Прагматикалық мәнбірлер сөйлесімдердің тақырыпқа қарай коммуникативтік мақсатын анықтайды. Қарым-

қатынас үстінде ортақ тақырыптың орнауы бірін-бірі мазмұн жағынан толықтырып отыратын, сөйлеу мақсатының үйлесімді тізбегін қалыптастырады. Өйткені алғашқы сөйлесімде берілген мазмұн келесі сөйлеу актілерінде жаңа мазмұнмен толықтырылады.

Сұхбаттық тілдесімнің түрлері – мақсаттардың өзара үйлесуі арқылы анықталады. Сұхбаттық тілдесім жауапты алмай тынбау, қайтседе де қажетті хабарды біліп барып аяқталатын сұхбаттық тілдесімнің хабар алу, жалыну/өтіну түріне жатады. Әртүрлі мақсат әртүрлі сөйлеу жағдаятын жасайды. Бұл сұхбаттық тілдесімнің түрленуіне де әсер етеді. Мысалы, И.П.Святогор сұхбаттық тілдесімнің құрылымына байланысты оның төмендегідей түрлерін ұсынады:

1) жұпты сұхбаттық тілдесім, екі коммуникант арасындағы тілдесім.

– You wouldn't like to come with me, I suppose?

– Julia could hardly believe her ears.

– Me? Darling, you know I'd go anywhere in the world with.

2) параллель сұхбаттық тілдесімге үш-төрт коммуникант қатысуы мүмкін.

– What a stunning room this is.

– I'm so glad you like it. – Her voice was rather low and ever so slightly hoarse.

– We think in the family that Michael has such perfect taste.

– Michael gave the room a complacent glance.

– I've had a good deal of experience. I always design the sets myself for our plays. Of course, I have a man to do the rough work for me, but the ideas are mine. 3) полилог – бірнеше адамдардың арасындағы әңгіме.

– I hope she'll be a good wife to Frederic.

– I hope she won't be too fond of going out – said Amelia, the second girl.

– Or extravagant – said Georgina, the third.

– There was some story of her being terribly in debt when she married Sir Florian – said Diana, the fourth.

– Frederic will be sure to see to that – said Augusta, the eldest.

– She is very beautiful – said Lydia, the fifth.

– And clever – said Cecilia, the sixth.

Сұхбаттық тілдесімнің бұл түрін Г.А.Тер-Габриелян квазидиалог, немесе ұжымдық сұхбаттық тілдесім деп атайды /4/. Құрылымы бойынша бұл – полилог. Мұнда қатысушылардың барлығы бәріне ортақ мәселенің бірін талқылайды. Шынайы сұхбаттық тілдесімнен мұның айырмашылығы бұл жерде пікір алмасу, пікірталас кезінде шындықты ашуға ұмтылыс болмайды. Тек сол бір мәселе бойынша қатысушылардың объективті қатынасты талқылаудың көрінісі болады. Дегенмен олардың әрқайсысы осы оқиғаға қатысты өзінің жеке көзқарасын, сөйлеушіге деген жеке қатынасын білдірді де қойды.

Квазидиалогта сөзді бөлу, іліп алу, қайталау, қайта сұрау, сұрақ пен жауап сияқты репликалар арасындағы байланыстың тәсілдеріне қарамастан, оған имплицитті мазмұндағы репликалар тән емес. Мәселен, үзіліп қалған сөйлесімдер келесі репликаларда эксплицитті түрде толығы мүмкін.

Сонымен жоғарыда келтірілген сұхбаттық тілдесімнің үш түрін өзара талдаған кезде, олардың айырмашылығы тек қатысушылардың санында ғана емес екені айқындала түседі. Олар мақсаты, атқаратын қызметі, репликаларының байланысу тәсілдері жағынан бір-бірінен өзгеше болып келеді. Мәселен, жұпты сұхбаттық тілдесімнің, немесе таза сұхбаттық тілдесімнің (Х. Кәрімов бойынша) құрамындағы репликалардың кімдікі екені әңгіменің жалпы барысынан, алдыңғы репликалардан, не алмасып отырған репликалардың мазмұнынан, ондағы қаратпа, қыстырма сөздерден т.б белгілі болып тұрады. Мұндай ерекшелік екінші сұхбаттық тілдесім түрінде (аралас

сұхбаттық тілдесімде де кездеседі. Аралас сұхбаттық тілдесімде әр реплика төңірегінде оның кімдікі екенін білдіретін ремарканың (авторлық түсініктеме) болуы көркем шығармада шарт. Бұл ауызекі сөйлеу тілінде сөйлеу жағдаятынан, сөйлесім пропозициясынан түсінікті болады. Ал, полилогты Х.Кәрімов көп дауысты сұхбаттық тілдесім деп атайды. Ғалымның сипаттамасы жоғарыда сөз болған Г.А.Тер-Габриелянның квазидиалогына ұқсас. Сонымен мұндай сұхбаттық тілдесім– оқиғаға қатысушы көптің, бір топ адамның сөзі болып келетін сұхбаттық тілдесімдер. Таза сұхбаттық тілдесім мен аралас сұхбаттық тілдесімнің құрамындағы репликалардың кімдікі екені белгілі. Соңғы сұхбаттық тілдесім түрінің ерекшелігі сол, олардың құрамындағы репликалардың кімдікі екенін айыру, ал кейде қатысушылардың саны қанша екендігін білу мүмкіндігі болмайды.

Көп дауысты сұхбаттық тілдесім бір топ адамның әр түрлі оқиғалардан, хабарлардан т.б. алған әсері, сезімі, бір мәселеге байланысты ойлары, әр кездегі репликалары болып келеді де, оқиғаға қатысушы көптің басындағы күйініші-сүйініші, қуаныш-қорқынышты бейнелеудің үйлесімді де ұтымды амалына айналады.

Қарым-қатынас үстіндегі тілдік және тілдік емес мәнбірлердің өзара байланысы сұхбаттық тілдесімнің шекараларын, ең төменгі түрін, құрылымын, сонымен қатар лексика-грамматикалық бірліктердің қызметін анықтауда үнемі басшылыққа алынады. Отандық тіл білімінде осы салада сұхбаттық тілдесім типологиясын жасаған Г.С. Иманғалиева сұхбаттық тілдесімнің тақырыптық сипатына қарай хабарламалық, прагматикалық, модальдік деп үшке бөледі. Бұлар өз тарапынан әңгімелесу, хабарласу, сұрасу, сұхбаттасу, хабарлама жасау, түсінісу, пікірталас, ұрыс, талқылау, өтініш, түрткі жасау, қорытындылау, мақұлдау, сәлемдесу, қоштасу сияқты түрлеріне жіктеледі.

Зерттеуші сұхбаттық тілдесім типологиясын жасауға тілдің қарым-қатынас құралы қызметін қалыптастыратын, соған ықпал ететін прагматикалық факторларды, яғни сұхбаттық тілдесімнің өту ахуалы, сөйлеушіге тән белгілер, тыңдаушыға тән белгілер, коммуниканттар арасындағы қарым-қатынасты басшылыққа алған. Ол сұхбаттық тілдесімдегі сөйлеу актілері арасындағы байланысты сөйлеушілердің мақсаты болмаса интенциясы тұрғысынан талдайды. Себебі сұхбаттық тілдесім бірлігін анықтауда бірқатар зерттеушілер де интенцияны басшылыққа алады. Әрине, мақсаттың қалыптасуы қарым – қатынаспен байланысты, ал, ол өз кезегінде сөйлеушілердің қатысым жасауының қажеттілігіне тәуелді. Сұхбаттық тілдесімді қалыптастырып, дамытатын – сөйлеушілер мақсатының үйлесімі.

Кейбір зерттеушілер (Н.Д. Арутюнова, С.Ф.Земская, Н.Г.Несина, В.Н.Волошинов) жоғарыда сөз болған сұхбаттық тілдесімнің түрлерінің, атап айтқанда хабарламалықтың орнына ұғымдық немесе диктальді сұхбаттық тілдесім және модальдік сұхбаттық тілдесім дегенді ұсынады.

Н.Д. Арутюнованың пікірінше ұғымдық сұхбаттық тілдесімнің мақсаты нақты мәлімет алу болса, модальдік сұхбаттық тілдесімнің мақсаты пікір алмасу. Мұнда әңгімелесушінің модусына, яғни оның мәліметке деген қарым-қатынасының апелляциясы көрініс табады. Мәлімет – диктум.

– Ашуланшақ болып кетіпсің, Алма.

– Бұл елден ашуланшақ емесін табу қиын-ау бүгінде.

Мәліметке деген әртүрлі субъективті қатынастар цитацияда, әсіресе, адресанттың сөздерін басқа акцентпен келемеждеу, тәлкек ету болмаса сенімсіздік білдіру формаларында қайталағанда анық көрінеді.

– ... where do these people come from?

– Spain.

– Spain?

– Yes, Spain.

Сонымен модальді сұхбаттық тілдесімде бір фактінің болмаса құбылыстың әртүрлі модусы, әртүрлі субъективті бағалануы ылғи реңін өзгертіп жатады. Бұл дегеніміз бір мәліметті әртүрлі бағалап, шындыққа байланыстыруға болады.

Ауызекі сөйлеуді зерттеушілердің барлығы дерлік сұхбаттық жағдаят, қатысымның бейвербалды компоненттері сияқты ерекшеліктері көбіне таныс емес адамдардан гөрі жақын таныс адамдардың арасындағы, ресми емес жағдайдағы қатысымда айқын көрінетіндігін айтады. Себебі сұхбаттық тілдесім – бұл бірін-бірі түсінуге мақсатталған екіжақты қатысым. Коммуниканттардың екеуі де әңгіме тақырыбын қабылдауға, оны түсінуге ұмтылады. Сұхбаттық тілдесімді қажет мәліметті алу үшін қалыптасқан әрекет десек те болады.

Сұхбаттық тілдесімді қатысымды лексико-грамматикалық және интонациялық амалдардың көмегімен мазмұн жағынан өзара тығыз байланысты екі болмаса одан да көп репликалардан тұратын коммуникативті-функционалдық тұтастық деуге болады. Сұхбаттық тілдесімнің қалыптасу процесі коммуниканттардың арнайы ұйымдасқан ұғымдық-практикалық жағдайларымен белгіленеді. Адамның сөйлеу әрекеті уәжден, тапсырмалар мен оларды орындаудың шарттарынан тұрады. Мұны анықтау үшін бір қатар психолингвистикалық және әлеуметтік лингвистикалық мәселелерге, сондай-ақ сөйлеу әрекеті мен оның қабылдануын түсіндіретін сөйлеу актілері мәселесіне мән беруге тура келеді.

Сұхбаттық тілдесім – көп қырлы күрделі құбылыс. Сондықтан оның әртүрлі аспектілерін зерттеудің көптеген жолдары мен тәсілдерінің болуы заңды да. Мәселен:

а) формальді-құрылымдық тәсіл, мұндағы басты мәселе репликалардың құрылымдық түрі және олардың арасындағы байланыс жолдары;

ә) семантикалық тәсіл, яғни репликалардың белгілі бір түрінің семантикасы мен бір-бірімен байланысты репликалардың мазмұны;

б) функционалды тәсіл сұхбаттық қатысымның функциясы тұрғысынан оның құрылымы мен элементтерін талдайды;

в) логика-семантикалық тәсіл сұхбаттық тілдесімнің логикалық құрылымын зерттейді, яғни сөйлесімдердің логикалық түрлері немесе сөйлесімдер мен репликалар арасындағы логикалық байланысты анықтайды;

г) психолингвистикалық тәсіл репликаны – сөйлеу әдебі ретінде қарастырады, себебі бұл тәсіл сұхбаттық тілдесімді екі психологиялық жүйенің өзара қарым-қатынасы деп сипаттайды;

д) әлеуметтік лингвистика коммуниканттардың әлеуметтік статусы мен ауызекі қатысымның әлеуметтік ерекшеліктеріне көңіл бөледі.

Лингвистер сұхбаттық тілдесімнің құрылымы (М.Н. Орлова), сұхбаттық тұтастықтағы репликалар арасындағы өзара байланыстың сипаты мен мұндағы синтаксистік байланыстың түрлері (С.С. Беркнер, Н.Н. Гаврильев, Л.П. Чахоян), сұхбаттық тілдесімнің стилистикалық және интонациялық құрылымы (А.В. Кучер, Ю. Дубовский) сияқты аспектілерге қызығушылық танытқан. Дей тұрғанмен, соңғы уақытта зерттеу шеңбері кеңейе түсті де, ендігі мәселелер сұхбаттық тілдесімнің актуальді мүшеленуі, диалогтағы байланыстың прагматикалық аспектісі, модус-диктум тұрғысынан оның сарапталуы және тағы басқалар төңірегінде жүріп жатыр.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Тейтмайер Б. Диалог: проблеманың анализа // Общение. Текст. Высказывание. – Москва, 1989. – С. 71-83.
- 2 Бахтин М.М. Проблемы поэтики Достоевского. – М., 1979. – С. 227-238.
- 3 Кәрімов Х. Қанатты тіл. Оқу құралы. – Алматы, 1993.
- 4 Тер-Габриелян Г.А. Структурно-функциональные характеристики диалога в турецкой прозе: авторефер. ... канд.филол.наук. – М.,1989.

РЕЗЮМЕ

Данная статья рассматривает взаимодействия реплик диалогической речи в функционально-синтаксическом, функционально-семантическом и функционально-коммуникативном планах.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада тілдің қатысым әрекетіндегі және ауызекі сөйлеудегі қызметі қарастырылады. Аталмыш мәселе лингвистикалық прагматиканың бірі бола отырып, сұхбаттық тілдесімде тіл өзінің табиғи болмысында көрінетіні және де сөйлеу актісі сөйлеушінің интенциясы мен оларды жүзеге асырудың шарттары ретінде сипатталады.

ДИАЛОГ ӘРЕКЕТІНІҢ БІЛІКТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Бөлекбаева Л. Ә. – магистрант (Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Қазіргі кезде халықаралық қатынастардың күшейіп, соған сәйкес халықтар арасындағы өзара түсіністік мәселесінің алдыңғы қатарға шығуы және шетел тілін меңгеруде тіл мен мәдениет мәселелерінің ара қатынасына, олардың өзара байланысына, әртүрлі ұлт өкілдері арасында диалог өзара түсіністік, ынтымақтастық жағдайында өрбіп, қалыптасуына ерекше көңіл бөлініп келеді. Және осы талап тіл меңгерту үрдісінде ұлтаралық қатысымды негізге ала отырып, әрбір халықтың тілі мен мәдениетіндегі ұлттық ерекшеліктерді сыйлап, құрметтеуге бағытталады. Ұлтаралық және мәдениетаралық қарым -қатынаста әр халықтың тілі мен мәдениетіндегі ұлттық ерекшелікті есепке алу – тілді өзге тіл ретінде меңгертудің нәтижелі болуындағы басты шарттардың бірі ретіндегі элеуметтік лингвистика мен лингводидактиканың басты салаларының қатарына жатады. Сонымен қатар, әрбір адам басқа мәдениет өкілімен тілдесу үстінде өзінің туған елінің мәдениеті атынан сөйлейді. Тілдесу үстінде адам өз халқының мәдениеті, ұлттық ерекшелігін тілдік бірліктер арқылы, әртүрлі тілдік құралдар мен ұлттық таным арқылы білдіреді. Диалогқа қатысушылар осылайша өздерінің тілден алған білімдерін де, өздерін де жеке тұлға ретінде көрсетуге мүмкіндік алады. Демек, студенттердің диалог мәдениетін қалыптастыру – аса маңызды міндет. Тіл меңгерту үрдісінде қазіргі ғылымда кең қолдау таба бастаған лингвоелтану, лингвомәдениеттану құзіреттіліктерін қалыптастыру, сол арқылы сұхбаттық тілдесімге шақыру. Бұл міндетті жүзеге асыру диалогтарды пайдалану қажеттігін алға тартады. Диалогтарды тіл меңгертуде пайдалану – өзіндік күрделілігі бар мәселе.

Адам тілдесу барысында әр түрлі көмекші құралдарды да пайдаланатыны белгілі. Сондықтан диалог үстінде көмекшілік қызмет атқаратын ым, қимыл, ишара мәселелері туралы, олардың диалог мазмұнынан алатын орнын, қазақ тіліндегі ерекшеліктеріне де мән беруді талап етеді.

Қазіргі кезде өзге тілге үйретуде көбінесе, ауызша тілдестіруге мән беріліп жүр, осы күнге дейін өзінің мән-маңызын жоймаған әдіс – коммуникативтік әдіс. Бұл әдістің негізін Е.И. Пассов салды. Бұл әдістің негізіне коммуникативтік лингвистика, психологиялық әрекеттесу теориясы, мәдениеттер *сұхбатында* жеке тұлғаның белсенділігін дамыту мәселелері де енді.

«Тіл білімі сөздігінде»: «Диалог (грек, dialogos – әңгіме, сұхбат). Диалогтық сөйлеу өзара тілдесу негізінде ауызша, ауызекі тілде сөйлеу формасы. Диалогтық

сөйлеу ауызша, ауызекі сөйлеу сипаты сөйлеуші мен тыңдаушының тікелей байланысынан туады. Осыған байланысты диалог сөйлеуге құрылымдық жағынан толықсыздық репликалар байланысы тән (сұрақ, /жауап, қарсыласу/, келісу, тіл мәдениеті, толықтыру, қайталау т.б.)», – деп жазады /1, 107/.

«Тілдесім» (общение) – айтылым мен жазылымның өзара бірлігінен құрала келіп, қандай болмасын ақпарат негізінде адамдар арасындағы тілдік қатынасты жүзеге асыратын сөйлесім әрекетінің түрі. «Тілдесім» терминіне ғалым Ф.Оразбаева былай деп сипаттама береді, «Тілдесім – адамдардың қоғамдық- әлеуметтік өмірде бір бірімен тіл арқылы қарым-қатынасқа түсіп, өзара пікірлесуінің нәтижесінде бірінің ойын бірі ауызша да, жазбаша да түсінуі және оған жауап қайтаруы» /2, 120/.

Тілдесім – адамдардың өзара әрекетіндегі өте күрделі құбылыс. Бұл туралы А.А.Леонтьев былай дейді: «В современной науке об общении существует огромное количество несовпадающих определений данного понятия» /3, 26 /.

Бұл тілдесім құбылысының сан қырлы, алуан жүйелі, сан тарау құбылыс екенінен болса керек. Диалог тілдесім ұғымына екі адам сөйлесетін диалог, үш адам сөйлесетін трилог та, үштен көп адам тілдесетін полилог та кіреді.

Диалогты зерттеу бүгінгі таңдағы коммуникативті лингвистиканың негізгі нысанына айналып отыр. Күннен күнге тілдің қарым-қатынас қызметі жеке бірліктер түрінде емес, өзара хабар алысатын саналы әрекет түрінде жүзеге асатындығы нақтыланып келеді. Диалогты зерттеудің артықшылығы мынадай екі белгісінен көрінеді:

- диалогта әрбір сөйлесімнің авторы және нақты тыңдаушысы бар;
- диалог психологиялық деңгейде стимул мен реакция болып бір-біріне бағытталған сөйлеу қадамдарына байланысты орнайды.

Сонымен диалог сөйлеушілерді бірінен кейін бірін сөйлете беру емес, ол автор мен тыңдаушының арасына қарым- қатынас әрекетінің орнауына себеп болатын коммуникативтік жағдаят, прагматика үшін маңызды – тыңдаушының сөйлеу актісі мен оның коммуникативтік интенциясына негізделген тыңдаушы реакциясы деуге болады. Тыңдаушының реакциясы диалогты құрайтын әртүрлі мақсатты анықтайды. Әртүрлі мақсаттың үйлесуі арқылы диалог қалыптасады. Диалогты бір ғана мақсат құрай алмайды, сондықтан әртүрлі тілдесім түрлері, мысалы, диалогты бастаушы тілдесім түрі өтініш білдіруден немесе қажетті хабарды алудан басталғанмен, бұл тыңдаушының әртүрлі реакциясын тудырып, қарым-қатынастың орнауына себеп болуы мүмкін, себебі, сөйлеушінің тыңдаушыға бағытталған сөзі оның өзіне қайта оралатын қоздырғыш түрткі.

Тілдесе отырып адам өзінің қайғысымен, мұңымен, қуанышымен, өміріндегі сәтті, сәтсіз жайттарымен, басқаша айтқанда, сезімдерімен бөлісе алады. Білім беру, оқыту, білімді насихаттау, білімді алу сияқты өзекті мәселелер – тілдесіп сөйлеспей шешілмейтін мәселелер.

Адам диалогқа түсу үшін ең әуелі ойлай және сөйлей білу керек. Басқаша айтқанда, өзінің ойына келгенін екінші тыңдаушы жаққа айтып бере білуі тиіс.

Ал тілдесімдегі тактика дегеніміз – тілдің қатынасқа түсу тәсілдерінің жиынтығы, белгілі бір диалог кезінде сөйлеу актісін дұрыс таңдау мен оның бірізділігін сақтау. Мысалы, серіктесінің назарын аударумен байланысты оның ықпалын ұстап тұру, сендіру және мойындату, қысым жасау немесе қысымның әлсіреуі, қулық жасау, жағымсыз істерге ұрындыру, арандату, итермелеу т.б . осы сияқты белгілі бір көңіл-күй жағдайларына түсу. Әңгіме барысында тактикалар өзгереді, олар-бейімделгіш, жылжымалы, икемделгіш. Айтушы неғұрлым тілдік қатынастық және прагматикалық жетістікті жақсы меңгерген болса, оның тактикасы да солғұрлым жан-жақты және жылжымалы болып келеді.

Мысалы, талап ете отырып, өзіне бағынатын адамға жеңіл өтініш жасау стратегиясы:

«← Zhandos, bring me the report you made.

– I haven't finished it yet.

– I need it now. I'm having a meeting. Be quick, please ».

Жауаптан қашу тактикасына қарсы, шынайы емес сұрақ қоюды айтуға болады.

Мысалы, қарсы, қашқақтау сұрағы: – Why haven't you informed them about the meeting?

– Who?

– You know who. I mean the staff.

Диалогтағы сөз бастаушы адам әңгімені өз қолына алады: сөз туғызу ниетін таңдау, сөзді қосымша ақпараттармен, дәлелдермен байытып отыру, әңгіменің жүрісіне, сөз, сөйлем құрылысына әсер ету-бәрі соның қолында болады.

Адамдар кез келген жағдайда өз ойын біреуге түсіндіріп, білдіруде, пікірлермен алмасу үшін тілдік қарым-қатынасқа түседі, демек тілдеседі. Зерттеушілердің пікірлерінше, адамның бір-бірімен қарым қатынас жасауының үштен екі бөлігі сөзден, сөйлесе қатынас жасаудан және олар үнемі тілдік қарым қатынас жасаудан және олар үнемі тілдік қарым қатынасқа түсуден тұрады. Яғни адамдар арасында үнемі диалог жүріп жатады. Диалогтың табысты жүруі сөйлесетін серіктестерінің біліміне, тәрбиесіне, сөйлесе білу әдебіне т.б. шарттарға байланысты. Тілдесе отырып адам өзінің қуанышымен, қайғысымен, басқаша айтқанда, сезімдерімен бөлісе алады.

Сөйлеу тілінің жалпы сипаттағы диалогтік белгісін ашқан М.М. Бахтиннің пікірінше, диалогтық қатынастың туындауының басты шарты – бұл хабарға, «сөзге» бағытталған коммуникативтік мақсаттың болуы. Ол заттық мазмұнның (идея, пікір) өзара қарым-қатынасын, олардың мәнін өзгертеді. Коммуникативті жағдаят пайда болады. Бұл жағдаятта өзара қарым-қатынастағы объектілер жаңа жүйелік сипатқа ие болады. Мысалы, объект туралы пікір («өмір тамаша» – логикалық пікір) өзіндік заңдылықтарына бағынатын сөйлесімге («өмір тамаша» – растау, нақтылау ретінде) айналады. Бұл заңдылықтар логикалық пікірлерде кездеспейтін сөйлесімдер арасындағы диалогтық қатынас құрайды. «Коммуникативная ситуация – это системообразующий фактор, условие, делающее возможным возникновение диалогических отношений».

Сөйлеу әрекетінің күрделілігі диалогтың қандай жағдайда жүргеніне, қалай жүргеніне және оның жүзеге асуы үшін қажет алғышарттарға тәуелді. Адам диалогқа түсу үшін ең әуелі ойлай және сөйлей білуі керек. Сонымен қатар өз ойын жүзеге асыруға деген ынта мен ықылас болуға тиіс. Басқаша айтқанда, өзінің ойына келгенін тыңдаушыға жеткізе білуі тиіс.

Диалог түрлері – мақсаттардың өзара үйлесуі арқылы анықталады. Диалог жауапты алмай тынбау, қайтседе де қажетті хабарды біліп барып аяқталатын диалогтың хабар алу, жалыну/өтіну түріне жатады. Өртүрлі мақсат өртүрлі сөйлеу жағдаятын жасайды. Бұл диалогтың түрленуіне де әсер етеді. Мысалы, И.П. Святогор диалогтың құрылымына байланысты оның төмендегідей түрлерін ұсынады:

1. жұпты диалог, екі коммуникант арасындағы сұхбаттық тілдесім;
2. параллель диалогқа үш-төрт коммуникант қатысуы мүмкін;
3. полилог – бірнеше адамдардың арасындағы әңгіме.

Қарым-қатынас үстіндегі тілдік және тілдік емес факторлардың өзара байланысы диалогтің шекараларын, ең төменгі түрін, құрылымын, сонымен қатар лексика-грамматикалық бірліктердің қызметін анықтауда үнемі басшылыққа алынады. Отандық тіл білімінде осы салада диалог типологиясын жасаған Г.С.Иманғалиева диалогтің тақырыптық сипатына қарай хабарламалық, прагматикалық, модальдік деп үшке бөледі. Бұлар өз тарапынан әңгімелесу, хабарласу, сұрасу, сұхбаттасу, хабарлама жасау,

түсінісу, пікірталас, ұрыс, талқылау, өтініш, түрткі жасау, қорытындылау, мақұлдау, сәлемдесу, қоштасу сияқты түрлеріне жіктеледі /4/.

Хабарламалық диалогта көбіне коммуникацияның басталғанына дейін әңгімелесушілердің біріне белгісіз жаңа мәлімет болады. Сондықтан олар жайбарақат күйде, орта темпте өтеді. Бұл диалог түрінің мақсаты коммуникативті акт процесінде жаңа мәлімет алу болмаса мәлімет беру болып табылады. Зерттеуші хабарламалық диалогтың сипатына қарай мұнда әңгімелесу, хабарласу, сұрасу және түсінісу сияқты диалогтың түрлерін жатқызады.

Диалогтың әр түрлі болуы оның күрделілігімен сипатталады. Мұны диалогтың ұзақтылығымен, жағдаят пен контекстің әсерімен, әңгімелесушілердің санымен түсіндіруге болады. Дегенмен, диалог өз құрамындағы әртүрлі бағыттағы репликалардың сипатымен күрделенеді. Ал, диалогтың прагматикалық түрінде әртүрлі сөйлеу интенциясы бар сөйлесімдердің бір ізділігі байқалады. Мұндай диалогтың мақсаты тыңдаушыға анық әсер ету. Бұл дегеніміз, пікірталас, ұрыс, талқылау, өтініш, түрткі жасау, хабарлама жасау. Модальдік диалогта объективті шындықтың саналы көрінісі беріледі. Бұл диалог-мақұлдасу, диалог-қорытындылау, диалог-сәлемдесу, диалог-қоштасу.

Реплика диалогтың, сонымен бірге, диалог тұтастықтың компоненті ретінде екі жақты сипатқа ие, яғни стимул және реакция сипаты. Диалогқа қатысушылардың бірінің сөзі екіншісінің репликасының тууына түрткі болады. Жауап реплика мазмұны жағынан сұраққа жауап, айтылған пікірді қостау, не оған қарсы болу, айтылған ойды түсіндіру, оны толықтыру, не өзін қоршаған орта, адам, уақиға жөніндегі ойы, көзқарасы т.б. болып келеді.

Диалог көбіне дәстүрлі реплика-сәлемдесуден басталады. Сосын әңгіме желісіне қарай қажетті реплика-ниет, реплика-сұрақ, бірдемені хабарлайтын реплика, қайталаумен қайта сұрайтын және т.б. репликалар болуы мүмкін. Әрине әңгіменің ары қарай қалай өрбитіндігі реплика- реакцияға да көп қатысты. Егер екінші коммуникант диалогтың жалғасуын ынталандыруға жеткіліксіз, тек біржақтама (Иә. Жоқ. Білмеймін.) жауап берсе, онда диалог қалыптаспайды. Коммуникативті актінің пайда болуында белгілі жағдай мен алғы шарттар маңызды роль ойнайды. Сондай-ақ, оның жүзеге асуы үшін коммуниканттардың психологиялық жай-күйі де ескеріледі.

Диалогтағы репликалардың лингвистикалық және экстралингвистикалық зерттелуінің негізінде, оларды анықтайтын мінезі мен құрылымын ескеріп, коммуникативті- прагматикалық сипатына мән бере отырып Д.Б. Абдукаримова реплика-стимулдың мынадай түрлерін белгілеген /5/. Олар: 1) реплика-сұрақ, 2) реплика-бұйрық, сыпайы формадағы реплика-бұйрық, 3) реплика-ниет, 4) реплика-таңдану, 5) реплика-нақтылау, 6) реплика-хабарлау, 7) реплика-өтініш. Зерттеуші бұл репликалардың құрылымын реплика-реакциямен лексика-семантикалық байланысымен, сұраулы пысықтауыштар, есімдіктер, демеулік шылаулардың бар болуымен, вокативтердің қолданылуымен, реплика мазмұнына қарай интонациялық конструкциялардың әртүрлілігімен, сондай-ақ, күрделі және жай тілдік конструкциялардың, эллипсистің болуымен және күшейту үшін қайталаудың қолданылуымен сипаттайды.

Тілдік қарым-қатынас, коммуникацияның қай-қайсысы да тек диалог арқасында өмір сүреді. Тіл үйрету мен меңгеру ісінде- диалогпен жұмыс ерекше мәнге ие болады. Тілдік қатынас қатысымдық тұлғалар арқылы жүзеге асады. Демек, тілді үйретуде, сөйлеуде диалогтың алатын орны ерекше. Олай болса, дұрыс сөйлеу әрекетіне көңіл аудару қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Тіл білімі сөздігі (Жалпы ред. басқарған проф. Ә.Д. Сүлейменова. – Алматы: Ғылым, 1998. – 540 б.
- 2 Оразбаева Ф. Тілдік қатынас. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 272 б.
- 3 Леонтьев А.А. Язык, речь, речевая деятельность. – Москва: Просвещение, 1969. – 214 с.
- 4 Иманғалиева Г.С. Типология диалога: дисс. ... канд.филол.наук: 10.02.20. – Алматы, 1999. – 117 с.
- 5 Абдукаримова Д.Б. Типология реплик казахского и русского диалогов: дисс... канд. филол. наук: 10.02.20. – Алматы, 1999.

РЕЗЮМЕ

Данная статья рассматривает диалогическую речь в коммуникативном плане. Означает те функции, которые выполняют номинативные единицы в высказываниях. Рассмотрение диалога в функционально-семантическом плане подразумевает рассмотрение диалога в аспекте актуального членения.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада коммуникацияның қай-қайсысы да диалог әрекетімен тығыз байланысты болғандықтан, оның біліктілігін арттыру тек тілдік құралдарды қолдану тәсілі ғана емес, әрекет актісі ретінде қарастырылады.

ШЕТЕЛ ТІЛІ МҰҒАЛІМІНІҢ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ МҮМКІНШІЛІГІ

Нуралиева А.Е. – магистрант (Алматы қ-сы, ҚазмемқызПУ)

Соңғы жылдары шетел тілін оқытуда және білім беруді компьютерлендіруде ақпараттық технология пайдалану туралы мәселеге баса назар аударылуда. "Қазіргі ақпараттық құралдар – бұл тек спутниктік және кабельдік телевидение, бейне және дыбыстық жүйелер, электрондық ойындар емес, сонымен бірге тілді оқытудың жаңа жүйесі, ерекшелігі және тәсілін атқаратын негізгі бағыты болып табылады /И.Г. Гальперин/.

Осы мақсатты іске асыру барысында, яғни шетел тілін оқытуда шетел тілі кафедрасының оқытушылары пәнге деген қызығушылықты арттыру мақсатында дәстүрден тыс әдістер мен тәсілдерді іздеуде. Өйткені қызығушылық дегеніміз – үйренушілердің шығармашылық және ойлау қабілетін арттыруға септігін тигізетін ынталылық.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев білім берудің және тәрбиелеудің сапасын уақыт талабы деңгейінде жоғарылату әр пәнді ғылыми деңгейде, замануи ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, оқыту талаптарын қойып отыр. Білім беруді ақпараттық технология жаңалықтарымен толықтырып отыру елімізде білім беру сапасын арттырудың басты бағыттарының бірі.

Шетел тілі пәндерін оқытуда сексенінші жылдарға дейін мектептерде ұзақ жылдар бойы түрлі жаттығулар, мәтіндер, әндер т.б. жазылған грампластинкалар пайдаланылды. Грампластинканы сабақта қолдану оқытушыларды шетел тілін жақсы

меңгеріп, оған деген қызығушылығын, ынтасын арттыру үшін керек еді. Сабақ үстіндегі тәсілдерді түрлендіру арқылы білім беруді тиімді етуді көздеген мамандардың бірі Д.Д. Остапенко грампластинкалардағы арнайы диктордың оқуымен жазылған жазбаларды, фильмоскопты, эпидиоскопты, диапроекторды қолдану барысында мынадай мақсаттарды орындауға қол жететінін айтады:

1. оқушыларды шет тілін түсінуге үйрету;
2. жеке дыбыстарды, сөздерді, сөз тіркестерін, т.б. дұрыс айтуға жаттықтыру;
3. оқушыларды дұрыс оқуға төселдіру;
4. шәкірттерді ән айтуға үйрету;
5. өзге елдің музыкалық және т.б. мәдени мұраларымен таныстыру. Сонымен,

техникалық құралдардың шетел тілін оқытудағы тиімді жақтарын қарастырар болсақ, мынадай игі жақтарына көз жеткіземіз:

- техникалық құралдарды қолдану мұғалімнің оқушылар алдындағы беделін арттыра түседі;

- техникалық құралдар мұғалімді көптеген механикалық түрдегі жаттығу жұмыстарынан босатады;

- техникалық құралдарды сабақта тиімді қолдану арқылы мұғалімнің уақыты үнемделіп, ол бос уақытын нашарлау оқытын оқушыларға жұмсауға мүмкіндік алады;

- мұғалімнің жұмысы тиімді болып, шығармашылық реңкке ие болады.

Кеңес Одағы кезінде тілді үйретудің дәстүрлі тәсілдерін неғұрлым тиімді ету үшін проекционалдық және дыбыстық техникалық құралдар қолданылды. Бұл құралдарды қолданудың практика жүзіндегі мынадай пайдалы жақтарын ресейлік ғалым В.М. Глускин өзінің «Шетел тілін оқытудағы техникалық құралдар» атты зерттеуінде былай деп атап көрсеткен:

біріншіден, технологиялық құралдар мұғалімнің шәкірттерге ақпараттық мәліметті беруіне мүмкіндік туғызады;

екіншіден, технологиялық құралдар сабақ барысында оқушылардың атқаратын іс-әрекеттерін реттеп, оларға бағыт-бағдар беруіне ықпал етеді;

үшіншіден, технологиялық құралдар ауызша іс-әрекеттердің кейбір түрлерінен жасалатын жаттығуларды қызықты әрі белсенді ете түседі.

Шетел тілін оқу үрдісінде жаңа мультимедиялық технологиялар үздік әдістемелік тәсілдермен шебер әрі дұрыс ұштастырылса, өте тиімді нәтиже берерін уақыт өзі көрсетіп отыр.

Танымдық әрі білімдік компьютерге арналған бағдарламалар сабақта және сабақтан тыс кезде компьютерді қолдануға өте қолайлы. Ойын элементтері бар бағдарламаларды қолданып мұғалім оқытушылармен жеке және топтық жұмыстарды жасай алады. Төменгі сынып шәкірттері заттарды атау, суреттердегі сөздерді оқу, қысқа әндерді айту арқылы жаңа тілді табиғи әрі жеңіл түрде меңгереді.

Компьютерді тіл үйренуге пайдалану шетел тілінің сөздерін дұрыс тыңдауға, сөздерді жеке-жеке бөлуге, сөздердің жазылуы мен айтылуын қатар салыстыруға мүмкіндік береді. Сөздердің айтылуын тыңдау мен микрофонды қолдану фонетикалық дағдыларды қалыптастыруға жағдай туғызады. Әр бағдарламада белгіленген тапсырмаларды орындау тіл үйренуге деген ынта, ықыласты тудырады.

Бүкіл сынып оқушыларымен істелетін жұмысқа арналған бағдарламалар шәкірттердің оқу үдерісіне белсене араласуын көздейді. Мұғалім бағдарламаны көрсетіп, оқушылар компьютер экранынан көргендерін онымен бірге талдайды. Ал бұндай жұмысты қазіргі компьютерлік тақта арқылы жүргізген жұмысты балалар үшін ерекше қызықты етеді, әрі мұғалім оқушылардың нәтижесін компьютерге шығарады. Осындай бағдарламалар арқылы /Multimedia Teacher 3/ балаларды шетел тіліндегі сөзді шындауға, оқуға, сөздер мен сөйлемдерді дұрыс айтуға үйрету жеңіл әрі нәтижелі болады. Компьютерлік ойындар мектеп қабырғасында өтілетін тақырыптардың

барлығын да қамтиды. Оқушылар өз беттерімен оларды орындай отырып салыстыруға, өзін-өзі тексеруге, сөз қорын молайтуға үйренеді. Ресей Федеративтік республикасының Білім министрлігі бекіткен «Профессор Хиггинс» атты бағдарлама фонетика мен грамматиканы оқушылардың жеке жұмыс істеуі арқылы меңгеруіне арналған.

Компьютерге алдын ала жазылған бағдарламаны қолданып мақал-мәтелдердің, жаңылтпаштардың дұрыс айтылуын қалыптастыруға, сондай-ақ өтілген грамматикалық тақырыптардан түрлі вариантта жеке сынақ өткізуге де болады. Дискіге жазылған сабақтарда диалогтар, ойындар, елтануға байланысты видеороликтер т.б. беріледі. Оларды мұғалім субтитрмен немесе субтитрсыз да көрсете алады.

СД дискілеріне жазылған бағдарламалар әрі қымбат емес, әрі мұғалім үшін қолдануға оңай, тиімді. Пән мұғалімі белгілі бір мақсатты көздеп өз бетімен арнайы бағдарлама құратын болса, онда ол өзінің дәріс беріп жүрген оқушыларының әрқайсысының жеке ерекшеліктерін, білім деңгейін ескереді. Яғни бұндай бағдарлама арқылы оқушының жеке басының ерекшелігіне арналған білім беру жүзеге асады.

Тіл жүйесі өзара тығыз байланысты лексика мен грамматикадан тұрады. Сөздер туралы семантикалық, грамматикалық және стилистикалық ақпараттық мәліметтер бар лексиканың негізгі құрамы сөздікте беріледі. Сөздік тілдің барлық аспектілерін қамтиды, сондықтан да тіл жүйесі компьютер арқылы оқытудың орталық ядросы бола алады.

Күні бүгін республиканың мектептерінде шетел тілі пәнін оқытуда мұғалімдер қауымы жаңа ақпараттық технологияларды мүмкіндігінше кеңінен қолдануда, өйткені ақпараттық технологияларды қолдану қоғам мен уақыт талабы болып отыр. Компьютерлік телекоммуникативтік жүйені қолдану арқылы дистанционды түрде білім алу да іске асырылуда. Білім алудың бұндай жолын қазір білім беру саласындағы басты реформаның бір түрі деп те айтуға болады, себебі қашықтан оқытудың тигізер пайдасы жан-жақты. Олар мыналар:

- ең алдымен мұғалімдердің біліктілігін қалыптастыру;
- ересек адам немесе жас түлектердің жеке басын, көзқарасын, ұстанымдарын қалыптастыру;
- қоғамда азамат ретінде өзінің идеалын, саяси көзқарасын өмірде жүзеге асыра білу;
- ата-ана болып, әлеуметтік индивид ретінде еңбекте де өзін көрсете алу;
- өзі қалаған қоғамдық қажеттіліктерді болашақта пайдалана алуына мүмкіндік туады.

Күні бүгін республикамызда түрлі әдістемелік құралдарды, оқу фильмдерін кешенді және жүйелі түрде дайындап, мектептердің құзырына ұсынатын арнайы студиялар мен фабрикалар әлі күнге дейін жоқ. Болашақта дамыған елу елдің қатарына қосылу мақсатына жету жолында білім беру саласының мамандары қазіргі таңда аянбай еңбек етуде. Болашағы жарқын, аспаны ашық, жан-жақты білімді, елі үшін еңбек ететін ұрпақ тәрбиелеп өсіру игі мақсат болып отыр. Осы мақсатқа жету жолында мұғалімдер қарқынды түрде жаңа ақпараттық технологияларды тиімді қолдану арқылы шетел тілі мұғалімінің мәтіндік біліктілігін қалыптастырады. Ал ақпараттық техникалық құралдар шетел тілін оқытуда қолданудың тиімді жақтары деп мыналарды атауға болады:

- сабақты сапалы әрі қызықты ету;
- шетел тілінің грамматикасын, лексикасын және фонетикасын балалардың дұрыс меңгеруіне көмектесу;
- шәкірттерге де техникалық құралдарды қолдануды үйрету;
- жаңа ақпараттық технологияларды дәстүрлі сабақтарда пайдалана отырып берілетін білімнің түтікі нәтижесін неғұрлым тиімді ету;

-оқушыларды өзге тілді үйрену барысында ақпараттық технологияларды қолдану арқылы өз беттерімен зерттеу жұмыстарына дағдыландыру;

- балаларды электронды оқулықтарды, автоматтандырылған білім беру жүйелерін, компьютерлік тесттерді пайдалануды жаттықтырып, білімі мен біліктілігін дамыту, жетілдіру;

- жаңа ақпараттық технологияларды шетел тілін оқыту үрдісіне ендіру арқылы білім мазмұнының жүйесін жаңалау;

- түрлі мәліметтер, ғылымдағы жаңалықтарды, мағлұматтар банкін жасау жүзеге асады.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада шет тілін оқытуда ақпараттық технологияларды қолдану мүмкіншілігі қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются возможности применения информационных технологий в обучении иностранному языку.